

84 5605
N 86

ПОЭЗИЯ

ЖАНА ЗАМАН
ЭДЕБИЕТІ

Жарасбай
НҮРҚАНОВ

Кызылжар







Жарасбай НҰРҚАНОВ

Қызылжар



«Қазығұрт» баспасы
Алматы 2012

УДК 821.512.122
ББК84 Қаз 7-5
Н 86

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі
Ақпарат жөніне мұрагат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
багдарламасы бойынша шығарылды*

Күрастырган ақынның ісары Қазина Нұрқанова

Нұрқанов Ж.

Н 86 Қызылжар. Таңдамалы шығармалар. Өлеңдер мен поэмалар.
Жарасбай Нұрқанов. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы. 2012. –
384 бет.

ISBN 978-9965-22-396-9

Ақын Жарасбай Нұрқанов «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терен барлау», «Буынсыз бала» және тағы басқа жыр жинақтарымен оқырман қауымға жақсы таныс. Оның ел-жұртына арнаған өлеңдері көркемдігімен, соны тенеу, шебер үйқастарымен ерекшеленеді. «Қызылжар» атты жинаққа ақынның әр жылдардағы таңдамалы шығармалары мен соңғы уақытта жазған өлеңдері, поэмалары, арнаулары мен толғаулары енгізілген.

46143

УДК 821.512.122
ББК84 Қаз 7-5

ISBN 978-9965-22-396-9

© Нұрқанова Қ., 2012
© «Қазығұрт» баспасы», 2012

ଓଲେଖନ

Арман

Бар өмірім өлеңмен өтсө менің,
Түзан елді жырлауга жетсе лебім...

Жарасбай



О, ҚЫЗЫЛЖАР!

Атың сенің елге мәлім,
Естіген жұрт қызығар.
Сен дегенде менің әнім,
Үзілмейді, Қызылжар!
О, Қызылжар, Қызылжар!

Еркін өмір арнасында
Ержеткен ұл, қызың бар.
Сұлу Есіл жағасында
Суың кәусар, Қызылжар!
О, Қызылжар, Қызылжар!

Тұған жердің ажарына
Шіркін көңіл ынтызар.
Аңсарым да, назарым да
Саған ауған, Қызылжар!
О, Қызылжар, Қызылжар!

Тартқан сымдай көшелерін,
Өн бойында қызу бар.
Өскен сайын өсе бергін,
Көркем қала – Қызылжар!
О, Қызылжар, Қызылжар!

Самал ескең әсем жазын,
Әр перзентің сағынар.
Ақ бораның, сары аязың
Үстүк бізге, Қызылжар!
О, Қызылжар, Қызылжар!

Аңсап жүрген кеудемізде
Ақ жалын бар, Қызылжар.
Алты алаштың зердесінде
Мағжаның бар, Қызылжар!
О, Қызылжар, Қызылжар!

КӨКТЕРЕГІМ

О, менің көкорайлы Көктерегім,
Жаһанда өзіндей жер жок дер едім.
Арада айлар өтіп, оралған сон,
Кеудемде сағынышым көп қой менің.

Ораған батысың мен тұстігінді,
Орманың – қорғаның ғой қысты күнгі.
Бауырында Жалғыз ағаш жайнап өскен,
Теремін түрлі жеміс, тұсті гүлді.

Алқаңа сүйсінемін айна көлді,
Көлдерді мыңғырған мал айнала өрді.
Шалқалап жатам жасыл шалғыныңа,
Туристер мұндай жерді қайдан көрді?!

Мұхит қой маған сенің «Қарасуың»,
Қайың-тал жағасында жарасуын!
Телміріп соған сонша қарап тұрған
Өзіңнің оқып келген Жарас ұлың.

Тұған жер, көкорайлы Көктерегім,
Есейіп, ержігітің боп келемін.
Әзірге қолда барым, қошаметім –
Өзекті жарып шыққан отты өлеңім.



СӘЛЕМДЕСУ

Ар ма, бүкіл ағайын,
Ар ма, жақын туысым!
Қалай, баурым жағдайын,
Бар ма кәсіп, жұмысын?

Ар ма, өңкей жараным,
Таңмен бірге оянған.
Жүзеге асса, жарадың
Кеудендеңі ой-арман.

Өмір алға тартады
Сыбағасын әркімнің.
Кенге салмай арқаны,
Ұмтыл бірден, жарқыным!

Тосып жатыр бел-белес,
Өз жолыңды ойластыр.
Ешкімнен де кем емес
Өзіміздің бай дәстүр.

Мен ұятқа қалмайын,
Ауыз керіп арабша.
Ар ма, деймін, ағайын,
Амандастып қазақша!

Ар ма, туған ауылым,
Ар ма, қала, қауымым,
Өздерінде – назарым.
Жастарың да, кәрің де,
Бар болындар бәрің де,
Айналайын қазағым!!

ЖАРТАС

Тынымсыз түртіп, қужалап,
Толқынды толқын қуады.
Жартастың жүзін су жалап,
Тозаңын, татын жуады.

Сонда да жартас өкпелі
Сазарып мойнын бұрмайды.
Аумалы да тәкпелі
Толқын қайтпай тұрмайды.

1957 жс.

АТАМА

Дұғай сәлем атама – Көктеректе,
Отырған да шығар-ай өкпелеп те:
Айында бір амандық білдірсекші, –
Ол кісіге осыдан көп керек пе?

Кетерімде кемсендей қалып еді,
Сақалына тамшы жас тамып еді...

1967 жс.

ҚҰЗГІ ҚАЙЫҢ

Қайыңның қурап біткен жапырағы,
Жел үрлеп, жерге түсіп жатыр бәрі.

Бейшара – жапырақсыз жай бір таяк,
Жар кетіп, жалғыз қалған жігіттей-ақ.

ҚҰЗГІ БҰЛТ

Күзгі бұлт күркіремес, шатырламас,
Ойнамас от-найзағай, жайнап түсі.
Әртенбес. Жасын соғып, шатыр да ағаш,
Сұр бұлттың кеткен әбден қайрат-қүші.

Жоқ енді қара нәсер күркілдеуік,
Қызыл гүл шомылатын құліп тұрып.
Ақ жауын жұма бойы бүркіп, сеуіп,
Суық жел үдей түсер ұлып тұрып.

ТОЛҚЫН МЕН КЕМЕР

Толқын соқты кемерді,
Кемер кері шегерді.
Теңіз ұлы тағы ұrap,
Жер перзенті тебер-ді.

Толқын асар тоңқалаң,
Оған ол ма тоқтаған.
«Келсөң, кел» деп кемер тұр,
Соқтығыстан қорықпаған.

Толқын соқты кемерді,
Кемер кері шегерді...
...Егестірген есепсіз
Табиғат неткен шебер-ді?!

АҢТАРЫЛУ

Айрылып қысқы жолдың сар табынан,
Адасқан жолаушыдай аңтарылам.
Ақ қағаз айдаладай мелшиеді,
Қаламым қыбыр етпей қантарылған.

Көптенгі көкейдегі ой қаймақталып,
Отырам осылай бір ойлап қалып.
Құлаштап кететіндей жүзгіш адам,
Келгенше кеңірдектен бойлап барып!

ЖОҚ

•
Әкесінің мазасы жоқ
Жарақат – осколкасынан
тұманды,
бұлтты құндері.

Баласының мазасы жоқ
Қарақат көз қалқашынан,
кумәнді,
купті жүрегі.

Баланың басындағысы –
Әкенің жасындағысы.

Әкенің қеудесіндегі оқ
Балаға қайтып келмесін, тегі,
Жоқ!

КӨҢІЛДІҢ КҮЙІГІНЕ БАСАТҰҒЫН

Мап-майдың түгіндегі ғып масатының,
Жұп-жұмсақ сырлы жырлар – жазатыным.
Сап-салқын суға малған орамалдай,
Көңілдің күйігіне басатұғын.

Жарайды ол сұртуге де көздің жасын,
Жарайды ол орауға да жан жарасын.
Кім сәтсіз махаббаттан азап шексе,
Сол менің өлеңімді олжаласын.

Немесе көпті көрген сұңғылаша
Жұбатар, кім қайғыға ұшыраса.
Таңдайын кебірсіген жібітер-ая,
Ауырып жатқан адам су сұраса.

Кіршіксіз сәбилікпен ол ойнар да,
Ермек боп нәрестесіз жұбайларға.
Аңсаған құрбысындағы құбірлесер,
Кемтар қызы жалғызысырап мұнайғанда.

КӨГІЛДІР ӘУЕҢ

Естімін көкек үнін: «көкек» деген,
Көрінбей көзге бірден, секектеген.
Мен тұрмын қыбыр етпей, тұрмын тыңдал,
Әйтпесен, көкек ұшып кетед, деген.

Сырнайлы көкек үні сұңқылдаған,
Жырлайды мұңын шертіп, мүмкін, маған.
Орманға жетелейді әлде мені,
Арманға кім бар еken ұмтылмаған?!

Бейілің, жолың дүзу, дүр ме екенсің,
Көнілің елегізіп жүр ме екенсің?
Көгілдір көкек үнін, деймін, еркем,
Бір мезгіл сен де тыңдал тұр ма екенсің?!

Ол неге: көкек, көкек, дейді,
Ол неге, неден, шіркін, үркектейді?
Үнемі секектейді,
Әндетең, сөйтед, дейді.
Әдемі көкек үні
Көкейден бір кетпейді.
Бекерге әндетеңді,
Айтуға тіл жетпейді.
Тыңдасаң: көкек, көкек, көкек, дейді.

СЕН СЕКІЛДІ

Ұйқас үшін, ырғақ үшін
Мен қиналып көрген емен.
Келеді өзі зырлап ұшып,
Сен секілді көркем өлең.
Ала салып қаламды бір,
Зырылдатсам жыр ұршықтай;
Ширатылып қалады жыр
Сен секілді тығыршықтай.

ДОМБЫРАШЫ ДОСЫМА

Бұра, бұра, қос құлакты, дәл бұра;
Қатайт, қатайт. Астыңғысын мол бұра.
Жетті, жетті.

Бас пернені басып қал,
Күмбір-күмбір сөйлеп кетсін домбыра!

Тағы да бас,
тағы да бас пернесін,
Сүйрік саусақ ішекке тыным бермесін.
Жыр бұлағы,
күй өзені құйылып,
Теніз тулап кең арнаны кернесін.

Төмен, төмен,
сырғы, сырғы сағаға,
Асау тасқын төгілсін кеп жағаға.
Кері кетіп, қайта соғып өр толқын,
Дарияны көбік жапсын ақ ала.

Жоғары өрле – қыран құсың самғасын,
Шарықтасын, қанаты бір талмасын.

Бебеу салып,
безек қаққан екі іше.
Кос жүректі бір-бірімен жалғасын!

ТУҒАН ӨЛКЕМ

Туған жер – Тың өлкесі асқан көркем
Сары бел, жасыл жазық, асқарлы өлкө
Далада дамылдасам жұмыстан соң,
Тау – жастық, төбе – төсек, аспан – кө

Тың өлкем – егінжайы тіршіліктің,
Төбеден күле қарап тұр шығып Күн.
Еңбегін есептеуші секілді бір
Жұмылған жұмысына жүртшылықтың.

Ежелден, еңбек десе, ұйыған жұрт,
Қоймаға мандай тері – құйылар құт.
«Мыңғырған бай» дейтұғын баяғыда,
Мың емес, ендігі есеп – миллиард пұт!

Көкесі бар байлықтың – Бөлке бізде,
Келіп көр кереметті ертең күзде.
Бауырсақ жан басына жаппай жетер,
Жер жүзі жиналса да Өлкемізге!

ҚҰЙШІ ЖІГІТ

Мұң екен тиек салып, шек таққаны,
Келтіріп құлақ күйін, сәл қаққаны.
Жөнелді саусақтары салғыласып,
Қоғадай желкілдеген жел жақтағы.

Сол сол-ақ шаңқай түсте үркіп ерен,
Жылқыдай қырдан құлап, дүркіреген;

СЕН СЕКІЛДІ

Ұйқас үшін, ырғак үшін
Мен қиналып көрген емен.
Келеді өзі зырлап ұшып,
Сен секілді көркем өлең.
Ала салып қаламды бір,
Зырылдатсам жыр ұршықтай;
Ширатылып қалады жыр
Сен секілді тығыршықтай.

ДОМБЫРАШЫ ДОСЫМА

Бұра, бұра, кос құлақты, дәл бұра;
Қатайт, қатайт. Астыңғысын мол бұра.
Жетті, жетті.

Бас пернені басып қал,
Күмбір-күмбір сөйлеп кетсін домбыра!

Тағы да бас,
тағы да бас пернесін,
Сүйрік саусақ ішекке тыным бермесін.
Жыр бұлағы,
куй өзені құйылып,
Теңіз тулап кең арнаны кернесін.

Төмен, төмен,
сырғы, сырғы сағаға,
Асау тасқын төгілсін кеп жағаға.
Кері кетіп, кайта соғып өр толқын,
Дарияны көбік жапсын ақ ала.

Жоғары өрле – қыран құсың самғасын,
Шарықтасын, қанаты бір талмасын.

*Бебеу салып,
безек қақкан екі ішек
қос жүректі бір-бірімен жалғасын!*

ТУҒАН ӨЛКЕМ

*Тұған жер – Тың өлкесі асқан көркем,
Сары бел, жасыл жазық, асқарлы өлкем.
Далада дамылдасам жұмыстан соң,
Тау – жастық, тәбе – төсек, аспан – көрпем.*

*Тың өлкем – егінжайы тіршіліктің,
Тәбеден құле қарап тұр шығып Күн.
Еңбегін есептеуші секілді бір
Жұмылған жұмысына жүртшылықтың.*

*Ежелден, еңбек десе, ұйыған жүрт,
Қоймаға мандай тери – құйылар құт.
«Мыңғырған бай» дейтүғын баяғыда,
Мың емес, ендігі есеп – миллиард пұт!*

*Көкесі бар байлықтың – Бөлке бізде,
Келіп көр кереметті ертең құзде.
Бауырсақ жан басына жаппай жетер,
Жер жүзі жиналса да Өлкемізге!*

ҚҮЙШІ ЖІГІТ

*Мұң екен тиек салып, шек таққаны,
Келтіріп құлақ күйін, сәл қаққаны.
Жөнелді саусақтары салғыласып,
Қоғадай желкілдеген жел жақтағы.*

*Сол сол-ақ шаңқай тұсте үркіп ерен,
Жылқыдай қырдан құлап, дүркіреген;*

Тұғырда қыран қатты сілкініп қап,
Секілді аспан кенет күркіреген.

Су таудан ақтарылып лақылдаған,
Ку қаудан өрт тиғендей лапылдаған;
Жанартау жалқындаған жалын атып,
Тәрізді аңызак жел аңқылдаған.

Күй саулап саусағынан сала қарыс,
Жас жігіт қызы алдында жаңа таныс.
Сыр шертті қос иығын қомдап алып,
Елікке атылардай ала барыс.

Жұздіріп шектен тәккен шарабына,
Қармақ сап қыздың сезім-шабағына;
Арудың асқақ көnlін қондырды әкеп,
Аядай домбыраның шанағына!

1966 ж.

ҮЙЛЕСІМ

Домбырада ішек деген қос болады,
Бірі қатты, бірі сәл бос болады.
Сол секілді бір ойшыл, бір жайдары,
Бір байсалды, бір жеңіл дос болады.

БАҚЫТ ТУРАЛЫ

Бақыттым – басым еркін, бостандығым,
Тұрмыстың түк қайғырман басқа мұнын.
Тағдырдың қыңырлығын түзеп алу –
Қолында қазіргі күн жастарының.

Аяқ-қол, ақыл-ойы шынжырлаулы,
Болса кім, сол шығар-ау шын жылаулы.
Ол дағы болашақтан үміткер жан,
Қойған жөн бақыт сұрап былжырауды...

ҚҰДЫРЕТ

Шапқан аттың шаңын көріп,
Бір жасайтын бұл қазак;
Ғарышкердің бәрін көріп,
Мың жасады-ау бұл қазак.

Байқоңыры – бәйге өнірі,
Зымыран тұр жараган.
Ай жорығы – бар көңілі,
Қарап ұл тұр жаңадан.

Тағы бір күн (әлі бүгін)
Жол тартады күркіреп.
Бәрі мүмкін: бәрі мұның –
Өршіл ойлы құдырет!

ТУҒАН ЕЛ

Баяғы бабалардың үлгісімен
Елімнің етек-жені мол пішілген.
Әкенің арқасында өскен ұлдай
Кім жүрсе емін-еркін, ол кісі – мен.

Тамсанып қыздың құміс шолпысына,
Таң қалдым кейбір олпы-солпысына.
Тым жиі әсерленгіш қайран көңіл,
Толқыса, «Туған ел» деп толқысын да.

Ту, тұмса туған жердің топырағы,
Өзіңсің – өлеңімнің оты, нәрі,

Тұғырда қыран қатты сілкініп қап,
Секілді аспан кенет күркіреген.

Су таудан ақтарылып лақылдаған,
Кү қаудан өрт тигендей лапылдаған;
Жанартау жалқындаған жалын атып,
Тәрізді аңызақ жел аңқылдаған.

Күй саулап саусағынан сала қарыс,
Жас жігіт қызы алдында жаңа таныс.
Сыр шеррті қос иығын қомдап алып,
Елікке атылардай ала барыс.

Жұздіріп шектен төккен шарабына,
Қармақ сап қыздың сезім-шабағына;
Арудың асқақ көңлін қондырды әкеп,
Аядай домбыраның шанағына!

1966 ж.

ҮЙЛЕСІМ

Домбырада ішек деген қос болады,
Бірі қатты, бірі сәл бос болады.
Сол секілді бір ойышыл, бір жайдары,
Бір байсалды, бір жеңіл дос болады.

БАҚЫТ ТУРАЛЫ

Бақыттым – басым еркін, бостандығым,
Тұрмыстың түк қайғырман басқа мұнын.
Тағдырдың қыңырлығын түзеп алу –
Қолында қазіргі күн жастарының.

Аяқ-қол, ақыл-ойы шынжыраулы,
Болса кім, сол шығар-ау шын жылаулы.
Ол дағы болашақтан үміткер жан,
Қойған жөн бақыт сұрап былжырауды...

ҚҰДЫРЕТ

Шапқан аттың шаңын көріп,
Бір жасайтын бұл қазак;
Ғарышкердің берін көріп,
Мың жасады-ау бұл қазак.

Байқоңыры – бәйге өңірі,
Зымыран тұр жараган.
Ай жорығы – бар көнілі,
Қарап ұл тұр жаңадан.

Тағы бір күн (әлі бүгін)
Жол тартады күркіреп.
Бәрі мүмкін: бәрі мұның –
Өршіл ойлы құдырет!

ТУҒАН ЕЛ

Баяғы бабалардың үлгісімен
Елімнің етек-жені мол пішілген.
Әкенің арқасында өскен ұлдай
Кім жүрсе емін-еркін, ол кісі – мен.

Тамсанып қыздың құміс шолпысына,
Таң қалдым кейбір олпы-солпысына.
Тым жиі әсерленгіш қайран көніл,
Толқыса, «Тұған ел» деп толқысын да.

Ту, тұмса туған жердің топырағы,
Өзіңсің – өлеңімнің оты, нәрі,

Әс көріп шетелдің бір әуенін сол,
Бэтшагар, бас қатырмай отыр әрі!

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА!..

Аяқталып сан түрлі мәжілістер,
Өз орнынан табылсын әр жұмыскер.
Еркіндігін сонша дей, еге қазақ,
Ұл мен қызың болса ғой нағыз іскер.

Таза жыртып тастасаң егінжайды,
Ойлағаның күнүзақ Елің жәйлі.
Исініп тұр диқанға, сүйсініп тұр
Көктемгі Күн кунақы, лебі жайлыш.

Мін шықпаса жасаған затымыздан,
Шықпағаны Туған ел жадымыздан.
Терімізді құрғратып самал ессе,
Ақын жүріп өткендей жанымыздан.

Әркім жылда өсірсе тал шыбықты,
Ағаш егу мәнісін жақсы ұғыпты.
Ізгілікті кім де кім шын тілесе,
Жасай берсін күн бе күн Жақсылықты!..

МАХАББАТ НҰРЫ

Қақ жарылып бұлт кенет сөгілетін,
Жап-жарық қып күн нұры төгілетін.
Сәуле түскең сары бел сонадайдан
Алабөтен жарқырап көрінетін.

Сол секілді көп қыздың арасында
Тұрасың Сен айрықша жарасымда.

Келбетің бе келісті керемет тым,
Әлде менің Саған көз қарасым ба?..

* * *

Талайдың ғашық жары Күнге ұқсаған,
Мен үшін Күн – көркемше сіңілі Саған.

Жүдебе Ай, емес, жүдә, маңайлаған,
Өзіңсің анық сұлу арайлаған.

Өзінді өміріме тірек тұттым,
Өзіңе өз еркіммен жүрек тұтқын.

НЕЛІКТЕН?

Кеш болса, Ай шалқалап, құлап қалып,
Таң атса, Күні қалқанқұлактанып;

Қақаған қысы бар-ды біздің жақтың,
Аяусыз бет шымшитын, құлақ қарып.

Еске сап сары аязды сақылдаған,
Неліктен болдын, сәулем, салқын маган?..

ХАТ-ХАБАР

Қалқам-ая, хат-хабар жоқ, айдан да асты,
Ақ сенім, қара күдік майдандасты.
Қашықтық – ғашықтыққа сын болды ма,
Осының аяғы өзі қайда басты?..

Жан сәулем, жауап жазшы мол ғып тұрып,
Тастайын жаман ойды мен бұқтырып.

Әйтпесе осы сүйк өсек құрғып
Жүрмесін жүрегімді домбықтырып.

ҚАЛҚАШЫМ

Бері шалқып, бетті шарпып,
Өзімді өртей жаздағандай;
Әрі шалқып, салқын тартып,
Құр алаулас, маздаған жай,
Үйтқымалы от-жалындай қалқашым.

Әуе айналып түскендейін,
Сәскеде күн жер шыжғырған;
Бұлт түнеріп түстен кейін,
Нөсер төпеп, жел ызығырған,
Құбылған күн райындай қалқашым.

Махаббаттың балын беріп,
Соны сортан, су татқызыған;
Шаттық, ләззәт – бәрін беріп,
Баршасынан жұтатқызыған,
Айнымалы, ала көніл қалқашым.

СТУДЕНТ ҚҰРБЫНЫҢ АЛЬБОМЫНА

Өзінменен бақытты да, баймын да,
Өзің едің шаттығым да, қайғым да.
Енді міне, ескерткішке жыр жаздым,
Көңіл сырын жасауындай жайдым да.

Оқып осы жолдарымды аз ғана,
Бір сәтке сәл жымиярсың наздана.
Еске аларсың елестетіп өткенді,
Бар қызықтан қалғандай бір сөз ғана.

Еске аларсың бес жылыңды бір жүрген,
Күндерінді бір қуанып, бір күлген...
Бірақ, құрбым, бұл альбомның бұл беті
Қашалықты сақталарын кім білген?..

СОЛ ДҰРЫС

Атын сенің – Өндіріс,
Ісінде жоқ кідіріс.
Дәйім қызу ырғағың,
Сезілмейді мудіріс.

Бойыңа жат бос жүріс,
Ойында жоқ тек тұрыс.
Өндіре бер, ерінбей,
Бәрінен де сол дұрыс.

КҮЙ ШАНАҚ

Қоңырқай, қол тоқпақтай домбырасы –
Бабамның баға жетпес зор мұрасы.
...Шырағым, шынашағың ептейлі екен,
Салдыртып сағаға бір құлдырашы.

Күмбірлеп қуаныш күй нұрлы сазды,
Күбірлеп құпия сыр мұнды-назды;
Дерт те өзі, дәру де өзі – ден қойғанға,
Күй шанақ бірді ауырды, бірді жазды.

Бейуақыт бебеулетіп, қоңырлатып,
Отырсаң шер тарқатып, ол – бір бақыт.
Ей, күйшім, екі ішекті аңыратқан,
Тағдырдан не тілейсің бұдан артық?!

БАБАМ ТІЛІ

Балам еркін білмейді Бабам тілін,
Соған менің жүрегім тілім-тілім...
«Әке» деуге ауызы қиналғанда
Ұнатпай да қаламын ұлым түрін.

«Бақша баар, бауда ойнар, жас бала ғой,
Басқа тілді білмесе, жасқанарап бой.
Әлі үйреніп кетеді» деп жүргенде,
Ана тілін ұмытса, масқара ғой!..

«Болмайды екен мұнымыз, ей, шұнағым,
Сөндіртпеймін жұртымның ой шырағын.
Ең болмаса тел еміп өскейсің» деп,
Тіл ұстартып құн бе құн, тыншымадым.

Бала болып баламен ойнадым да,
Қоса бердім қос тілде ойлануға.
Көзге түскен дүние атын атап,
Айтпай кетсе, айтқызбай қоймадым да.

Бір сөз айтса, жалмажан тәржімалап,
Ұннты ма, ұқты ма, көзін қадап,
Өрім талдай солқылдақ бұла тілін
Бұрдым бері, не керек, бір жұмада-ақ.

Құтың қаққан құлыным сезімді екен,
Айттар қазір қазақша сөзін бекем.
Ана тілін біледі, Бабам тілін,
Балада емес, бар бәле өзімде екен...

1972 ж.

ӘСЕР

– Таңдан, бауырым, таңда жауған қар қандай,
Үлпілдейді үміт, қиял, армандай.
Әппағын-ай, жатқанын-ай жарқырап,
Жайнап көзі, қардың өзі жанғандай.

Күміс тәгіп алды-ау біреу,.. әй, көп тым,..
Шыны ма әлде, сынығы ма әйнектің;
Сықырлай ма, сиқырлай ма, немене,
Ақ түбіті, мақтасы ма жер-көктің?

Шекер ме еken, бекер ме еken бұл сөзім,
Кетер ме еken кеуде керіп тың сезім...
...Қонақүйде қорылдауың жетеді,
Сыртқа шығып, көрші, деймін, жүрші өзің...

...Ой, сен мұны теңеп небір асылға,
Карды жаңа көргенбісің, расың ба?
Әдеті ғой әсем көрініп тұратын,
Ненің болсын, алғашында, басында...

Су сепкендей басылды леп, екпін ой,
Абыржып қар: «Әрине, сол» деппін ғой.
Таңнан ба әлгі, қардан ба әлде – салқындық,
Тітіркеніп, кенет мұздап кетті бой.

АУҒАН ҚЫС

Амалы қалмай қардың аумасына,
Бәлем бір келді білем тәубасына.
Сіресіп сықыр-сықыр жатар еді,
Сырылып шығып қапты тау басына.

Тамтық жок, тасада қар жатқандай-ақ,
Оған да күн-күн сайын ыстық таяп;

Қыс енді қожаңдауды қойған шығар,
Талқыға, сынға түскен бастықтай-ақ.

КӨРІНІС

Өкпек жел өңірге дақ салған қажап,
Айнала айғыз-айғыз, алабажақ.
Оюлы текеметтей ойдым-ойдым,
Көктемгі көркімен дала ғажап!

ҚЫРҚҮЙЕКТІҢ ТАҢЫ

Шай кеседей сағаттың шылдырынан
Шырт үйқысын бұздырып тұрды ма ұлан?
Терезенің шілтерін серпіп еді:
«Жігітсің!» деп Күн тәтей күлді бұған.

Сергек таңы қырқүйек айының бұл,
Жинар енді еркелік айылын ұл.
Бұла күндер бұлағын болдың кешіп,
Айдынына білімнің қайығын бұр.

Өзі гүлдей,
қолына гүл ұстаган,
Бұлдіршінге бүгін бұл – тұңғыш қадам.
Тұңғыштарды қанша жыл қарсы алды ұстаз,
Самайынан соншама күміс табам.

Желбіреген көгілдір галстугі,
Жеткіншектің көбіне таныс түрі.
Қол ұстасып алғанда алтыншылар
Оныншылар өзінше қалыс тұрды.

Шәлкем-шалыс мінезі бар-ая ептең,
Шаң боратты бір бала. Байқа, тек, тек!

...Қарпаңдардың талайын жиып алып,
Кісі қылып шығарар, шіркін мектеп!!

Әне, күміс қоңырау күмбір қақты,
Күлім қаққан шәкірттер кіріп жатты.
Тыныш қалып әпсөтте бүкіл мектеп,
Ең алғашқы сабақ та жүріп жатты...

ЖІГЕРЛІ ЖАСТЫҚ

Атамыз ойлы көз ашып,
Күреске белін буынған.
Жүргендерге жауласып,
Қылышын кектің суырған.

Атаның онда жас кезі,
Кеудеде оты лаулаған.
Жатса да жауы бас кесіп,
Таңдаған жолдан аумаған.

Кірісіп қызу егеске,
Қол ма қол шешкен дауларды;
Қанауыш байды келмеске
Шімірікпестен аударды.

Қоғамның мұлкін қорғаштап,
Ұмыт та болған аштығы.
Бозбала күйі қол бастап,
Жалындап өткен жастығы!

Солардай берік, бекем бе,
Еркіндік туын ұстаусы;
Солардай абзал екен бе
Мұратым, сенім, құштарым.

Солардай шаршап, тоңдым ба,
Мұқалмай бірақ жігерім;
Солардай көпшіл болдым ба? –
Деп тулайды жүрегім.

Күндерім босқа жылыспай,
Табыспен атсын таңым, деп;
Шыңдауы жеткен құрыштай
Жазамын жырды жаным жеп.

1967 ж.

САРДАРЫМ

Қозғай білген көңілдің шер-шеменін,
Намыс буган, наркескен семсер-ерім.
Көнбіс тарта бастаған кедей-кепшік
Сен арқылы көтерді-ау еңселерін.

Бастай білген тар кезде тамам елді,
Алмас қылыш сардарым Аманкелді.
Ғажаптығы-ау бұл дағы қазактың бір
Атой салған кезінде Саған ерді.

Туа білген тұрғанда аңсан елі,
Сүйем сені, Торғайдың асқан Ери.
Ескерткішің бір емес, мыңға жеткей,
Тұғыр болып даланың барша белі.

АЛТЫН ДЕСТЕ

Танаптың тартқан сымдай дестелері,
Алапты айрықша бір кестеледі.
Өлеңім жол-жол болып түссе солай,
Мен өзге тілемес ем ештеңені.

Бау масақ, баданадай піскен дәні,
Сықылды сырлы өлеңнің ішкі мәні.
Дәл мұндай өзі әдемі, өзі түзу,
Жыр жолын жазбай жүр ғой ешкім әлі.

Соңынан дарқан ізді дардай ердің
Келеді қарай бергім, қалмай ергім.
Сом білек, зерек кеуде болғанда егіз,
Үйқасы ен дәулеттің қандай керім?!

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ШАТТЫҒЫ

1

Күмбір-күмбір дәу сағат куранттары,
Күмбірлейді күллі елді қуантқалы...

Құйышы, достар, шаттықтың шарабынан,
Жаңа жылдың қалмайын санағынан.

Әшейінде ішуден аулақ жанмын,
Бүгін бірақ келеді лаулап жанғым.

Қыз-келіншек билесін дұрсілдетіп,
Ашындаршы шампанды гүрсілдетіп!

2

Кел, Жаңа жыл, жарқырап күмістей боп,
Жанға жақын, жұп-жұмсақ пүліштей боп.

Бейбіт өмір, бітімге елші Жылым,
Төріме шық, еркіндең келші жылым.

Аяз сүйген нұр алмадайын,
Жаңалықтың көзі боп жайна дәйім.

Жақсылықтың жауқазын гүліндей бір,
Куаныштың өзі боп күлімдей кір.

Тың істердің тиегін ағыта кел,
Маған – шабыт, басқаға – бақыт әкел.

Ал сол үшін алайық тосты мынау,
(Кешір, достар, көп сөйлем тостырдым-ау).

Бүгін парыз – бокалды сарқып ішу,
Жыл он екі ай шаттық күй шалқу үшін.

1970 ж.

ШЫҚҚАН КҮН

Көкжиектен көтеріліп жартылай,
Шыққан Күннің шымқай қызыл жалқыны-ай!..
Қызығаныштан қанын ішке тартты ма, –
Тұр төбеде сазарыңқы, салқын Ай.

ТАРАСА, ТАРАСЫН У...

Барады басым сынып ойдан, ойдан,
Бұл – бір дерт өзім тапқан, өзің қойман.
Мін көріп, миығыңнан құлме, құрбым,
Толғантар жайлар көп қой, Өзің де ойлан!..

Мен сені сол бір кеште көрген бойда
Тенселіп көз ілмestен кеттім ойға.
Білінді қан тамырым білеуленіп,
Тараса, тарасын у тұла бойға.

АҚАН ӘНІ

Кешкісін қалжырап қайтқаныңда,
Кез болсаң Ақан әнін айтқанына:

Алдыңнан самал есіп кеткендей бір,
Жазғы күн жаймашуақ төккендей нұр;

Үлбіреп ақша бұлттар ауғандай боп,
Тал түсте жылы жаңбыр жауғандай боп;

Керіліп кемпірқосақ қалды білем,
Жапқандай қара нарға қалы кілем;

Қосылған бұйра бұлақ сылдырынан,
Жас құрак, жасыл бұта сыйбыры ма?

Бозторғай торғын көкте сайрағандай,
Кең тоғай, болат шалғы қайрагандай;

Жаныңды жанып-жанып алатұғын,
Сусыл-ау сұқсыр үйрек қанатының.

Мөлдірде қалтқының сәл қалтылдауы,
Әуе де алтын шабақ жалтылдауы;

Сал толқын сақинасын таққандай мол,
Шыжымдап теренен ау тартқандай қол;

Түскендей батар күннің жалқыны әнге,
Аласқан қараша қаз қаңқылы әлде;

Әлде бір сынар аққу сынсуындай,
Теңіздің теңселіп кеп тыншуындай;

Айдында айдың қасқа жолындей боп,
Занғарда жанған жұлдыз шоғындей көп;

Аңқытып хош иісін жалбыздайын,
Аулақта томсағандай жалғыз қайың;

Мұн шалып, мұнартқан бір тылсым жайға
Әкетер Ақан әні шым-шым, майда...

АЙДЫНСЫЗ ӨЗЕН

Өзеннің аты жазулы,
Арнада сүй жоқ бірақ.
Бетонмен беті жабулы,
Жайқалған емес көк құрақ.

Ақ тастың асты гүрілдеп,
Көрінбей көзге ағады.
Айдын жоқ жатқан дірілдеп,
Толқын жоқ ұрған жағаны.

Мұн кернеп бұл сәт көнлімді,
Қинайды бір ой ілгешек,..
Өзенге қоса
Өмірді
Бетондан тастап жүрмесек...

ҚОШ КЕЛДІНДЕР

Қош келдіндер, төрге шық,
Украин бауырлар.
Ақ пейілі көл-көсір
Алдарында ауыл бар.

Тақыр кілем жайғаным –
Таза жиған егінжай.
Қонағуар аймағым
Аталмаған тегін, жай.

Дастарқаны – даласы,
Асыл дәмі – дәні бар;
Бас тартады баласы,
Қазақ сыйын қабыл ал.

Днепрдің ақынын
Есілімде қарсы алам,
Көз ұшынан шакырып,
Қол бұлғайды тал саган.

Қарттарымыз қаумалап,
Жастарымыз қол соғар;
Жанарынды баурап ап,
Көніліңе ой салар:

Украин, қазақ көп,
Қатар тұрған қауышып.
Достық барда – ғажап көп,
Айта алмайсың тауысып.

Ежелден-ақ еліміз
Арманы бір егіздей;
Ұлан-байтақ жеріміз
Қайнары бір теніздей.

Ақын Тарас жерінде
Қазақ жігіт қан төкті,
Ақын Абай елінде
Украин тер төкті.

Күндер етті бұлышып,
Достық – бізге мол мұра.
Қосылсыншы бүгін бір
Домбыра мен Бандура!

1966 ж.

МЕЙІРБАНДЫ ӘЗИЗ ЖАН

Сөз емес, мансап, айлығымыз,
Біз – оның: «Ой, құлышым», «Ай, Күніміз».
Тәк тұрып қалсақ керек Ана алдында,
Өзгені жасқантса да айбынымыз.

Ұл-қызы үйлі-баран,.. алшактады,
Ал шеше ақ бейілін мол сақтады.
«Жаным!» деп жанымызда құйбен қағар,
Өкесі сан баланың болсақ тағы.

Жігіттер билік құрып тайталасқан –
Анаға әлі сәби тәй-тәй басқан...
...Шешенің мейірбанды әзиз жанын
Келеміз келістіріп айта алмастан.

ШЕБЕР

Комбайн қаздай жұзген таңда, кеште,
Кейде бір желмаяны салады еске.
Бұйdasын шымқай алтын шұбалтқандай,
Аңызда жатыр дәулет десте-десте.

Майысып бес бармағы бойжеткеннің,
Осылай тігуші еді ою-кесте.
Сызуға барын салып бала шәкірт,
Сынақтың берсем дейтін бәрін беске.

Теп-тегіс терме алаша жолындай ғып,
Жосылтқан ерден неге үйренбеске? –
Білмеймін қайда барын мұндай зергер,
Күнұзак жаңылмас та, ерінбес те!

Бозбала қол болбыр тартпай, күстенді,
Танап шіркін таңдайды ғой күшті ерді.
Қынға симас қылышылдаған ер шағын
«Тыңға!» деген тың дабылмен тұс келді.

Заула, зырла, самға тыңға составтар,
Жорық әні, қоныс әні асқақтар.
Лек-легімен шеру тартсын жастық шақ,
Ал сен, Довжик, өз тобынды бастап бар.

Ақ көрпелі жапан дала ғажап кең,
Сары аязы шектескендей азаппен.
Қар үстінде от жаққандай болды бір,
Танысқан сэт тыңда тұңғыш қазақпен.

– Хош келдіңдер, – қой көздері күлімдеп,
Дәс келдіңдер, ертең емес, бүгін, – деп;
Баурап алып бара жатыр Жайлаубай,
Аңқылдаған жандар жәйін білдің бек.

Жел ызырып, жеткен шақта бой тоңып,
Қандай жақсы қарсы алғаны парторг.
«Қоныс осы!» – билеп-билеп кеттіңдер,
Қысқа-қысқа қоныштарға қар толып.

Жан баспаған мидай жазық алапқа,
Қанат жайды қаздай ақсұр палатка.
Шақ-шұқ еткен жердің мұздақ тоңына
Жарқ-жүрк еткен сүймен сірә қарап па.

Тұмса дала. Тұңғыш қара қакқан ер.
Тілімдей ғып тік боразда тартқан ер.
Мақпал дала. Шалқар егін. Лағыл дән.
Алтын десте. Алтын Жұлдыз таққан ер.

ПЕЙІЛ

Үлкен үй. Күміс қасық, алтын табақ,
Алады көздің жауын жалтылдап-ақ.
Тамақтан бал өткізбей тұрды-ау, әттен,
Ыңдысын санап қойған салқын қабақ.

Отау үй. Ожауы мыс, табағы жез,
Жадырар жас жұбайлар қабағы тез.
Сол бір күріш ботқа балдай татып,
Адамның жаны жайнап қалатын кез.

ҚҰМАРЛЫҚ

Сылдырап құндіз-тұні, тұнары жоқ,
Бұлдырап тал бойында құрағы жоқ.
Тас бұлақ құздан құзға сырғығандай,
Жас көніл қыздан қызға құлады көп.

Тенізге жетіп құймай тынары жоқ,
Жағалай жасыл шалғын, құрағы көк.
Айдыны жарқыраған ақ өзендей,
Бұл күнде бір өзіне құмарым көп.

НАҒЫЗ АЗАМАТ

Емендей қанат жайған желді күнгі,
Жер-көкке саясы мол елдің ұлы.
Қоймайды көнілді нық сендіртпестен
Жанның жақұттайын мөлдірлігі.

Тайынбай небір жәйді бағалаудан,
Кезі жоқ әділеттен табаны ауған.
Мінінді көзге шұқып көрсетсе де,
Аулақ Ол ағаттығың табалаудан.

Таң ғалып мендегі сезімге,
Құлсен, құл, мінезім – біртоға.
Әлі де ажарлы кезінде
Түсіре бермекпін фотоға.

Қайда да, қашан да арайлым,
Бір кезгі фотоға
Бір мезгіл қараймын.

ҚАЙДА ҚОНДЫҢ, БАҚ ҚҰСЫ?..

Бақ құсы, әлемді араладың,
Көрдің, барын бақытсыз адамдардың.
Зар илеген байғұстар кімдер, демей,
Оларға сен ден қойып қарамадың;
Елді мұнсыз етуге жарамадың.

Жарылқаудың білмей жолын,
Айырмадың оң мен солын.
Көзің жұмып, көрмей тұрып,
Бақыт құсы, қайда қондың, ойбай;
Соқыр тағдыр, сорлы басым,
Қайран қалып, ан-тан болдым, сондай;
Есім ауып, естен тандым оңбай,
ең ақырғы болғай.

Аса зәру жандарға зорға жеттің,
«Айға қарап жүрдің бе сонда?» деппін.
Әлсіздерге қол ұшын бермедің де,
Бәз біреудің басына қона кеттің;
Әділетсіз бақ құсы бола кеттің.

ОЛ ТУРАЛЫ ОЙ

Тағдырдың тауқыметін көп көрген. Көп! –
Қатыгез, кекшіл тартар кейбір кісі;
Жүргегі мұның жұртты жек көрген жоқ,
Ол қайта жан біткеннің мейірлісі!

Бар еді жас жанында бір қatalау,
Сусыны – зәм-зәм кітап, өршіл арман,
Ойлыға өмір кейде тым қatal-ау,
Сол үшін соққы жеді тоғышардан.

Сонда да құрық бермей құмарлығы,
Оқыды өз бетімен, Ай нұрымен,
Өмірдің өзі – мұның мұғалімі,
Сен оны салыстырма бай ұлымен.

Мұнды-шат терең ойға шын ғашық-ты,
Әлемнің бар кітабы – дипломы;
Еріксіз шыңыраудан шыңға ап шықты...
Тынымсыз еңбекқорлық сөйтіп оны.

СӘНҚОЙЫМ

Есілдің бойында төркінің-ау,
Есімнен тандырған көркің мынау.

Көнілде бір нәрсе болғаны ма-ау,
Мен алғаш ойланып толғандым-ау.

Жер-көктен іздеген арманым-ау,
Кездейсоқ жолығып қалғаным-ау.

ЕСІЛ БОЙЫ

Туған жер қандай ыстық, Сәбен айтқан,
Ел-жұртқа, Қызылжарға сәлем айтқан.
Жырлаймыз Есіл бойын үнемі біз,
Соғады туған жер деп жүргегіміз.

Туған жер, сағындым, деп, Мағжан айтқан,
Келерін қайта оралып болжап айтқан.
Аңсаймыз Есіл бойын үнемі біз,
Соғады туған жер деп жүргегіміз.

Жағасында Есілдің
Агалардың есімін
Әнге қосып, қастерлеп,
Әуелетіп шырқасан;
Туған жердің қадірін,
Туған елдің тағдырын
Сен де ойлайсың, жан құрбым,
Мен де ойлаймын әрқашан!



МЕКТЕБІМ

Балғын шақ базарын өткізіп,
Ұяңнан ұшып бір кеткемін.
Өмірлік кең айдын, көп қызық
Өзінен басталған, мектебім.

Мектебім!

Ой өссе шынардай зорайып,
Тамыры – тағым қып еккенің.
Өзгеге ұстаз-ақ болайық,
Өзіне шәкіртпіз, мектебім.

Мектебім!

Алтын күз, жас толқын, жаңа таң,
Білімнің ашасың беттерін.
Біздерден аумаған балақан
Өзіне барады, мектебім.

Мектебім!

ЖИЫРМА ЖАС

Айтсаң айт от-жалынды жиырма жасты,
Жігері шым қопарып, шыңнан асты,
Жаңа бір жарқын істі бастап берген
Үлгісі бірден-бірге мыңға ұласты.

Білімнің қайнарынан сусындаған
Жиырма жас ақ алмастай қылышылдаған.
Сыймастай портфелине сырлары мол,
Өнерпаз, өршіл болып тусын да адам.

Заводтың зәулім цехын менгергендер,
Құрметтің нақ төрінен мен көрген ер.
Бұлардың жасағынан жасқанады
Кей көше бұрышында сенделгендер.

МЫҢ БІР АЛҒЫС

(Елбасының мереітойына)

Әлемде не жетеді Күн мен айға,
Жер-көкке нұр сәулесі тарамай ма?!
Дауысым еркін, таза сынғырлаған,
Кеудемде бұлбұлым бар. Сайра, сайра!

Жан-тәнімен
Тындағанға,
Бір кеш, бір тұн
Шырқағанда, шіркін;
Мен де,
Сен де,
Ол да –
Толқып сонда;
Илкім,
Шырқау әнмен биік,
Тәбем көкке тиіп;
Сол сәт, сол күн
Былай дермін, мүмкін:
Ең әуелде бір әуенге
Елтіп тұрган,
Дертіп тұрган
Адам Ата, Әу А纳мыз –
Егіз шынар;
Бұлай деуге әлгі
Жан біткеннің бері
Айтып жүрген
Әсерлі әуен – негіз шығар.
Бұл әуенде әркім,
Бүгін, бәлкім,
Бүкіл әлем шырқар!

Тұған ел той тойлай ма жайдан жайға,
Нұрланып дидарыныз, Күндей жайна!

Қадірлі Елбасымыз, өзінізге
Айтамыз мың бір алғыс осындайда.

*Алматы – Астана.
1999 – 2009 жж.*

ҚЫЗЫЛ ГҮЛІМ

(Мәнсия – Мәншүк)

Мәнсия, Отанды сен сүйіп едің
Жаныңды шүберекке түйіп едің.
Туган ел: «түйғыным» деп неге айтпасын,
Ел үшін шыбын жанды қиып едің.

Жайратып жүрген кезің, жауды жаншып,
Мерт болдың қан майданда, қайран Мәншүк!
Үзілген сабағынан қызыл гүлім,
Кетеді, сені ойласам, кеудем шаншып.

Өжет қыз, өте бардың жалындаумен,
Қоштасып, үлгермедің Алатаумен.
Дүние неше дүркін өзгерсе де.
Өшпейді санамыздан алтын сәулең.

Мәңгі жас, боздағым да, ардағым да,
Не дермін сенің ауыр тағдырыңа?
Өзінді Женіс күні еске аламыз,
Бас ип уа, дариға!.. Аруағыңа!

КӨКТЕМГІ СЕРУЕН

Менің сөзім мүмкін қиғаш, мүмкін дәл,
Тенеулермен сөйлейтүғын ғұрпым бар:
Әлі құрғап ұлгермен аланақай
Киіз төсеп тастағандай былқылдар.

Табанымнан тарта берсін саз деген,
Бозға шықкан бостан сәтті мәз көрем.
Жар қабақтан, жалғыз ағаш түбінен
Табылатын секілді бір назды өлең.

Жар басынан қарау қандай әріге,
Алақанға салғандайын бәрі де.
Бусаныңқы атыраптың көкшесі
Мензейтіндей тіршіліктің мәніне.

Айдын көлге қарадым да мен келіп,
Жаксы теңеу таппай қойдым сенделіп.
Басын шайқап отырғандай дәл соған,
Көкала үйрек көл бетінде тербеліп.

Аспандағы тырналардың тізбегін
Талып жеткен дауысынан іздедім.
Бақыт бардай қанатында құстардың,
Күнгей жақтан күдерімді үзбедім.

Арнасынан асатындаі бұрқылдал,
Бұлактар да көктем сайын бұлқынбақ.
Өзін-өзі мақтауы да қызық қой
Көкек дейтін көксөкқанның сұңқылдал.

Жүрген шақта көңіл шіркін құлазып,
Қос ақкуды көргенің де мол азық...
...Дала кезіп, сейіл құрып кетуге
Жібермейді тұла бойым тоңазып.

Айнала дүз мұнарланған көгілдір,
Өз-өзімнен құмарланған өмір бұл.
Мың бірінші жер серігі секілді
Әлдеқайда, әлденеде көңіл жүр.

АЛМАТЫМ – ӘНІМ

Ақының қанша, әуенің сонша, Алматым,
Әуелден сені Алматы деуден танбадым.
Өзінде менің өнерім алғаш гүл атып,
Өзіңен алғаш татқаным дәмін алманың.

Алатау – сазым, Алматым – әнім,
Көркейсін сәнім, қосылшы бәрің.

Желегің қанша, жемісің сонша, жәннатым,
Мәуелеп тұрсаң, арман не, шіркін, Алматым.
Төсінде сенің ұлдарың мен қыздарың,
Түбінде солар маздағың болып жанатын.

Алатау – сазым, Алматым – әнім,
Көркейсін сәнім, қосылшы бәрің.

Қазағың қанша, қадірің сонша, Алматым,
Қазағым барда таусылмас нәрім, шәрбатым.
Төрінде сенің кегілдір туым желбіреп,
Тәуелсіз күнім, биікке мен де самғадым.

ДЕМЕУШІМ

Тындаушы жұрттан көп ақын,
Бірінен бірі озбай ма?
Көкейге бірден қонатын,
Әркімге қымбат сөз қайда?

Әділет жоғын аңғардым,
Әдемі сөзден не пайда?
Жабырқап журген жандардың
Көңілінен шығу оңай ма?

Сусыған күмдай құрғақ сөз,
Алшақтау жатыр өмірден...
Дағдарып, үнсіз тұрган кез,
Абайдан демеу көрдім мен:

– Өлеңнің көбі – әләуләй,
Заманың солай, қайтесің.
Қамығып жүрсөң, – деді Абай, –
Қаймықпай, соны айт өзің!

Шиырығып сезім, ақылың,
Шиыршық атып байқа бір.
Бәрінен бұрын, ақыным,
Халықтың мұнын айта біл.

Мұсіркеп елді,
халықтың,
Көз жасы көп қой өйткені.
Ойланып тұрып жарықтық:
– Шындықты ғана айт! – деді.

ҰЛПІЛ ҚАР

Бір салқын сезіп едім іңірде мен,
Қар жауып қалған екен түніменен.
Мойынға ауыртпалық тұскен жандай,
Бұта жоқ қалың қардан бүгілмеген.

Ақ көрпе айнала дүз жамылдыпты,
Дүние әктелгендей жаңғырыпты.

Мен тұрдым төңірекке көз жіберіп,
Сүйсінбей сұлулыққа нағылышты?

Ақ қайың сенсең бәркін баса киіп,
Зорайып көрінгенмен, емес биік.
Үстіңе секер саулап төгілердей,
Тұбінен ақ қайыңның қалсаң түйіп.

Аспаннан жерге жеткен сәлемдеме,
Сән көрсем көбік қарды, жәнсіз деме.
Үлпілдеп ақ ботақан, боз інгендей,
Кіршіксіз болмайды еken әлем неге?

Қаланың көрсөн түрін қара тұтін,
Келмейді түнде ұйқың, құндіз құлқің.
Көшениң уын алып, шуын басқан,
Ақша қар жауса, жаусын дүркін-дүркін.

Тәнірден келген сыйды қарсы алғандай
Ол бір кез таза қарға тамсанғандай.
Осылай деген едім кезінде бір,
Сұлулыққа таңырқап, қағып тандай.

ЕСІЛ ЕР

Есіл ер Әйтікеш Толғанбай,
Өзекті ертейді тағдырың;
Соғысқа тап болған сормаңдай,
Естілмей қойды ғой бұлбұлың.

Әйтікеш,
Сіздей бір өнерлі
Қазақтың
Өмірде болғанын
Білдім кеш,
Әйтікеш, Әйтікеш!!

ЖЫР ЖАЗАМЫН ӨЗІҢЕ МЕН

Сыр сайрауын бұлбұл қоймас,
Алагеуім,
тансәріден,
Тындауга оны гүл бір тоймас,
Елжіреумен,
тамсанумен.

Сорғалатып балшырынын,
Жыр жазамын өзіңе мен.
Жәйін ұғып жан сырымның
Коярмысың сөзіме ден?

СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ

Жасын сығып оқыстан,
Күрсінеді кейде әжем:
«Ұлкен атаң соғыстан
Оралмады», – дейді әжем.

Мұнаждынын мен дағы,
Келеді аяп, болысқым.
Ауыр екен зардабы
Атың өшкір соғыстың...

АУҒАНСТАН

Арқауы өркеш-өркеш таулар легі,
Тағдыры тастай қатты ауған елі.
Обырлар момақанға көз алартып,
Бабырлар әлсін-әлсін жаулап еді.

Күншығыстан, Күнбатыстан
Найза сілтеп төнді дүшпан.

Құмдай борап келген жаумен,
Арпалысқан Ауғанстан.

Көгінде нөсер бұлты қөрінбеген,
Көңілде – қайғы бұлты сөгілмеген.
Тынымсыз соққанында ауган желі,
Сұрықсыз өгей тартар өмір деген.

Езгі жаншып өкпе тұстан,
Борыш қаптап, қарыз қысқан.
Жоқшылықтың тозағында,
АЗАП шеккен Ауғанстан.

Өзені жазда кеуіп қалатұғын,
Өзегі тәулік бойы талатұғын.
Болаттай totқа төзіп, отқа түсті,
Жолатпай ағылшынның ала туын.

Отаршылдық – кәрі мыстан,
Құлдық торын құрды тұстан.
Қорлық жолға көнген емес
Антқа берік Ауғанстан.

Арылмай көне заман зандарынан,
Жаңылмай келген бірақ арманынан.
Жас ауған елі бізбен етene еді.
Ең алғаш тәуелсіздік алғанынан.

Мығым достың қолын қысқан,
Бейбіт елдің жолын құшқан.
Тату-тәтті көршіліктен
Айнымаган Ауғанстан.

Ауғанға соқты жана сәуір желі,
Арманға жетелейтін тәуір лебі.
Еркіндік тұңғыш рет ту көтеріп,
Әділдік алғаш рет дәуірледі.

Азат құстай самғап ұшқан,
Сәуір туын асқақ ұстан.
Осы бағыт, осы жолдан
Аумағайсың, Ауғанстан.

Жанардан қасіреттің жасы құргап,
Жаңарған толқындармен тасы, мұрғаб.
Қаласы Кабул-Бағлан, Герат-Ғазна,
Арасын жалғастырын асыл мұрат.

Аңсан күткен әуел бастан
Жаңа дәуір – жаңа дастан.
Таудай биік талаппенен
Алға басқан Ауғанстан.

САРБАЗДАРЫМ

Сарбаз деген атынан айналайын,
Сарбаз баурым, салтасың сен әрдайым;
Борышың да, парызың, міндептің де,
Елді, жерді қорғауға тұрсың дайын.

Сен әрдайым
Тұрсың дайын,
Өр тұлғаннан
Айналайын!

Жаттығулар, тынымсыз жаттығулар,
Қару ұстап ойнауға ерек құмар;
Отан-Ана әмірін тосып тұрсың,
«Аттан!» десе, кеуденде жүрек тулар.

Сарбаздарым, сап құрган сарбаздарым,
Асқан жігер, бойында асқан дарын;
Тәуелсіздік туларын желбіретіп,
Жай отындей жарқыра, жасқанбағың!

Жанарың жалт етіп бір төңкерілген
Кетеді өз-өзінен ой салдырып.

Жұрсің ғой жуасытып назыңменен,
Назыңдан ынта-пейіл жазын көрем.
Алдында достарымның мойындап бір,
Осылай қойсам керек жазып өлең.

ТОЛҚУ

Көз алдымда көл серісі – Бурабай,
Толқындары толқындарын қуалай
Толқып жатыр,
 толқып тұрмын жағада;
Жыр кеудеде жата ма жәй, туламай?!

Бұлқын,
жүлқын, о, өр толқын көк ала,
Мың бұралып дөңбекші де домала.
Терең болсан, тебіренбей тұру жоқ,
Арнадан бір асып-тастай бола ма?

Мен де өзіндей өршіл жанды жас ұлан,
Жұртый десе тауға, тасқа бас ұрам.
Туған жердің сұлулығын сүйем мен,
«Сондай болсак» – деген ойды жасырман.

Жеке батыр мұнға батып мұнартып,
Оқжетпесі оқшырайып тұrap тік.
Жұмбақтастың табам ба деп жұмбағын
Караймын тек,
 қараймын кеп құмартып.

Толқын баяу,
 толас тапқан жаңа да,
Сылқ-сылқ күліп тиіседі жағаға.

Ақ айдыннан жүзін көріп жүр эне
Менің әппақ арманымдай шағала.

Жүр, сәулемешім, жүзейік біз қайықта,
Ескектейін егіз болсақ, айып па?
Көп таулардың,
көк таулардың қиясы
Қиялдатып әкеткендей ғайыпқа.

1961 ж.

КЕРЕГІ НЕ, КЕРЕГІ...

Жалбыраған қара бұлт
Жапқан күйі аспанды,
Күнгірт тартып дала күрт,
Көкте дүбіл басталды.

Жарқ-жүрк етіп дүние,
Шатырлауы шұғыл тым.
Зәрем ұшқан күйінде,
Атама кеп тығылдым.

– Күн күркіреу – бұл, ботам,
Несер келе жатқасын,
Қорқа берме, – деді атам, –
Тек соғыстан сақтасын...

...Сонда соғыс дегені
Тіпті жаман болғаны-ау.
Керегі не, керегі
Елді, жерді бомбалау?!

ҚАЙСАР АДАМ

*Алғашқы тыңғер, Социалистік Еңбек Ері,
КСРО Жөгөргө Кеңесінің депутаты
Леонид КАРТАУЗОВҚА*

Леня – полк баласы,
Солдат – оның анасы.
Кенет мина жарылып,
Жаралауын қараши.

Сықыр-сықыр аяғы,
Кемтарлық та таяды.
«Аттан тыңға» дегенде
Арман қанат жаяды.

Тыным көрмей трактор,
Тұлеп жатыр қырат-қыр.
Тыңгер болған мүгедек
Куаныштан жылап тұр.

Жаңғыртумен жапанды
Қайсар адам атанды.
Ыстық лебін даланың
Кремльге апарды.

ҚАЛАМДАСҚА

Он бес жыл қатар жүрген қаламдассын,
Біреуге – іні, біреуге – аға, замандассын.
Өсірген азамат қып коллективің
Қошаметпен қоштасып – амандассын.

Баптылық өзіндегі, сөзіндегі
Табиғи тән міnez бен сезім, тегі.

Жаныңа жарасымды жауаптылық –
Жауапты секретарь кезіндегі.

Әрдайым насихатың нақты болып,
Үгітің көкейлерге жатты қонып.
Өлеңмен өте қысқа айтып тұрмын,
Әйтпесе мысалдар көп, факті толық.

Қашан да колективің ұялмайды,
«Өсетін өз ұлым» деп қиялдайды.
Сайлаубек, сапарың сәт, жолың болғай! –
Жолдастар жол ашарлық сый арнайды.

Аяулы азамат бол астанада,
Сол жерден ғылым жолын баста жана,
Байсалды, батыл басып шыңына шық
Ғылымның Алатаудай асқар ала.

ЖҰМЫСКЕР КҮНІ

Жазғырамыз жалғыз Күнді,
Тілегіміз – жаймашуақ.
Салқын жұлдыз сансыз қуллі
Жымындейды жылусызы-ақ.

Құлім қағып күн жарықтық,
Жұмысына шыққан сайын.
Дүниені жап-жарық қып,
Жарылқайды жүртты дәйім.

Тіршіліктің күмбезіне,
Жарқыратып ілген шамдай,
Нұр себелеп жер жүзіне,
Елжіреуі сүйген жардай.

Бұлар ұшып көлден әппак,
Төңіректі мұнар басқан.
Көкте кенет бұлттар қаптап,
Бүркеп жатыр ұялмастан.

Жайнап кетер торғын аспан,
Жарқ еткенде алтын тегеш.
Бұлтты жарып, сәуле шашқан,
Мықты болсан, Күнге теңес.

Таудың биік бектерінен
Шұғыласы ембейтүғын.
Батар сәті жеткенімен,
Біржолата сөнбейді Күн.

Жалбыраған бұлттар құллі
Бара жатыр қайда шұбап.
Жазғырамыз жалғыз Күнді,
Тілейміз де жаймашуақ.

Жігер, қуат беретін бай,
Күн емес пе жер-жаһанға...
– Елдің міншіл келетіні-ай
Жұмыс істеп жүрген жанға.

ЖАУЫНГЕР

Қаңқылдал ұшар қаз даусы
Естілсін әр кеш, әр таңда.
Аспаннан көзін жазбаушым,
Жау қырги төнсе, талқанда.

Күлімкөз құрбың арманшыл
Толқынға қайық билетпек.

Теңізден көзін алмаушым,
Жау – шортан төнсө, күйрет тек.

Бөлентіп гүлге құм ішін,
Теренді зерттеу көп бізде.
Шекара, шепте тұрушым,
Жау ниет келсе, өткізбе.

Тыныштық, еңбек – құштары,
Тынымсыз диқан, қойшы жүр.
Қаймығып қалсын дұшпаны,
Бейбітшіл біздің Отан бұл!

ДИҚАН-ДАНА

Па, шіркін, десейші бұл паң даланың,
Алтынмен апталғандай дәнді алабын.
Несі бар шетелдіктер таңдай қақса,
Мен өзім жылда көріп тамсанамын.

Сезім сергек, санасты салмақтылар,
Төте жолды табады таңдап бұлар.
Қолмен пішіп, ойменен болжап біліп,
Алды-арты мен он-солын барлап тұrap.

Барлық істің басы мен қасында боп,
Қайрат қылды қашан да, жасыған жоқ.
Күншығысқа иілген күнбағыстай,
Екпінділер атына ғашық жан көп,

Күп-күрен, Күнге тартып кеткен масак,
Майысып, тербелгенде тіpten ғажап,
Сап құрып сан мың ұл-қызы шикілсары
Тұрғандай небір әсем қимыл жасап.

Бір кездे күзі қуаң мидай дала,
Тесінде толы бұгін бидай-бала,
Өсірген желкілдетіп жер қойнынан,
Бұл дикан неткен күшті, нендей дана!

1983 ж.



Көшкен кез алтыншыдан жетіншіге,
Желкілдеп жүргеніміз әлі есімде.
«Сол кезде мен де тентек болдым» десем,
Сөзіме, кейінгілер, сенесің бе?

Бір күні үзілісте көп ойнадым,
Білмеймін, Ақбаламен неге ойнадым.
Артымнан теуіп қалған әлгі Оралды
Класқа кіргізбейін деп ойладым.

Есікті тарс еткізіп жауып алдым,
Аяқты тірейтін жер тауып алдым.
Шіреніп тұтқасынан тұрдым ұстап,
Кім білген әр жағында дауыл барын.

Аласа табалдырық – әлсіз тіреу,
Кісіні құлқі етеді әлін білмеу.
Қолымды солқылдатып шыдатпай тұр,
Оралдан әлдеқайды мықты біреу.

Бекерге мен сіресіп тұрған екем,
Жарқ еткен көзілдірік алмасқа тең.
Есікті ашуланып жұлқып ашқан,
Мессаған, математик Ақаң екен.

Есептен бес алуға оқталып ем,
Жоқ жерде тәртіп бұзып, ұсталдым мен.
Жағымнан Ақаң сонда салып қалды,
Қалындау алгебра кітабымен...

Бұл бір сөз біразырақ күлу үшін,
Ақаңды еске сақтап жүру үшін.
Қысқасы, бұл мектепте біз де оқыдық,
Кейінгі балақандар, мұны түсін.

Арылып бойымыздан көп кемістік,
Есейіп жылдан жылға, біздер өстік.

ӨРШІЛ ҚАЙЫҚ

Тәуекел дариясынан көрдім қайық,
Ер жігіт өрге жүзер желкен жайып.
Үмітің, үміткерің – осы сенін,
Әділдік аңсап жүрген, ей, халаіық!

Бұл жолға белін буды кімдер үшін,
Ел-жұрты, елдің көбі – біздер үшін.
Тулаған толқындардан барады өтіп,
Жұртынан аямайды Ол жігер-күшін.

Көрдің бе өршіл қайық өрлегенін,
Бердің бе бейілінді, қайран елім?!
Серпіліп осында көрсетші бір,
Құл емес, ғұн екенін арғы тегің.

Жақсылық бола қалса жуырманда,
Жалықпай шырқайды жұрт ұзак таңға.
Қазақтың өжет туған перзенті,
Жалынам, жар болшы деп жаратқанға!

БАСТЫҚЫҢ НЕШЕУ?

- Кәдүілгі қырманда
- Штат қысқармай тұрғанда,
- Бейнетқор бесеу еді.
- Бастық нешеу еді?
- Бастық екеу болатын.
- Біреуі үйге кеткенде,
- Біреуі осында қонатын.
- Бас аяғы жетеудің
- Артық-кемі жоқ, Байтасым...
- Несін айтасың,
- Бесеумізді екеуі
- Уысында ұстайтын,

МЕРЕКЕ МЕРЕЙІ

Сәуір өтті,
тәуір өтті тамырдай,
Тағы жетті масатылы мамыр – Май!
Еңбекшілер мерекесі ежелден,
Аяулы күн – адамзаттың жарындарай.

Бұлт күркіреп,
нұр сіркіреп,
жай ойнап,
Жұпар анқып,
түрган балқып бар аймак.
Танысына таңырқаған адамдай
Күн әлемге, әлем Күнге қарай ғап.

Жұмысшы жұрт күннен бұрын оянған.
Тойға келіп тоғысқан-ды ой-арман.
Көшелерде адам селі аққандай,
Жердің жүзі жеті түспен боялған:

Жарқын жасыл,
күрең қызыл,
шаңқан ақ –
Шарлар ұшты, көкке қарай шалқалап.
Пұліш гүлдер күміс күнге шағылып,
Жалт-жалт етіп жатыр бүгін шартарап.

Аландарда адам тасып келеді,
Қолдарында – көрсеткіші, дерегі.
Жер мен көкті тұтастырған тулардың.
Қандай ғажап, жел ойнатқан желегі.

Көкте жүзген көгершіндер – таң құсы,
Көңілдерін ұшырғандай бар кісі.
Ұлы Отанда жаңғырыққан ұрандар –
Халқымыздың ақ жүректі алғысы.

Ел қамына,

Ер бағына арналған

Барша ниет туған асыл арманнан.

Жөніміз – сол.

Жолымыз – он,

аумаймыз.

Парасатқа негізделген бағдардан.

Мейрам күнгі мерейіміз тым асқақ.

Мерекеміз берекеге ұласпақ.

Ақ пейілді аян етіп,

баянды

Құйқылжыта тартшы, құрбым, құлаштап!

Май – мереке,

қызу тулар жайнаған.

Май – береке,

қызу еңбек қайнаған.

Шабыт қалай шалқымасын бұл күні,

Шат күлкілі

шадыман жұз – айналам.

1 мамыр, 1966 жыл

БІЗДІҢ АДАМ

Ел үстінде Жеңіс күнге тігілген

Ту астында тұрмын толқып бүгін мен.

Солдаттардың тегеурінді тізесі

Сол туларды сүйерде тек бүгілген.

Қызыл туда жалын атқан алау бар,

Оны біздің арымызға балау бар.

Соғыстан соң күрендене түскендей

Жауынгердің қаны түстес жалаулар.

...Оқтар. Оқтар. Ажал. Азап. Қайғы. Кек,
Европаға етек-жөнін жайды кеп.
Соғыс өртін қаныменен сөндіріп,
Біздің адам ту тіккен күн – май күні еді!

Есімізден ешқашанда кетпейтін,
Бұл күн – бізді жауларымыз кектейтін.
Бұл күн – бүкіл қаһармандар қабірі
Көңіл нұры, көз жасымен көктейтін.

Берлин барған, кегін алған халқымның,
Жеңімпаздар, артсын дәйім Даңқың мың!
Кеуденменен қорғасыннан қорғаған
Бейбіт күннің жыры болып балқыдым.

СЫРҚАТ СЫРЫ

Табылған табан ақы, маңдай термен
Қара наң қандай тәтті, қандай дәмді ең?
Бұл күнде тәбетім жоқ тәттіге де,
Бұрынғы қайда қуат, қайда дәрмен?!

Шіркін-ай, тұла бойың сау боп толық,
Аулыңнан ауру-сырқау аулақ қонып,
Жүргенге жұмыс қылыш не жетеді,
Егінді өзің баулап, өзің орып.

Сөз боп па жұмыс деген, тәйірі, жасқа
Ол тіпті оттан-судан тайынбас та.
Мен өзім небір ауыр әрекетті
Алар ем ауруыма айырбасқа.

Құлшынып кетер едім кірісіп-ақ,
Істің де ыңғай қыын – ірісін ап.
Ел үшін еш еңбектен ерінбес ем,
Тек осы науқас деген құрысын-ақ!

КӨҢІЛ

Бұл күнде тым қонақжай өмір деген,
Аяmas сый-құрметін, төрін менен.
Жалғыз-ақ жайбарақат жатқызбайды
Тынымсыз тыптырышыган көңіл – дөнен.

Дүбір сап дүниеге жер тебіне
Кеткендей алып-ұшып ертеңіме.
Әрдайым тізгінінен қол босатпай,
Жұлқысып жүрсем керек мен, тегінде.

Әзірге түстенбедім. Қона алмадым,
Бұландарап үнемі алдан соны арманым.
Қиялым туғанымнан томагасыз,
Ес біліп, ер жеткелі Сонардамын.



ӨЛКЕМЕ

(*бестармақ*)

Мен бұрын сыршыл, күйшіл жас ақының
Жанымның жалынымен жазатыным –
Кіл, өңкей өлеңі еді махаббаттың,
Сұлуға иіс судай шашатынмын.
Ұсынған нарт гүліндей аbat бақты.

Мен енді азаматың, ойшылыңмын.
Тоқтаусыз айналдырам ой шығырын,
Аумаған арып-талмас нар түйе анық.
Мұддесін егінші қызы, қойшы ұлынның.
Паш етер жырларым бар партиялық.

Ақындық – сан мамандық дипломым,
Мінездемем – бір басым, екі қолым.
Аттанам ой-қырынды жатсырамай,
Иненің көзіндей де кетік орын.
Кездессе, қағыламын қақ сынадай.

Ұстатты қалам – айыр малшы маған,
Сиям – тер жұмысшыдан тамшылаған,
Дәптерім – ақ халаты дәрігердің.
Кеншідей керек сөзді аршып алам,
Құрыш қып қорытуға әбігермін.

1963 жыл

ОЙ – ТОЛҚЫН

Ой – баста, толқын – сонау теңіздегі
Айныма, айырғысыз егіз тегі.
Тым ұқсас тынымсыздық табиғаты.
Өздерін «өршіл, асau» дегізгені,

Толқынның жар жыққандай қайраты бар.
Ол бірақ жардан аспай қайта тынар.
Ой ғой, ой! – бастан шығып, жерге сыймай,
Отандық ракета боп Айға атылар.

1973 ж.

ЕҢ ЫСТЫҚ ЖЕР

Жағалай жалт-жұлт еткен ақ күміс қар,
Аямай үйіп-төккен ақпан-қаңтар.
Төсінде туған жердің жүрсөң еркін,
Көңілге қыста да бір жылылық бар.

Ақ боран ой мен қырды аралайды,
Сары аяз беттен шымшып, аймалайды.
Әркімнің туған жері өзіне ыстық,
Ешбір жан туғанда жер тандамайды.

Жадырап, сәуірден соң жаз да болар,
Айдынға аққу келіп, қаз да қонар.
Көкорай, көк шалғынға аунайын бір,
Боздауым құр әншейін – аздау болар.

Туған жер – сонарлы өлкем, солтұстывым,
Осы жер – еңбір көркем, ең ыстығым.
Жүрсем де қай өнірде бұл өмірде,
Сеземін туған жердің мен ыстығын.

ЕСКЕРТУ

Соғыстың айтса бітпес зардалтары,
Дүние қасіреттегі зарлап қалды.
Тұрады тұлабойым ауыр тартып,
Көргенде қолтықтағы балдақтарды.

Сықырын протездің естігенде
Ұқсаймын өз аяғым кестіргенге.
Белгісіз солдатты ойлап солқылдаймын, –
Сол құрбан болғандықтан өстім мен де.

Көргенде қара лента таңулы көз,
Ойлаймын оқтан өткір табуды сөз.
Өткізіп өңменімен жауыздардың,
Атомға созған қолын қағуды тез.

Қанқұйлы нацизмнің найсантары,
Қарымта қайтармақшы найза ап тағы.
Құбыжық ойларымен құтырады,
Ескертіп: «есің жи» – деп қойсақтағы.

Жоқ, сүмдар! Жолың жабық! – айтам анық
Атынан қаһарлы елдің байтақ, алып.
Төбенен төнер семсер,
кетпес үшін,
Дүние қасіреті қайталанып.

СЫҢАР ҚОЛ, ЖАЛҒЫЗ АЯҚ

Майданнан жалғыз қолмен оралғандар,
Жаралы кеудесінде мол арман бар.
Азайып бара жатқан асылдарым,
Төріне сый-құрметтің жоғарылаңдар.

СЕРУЕН

Айнала алқаракөк, карабарқын,
Көтерді маусым келіп дала нарқын.
Ақ айдын, көкорай бел, жасыл желең,
Жайқалып шақырады қала халқын.

Мөлдір су, моншақ таста жағадағы,
Көргенде есі кетер қала адамы.
Алтын күн, жалқын құмға жатады аунап,
Балықтай шыжғырылған табадағы.

Әлгі бір ақша бұлт та болды ғайып,
Әуенің шыжуын-ай, ал тұрайық.
Құміс су құшағына кетсөн қойып,
Шығасың жаның сергіп, жан тыңайып.

Шоқ талдың саясында салқындал бір,
Уа, шіркін, ойнап-кулсе жарқылдал кіл.
Ас десе, аштан келген кісідейсің,
Не керек, далаңқы өмір жанға ұнап тұр!

ЖҮРЕК СЫРЫ

Ажарың ашық аспандай,
Күлгениң күннің нұрынша.
Майысып белің жас талдай,
Ойысып бері бұрылсан.

Жүректі лұпіл қақтырып
Қояды назың, өкпең бір.
Сезімің әлі пәк, тұнық,
Таңдағы шықтай мөп-мөлдір.

Қараған шақта қас керіп,
Жанарың ыстық жаздайын.
Кетердей тіпті тас та еріп,
Құшаққа құлай жаздаймын.

Бұрымың сенің толқынды,
Бұралып аққан бұлақтай.
Тағайын жырдан шолпынды,
Жараса кетсін құрактай.

Өлеңім – жалғыз байлығым,
Қалам ба сенен барды аяп?
Бәрінен бұрын, уай, күнім,
Көңілім таза қардай ақ!

ШЫҢҒА ӨРЛЕУ

Жән бе екен Оқжетпестің басын көрмеу,
Қызық қой қыз қыдыртып тасына өрлеу.
Шықтым мен жаныма ертіп жас сұлуды
Теріскей-батысъынан шыңның көлбеу.

Шілденің шыжып тұрған талма түсі,
Қызара қыздың бөрткен алма түсі.
Жүзіне қайта-қайта қарағыштап,
Жөнелдім жолын бастап алға түсіп.

Қиялап қия тұсты қабағы тік,
Өрлеймін оқшашу тұсын орағытып.
Кұлықтай құлыныма мойын бұрған
Аруды әлсін-әлсін алам күтіп.

«Тоқтама, тоқтамалап», тоссам болды,
«Өзім» деп өзеурейді, созсам қолды.
(Жігіттер, қия таста қыз тосындар,
Кемері қеудесінің соншама онды!)



КӨКЖИЕК

Дүние көз үшінда дәңгеленген,
Көңлімді баурап еді бала күннен.
Қол жетпес бір керемет, көз көрім жер,
Қызығып көкжиекке қарадым мен.

Ең алғаш тілегіме тізгін беріп,
Жұғірдім, көкжиекке жеткім келіп.
Ол маған, о ғаламат, жеткізбеді,
Тұрғанмен жердің шеті секілденіп.

Мен кеттім, сол кеткеннен сағым қуып,
Қайтсем де, жетем, дедім, белім буып.
Тапқаным бұл өмірден сонда менің,
Жақсы өлең, бар болғаны, жүзге жуық.

Ешкімге көрмесем де еміншектеп,
Заманның ыңғайына көндім ептең.
Армандал, мен қаншама ұмтылсам да,
Көкжиек жеткізбеді шегіншектеп.

Жасымда сағым қуып ойнап едім,
Дариға, сол құндерім қайда менің?
Сенің де көп нәрсеге қолың жетпей,
Таңырқап отырсың ба, қайран елім?!

Сүйсініп бұл сөзіме құлгеніңмен,
Көп менін білмейтінім білгеніммен.
Алпысқа мен де келіп қалған екем,
Жете алмай көкжиекке жүргеніммен.

Қарамай жолда жаурап, тоңғаныма,
Куандым елге жетіп қалғаныма.
Көкжиек жеткізбесе, жеткізбесін,
Үмітің үзілмесе болғаны да.

КӨКЖИЕК

Дұние көз ұшында дөңгеленген,
Көңлімді баурап еді бала қүннен.
Қол жетпес бір керемет, көз көрім жер,
Қызығып көкжиекке қарадым мен.

Ең алғаш тілегіме тізгін беріп,
Жүгірдім, көкжиекке жеткім келіп.
Ол маған, о ғаламат, жеткізбеді,
Тұрғанмен жердің шеті секілденіп.

Мен кеттім, сол кеткеннен сағым қуып,
Қайтсем де, жетем, дедім, белім буып.
Тапқаным бұл өмірден сонда менің,
Жақсы өлең, бар болғаны, жүзге жуық.

Ешкімге көрмесем де еміншектеп,
Заманның ынғайына көндім ептең.
Армандал, мен қаншама ұмтылсам да,
Көкжиек жеткізбеді шегіншектеп.

Жасымда сағым қуып ойнап едім,
Дариға, сол қундерім қайда менің?
Сенің де көп нәрсеге қолың жетпей,
Таңырқап отырсың ба, қайран елім?!

Сүйсініп бұл сөзіме құлгеніңмен,
Көп менің білмейтінім білгеніммен.
Алпысқа мен де келіп қалған екем,
Жете алмай көкжиекке жүргеніммен.

Қарамай жолда жаурап, тоңғаныма,
Қуандым елге жетіп қалғаныма.
Көкжиек жеткізбесе, жеткізбесін,
Үмітің үзілмесе болғаны да.

ӨРШІЛ ОЙ

Ой – баста,
толқын – сонау теңіздегі
Тым үқсас, туысы бір егіз, тегі.
Тынымсыз, тыптырышыған табиғаты –
Өздерін «өршіл, асау» дегізгені.

Толқынның жар жыққандай қайраты бар,
Ол бірақ тулап-тулап қайта тынар.
Ой гой, ой! – Жердің жүзін билеп-тәстеп,
Бір шеті Шолпанды орап, Айда тұрар.

ҚАРАҒАЙ

Тамаша-ау таулы өлкенің қарағайы,
Жаз – алтап, қыс – аязға қарамайды.
Жап-жасыл, жайнап тұрар қылқан, бүрі,
Кім оны дәйім жасқа баламайды?

Көрген жан көңілі толып бас иетін,
Не дейсіз оның осы қасиетін,
Тас жарып, тауға біту қыындығы, –
Дер едім, – «тұрған оны жасыл етіп!»

ӨЗІ АРМАН

Таты жоқ таза қардай құзардағы
Біп-биік, қандай таза қыз арманы.

Тұнгі айдың, таңғы ауадай тұнып тұрған
Қылықты қыз көңілі-ай үміт қылған.

Шөліркеп қызыл гүлдей нөсер күткен,
Әсерлі қыздың жаны әсем тіптен.

ДОСҚА ХАТ

Күндерді күндер куып, тез кетеді.
Жылды да жылжытып жыл, тездетеді.
Әр айға балалығын бөліп беріп,
Балдырган есі толып, ер жетеді.

Ер жету есті жанға ой салдырып,
Бітеді ойға, бойға байсалдылық.
Есейтіп өмір жолы біреуді ер ғып,
Біреуді өсіретін жайсан қылып.

Бірі – сен жанның сондай жайсанының,
Мақсат зор, талабың өр, мол сабырың.
Сен енді – еліміздің азаматы,
Жұртыңа жақсы жігіт болсаң бұрын.

«Ойшыл – деп, – ойлайтұғын ел жағдайын»,
Айтып тұр кере қарыс кең маңдайың.
Ақылдың нышаны бар дидарында, –
Білем гой мен де адамның кім, қандайын.

Тусаң да қыстың кәрлі ақпанында,
Кез кепсің өмірдің жаз аптабына.
Көркейтіп бұл өмірді бұдан дағы
Халқыңың айналғайсың мақтанына.



Секілді наң иісі аңқығаны
Диқанның көкке өрлеңті даңқын дәні.
Ерлердің ер кеудесін аңсағандай
Аспанда жүлдyz жарқ-жұрқ жарқырады.

ТІЛЕК

Алаулатып жүректегі жалынды,
Таптың, достым, бақытынды – жарынды.
Егіз көңіл негіз болсын тірлікке,
Қанат бітіп қаламына дарынды.

Махаббаттың мәңгі осылай таңы атқай,
Сезімдерің ыстық табы мол оттай.
Бақыт, сенің серіктігің нық болсын.
Өмір өзі шындал берген болаттай.

* * *

Кім сүймейді қырмызы жайса кілем,
Көктем қызық көк соқта, лайсанымен.
Саз-батпағын сәуірдің еркін кешем,
Шофер-досты құшқандай май-шаңымен.

ҚҰЗГІ ТАН

Алтын күздің құба таңы
Аспаз қызды ұнатады.
Таңмен талас жаққан оттың
Жүзінде ойнап тұрар табы.

Сәуле қаптап сарғыш белді,
Әлем әппақ шырайға енді.

АЯНШАҚ

Жағы қақсап сырқырай,
Тісі ауырып, дүбілсін.
«Шипа қыл, – деп, – шіркін-ай» –
Дәрігерге жүгірсін.

Дәрігер бір аяншак,
Жаңа келген жас жігіт,
Сырқатына таянса-ақ.
Алар көзін тас жұмып.

...Қазір, міне, жұлады.
Алқымға сап аяқты,
Жұла алмады, жылады.
«Ауырды-ау!» – деп аяпты.

ШАРЛА ЖҰЛДЫЗ ӘЛЕМИН

Самға, әлем қыраны,
Шарла жұлдыз әлемін.
Бейбіт еңбек – ұраны
Жеткіз елдің сәлемін.

Тарт боразда тағы бір
Гагариндік түрленмен.
Тілгілеп өт, жалын қыл
Тұңғибықты тұнерген.

Пісір, балқыт металды,
Ұшу үшін қос-қостан.
Елім анық бет алды, –
Игерілер космос та.

1987 ж.

Күн қандай жадыраған жаймашуақ,
Маң басып мал барады ойға шұбап.
Тоқ шыққан тайшалардың
тайрандауын,
Өтерде ортасынан, байқа шырақ!

Жайылымда шашырампаз
сиыр малы,
Алды – осы, арты – сонау қыырдағы.
Тұбінен, түгін тартсаң, май шыққандай.
Шетінен семіз екен биыл бері.

Баққасын мал шіркінді осылай бақ,
Жазында, қысында да қысылмай бақ.
Жеуіңе жетеді еркін етің сонда,
Болады сузының сұт,
асың – қаймақ.

...Ойхой-ая, ақыл айтып барады екем.
(Ойлантпай қоймайды ғой
дала – мекен!)
...О-о! Мынау – бір совхоздың
жылқысы ғой!
Апырай, азайып-ақ қалған екен!

Оның да өзін мүлдем арық қыпты,
Жайсыз ғып жайған екен жарықтықты.
Малының майын жиган өз қарнына
Маманды көрер ме еді барып тіпті.

Далада жайылатын жазы-қысы
Жылқы үшін сөз болып па азық ісі?
Тебінде тегін бағу кімге қыын –
Еңбекшіл емес пе еді қазір кісі?

Даланың омбы қарлы ақпаны бар,
Даланың жауын-шашын батпағы бар.

ЕСІМЕ АЛСАМ АУЫЛЫМДЫ

Әнін жазған Алмабек Мейірбеков

Тұған жер, суың көусар, лағыл – тасын,
Жүректі шым еткізіп сағынтастын.
Елжіреп сені ойлаған кездерімде
Сөзімнен, шынымды айтсам, жаңылтасын.

Алдымнан жібек самал, еседі жел,
Шақырған өзіңбісің, о, тұған жер!
Мен саған құстай ұшып жетпек едім,
Кешігіп жүрген болсам, кешіре гөр!

Көңілде сағыныштан самсайды өлең,
Еске алып ауылымды, тамсай берем.
Далаңың ой мен қыры бірдей маған,
Әйтсе де тұған жерді аңсай берем!

ЕСІЛДЕН БАЯУ ЕСЕДІ САМАЛ

Әнін жазған Жоламан Тұрсынбаев

Жарқырап айдын жанаты бардай,
Бұрандаپ Есіл ағады талмай.
Айдынға менің түседі көзім,
Іздеген жоғын табатын жандай.

Есілдің құба талындай бойшаң,
Есімде құрбым жайдары, жайсан.
Толқынмен бірге толқиды көңіл,
Аңсаған сәтте жағада майсан.

Қайырмасы:

Көнілге демеу, жұбаныш болар,
Есілден баяу еседі самал.

СӘЙЛЕ, ҚАЗАҚ РАДИОСЫ!

Алматыдан, Астанадан
Емін-еркін осы –
Сөйлеп тұрған
Қазақ радиосы.

Жаңалықтар, жаңалықтар,
Қалт жібермей тыңда!
Сыр шертеді небір хабар
Қазақ радиосында.

Жаңғырған үн, жылы лебіз,
Тұрлен, көркей, нұрлан!
Бір ізгілік сезінеміз
Әуе толқынынан.

Күмбір-күмбір әуен-сазы,
Айдын «Шалқар» – осы.
Әсем толқын қысы-жазы,
Шіркін, қазақ радиосы.

Менің өлең-әуендерім
Айтылып жүр ептең.
Радио – ең әуелім
Алтын қорын әуелетпек.

Тыңдаушы жұрт бірден ұғар,
Сырлас, мұндас досы.
Ойландырап, толғандырап,
Сөйле, қазақ радиосы!!

ӘЖЕМЕ

Алданып, әркімдерге болғандай жем,
Өтті ғой біздің бастан қылыш кезен.
Ақкөңіл бір жанашыр іздегенде,
Есіме елден бұрын түседі әжем.

Ет-жүрек елжірейді: «Әже» десем,
Жан әжем естір ме екен, әжелесем.
Шұбыртқан балапанын ақ тауықтай,
Жүрмісің бәйек болып әлі де сен!

1969 ж.

* * *

Ми қайнатқан сарша тамыз айында,
Арқа тіреп ала діңгек қайыңға,
Көлеңкеде оқыдым бір журналдан
Адам миы ғаламаты жайында.

Сейтсем, әлгі ми деп жүрген мықтымыз –
Быжынаған талшық торы тып-тығыз.
«Сан миллиард нейрон» дейді білгіштер,
«Нейрон» деуден неменені ұқтыңыз?

Ең бастысы – мидың жұқа қыртысы,
Сол жұқаның болады екен сұр түсі.
Сұрғылттығын – сұңғылалық деп білдім,
Кейбіреудің келер, мүмкін, күлкісі.

Сап-сары ала күннің сәуле-арайы,
Жәрменкедей жартастардың маңайы.
Жайған құрттай жатыр құмда кісілер,
Құбылмалы-ау көніл мен күн райы!

СҮЙГЕН ЖАРДЫҢ СУРЕТИНЕ

Іліп едім суретінді басыма,
Болдың келіп қалғандай-ақ қасыма;
Ақ жүзіңен аймалатып, еркелеп,
Тұрғандайсың иығыма асыла.

Білегінді орай салып мойынға,
Енді бірде кіргендейсің қойынға;
Есім кетіп, мен жатырмын біле алмай,
«Шын ба, – деп – бұл, әлде қиял, ойым ба?»

ТАҢ АТАРДА...

Жұлдыздар сөніп бітіп, Ай да кетті,
Япырмау, соның бері қайда кетті?

Жай кетпей, құшағымнан қызды ап кетті,
Тұла бой жанып тұрған мұздап кетті.

1957 ж.

* * *

Қыскы жол. Қарауытқан төнірегі.
Күміс зер мұнша қайдан төгіледі?

Ағаштар әсем тартып толықсыған,
Бұталар бұйра болып көрінеді.

ЖҰЛДЫЗДАР МЕН ҰЛ-ҚЫЗДАР

Жылт-жылт етіп аспанда,
Жымындаиды жұлдыздар;
Сүйгендерін тосқанда,
Жымындаиды ұл-қыздар.

Жымындаиды ертең де,
Жоғалмайды жұлдыздар,
Сүйген, сенген ертеңге,
Жолығады ұл-қыздар.

АҚ КҮМБЕЗ

Сары арқа, сайран тау, кім білмейді,
Ақ күмбез, Ақмола күмбірлейді.
Көсегем көгерсін, деп, осында,
Ертеңін ойлаған ел – осында.

Арулар Арқаны төркіндейді,
Арқаға келген жан өкінбейді.
Даланың жүрегі – дәл осында,
Қазақтың шырқалсын әні осында.

Мандай тер жайдан жай төгілмейді,
Ақмола гүлдейді, дәуірлейді.
Елімнің сәулеті, сәні осында,
Арманым, үмітім, бәрі осында.

«Томпаңдап жұмсағанда жүгіретін,
Тіл алғыш, титтейінен жұрт білетін», –
Үлкендер осылай деп отыр сипап
Ермектің газеттегі сүгіретін.

Жасынан Сарыадырда бұзау бақты,
Жатсырап көрген емес тұз, аулақты.
Әкесі ерте қайтқан есінде жоқ,
Ақсары анасынан жүзі аумапты.

Әуелде құнқөрістің қамы болды,
Алдында алашұбар малы болды.
Біртіндеп, басшылардың байқағаны:
Дәл мұның баққанының бәрі қонды.

Алты ай жаз Ақөгіздің томарында,
Алты ай қыс қарағайдың орамында.
Балаша мәпелеген малы емес пе,
Қасқып қара нөсер, боранына.

Ермектің малы қалай семірмесін,
Бейілі мүлде соған берілгесін.
Күләнда шай ішуге шақырғанда
Жүргені: «Айғабақ, – деп, – жемін жесін».

Салмағы жарты тонна жардай болып,
Әр малы ақтарылар қардай болып.
«Еліме ет жөнелттім, құт сыйладым», –
Деуіне бақташы еркі бардай толық.

IҢКӨР КЕЗ

Алтын емес, әрине, мыс пен жездің,
Опа бермес өткінші, женіл сезім.
Ең бақытты құндерім екен менің,
Сенен көзін алмайтын іңкәр кезім.

Сені сол бір қақпаннан
Босатамын мен ұдай.

Қызыл тұлкі екенсің,
Бұлаң қағып кетесің.
Құтқарам деп құр қалған
Мені күлкі етесің.

Сенің нәзік білегің,
Майыспауын тіледім.
Қолдан шығып кеткеннің,
Қайрылмасын білемін.

Босатам деп айрылып,
Көнілім жасып, майрылып,
Ұйқым қашып жүр менің,
Тұс көруден қаймығып...



Жұлдыз боп бір жігітке бара жатыр,
Армандай аңсары ғой жетелеген.

Тілегі екі жастың болсын, барсын,
Жүргегі бірге соққан, бағы жансын.
Бозбала, бойжеткеннің бақыты үшін
Шаттықтың шарабынан бәрі де алсын.

ҚАРТ ҚАЛАМГЕРЛЕРГЕ

Сезуші ек: Мұқаң менен Әлекенің,
Бір тойы аңсап күткен бар екенін.
Үміттің аспанында ай туғандай,
Аттады босағаны жаңа келін.

Кел, шырақ, үлкен үйдің келіні бол,
Сүйкімді, елең қаққан елігі бол.
Әлібек: «Алтын таптым» деп отыр ғой,
Келешек алтын дәнді егіні бол.

Бал айы махаббаттың тәтті болсын,
Бар айы жұбайлыштың сәтті болсын.
Жалғасы жарқын тойдың үзілместен,
Төріне жас отаудың шаттық қонсын.

Қос көніл бір-біріне ұйып тұрсын,
Дос көніл бәрінен де биік тұрсын.
Жас отау жайнай берсін күннен күнге,
Шаттықтың шарабынан құйып тұрсын.

Шақырып думанына Мейірманов,
Бір мезгіл ішкен де жөн мейір қанып.
Алайық қуаныштың құрметіне,
Болмасын отырғандар кейін қалып.

Қайырмасы:

Кол жетпес текше тасыңа,
Көз жетпес ұшар басыңа.
Армандаій биік Оқжетпес,
Кеуденді тосқан жасынға.

Тау бөктерлеп шөліркеген қарағай,
Келге келіп төнуші еді жағалай.
Орманыңды селдіретпе, ағайын,
Асылыңды бағалай біл, бағалай!

Қайырмасы.

* * *

Бектүр менен Канал деп,
Кашан келіп қалар деп.
Жаутаң қағып жатқанда
Босқа көзім талар тек.

«Жұмыс, жұмыс» деп жүріп,
Босамайды-ау ер жігіт.
Өзі және көктем бол,
Жол бұзылса, жер жібіп.

Мұнар шалса өнірді,
Мұн шалғандай көңілді...
Жоқ, жоқ, әне достарың
Төбелері көрінді.

Жаңғырғандай тау іші,
Кандай ыстық қауышу.
Өлең етіп ол сәтті
Мүмкін емес тауысу!

Ескіріпті көйлегін,
«Еркетайым, сен менің,
Жаңасын алсан» деп едім;
Жайран қағып нұр жүзін,
Еркеледің күн ұзын,
Қызық қой әйелдер дегенін,
Себебін білмедім, білмедім.

ҚАСКӨЙЛЕРГЕ ҚАРСЫ ЖЫР

Оның ролі

Деймісің: сол Рейган ойлап отыр,
Көрінеу қоқан-лоқы ойнап отыр.
Болғасын іште мерез, баста желік,
Аузынан шықкан сезі қотыр-қотыр.

Сойқанға – сойыл

Қаруға қанағатсыз, жойыт ерен,
Сойқанның көксегені – СОИ деген...
Көкесін танытса фой, қанжауғырдың
Кәдімгі қасқыр соққан сойылменен.

Бұзыққа – бұғау

Желікпесін ядролық маньяк,
Желікпеде болмақ емес ар-ұят.
Бұғау салып, кісендетіп қоймаса,
Есіріктің етек-жені далият.

Зенгір көк түпсіз терен, жіберсең ой,
Кұс жолы, күміс тозаң, шексіз, ойхой!
Аспанда жұлдызы самсал тұрганымен,
Жер ғана тіршіліктің мекені ғой.

Тіршілік титтей болып жаратылып,
Жетілген жер жүзіне таратылып.
Ерсі сөз: «адамға, Жер, табын» деген,
Асылық, шектен шықкан дарақылық.

ШІДЕРТІДЕ ЖҮР ҒОЙ ОЛ

Бұлттар, бұлттар, қайда кетіп баrasын,
Қайда барып, қайдан тұрақ табасың?
Ей, қоныр бұлт, Шідертіге соға кет,
Шідерлі жан саған бір сәт қарасын.

Көрсін бұлттың қонырайып жүргенін,
Білсін жүрттың неге қабақ түйгенін.
Елдегілер не дейтінін айт Оған,
Ол әзірге шырмауында түрменің.

Ең әуелі – елдің мұңын, зарын айт,
Ел ішінде күйзелістің барын айт.
Ер жігіттен еш нәрсені жасырма,
Естіп-біліп, көргеніңің бәрін айт!

«Елдің көбі күн көріп жүр әрен» де,
Мұны жүрттың көз жасымен дәлелде.
Шындық үшін Шідертіде жүр ғой Ол,
Сол жігітке үш қайтара сәлем де!!!

ӘР НӘРСЕНИҢ ҚАДІРІ

Сен, әрине, шахмат ойнай білесін,
Білсөң, айтшы, неден бастап жүресін?
Шахмат ойнай білетінің шын болса,
Ең әуелім, дұрыстап жүр, жүргесін.

Ақпен ойнап, кезекті сен алсан да,
Қара таспен кезек күтіп қалсан да;
Маған бірден қол созасың, бауырым,
Мен әзірмін шабуылға қашанда.

Мен пешкамын, менен бастап жүресін,
Неге ендеше «пешка» десе, күлесің?
Мен болмасам, королің де жалаңаш,
Мен жүрмесем, піл жүрмейді, білесің.

Мен – жауынгер, мені бірден жүресін,
Мен бастаймын ақыл-ойдың қүресін.
Сенің ғажап женісіңе түбінде
Аз болмайды менің қосар үлесім.

Ә дегеннен алға басып, бек жүрем,
Белдесуге шықпай, қалай тек жүрем.
«Қарсы жақтың король тұрған төріне
Қайтсе де бір жетпей қойман!» деп жүрем.

Ең алғашқы екі аттауға не жетсін,
Алғашында – адудының, өжетсің!
Әттен, мені жібермейтін еркіме,
Ойын заңы неменеге қажетсің?!

Мен баяулап, мен бөгелдім, тежеліп,
Жүрер жолдың қыындығын сезелік.
Қарсы алдымда қарсыласым тұр менің,
Текетірес бола қалдық безеріп.

Аттар анау, орағытып жүргені,
Айқыш-ұйқыш жүгіреді пілдері.
Шаршы бойлап, тіке жүрмек мен ғана,
Ұмтылумен тек ілгері, ілгері.

Оңнан, солдан төнгендермен сыйыспай,
Қайшыласып тұрам өткір қылыштай.
Ұстасқанмен ұстасуға даярмын,
Шегінуге, жалтаруға тырыспай.

Мен, әрине, бостан босқа ерсінбен,
Бейнетқорымын телпегіме тер сіңген.
Әр бейнеттің бір зейнеті болардай,
Әр пешканың үміті бар ферзіден.

Кейде жолым кедергіден ашылып,
Алға қадам басарым бар асығып.
Алты қырдан асқан кезді айтсаңшы,
Қарсыластың зәре-құтын қашырып,

Жеті белге жетуім мұң сабылып,
Жан-жағымнан қоя берер жабылып.
Шын биікке шығармауға келгенде,
Көрген емес есептен жұрт жаңылып.

Бүкіл соққы сонда маған төнеді,
Ұра берсе, құдайың да өледі.
Жастығымды ала кетем әйтеуір
Әлсіретіп король тұрган төбені.

«Өз еркімен құрбандыққа барған» де,
Мейлі мені: «ферзі шықпай қалған» де.
Кәдуілгі пешка болып тұрып-ақ,
Қарсы жақты қалтыратсан, арман не!

Мүмкін менің бұл сөзіме күлерсің,
Мүмкін тыңдал, құлағыңа ілерсің.

САЙРАН АҒА

Перзенті Көктеректің – Сайран аға,
Қанатын Алматыда жайған аға.
Алпыстың бесеуінде жүре бермей,
Жетпіске келіп қалдың қайдан, аға?!

Өмірдің жеңіл емес, ауырын-ай,
Ауырга төзе білген жауырының-ай!
Өзіңіз – Солтүстіктің азаматы,
Жұзіңіз – онтүстіктің қауыныңдай.

Талай сөз тойыңызда айтылмақшы,
Мақтауға, шама келсе, шыдап бақшы.
Осылай ойнап-күліп, еркелейтін,
Жетпіске келгеніңіз қандай жақсы!

ӘЛІМЖАН АХМАДИНГЕ

Иығыңа жұлдыз қонған қазағым,
Он бесінде толған айдай ажарың.
Жүрген жерің – күнде жиын, жәрменеке,
Әсте сенің тарқамайды базарың.

Екі гүлің – Салтанатың, Әлияң,
Есіл-Нұра, сарқылмайтын дарияң.
Көгершіндегі әлпештейсің Сараны,
Саған қымбат, саған ыстық жанұян.

Еркелейміз, еркелетіп қойған соң,
Тойларыңа көніліміз толған соң.
Саған қоса Сараны да сүйеміз,
Генералдың бәйбішесі болған соң.

Тойдың сәні – күміс күлкі, әсем ән,
Ақын айтқан асыл сөздің бәрі заң.

Жағасында Есілдің жарқырай бер,
Жасаңғырап, жаңғырып, Қызылжарым!

МӨЛДІР ӘУЕН

Сыңғырап жетеді әуен құлағыма,
Жайлаудың сылдыраған бұлағы ма?
Әлдилеп тал бесікте тербеткендей,
Алады жанға жайлы құндағына.

Ескендей сәске түстің сал самалы,
Ырғалып иілгендей гүл сабағы.
Осы бір мөлдір әннен біздің елдің
Байқалар еркіндікті аңсағаны.

Әкемдей ешкім мұны айта алмайды,
Тыңдасан, шерің тарқар қай-қайдағы.
Әуені жан сарайын желпіп тұрған
Қазағым думандатып той-тойлады.

ЖАЛҒЫЗ ҚАЙЫҢ

Жалғыз қайың жәудіреп,
Мұңайып тұр аулақта;
«Жаның неге жабырқау»
Дей алмадым біракта.

Мұңайғанда, ақ қайың,
Айтшы, нені сезесің?
Тіршілікте әрдайым
Не көрсен де төзесің, төзесің!..

Білімнің қайнарынан,
Сузындаپ жұрсің бе, еркем?

Әлде сен қоңыр кеште
Бір нәзік мұнға баттын.
Азабы түседі еске
Алғашқы маҳаббаттың.

Бейнесі – көз алдында,
Жан құрбың есі-дертін.
Сауықтан оралдың ба,
Бозтайлақ студентім?!

ҚЫС

Ақша қар – қыста жауған аспаннан нұр,
Аппақ ұл – күні кеше басталған жыл.
Тынымсыз сағат санап, күнге қарап,
Өседі жылдамырақ басқадан бұл.

Есейген сағат сайын тәулік батыр,
Күн көзін дөңгелентіп келе жатыр.
Әркімді ақ сәулеге бөлегендей,
Әркімге өмір өзі береді ақыл.

Әр тәулік өз үлесін тауысады,
Дүйсенбі сейсенбіге ауысады.
Сәрсенбі сәтін беріп жолаушыға,
Бейсенбі қауырт іспен қауышады.

Көбейіп жұма күнгі жиналыстар,
Сенбіде сексен түрлі қиналыс бар.
Кешіне жексенбінің жетсек, шіркін, –
Оңаша ойлануға жаным құштар.

Қайнар бұлақ, жалықпа,
Көл суалып қалмасын...
...Өзің, баурым, бағытта
Әміріңнің арнасын!

ШАБЫТ КЕЛСЕ...

Нәр жинаған арадай әзір аулақ,
Болса да бір шабыттың жоқ кезінің;
«Жыр жаз» деген тілегің азын-аулақ
Тұтатқандай жанымның от-сезімін.

Сынай қарап және де назданғанын,
Жібергендей жел үрлеп, май тамызып.
Байқармысың лап етіп маздағанын,
Күлгін тартып қалған шоқ қайта қызып.

Сол шіркіннен басталған от алаулап,
Шалқып, шарпып өзінді кетпес пе еken;
Аялдашы, паң құрбым, азын-аулақ,
Салып ұрып шабыт та жетпес пе еken?!

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ АҚ ҚЫЗЫ

Шалқып ұшқан Есілден шағаладай,
Қызылжардың ақ қызы – Кәмәл апай.
Жүзін көріп борықтай бойжеткеннін,
Аузын ашып, бақжып қалған ағай.

Елең қағып ақ қайың арасында,
Ұқсайтұғын еліктің баласына.
Таза сұлу таңырқап тұрса керек
Сол жігіттің көз алмай қарасына.

БІР ҒАЖАП ӘН

Дауысын жазып алған ұнтаспаға,
Әншіні тыңдап отыр бір жас бала.
Мені де баурай білген сол бір әуен
Ұқсайды екеуара сырласқанға.

Әншінің айтқан назын құрбыларға,
Жас көніл қапелімде ұғынар ма?
Сөздерін түгелімен білмесе де,
Бұл әуен түсінікті мұнды барға.

Айнала бозғыл тұман айығар ма,
Аңсаған арманға бір жолығарда.
Тірлікте не көрсөн де, көре бермей,
Әмірден торығудың жөні бар ма?

Жазылған ұнтаспаға бір ғажап ән,
Әуелеп, құйқылжыған, тамылжыған.
Бұл әнді – ол да тыңдап отыр ма екен,
Мен үшін сүйкімді жан, сүйікті жан.

ШАТТЫҚ ӘЗІЛ

«Әсем» дейтін алпыс қанат үйге еніп,
Елдің көңілі көркейіп тұр күйленіп.
Ақ түйенің жарылған сэт қарыны –
Темекенің тентек ұлы үйленіп.

Тосқан шақта дастарқанын жайып той,
Ашық-жарқын жайғаспауым – айып қой.
Емін-еркін, ас та тектің кезінде
Тойыңқырап алуға да лайық қой.

Алдындағы алтын зерең шайқалып,
Куанышым қалды білем байқалып.

«Екі жастың бағы ашылсын, деймін мен,
Құшағына алсын бақыт айқарып!»

Қос жүректе көктей қалған сезім гүл
Қауыз ашып, қауышатын кезі бұл.
Ішпей-жемей масайраған жас жұбай,
Ендігісін айтқызыбай-ақ өзің біл.

Кол ұстасқан киік жігіт, елік қыз,
Екеуінің қызығына келіппіз.
«Жас отаудың босағасы берік боп,
Шаңырағы биік болсын!» дедік біз.

«Тоғыз айдан он құн асты» дегенде...
Тоғыз айға жетпей әлде келем бе? –
Болашақ бір нәрестенің інгесін
Сонда тағы қоссам деймін өлеңге!

* * *

Төсінде сар даланың салған жорық,
Егінін ер диқандар алған орып.
Танаптың басында тұр қасын керіп.
Маңдайдың әжімдері шаңға толып.

Егінжай қалған кезде тақырланып,
«Аңыз» деп атапты ғой ақын халық.
Аңыздан асып түсті алтын орақ,
Шындықты айтар болсақ батылданып.

* * *

Күні кеше біздер де жас болғанбыз,
Айдын көлге қос аққудай қонғанбыз.

Жарты ғасыр жұбай болып жұптасқан,
Енді бүгін желкілдеген орманбыз.

Жарты ғасыр жарасымды бойымыз,
Елу жылдан егіз біздің ойымыз.
Ағайынға жар саламыз, көліндер,
Өмір жарқын, бүгін – алтын тойымыз!

ҚҰРДАСТАРҒА

Дегенде Бекжан-Күләш, Бекжан-Күләш,
Сендерге айтар тілек құлаш-құлаш!
Бекжаның бірдене деп қыңқылдаса,
Әр жағын ыңғайлай бер, өзің Күләш.

Болғанда досың – ақын, өзің – Бекжан,
Қонғандай көніліңе сөзім, Бекжан.
Күләшқа, шама келсе, қонжия бер,
Алпыста бір шалқитын кезің, Бекжан.

Шақырсан, Бекжан-Күләш, есігінді аш,
Жатпандар кешегідей тыр жалаңаш.
«Өй, кетші!» десен де еркің, күлсен де еркің,
Кәртаймай, болайықшы әлі де жас.

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

Әдетте Жылқыдан соң Қой келеді,
Қойдан соң мешін келіп қол береді;
Болғанда жылым – мешін, күнім нешік,
Көнілге неше түрлі ой келеді.

Әуелде «Мешін» деп жыл неге атанды,
Білмесен, білгің келіп, сұрау заңды.

«Мешін» деп біздің қазақ айтады екен,
Жаңылып, теріс жолға түскен жанды.

Кісіні мың құбылып, бұлғактаған,
Қазақтар маймыл көріп, ұнатпаған;
Кіргізіп он екі жыл санатына,
Мешін деп оның атын жұмбақтаған.

Тынымсыз көшіп жүрген арғы бабам,
Білімсіз көрінбейді әсте маған.
Кісінің есебіне алмаса да,
Мешінді жыл санаудан тастамаған.

Сондықтан, қайта оралып келді Мешін,
Несі бар, мезгілінде келсе, келсін;
Бұл қунде заман өзге, зан да басқа,
Келген Жыл төрге шығып, еркіндесін.

Зан болмас, жал-құйрығы күзелмейтін,
Жан болмас, жаңылса да, түзелмейтін;
Жана жыл, жана жолға баста бізді,
Ел-жұртым жадап-жүдеп, күзелмейтін.

ЫНТЫМАҚ

Белгісі дос құндердің бірге болған –
Көп сурет көз алдымда, Зейнеш-Қорған.
Біздерді көкшіл таулар таныс етіп,
Жіберді жақын қылып жасыл орман.

Самалдан сәске менен түс арасы,
Болғанбыз нұрлы шуақ нысанасы.
Мәз едік әзіл-қалжың үшқынына,
Жоқ еді бойда шарап қушаласы.

Толқынға егіз ескек қағыстырып,
Ескекті есе алмауды намыс қылдық.
Тұмсығын түйістіріп қос қайықтың,
Көк айдын қойды тағы табыстырып.

Тербеліп майда толқын ыргагымен,
Ішімнен ынтымақты жырладым мен...
Қараймын сол құндердің белгісіне,
Көңілдің үзбей жанған шырағымен.

ТОЙФА ТАРТУ

Асыл туған нағашым, атың – Берік,
Қырыққа келіп қалыпсың, қырыққа келіп.
Мерейтойың, мерекен құтты болсын,
Жайран қағып жүре бер, аттай желіп.

Сен шыққанда қырық жастың қырқасына,
Менің жырым ұқсайды бұрқасынға.
Жиен женғең Қазина әзіл айтып,
«Жиырма бесті» Мейрамгүл шырқасын да.

Елуге де келерсің емін-еркін,
Жарқырасын жанында Меруертін.
Қос қанатың – Ержаның, Бауыржаның,
Бірге жүріп, бірге ойнап, бірге желпін.

Екі қырық жас болады сексен, дейміз,
Аман-есен сексенге жетсен, дейміз!
Сен ол кезде кімдермен қыдырсаң да,
«Қайда барып келдің?» деп тексермейміз.

Асыл туған нағашым, атың – Берік,
Думандатып жатырсың қырыққа келіп.
Сенің мерей, бақытың, бағың үшін
Шолпан тәтең ішеді түрегеліп!

ЖАРҚЫРАЙ БЕР, ШОЛПАНЫМ!

Жасында гүл-гүл, Мәрияш едің,
Жаңа жол еді ауылың сенің.
Есілдің құба талындаған бойшан,
Жайқалып өскен, жайдарлым менің.

Арқаның қызы, Арапға келін,
Жарқырай берші, Шолпаным, дедім.

Ауылдан ұшып, Алматы келдің,
Арманға жетіп, жемісін тердің.
Жанында – жарың, ашылып бағың,
Байлықтың, міне, қызығын көрдің.

Арқаның қызы, Арапға келін,
Жарқырай берші, Шолпаным, менің.

Ағайын-туған, сағынған елің,
Думандап жатыр керемет-керім.
Биікке самғап барады қөңіл,
Ұлың мен қызың – қанатың сенің.

Арқаның қызы, Арапға келін,
Жарқырай берші, Шолпаным, менің.

Айнала сені қоршаған ортаң,
Өңкей бір жайсаң, шорагай-шортан.
Өмірде дәйім осылай тойла,
Екеуің бірге, Ондасын-Шолпан!

СЕНБЕУІНДІ ҚОЙ, ЕРКЕМ!

Ләйлім менің, деп едім,
Неге, сәулем, сенбедің;
Емін-еркін келмедің,
Мен де саған сенбедім.

Еркем менің, деп едім,
Неге маған сенбедің;
Еркелейін деп едім,
Еркелей бер, демедің,

Сен де маған сенбедің,
Мен де саған сенбедім,
Сөйткеніміз жөн бе екен,
Сенбеуінді қой, еркем,
еý, көкем!

ЖАДЫРАУ

Көктем келді, құды жерден мұз-қарды,
Өктем келді өгей етіп ызғарды.
Көктем келді жігіттерді жымитып
Толғандырып толған айдай қыздарды.

Шопан аға шолақ киім киінген,
Ақсақал тұр ажарына сүйінген.
Қос қабаттап шүйкесі мен шуақты
Ұлы шешем ұршығымен иірген.

Бала біткен доппен бірге домалап,
Таң атқаннан күн батқанша жоғалат.
Дала қандай жаңбырдан соң жаңғырған!
Сыртқа шықпас сырқаттарға обал-ақ.

Күн кунақы. Бұлт жұқалтан, қазбауыр,
Жер кебірсіп, сезінбейсің сазды ауыр.
Адам тонын, дала тонын сыптырып,
Кұрыстаған бойын қайта жазды ауыл.

Көптен күткен көктем жүртқа ұнап тұр.
Көңілі өсіп, көтерілді қырат-қыр.
Атасының белін басар баладай
Дөңгө шығып бара жатыр трактор.

* * *

Жарқын жаздың өткені –
Салқын күздің жеткені.

Қорғасын бұлт тұнжырап,
Тоңғасын ба, тұр жылап.

Сұрғылт, сұық күйге енген,
Айдын көлін үйренген;

Үйректер жүр қия алмай,
Ұшар құнін қиялдай.

НАЗ

Жаздағыдай жазғырмаган,
Қыстағыдай ызғырмаган
күздің күні құр әсем –
мына сен.

Аңызғақпен күйіп-жанбай,
Аяз сорып, үсік шалмай
бүркеулі тас қынамен –
мына мен.

ӨМІРІМНІҢ КӨКТЕМІ

Бір қызық той өтіп жатыр аулында,
Ақ тілегін айтып жатыр баурың да.
Мен қуанып ән шырқаймын, аяулым,
Сен көркейіп отырған соң жанымда.

Өмірімнің көктемі де, жазы да,
Өзің, сәулем, асыл еркем, Қазина.

Бір өзіме біткен дәулет, қазына,
Бейілінде жаным ырза, Қазина.
Маған қымбат сенің ыстық құшағын,
Маған қымбат сенің өкпе, назың да.

Өмірімнің көктемі де, жазы да,
Өзің, сәулем, асыл еркем, Қазина.

Сен осылай көркеюден жаңылма,
Бөле мені жалыныңа тағы да.
Дүниенің бар қызығы – бір өзің,
Байлышым да, бақтыым да, бағым да.

Өмірімнің көктемі де, жазы да,
Өзің, сәулем, асыл еркем, Қазина.

ТОЙ КҮНГІ ҚУАНЫШ

Әркімнің жүрген бір армандал,
Асылы, ардағы болады.
Арманға жолығып қалғанда,
Жүрегің жиірек соғады.

Той күнгі қуаныш әуені –
Тамылжып тұрған бір ән болсын.

Құрбыңмен танысып әуелі,
Билесен, биінде мән болсын.

Мындардың ішінде бір кісі
Көнілінді өзіне бұрады.
Құлақтан кетпейді күлкісі,
Күмістей сыңғырлап тұрады.

Акку-қаз айдынға құмартып,
Жұптасып жүзгені сән болсын.
Билендер буынды бұралтып,
Көргендер сүйсініп, таң болсын.

Уақыт зымырап өткесін,
Той-думан тарқауы Заңды ғой.
Кеуден де талпынған пәк сезім
Балапан күйінде қалды ғой.

Құрбыңнан көз жазып найқалма,
Бақытқа қол созып, бар, досым.
Жан сырын жеткізіп айтарға,
Арада дәнекер ән болсын.

СЕНСІҢ – ӘНІМ

Мен өзіңе жетсе, деп ем, өлеңім – әнім,
Сен өзіңмен биле, десен, көнемін, жаным.
Ең әуелі тыңда мені, жайдарлана,
Көнілімде, көкейімде, сүйіктім, сен ғана.

Өзің менің – өмірімнің сәні,
Өзің менің – тірлігімнің мәні.
Өзің менің – өнерімнің нәрі,
Бәрі – сенсің, бәрі бәрі!

Мен өзінен айналдым, жайдарлым,
Бір өзінен аумайды бұл әнім.
Жүргегімде жалын – әнім, сезіндің бе, жаным?!

Нұр жүзіне інкөр жанның кеудесі – жалын,
Сен дегенде – көңлім барын, білесің жаным.
Бұл дүниенің көп қызығын екеуара
Көрейік те, төрлейік те көркейіп тек қана!

Өзің менің – өмірімнің сәні,
Өзің менің – тірлігімнің мәні.
Өзің менің – өнерімнің нәрі,
Бәрі – сенсің, бәрі бәрі!

Мен өзінен айналдым, жайдарлым,
Бір өзінен аумайды бұл әнім
Жүргегімде жалын-әнім, сезіндің бе жаным?!

ТОРҚАЛЫ ТОЙ – 90 ЖАС!

Өзге тойдан бұл тойдың орны басқа,
Күлбағила шешеміз – 90 жаста!
Мейрамхана «Алмасқа» жетіп келдік,
Апам үшін қалайша қуанбасқа!

Аяулы жан, ақ жарқын әуел бастан,
Көктерекке келін боп, бауыр басқан.
Туған ауыл, туған жер, туған елді
Ардақ тұтып келеді айнымастан.

Ақ торғыннан – әдемі орамалы,
Әй-әй деуге апамды болады әлі.
Қуанғаннан қыздары құрақ ұшып,
Жүгіреді немере балалары.

Бәрімізді шақырып Күләш-Мәмет,
Той тойладық «Алмаста» біз керемет.
Тоқсан жасы тойланған Апамызға
Жұз мың сыйлық, жұз мың гүл, жұз мың
Күрмет!!

2000 ж.

* * *

Жаңбырдың тамшылары,
Шертіп түр терезені.
Шертеді әлсін-әлі,
Көңілім елеңдеді,
елендерді.

Сезіне қалдым дағы,
«Сен бе екен?» деп ойладым.
Есіме алдым дағы,
Өзінді көп ойладым,
көп ойладым.

АҚ БОРАН

Арқаның алай-дүлей ақ бораны,
Күні-түн тыным білмей көп борады;
«Дүние ақ түтек боп, алас ұрып,
Жынданған шығар» десек, дәп болады.

Мақтап ем, әппақ теңіз айдаланы,
Ақ қармен толтырды-ай кеп сай-саланы;
Молшылық болар ма осы жылым,
Адамға қанағатшыл ой салады.

Үскірік үсті-басы сықырлаған,
Солай боп көрінеді, мүмкін, маған;
Арқаның ақ бораны берекелі,
Болардай арқа-жарқа бұқіл далам!

ҚҰРМАНҒАЗЫ

Өріліп өршіл рух, мұңды назы,
Төгіліп кететұғын күмбір сазы;
Шертердей жүргегімнің жүз бір тілін,
«Серпердей» күй тудырған Құрманғазы!

Дегенде «Қайран шешем», «Қайран шешем»;
Қайғырып, қайралып та жігерленсен;
Күмбірлет, дубірлетіп дүниені,
Не болмақ ықынуға ырық берсең?..

Сен едің ақырында «Тұрмаден қашқан»;
Тұбінде «Қызыл қайын», «Кісен ашқан»;
Тәуелсіз еркіндікке не жетеді,
Көк теңіз толқын атып «Көбік шашқан»!

ӘЛІ ТОСЫП ТҰРМЫН СЕҢІ

Сағынышым кеудемдегі
Саумал көлден емес, сәулем, кел,
Әлі тосып тұрмын Сені,
Көнілімде жөңкіледі сен.

Жүзімді желге тостым, келмедің,
Өзінді әнге қостым, келмедің;
Әлденеден бөгелдің бе,
Әлде маған өкпеледің бе?

Ауылыңың іргесінде –
Айдын шалқар, Ай сәулесі мол,
Көлді айналып жүрмесін деп,
Саған бола төсөлгендей жол.

Жолыңдан көз алмадым мен, еркем,
Тосуға да тәзе алмадым, кел, еркем.
Саған жайған құшағым, кең,
Неге, сәулем, бөгелесің, сен?

Сүйген жүрек тұңілмейді,
Жан дүнием жанартаяға тен;
Жұлдыз біткен күлімдейді,
Сені тосып мұңайғанда мен.

Төзімнің, білсең етті, сарқынын,
Кешікпей келсең етті, жарқыным!
Жаңғырып әніме тау,
Бақытты жан болар едім-ау!!

АҢСАУ

Арғы жағы, Есілдің бергі жағы,
Екі жағы – екеуміз, дейміз дағы;
Танғысын да кешкісін ескен самал,
Екі жақтың бір бірін аңсағаны.

Екі жақта екеуміз жүрміз әлі,
Өзің айтшы, осыған кім кінәлі?
Саған да наз секілді маған да наз –
Толқып жатыр Есілдің толқындары.

ШЫРАЙЛЫ ШЫМКЕНТИМ

Әуелден қара көз кентім өзің,
Шымкент деп шырқайтын келді кезім.
Жүректі тербеген бұл бір әуен,
Кеудемді кернеген інкәр сезім.

Арайлым, шырайлым, деймін сені,
Біздерге бейлің мол өйткені.
Мен жүрмін өзінді әнге қосып,
Әдемі сәнінді көбейткелі.

Өмірің күнде той, күнде думан,
Жұлдыздар аз емес сенде туған.
Биіктен көрінгім келер менің,
Өнердің жолында жаным құрбан.

Әулетім, Шымкентім, Елім үшін,
Өнерім, жүргім, жігер-құшім.
Еліме жөнім бар еркелейтін,
Қол соғып қойындар соның үшін,
соның үшін!!

ҚЫСҚЫ АХУАЛ

Жүрдек әке

Жегіліп құйттай шанаға,
Құйғытып таңнан шабамыз.
Жеңілтектік санама,
Бақшаға кетіп барамыз.

Жұмыстан үйге орала,
Кешке де бәйек қағамыз.
Жүгірмеске бола ма,
Шу-шу десе баламыз.

Тұмылдырық

Бұл күндері бар дүкеннен
Көретінің бір ғажап:
Аузы-басын ақ дәкемен
Тұрған қыздар тұмшалап.

Тұмаудан да ада болып,
Тұмшалауды еркін тартармыз.
Тұмылдырық мода – болып,
Қалама деп қорқамыз.

Тік тізе

Біздің ауыл клубы
Ашық тұрған албардай.
Кімнің болса тұлыбы,
Соған арнап салғандай.

Қызықтырып киномыз
Әлдекашан біткенмен,
Жинай алмай отырмыз
Тіземізді тіктенген.

АРАЙЛЫ ТАН

Арайлы таң, нұрлы күн,
Өлеңдетпей, кім шыдар,
Ерте оянып мен бүгін,
Желпінуім жөн шығар.

Ерте тұрған жігіттің
Үйрісі артық өйткені,
Оңай-емес, сүйіктім,
Мынау кезең өтпелі.

Кедергіге келгенде,
Бөгелмestей екпінім:
«Не тілейсін?» дегенде,
«Сұт әкелші» деп күлдің.

Мен оянып едім-ау,
Бір әдемі ойменен;
«Сұт әкелсең, – дедің-ай, –
Құймақ құйып, шай берем».

Құр бекерге сөйлесең,
Келмес еді жобаға,
«Құймақ» десен, «шай» десен,
Жұғірмеске бола ма?

«Жұмсадың ғой» демейін,
Ол да қызық ақынға.
Сұт әкеліп берейін,
Мен келгенше – эн тыңда»

Арайлы таң, нұрлы Күн,
Бүтін – сенің мерекен!
Өтінішің – бұйрығың,
Тұсінбейтін мен бе екем?

Арайлы тан, нұрлы Күн,
Армандал ек аңсаумен;
Күндегіден сен бүтін
Көркейгенің жөн, сәулем.

Наурыз – думан таңында.
Шырт ұйқыда оянып,
Шарайнаның алдында
Отырсың ба боянып?

Аялаған кезінде
Сылап-сипап бетінде,

Шарайнаның өзі де
Саған ғашық секілді.

Жұзіндегі әжімің
Азайсын деп тезірек,
Гүл сыйлауға әзірмің,
Өзінше бір мезірет.

Құрмет-сыйын қолдағы,
Азырқан ба, сынама,
Ұнаса тек, болғаны,
Бағасын сен сұрама.

Қынама бел, қысқа жен,
Көк көйлегің әдемі,
Білегімнен ұстап ең,
Көңіл байғұс дәмелі.

Бұдан артық не дейін,
Айттың, деме, тек қашан;
Ол да сенің мерейің,
Ел көзінше мақтасам.

Арайлы таң, нұрлы Күн,
Бүгін – ғажап мереке,
Бәріне де құрбының
Тілеймін құт, береке!



ОРДЕНДІ ӨТЕГЕН

(Балқашин ауданы «Приозерный» совхозының
малишесі, Еңбек Қызыл Ту орденді
бақташы Өтеген Тілегеновке)

Осы жаз ойда жоқта көрдік Сізді,
Жас өнді жан екенсіз қызғылт жүзді.
Қашанғы таныстардай қарсы алғанмен,
Әуелде есту қыын үніңізді.

Тоқтатқан жоқсыз істі бастай беріп,
Еркініз сіздің, сірә, тастай берік.
Тәмәмдап, тап-түйнактай етіп бәрін,
Көптен соң қол бердіңіз саспай келіп.

Шай үсті, жайғасқан соң келдің тілге,
Шешіліп, шерптіңіз сыр енді міне...
Сүйсініп, таңырқасып біз отырдық
Терең ой, теріңіздің кеңдігіне.

Шыдаған ширек ғасыр мал бағуга,
Әл қуат әбден лайық таңдануға.
Бір ғажап мекен-жайдай сізге қора
Бөленіп тұратуғын таңда буға.

Айтқандай асыл жарға сөзіңізді,
Алмайсыз жардан шегір көзіңізді.
«Қойшы», – деп қолын сілтеп, ол күлгенде
Куантып кетті соның өзі бізді.

Жақсы әке, жайнап өскен ұл-қызы бар,
Нақ төрде «Жалыны» мен «Жүлдышы» бар.
Үй ішін мұнтаздай ғып күтіп тұрған
Күмісжан женгеміздің қымызы бал.

Өтеген – мал бағудың майталманы,
Ақынның әзірге сол айта алғаны.
Еңбектің Қызыл Туы құтты болсын,
Қашанда қажырлы еңбек бол тарланы.

1971 ж.

КӨҢІЛМІН ІҢКӘР

Әнін жазған Қадыр Адамбалинов

Өмір-ай өтіп жатсың, сусып неден,
Құм сағат бәсендер ме күндегіден?
Мұрша жоқ бұл қалай деп бұрылуға,
Біз де бір аққан жүлдыз бұл дүниеден.

Қайырмасы:

Дүние-ай, баяның жоқ, өтерің бар,
Пейілің біреуге кең, біреуге тар,
Кім білген ертең күннің не боларын,
Сонда да сол өмірге көңілім іңкәр!

Іздесен, таптырмайды-ау зәру бүйым,
Өмірдің, байқап тұрсан, бабы қыын.
Сертіңнен кеше берген бүгін тайсан,
Сенімін елдің қайта табу қыын.

Қайырмасы:

Күн мен тұн, күмәнім жоқ, алмасады,
Арманға беттеген жол дөн асады,
Көнілде – мың өкініш, біз өтерміз,
Бұл өмір бізден соң да жалғасады.

Қайырмасы.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ҚУАНЫШ!

Уай, менің Сұлтанбекім, Зұбәйрашым,
Тойыңа келдік біздер шақырғасын.
Дегенде: «Қанатымыз үйленеді»,
Қалайша біздің әйел қуанбасын?

Ол шіркін Сұлтанбектің құрдасы да,
Құрбысы Зұбәйраштың, сырласы да.
Жасында алып қашқан өзім едім,
Әзірге қашып кетпей жүр қасымда.

«Айтқанды түсінеді күйеуім» деп,
«Шашымды жеңіл ғана түйемін» деп.
Әуреге түсті сонша біздің сәнқой:
«Бұл тойға жаңа көйлек киемін» деп.

Кешікпей, мезгілінде келіп тұрмыз,
Жағалай сөйлеуге де көніп тұрмыз.
Төрінде салтанатты той-думанның
Қанат пен Әйгерімді көріп тұрмыз.

Екі жас қол ұстасып қосылғансын,
Екеу боп үйлесуден жаңылмасын.
Толтырып жас отауды қуанышка,
Сәбилер үсті-үстіне іңгәласын!

Бір тентек тартып тузын атасына,
Ақынның тілегі сол, батасы да.
Ей тәтті, ең сүйкімді немереннің
Зұбәйраш, тайып жығыл кәкәсына!

Бұл сөзге жас жұбайлар күлімдесін,
Бір-бірін: «Айым» десін, «Күнім» десін!
Қосылған екі жастың мерейі үшін
Бүгін – той, бүгін думан дүрілдесін!!

АЛМАТЫ КЕЛБЕТІ

Жүргім, жұз жыл бойы алма тыным,
Көркіне сүйсінуге Алматының.
Көңілді әуелетіп әкетеді
Аспа жол Кектөбеке баратұғын.

Көшелер кешке қарай алтын арай,
Күмбездер күмбірлейді домбырадай.
Үзіктен күннің нұрын құйылдырды,
Жүзіктен аумайтұғын Неке сарай.

Алматы – жарқын орда жастарымен,
Осында мен де мөлдір басталып ем.
Қанаты талабымның талған емес,
Өнердің жүлдзызы көп, аспаны кен.

Жап-жасыл, әсем қала бау-бағымен,
Баурайды ат шаптырым аумағымен.
Алматы көркемдіктің көрмесіндей,
Айнала қоршал қойған тауларымен.

КҮЗГІ ТАН

Аспаз құрбым сырғасы алтын,
Көзін ашып қарайды таң.
Асыл жанмен сырлас әр күн
Тамылжыған арайлы таң.

Таң сызылып сұлу қыздай,
Сергітеді суы мұздай.

Ерте оянып елден бұрын,
Су жылытып, ас қамдаған;
Бұлғандайды ерке бұрым,
Еш нәрседен жасқанбаған.

От қасында жүрген жанның,
Алаулаған жүзі жалын.

Қыздың тәтті қиялдары
Жанған отпен бірге шалқып,
Өз ойынаң ұялғаны –
Өнінде тұр нұрға балқып.

Дәмханасы қыз-қыз қайнап,
Костың басы кетті жайнап.

Костан шығып жуынған ер
Діріл қағып, гүрілдейді:
– Ыстық судан құйып жібер,
Күсі мойным, күсін мейлі!

Суы шым-шым. Қандай асыл.
Жігіт көңлі айран-асыр!

НАУРЫЗ НҰРЫ

Әнін жазған Қадыр Адамбалинов

Күн сәулесі молайып,
Шырай берді жер-көкке.
Ашық-жарқын болайық
Үйде, тұзде, мектепте.

Қайырмасы:
Наурыз, наурыз, келдің бе,
Айтқан сөзге мойын бұр.
Ақ отаудың төрінде
Мені уызға тойындыр!

Ақ қаймағын ауылдың
Қалаға сен ала бар.

Ізгі нұрын наурыздың
Көбейтейік, балалар!

Қайырмасы.

* * *

Қоңырау сағат шырылдап,
«Оян» деп безек қағады.
Ұйыған қолым шымырлап,
Қаным бір бойға тарады.

Оянар мезгіл жеткесін,
Ұйқыдан маза кетпей ме?
Бозала таңның еркесі –
Ақ сәуле ойнар беткейде.



ҒАЛЫМ АҒАЙ

Өнерге жаным құмар бала жастан,
Өленді жатқа айтушы ем жаңылмастан.
Мен сіздің атынызды естіп едім,
Кезімде бесіншіге қадам басқан.

Тауысып бітіргенше төзім қалмай,
Оқыдым қызық кітап талай-талай.
Ең алғаш «Қырым қызын» жолықтырдым,
Мен сізді көрмей тұрып, Ғалым ағай!

Даланың жазғытүрим төсінде гүл,
Сәскеде гүл тергенім есімде жур.
Мен өзінізді жолықтырдым,
Мектептің әдебиет кешінде бір.

Мейірбан жүзінізден көзімді алмай,
Бір сұрақ қойсам деуші ем сізге қалай?
Ерінбей бізді де сіз тыңдаңыңыз,
Жасы үлкен, кішіпейіл Ғалым ағай.

Шақыртып сізді тойға алдырған күн –
Қалың ел әнмен сусын қандырған күн.
Галеке, сізден алғаш естідім мен
Үкілі Ыбырайдың «Қалдырғанын».

Домбыра екі шекті, қу қарағай,
Шертеді ұл мен қызың әлі талай.
Есілдің екі бетін арапап жүр,
Артында қалған сөзің, Ғалым ағай!

АНАШЫМ

(Анам Күлсімге)

Сен барда ешнәрседен тарықпаған,
Мен едім өнер құсым шарықтаған;
Сездім ғой, ана, сенің мейріміңді,
Айналып-толғанудан жалықпаған.

Тұрмайтын қолды-аяққа балаң едім,
Пәледен сақтандырған панам едің;
«Ақсүтің ақталды ма, анашым» деп,
Көңілім әлі күнгे алаң менің.

Сөз емес атақ, мансап, айлығымыз,
Біз-сенің «ой, құлыным», ай-күніңбіз,
Алдыңда, ана, сенің тәк тұрамыз,
Өзгені жасқантса да айбынымыз.

Ұл-қызың үйлі-баран, алшақтады,
Көзіңнен кейде маржан моншақтады,
«Жаным» деп, жанымызды сен жүресің,
Әкесі он баланың болсақ тағы.

Сусынға қымыз берген, шөліркесем,
Бар ма екен күміс ожау, кәрлен кесен;
Көңілдің сені аңсаған кездерінде
Күй болып күмбірлейсің, қайран шешем!



ЕЛІМ БАР ҒАЖАЙЫП – ҚАЗАҚСТАН

Жүргегім лұпілдеп, алып ұшқан,
Көңілім толқыды қуаныштан.
Мен қалай күмбірлеп, төгілмейін,
Елім бар ғажайып – Қазақстан!

Алтын құн көз алмай, көп сырласқан,
Кең байтақ Отаным – Қазақстан.
Мен саған тілеймін ашық аспан.

Бозторғай әуелден бауыр басқан,
Кең дала – керемет әуен-дастан.
Мен қалай сайрандал, желпінбейін,
Елім бар ғажайып – Қазақстан!

Бәйгеміз жүйріктің бағын ашқан,
Жеңгеміз күмістен шашу шашқан.
Мен қалай жүйріктеі қөсілмейін,
Елім бар ғажайып – Қазақстан!

Жақсылар сөйлейді жаңылмастан,
Шарықтап, самғайды өнері асқан.
Мен қалай биіктен көрінбейін,
Елім бар ғажайып – Қазақстан!

Алтын құн көз алмай, көп сырласқан,
Кең байтақ Отаным – Қазақстан.
Мен саған тілеймін ашық аспан.

ІҢКӘР СЕЗІМ

Өлең де көп, ән де көп: «Сүйем» деген,
Сөздер де көп: «өртеніп, күйем» деген.
Мен әйтеуір: «сөйтемін» дей алмадым,
«Сүйемін» деп, өзеуреп үйренбекен.

Күндер де көп кездескен өзіңменен,
Тұндер де көп дөнбекшіп, көз ілмеген.
Бір өзіңе берілдім, ей, арманым,
Кеудемдегі керемет сезімменен.

Әуен де көп, бір сен деп үзілдірсем,
Үзілдірмей, қайтер ең, аңсап жұрсен.
Іңкәр сезім, іркілмей айтар кезім:
Мен сүйемін, сүйгенім – Сен, деймін, сен!!

Кім айтады жан сырын бірден ашып,
Саған іңкәр мен едім іштей ғашық.
Ерініңе ерінім тиер ме екен,
Тынысымыз, деміміз араласып?!

ӨЗІҢ БІЛ

Бір өзінді ойлаумен,
Ұйқым төртке бөлінді;
Мен өзіңмен тойлар ем,
Тоғыстырсақ көңілді.

Әттең, қолға түспейсін,
Көлге біткен жекен гүл;
Көз алдыннан кетпейсін,
Бекер көрген екем бір.

Қайырмасы:

Айналайын көзіңнен,
Мезгілі бар гүлдің де;
Мен айрылдым төзімнен,
Не боларын білдің бе?..
Сөз астарын ұқпайсың,
Аш бөрідей кезім бұл;
Сен есімнен шықпайсың,
Ендігісін өзің біл.

Елдің сауық кешінде
Саяқ жүрген кім дейсін;
Өңім түгіл, тусімде
Сені ойлаймын, білгейсің.

Сен іздесен, мен бармын,
Мына тұрған Торғайда,
Көз ілмеген тандардың
Бір өтеуі болмай ма?!

Қайырмасы.

СҮЙЕГІ АСЫЛ

Көршіге «кудай айдал дәс келді» деп,
Қарсы алдық құшақ жайып Қаскенде тек.
Мәсімен малдас құрып, құлімдейді:
«Жетпістің жетеуіне жас келді» деп.

Шақырды бізді бірден сусындауға,
Қызығы таныстықтың – қымсынбауда.
Астарлап айтқан сөзін, алмай көзін,
Қалжыңын шебер екен қисындауға.

– Жігіттер, болғаның жөн қымызқұмар,
Тұла бой, қымызы ішсен, қызып тұрап. –
Зерікпей зердемізге отыр құйып
Түнемел хикаясын қызықтыра.

Зайсаннан келген екен Қарғалыға,
Лектірмек жастау кемпір қармағына.
Көк костюм, қара бешпет алмастырып,
Ұқсайды баяғының шалдарына.

Дегені болсын дәйім бұл кісінің,
Қымызға қыза бөрткен дүр кісінің.

Басына баудың ішін көтергендей,
Бір өзі не тұрады құлкісінің...

Кей сөзі келе бермес жарияға,
Сүйсіндік сүйегі асыл қарияға.
«Құдағи қолыңды әкел, қолыңды» деп,
Қайықпен кете барды дарияға...

ТОЙ-ДУМАНДА

Біздің қазақ тойлауындаі тойлайды,
Бір сөзден соң бір алғызбай қоймайды.
Бір емес-ау бірнешеуін алған соң,
Бір кішкене желпінбесе, болмайды.

Той-думанның қызған кезі бұл өзі,
Ақ женгеміз, жәрменеке ғой бір өзі.
Құдашаның екі көзі менде отыр,
Екі арада көлбендеген кім өзі?

Жағдайым бар құдашаға қырындар,
Сіздер менің жай-қүйімді ұғындар...
Біраз жерге барып қалдық, шамасы,
Кеудемізде бір керемет жылу бар.

Айтқызбай-ақ білген жігіт, жігіт қой,
Көнілденсөң, дүние кең, биік қой.
Өмір өтіп бара жатыр, бауырым,
Мөлдіретіп құйсан тағы, құйып қой!

Жәй отырсан, кеш болады, күн батып,
Етке тойсан, шәй келеді бір уақыт.
Той болған соң, гүл-гүл жайнап осылай,
Ағайынмен ән шырқау да бір бақыт!

ЫСҚЫРЫҚ

Көрінсе кімнің оғаш іс-қылышы,
Құтқармас милиция құш-құрышы.
Артыңа, дәуде болсан бұрылтады
Естілген сонадайдан ысқырышы.

Кек жаға келген шақта жанға таяп,
Зәрені ұшыраңдай ала таяқ.
Көшеде жол жүрудің ережесін
Есіңе салады екен өзінді аяп.

Апарса қолын сержант шекесіне,
Көшкені айып сөздің төтесіне;
Айыпқа мойынсұнып, монтиясың –
Көкеңнің жолыққандай көкесіне.

Жайылған жүргіншіні өз бетімен
Жалықпас жұз қайтара түзетуден.
Өмірде онға басып, жүрсем түзу,
Кеудемде ар-ұяттың күзетімен!

БОЙТҰМАР

Өмір қандай өкінтуге ептеілі,
Көркің сенің көкейімнен кетпейді.
Менің саған аңсарымды айтуга
Жеті бояу, жеті дыбыс жетпейді.

Күдер үзген күндерім жоқ бекерге,
Хат-хабарың жарап жатыр лекерге.
Менің сенен өтінішім сол еді,
Ойда жоқта бөлінісіп кетерде.

Көгершіндей көп келеді хаттарың,
Хаттарыңды бойтұмардай сақтадым.
Өзінді ойлап өткеремін мен енді
Қыстың аяз, жаздың ыстық алтабын.

ТУҒАН АЙМАҚ

Әнін жазған Төлеген Мұхамеджанов

Шалғының тербеп басын жел,
Жан біткендей жасыл бел.
Куаныштан толқыған
Анашымдай асыл жер.

Дидарындай әкемнің,
Аспаны шайдай ашық ел.
Жұлдызы жайнап көгінде,
Ай шомылған көлінде.

Ақ балтырлы қайындар,
Сыбыр қағып дөңінде.
Туған аймақ тұрады,
Әрдайым көңіл төрінде.

АЙЛЫ КЕШТЕ

(әнге арналған)

Торғын көкте толықсып ай қараган,
Майда самал маңдайдан аймалаған.
Мақпал кеште, жан сәулем, тұрмын тосып,
Куанта кел, құшақты жай да маған.

Бақытымның көгінде,
Көңілімнің төрінде
Жаңа туған жұлдызымдай
Кел, сәулешім, бүгін де.

Кек құрақты тербеген көлдің лебі,
Үміт отын қозғайды кеудемдегі.

Жүрек шіркін тағатсыз тосқан сайын
Жүйрік аттай тыптырышп кермедегі.

Бақытымның көгінде,
Көңілімнің төрінде
Жымың қаққан жұлдызымдай
Күл, сәулешім, күлімде.

Айдындағы аққудай қанат жайып,
Келген сәтің, қалқатай, тым ғажайып.
Басынды қой қеудеме, кермиығым,
Арман жайлы армансыз сырласайық.

Бақытымның көгінде,
Көңілімнің төрінде
Менің жарық жұлдызымдай
Бол, сәулешім, өмірде!

ЖАСЫ ЖЕТКЕН ТЕНГЕ

– Бәріміздің тосып жүрген теңгеміз,
Сәтін берсе, жарқ етер деп сенгеміз.
Толғақ деген оңай емес, шырағым, –
Дейді біздің сөзге шебер жеңгеміз.

Желге кетпей жеңген айтқан талай сын,
Тенге тауып бердің, қайнам, жарайсың!
Жас іске інкәр кім бар дәл біздей,
Тенгем болсын, зәрулігім азайсын!

Ескі ақшадан құтылатын кезі кеп,
Тұбі осылай болатынын сезіп ек.
Өзіміздің ақшамызды жайнатып,
Алақанда ойнатындар тезірек.

Қарашада қар жауар ма мұндай көп,
Ақша қажет судай жаңа, мұздай көк.

Мезгілінде тигізіңдер қолыма,
Ағана ұқсап түн ұйқымды бұзбай тек.

Кеудемізде – бір түйіншек тобықтай,
Жүр ғой әлі жүрегіміз орнықпай.
Шытырлатып шығарыңдар ақшаны,
Ағана ұқсап көлеңкеңнен қорықпай.

«Айналымға енгіземіз» дейсіндер,
Шығарған соң қалай енгізбейсіндер?
Енгізіндер, айналтыңдар тезінен,
Басқа жол жоқ, кейін шегінбейсіндер.

«Алтын қорға кіргіземіз» дейсіндер,
Кіргізіндер, неге кіргізбейсіндер?!

Дүниеге жаңа келген теңгені,
Әуел бастан түзу жүргізгейсіндер.

Өз теңгеміз айналымға кіргесін,
Күшті болсын, бостау болып жүрмесін.
Бәрің менің үл сөзіме құлсен де,
Өздеріңе дұшпандарың құлмесін.

Өз ақшамыз айналымға енгесін,
Шаруаны дөңгелентіп ерлесін.
Ә, дегеннен ағана ұқсап ол бірақ:
«Ойбай, белім, сегізкөзім» демесін.

Тәуелсіздік танылатын кезі деп,
Теңгемізді жайнатыңдар тезірек.
Ақша болса, ағаң болса, шай болса,
Женғен өзін сондай жақсы сезінед.

Құтты болсын жаңа туған теңгеміз! –
Дейді біздің ай мен күндей женгеміз,
Өзіміздің ақшамызды ұстанып,
Шынында да, шықтық жаңа белге біз!

ЕРЕЙМЕНТАУ

Ереймен – көшкен елдей таулар легі,
Таулардың сәскедегі саумал лебі...
Баяғы жаугершілік заманында
Батырдың жауына ойран салған жері.

Қалғандай қарт тарихтан көкшіл мұнар,
Мұнартқан биіктеге жаным құмар.
Өмірдің шындарынан көз алмасан,
Бітеді бойға қуат, ойға құнар.

Айнала шөгіп жатқан шежірені
Аймалап, ақын көніл елжіреді.
Ереймен қойын ерте тоғытқандай –
Көктемде Қарасорда сен жүреді.

Басында құпиясы құндақтаулы,
Кім көрген Жуантөбе – құмдақ тауды?
Қол үзіп, қонылтақсып кетпеу үшін
Ат ізін тілейді еken құргатпауды.

Жеткізбей Желтау жақтың жоталары,
Жанары жолаушының боталады.
Самсаған бағандарды қуалаумен
Сағыныш өз-өзінен тұтанады.

Армандай Сұңқарқия шаңытқалы,
Сұңқардай ұшқыр қиял шарықтады.
Етегін Ақшоқының қоныстанған
Ауыл тұр ерте бие ағытқалы.

Қойнауын көрген сайын Ыргайлышың
Ойлауым істің бабын ұлгайды мың.
Іздесен таптырмайтын жерүйықтай –
Өзі еken шаруага ынғайлышың.

Жырласам дөңін дөңдей, тасын тастай,
Таулары Ерейменнің таусылмастай.
Бұрайын аттың басын Айғыржолға,
Кетем бе құрдастармен қауқылдаспай.

Жаңғыртып ұл мен қыздың жарқын даусын,
Шалқар тау таусылмаса таусылмасын.
Жалғайтын кешегі мен бүтінгіні
Тағынып тұрын күміс қаусырмасын.

АРДАҚТЫМ

«Жер-жиһанды жалғыз өзі жарық қып,
Нұр шашқан Күн – құдірет, қой, жарықтық!» –
Деді досым, мені тосып қолтықтап,
Күннің нұрын бойымызға дарытып.

«Күнге тартып қүреніткен Таба нан!
Тәнір қайда асатұғын тап одан?» –
Деді досым, екі көзін ала алмай,
Нанның ісі бұрқыраған даладан.

Күн – құдірет, Нан – тәнір ме, досым-ау!
Құптайын да айтайыншы сосын дау:
Қасиетті дәм боларлық дән еккен,
Кім демекпіз сонда Диқан осынау?!

МАРЖАН БҰЛАҚ

Шумақтап жиған сайын дестелерді,
Дөңкиіп шөмелелер өскен еді,
Жарыстың қызығына түскен ерлер,
Жосылтар сыңайы бар кешке де енді.

Бұлтиған бөтегелі,
Дән кеулеп зор кемені.
Тасыды маржан бұлақ,
Машина қырдан құлап,
Құлындаі төтеледі.

Бункерден бұлақтайын саулаған дән –
Шырқатып салған әуен, аумаған ән.
Ырғағын молшылықтың сезінеміз.
Зыр қағып сансыз көлік заулағаннан.

Бұлтиған бөтегелі,
Дән кеулеп зор кемені.
Тасыды маржан бұлақ,
Машина қырдан құлап,
Құлындаі төтеледі.

Жұлдыздай сүмбіледе сорғалаған,
Шопырлар – қолына құт қонған адам.
Әлемде бұдан асқан байлық бар ма
Маржанды қорап-қорап тонналаған.

ҚЫЗЫЛ ҚЫРМАН

Қырманға келіп жатыр қырдан лағыл,
Күндіз-түн құйылады бермей дамыл.
Ағайын дәулет күреп, дән ұшырған,
Жағалай жанұшырып абыр-сабыр.

Қызыл қырман,
Қызыл қырман.
Дүйім жұрт, дүбірлі еңбек қызындырған.
Жігіттер жанарынан жалын атып,
Балқиды балғын қыздың жүзі нұрдан.

Қырманда қызылданған шымқай ақық,
Тыным жоқ жөнелткенше тиеп-артып.
Дәuletін аттандырып керуен-керуен,
Өuletі диқандардың тұр ғой шалқып.

Қызыл қырман,
Қызыл қырман.
Дүйім жұрт, дүбірлі еңбек қызындырған.
Жігіттер жанарынан жалын атып,
Балқиды балғын қыздың жүзі нұрдан.

БЕРИК КУЗЕТ

Қаңқылдап ұшар қаз даусы
Естілсін әр кеш, әр таңда.
Аспаннан көзін жазбаушым,
Жау қырги төнсе, талқанда.

Құлімкөз құрбын арманышыл
Толқынға қайық билетпек.
Тенізден көзін алмаушым,
Жау шортан төнсе, күйрет тек.

Бөлентіп гүлге құм ішін,
Құпия зерттеу көп бізде.
Шекара шетте тұрушым,
Жансызын жаудың өткізбе.

ДЕМАЛАУШЫ ШАҒЫМЫ

Жұмыс деп қысы-жазы жұлынамыз,
Жалғыз ай дем алуға жылына біз.
Бұзылып күн райы, онбай қойды
Азырақ қымыз ішіп жылынамыз.

– Көркейіп жылдан жылға сая-бағын,
Көбейсін білімді жас,
Молайсын Нұр!!

Алматы, 1999 жыл

ТАҢ АТЫП КЕЛЕДІ

Таң атып келе жатыр баяу ғана,
Алтын Құн көзін ашты жаңа ғана.
Бөлөніп ақ сәулеге керіледі,
Қарсы алған Жаңа жылды байтақ дала.

Жаңа Жыл – жарық сәуле, жұлдыз ба екен,
Құлпырған әлде кәмшат, құндыз ба екен?
«Жаңа жыл, жаңа күнім, келдің бе?» деп,
Куанып, құшақ жайып тұрмыз ба екен?

Жаңа жыл – әлде нәзік сезім бе екен,
Сезінген соны бір сәт кезім бе екен?
Жаңа жыл, жаңа күннен дәмесі зор,
Адамдар, не дегенмен, төзімді екен!

Сүттен-ак, судан таза жүргендіктен,
Бар шығар қыындықтар мені күткен.
«Жаңа жыл, жақсылығың көп болғай» деп,
Қараймын келешекке мол үмітпен.

Оянып елден бұрын таңсәріден,
Қаңтардың сусындағын кәусарымен.
Үлпілдек, жаңа ғана жауған қардай,
Кіршіксіз тазалықты аңсадым мен.

Таралған дүниеге таңғы нұры,
Армысың, Жаңа жылдың жаңа күні!
Ән болып сағынышым самғасын бір,
Әуені толқындастып жаңғырығы!!

Наурыздың жиырма екісі –
 Ол менің туған күнім.
 Біледі, әрине, әйелім;
 Қазина, жарым менің.
 Біледі, әрине, ұлдарым,
 Жомарт пен Жәнібек.
 Білуге тиісті Айгүл де;
 Әрине, біледі немерем Жанарым,
 Күмән жоқ, біледі Гүлнәрім,
 Немерем Жансұлтан,
 Немерем Нұрзада;

Біледі Марат пен Нұрсұлу,
 Нағашыбай, Тенденгім.
 Ағыбайдан қалған тұяқ – Дәuletім
 Және оның шешесі, біздің келін Айгүл де;
 Әкейдің кенжесі Талғат пен келін бар;
 Қайын жүртym Қазан мен Зураш;

Болат пен Галямыз,
 Біледі Дастан мен Сәуле де,
 Жыл сайын жездем деп, түседі әуреге!
 Мен ертең өлгенде, жиналар осылар;
 Топырақ салуға бәрі де ұмтылар;

Бұл күнде достарым қалмады,
 Бәрін де қара жер жалмады;
 Ендігі қалғаны – осы ғой, шамасы;
 арман не, айтуға осыны
 келсе адам мұршасы;
 Қартайым, сөйлеймін найқалып,
 Көп сөйлеп қойдым-ау, ей, Халық!

30-мамыр 2011 жыл

Ақ қайың – сәніміз,
Інкәрміз өмірге
Әйткені бәріміз,
бәріміз.

КОМБАЙНШЫ СЫРЫ

Таласып құзгі таңмен тұмса бөрте,
Керіліп, қатты есінеп тұрсаң ерте.
Ұйқыдан мұқым сергіп мұздай сумен,
Сүртінсен күн нұрымен жұмсақ, ерке.

Жүректі жүре жалғап, белді бусаң,
Дүр еткен моторынан шықса бу, шаң;
Шұбалған алтын арқан жинағандай,
Етегін алтын жалдың түре қусаң.

Бұралып қалбағайың жұтынғанда,
Жалғыз тал, жарты масақ құтылған ба?
Сол бетпен тұскің келмес тұстікке де,
Танаптар тақырланбай бүкіл маңда.

Қарамай қап-қара май, тозаңына,
Толқисың: «Қалдым ба, деп, оза алдым ба?»
Бүктелген бұйра десте, саулаған дән
Самсайды ұзақты күн көз алдында.

Зырылдап барабандай уақыт шапшан,
Қырындап кетіпті-ау күн, болыпты ақшам;
Біреулер көлденендер қол бұлғайды,
Есепші, үгітші қыз – қарап бақсам.

Жалауды қадап жатыр, таққандай гүл,
Мұндайда, мықты болсаң, мақтанбай күл,
Дұылдап тұла бойың, бүкіл ойың,
Бір кесе түнемелден тартқандай бір!

ҰЛ-ҚЫЗЫМЫЗ – ЖҰЛДЫЗЫМЫЗ

Жанымыздың жапырағы,
Жайқала бер, жас ұлан!
Жарқын күндер шақырады,
Талпындырып жасыңнан.

Қырмызыдай гүл шағында,
Тигізбейміз салқын еш,
Оттан ыстық құшағында
Отаныңың – шалқып өс!

Аспаның бар шайдай ашық,
Шаттанасың тым, еркем.
Арманы бар айға қашық,
Аттанасың күні ертең.

Жеріміздің жұлдыздары,
Біз сендерге құмармыз.
Еліміздің ұл-қыздары –
Мұратымыз, мұрамыз.

Бақыт деген – бала шығар,
Мына бізге тиесі.
Сендер болып қаласындар
Жұмыр Жердің иесі.

Әкелердің сенімі мен,
Аналардың ақ сүтін.
Тамшылаған теріңменен
Ақтай білсен, жақсы тым.

ЕЛІМ БАР

Елім бар мен дегенде еміренген,
Мен бармын Ел дегенде тебіренген.

Жасыл орман, көк тоғай,
Ағады өзен, тоқтамай.
Ел-жұртымнан айналдым,
Сөзге жүйрік, әнге бай!
Жаздың тымық кешінде
Ән шырқаған сәттер-ай,
Қызық дәурен кешуге
Жетпейді өмір, әттең-ай,
әттең-ай!

Елім бар мал-мұлкіне Еге болған,
Мен бармын бекітуге шеге болған.

Қайырмасы:

Елім бар егінжайы нағыз алтын,
Мен бармын жан дүнием ашық-жарқын!

Жасыл орман, көк тоғай,
Ағады өзен, тоқтамай.
Ел-жұртымнан айналдым,
Сөзге жүйрік, әнге бай!
Жаздың тымық кешінде
Ән шырқаған сәттер-ай,
Қызық дәурен кешуге
Жетпейді өмір, әттең-ай,
әттең-ай!

ҰРЛАНЫП ҚАШУ

Таң қандай сарша тамыз

Сары Арқада,

Армандай! – назарыңды соған қада;

Қамданбай қалудан сен аманбысың,

Таңданбай қармағыңды сал арқана.

Жұтып ап таңғы ауадан мың грамдай,

Иіскейін күннің нұрын – күрең нандай;

Жоспарды әйелдерге айтып қойма,

Бәлелер бас қатырып құлер нанбай...

АРАЙЛЫ НАУРЫЗ

Арайлы Наурыз – жаңа күн,

Орнаған кезі өнірге,

Қарадым сол сәт даланың

Дөңкиген әрбір дөңіне.

Төбенің шықсан басына,

Кекжиек біраз алыстар.

Төбеге шықтым асыға,

Жәй емес, мұнда мәніс бар;

Молайған мениң кенішім,

Зорайған сайын әр тәбе.

Қарауыл тәбе – мен үшін

Өзінше биік мәртебе.

Бетімнен самал өпкенде,

Сезімтал көңлім елжіреп,

Қарауым сонау бәктерге,

Тұр ма деп гүлдер желбіреп?..

Бар ма екен, дедім, бәйшешек,
Бар ма екен, шіркін, жауқазын?..
Құшағым толы гүлшешек,
Құмарым, дедім, тарқасын.

Жаратқан тәнірім әуелде,
Әсемдік үшін бізге арнап,
Үлбірей қалған әудемде,
Бар ма екен қырда қызғалдақ!

Сен де бір нәзік Гүлім ең,
Өзінді мұлдем сағындым;
Сондықтан болар, күнімен,
Сарғалдақ іздеп сабылдым.

Айтайын бәрін ендеше,
Ретін тауып жөн сөздің;
Маржанғұл іздеп мен кеше,
Қонырау ғұлге қол создым.

Іздесен, оңай табылmas,
Табиғи нәрсе ең тәуір;
Талпынған кісі тек тұрmas,
Талпына бердім әйтеуір.

ГҮЛНАУРЫЗ

Көгілдір көктем. Гүлнаурыз.
Еркіме менің қоймады,
Сызылып келген бұл Наурыз
Еркелік жасап ойнады.

Қалайша сөгем, мін тауып,
Жайдары болса дидары?..
Кенеттен бірақ қар жауып,
Құн суып кетіп, қинады.

Себебін кімнен сұрайын,
Осынша қардың мол жауған,
Құбылған ауа райын
Жаңылдым тіпті болжаудан.

Мінекей, Наурыз биыл да
Бірде – қар, бірде – күншуақ;
Мыңғырған ойлар миымда
Өлең боп шықты бір шумак.

Ойланып және азырақ,
Болғанша түзеп жырымды;
Қабағы Күннің жадырап,
Қайтадан Наурыз жылынды.

Тосыннан тосын тағы да,
Барады мұлдем күн ысып;
Бүгінгі тойдың қамында
Танылар кім бос, кім пысық.

Аумаған менің сәулешім,
Алаулап жүрген сияқты,
Сүйемін Күннің сәулесін.
Сүйемін нұрлы шуақты.

Жылғадан жылға – мың бұлак,
Бәрі де бүгін жүгірмек;
Жағалай құлкі сыңғырлат,
Дүние тұрды күмбірлеп!

Күн ашық болса бүгін де,
Көшеге шықпай, кім шыдар?
Ұлыстың ұлы күнінде
Желпініп алған жөн шығар.

Аспандап жүрген көңілім,
Бәсендей көрме, төмендеп.

Қыздырып Наурыз көрігін,
Қайтсе де бүгін өлеңдегі!

Әйткені бүгін – мереке,
Тәуелсіз елім тойлаған.
Айнала қызу жәрменкесе,
Көркіне көзім тоймаған.

Әйткені бұл сәт ерен ғой,
Наурыздың нұрлы шуағы.
«Базарға барсақ» деген ой,
Өзінен өзі туады.

Жетер ме бірақ тәзімі,
Көрдің бе жұртты жаңағы?
Базардан әркім өзінің
Керегін іздең табады.

Іздеумен өткен ғұмыр ғой,
Өкініп оған қайтеміз.
Табыла бермес мұндай той,
Шалқуға әбден бар негіз.

Наурыздың нұрлы шуағы,
Қуантпай мені қоймайды.
Сүйсінтіп Наурыз думаны,
Жүргегім аттай тулайды.

Қалтада теңге қаншалық,
Соншалық думан жасарсың.
Әйтсе де шырқап ән салып,
Жасарсын көңілім, жасарсын!

АЛТЫН ТЕҢІЗ

Сарша тамыз.

Шаңқай тұс.

Танап басы.

Егінжаймен келеміз қанаттасып.

Көздің жауын алғандай толықсуын,
Бітік өскен бидайдың сабактасып.

Қолдың аумай ұқсаған саласына,
Елжіреймін егіннің сарасына.

Кекжиекпен астасқан алтын теңіз
Сия емес көзімнің шарасына.

Бітік өскен бидайға сабактасып,
Жақындаймын, аяқты санап басып.
Тұнып тұрған ақықтың әсерімен
Небір ойлар келеді қабаттасып.

МАХАББАТ МЕРЕКЕСІ

Мен сені көп іздедім
Осынау дүниеден.
Бір ғана сені іздедім
Беймаза жүргегіммен.

Сезініп теңіз лебін,
Жағада жүргенімде;
Теңселіп сені іздедім,
Білдің бе, білмедің бе?

Сыңарым – өзің бе едің,
Жаныма сондай жақын.
Мен сені көп іздедім,
Аяулы махаббатым!

Мәлдіреп сезімдерім,
Мен сені көп іздедім.
Арманым – сен екенсін,
Кездеспей жүр екенбіз.
Махаббат мерекесі,
Ол – біздің мерекеміз.
Шырқайық, кел, екеуміз,
Кел, екеуміз!!

ШЫРҚАЛ, ӘНІМ!

Менің де күміс көмей, атым – Майра,
Кеудемде бұлбұлым бар, Сайра, Сайра!
Дауысым еркін, таза сыңғыраған,
Келгенде хәла-лякку, хара-райға!

Еліме еркелеймін ән салғанда,
Әніме – елдің бәрі тамсанғанда.
Төгейін көмейімнен інжу-маржан,
Сағынып өнерімді қарсы алғанда!

Әлемге болсын аян атым – Майра,
Кеудемде, бұлбұл құсым, сайра, сайра!
Қазақтың бір перзенті болғаным,
Құдая, тәубә, деймін, осындайда!!

ШЫНАРЫМЫЗ, СЫҢАРЫМЫЗ

От құшакта өткен күндер – па, шіркін!
Әлди тындал жатсаң – тіпті жақсы тым.
Жүргіміз жүз жыл бойы соқса ғой,
Ақтау үшін анамыздың ақ сүтін.

Еркелеткен, желкілдеткен женгелер,
Қалжынына қазына жоқ тең келер.

Жазғы кеште әзілкештеу әңгімен.
Көңілімізге қозғау салып, дем берер.

Сондай кезде мың құбылған құрбылар,
Бойжеткенге болмады еken кім құмар!
Бірге көрген киномыздың билеті
Альбомдардың арасында, мүмкін бар.

Тан-тамаша қалғанымыз – сендерсің,
Аңсап жеткен арманымыз – сендерсің,
Өмір бойы өтсек еді әлпештеп,
Өкпелетіп алғанымыз, – не дерсің!

Қол жетпейтін шынарымыз – әйелдер,
Қол ұстасқан сынарымыз – әйелдер.
Үйде – би боп, түзде – күй боп күмбірлер,
Нағыз намыс, шынарымыз – әйелдер.

ЖУРГЕН ЖЕРИҢ САМАЛА

Еркін өскен, ескіні сағаламай,
Шемшияның ақ қызы шағаладай.
Көше бойын көркейтіп ажарымен,
Келе жатыр жарқырап самаладай.

Көзімді алмай жаңағы шағаладан,
Есім шығып кеткенін жасыра алман;
Жүзін көріп борықтай бойжеткеннің,
Осы, дедім, ақ қанат асыл арман.

Таза сұлу мөлдіреп таңғы шықтай,
Бара жатыр бойына шаң жуытпай.
Сен көзіме түстің-ау дер кезінде,
Мың бұралған, сәулешім, тал шыбықтай.

АНАШЫМ – АРДАҒЫМ

Өмірдің уыз-балдай нәрін берген,
Әлдилеп, ақбоз үйдің әнін берген.
Анашым, акторғыннан орамалын,
Ақкудай көгілдірі жанына ерген.

Сен барда еш нәрседен тарықпаған,
Мен едім өнер құсым шарықтаған.
Сездім гой қадірінді қайран шешем,
Айналып-толғанудан жалықпаған.

Пәлден сактандырған панам едің,
Жасаурап, жалғызырып қала бердім.
«Ақ сүтің ақталды ма, анашым?» деп,
Көнілім әлі күнге алаң менің.

Алқызыл алманың
Дәміндей тамсандырған.
Бір көру – арманың,
Шығушы ең қарсы алдыннан.

Анашым – ардағым,
Айналып-толғанатын.
Арманда қалғаным,
Жанашыр, қолғанатым.

МЫҢ БІР КӨЛ

Қаз-үйрегі қаптаған
Мың айдынмен мақтанам.
Жаутаң қағып жатқандай
Қайракөл мен Қақ маған.

Суы сортаң Менгесер,
Шипасы мол емдесер.

Шағалалы теңіз көл
Теңіздермен тенесер.
Аты қызық Торанғыл,
Торанғылы болар бұл.
Тұған жерді аяла,
Күшағыңа толар гүл.

ТҮНГІ ЖАНБЫР

Түннің бір уағында
Оянған кезім менің.
Қорықтым ба, қуандым ба,
Әйтеуір көз ілмедім.

Саулаған жаңбырдың да
Зар-мұңы бар ма дедім.
Сен дағы тындастың ба,
Үздігіп алған демін?

* * *

Бұл сөзіме қабақ шытып, қарағым:
«Бастың, – деме, – баяғы бір әуенге».
Сол әуенде арманы бар Дағаның,
Арай таңға үміт артқан әуелде.

Сол әуенге құлақ түрдім жасымнан,
Сол әуенге шын көңілден толқыдым.
Сол әуенмен даусым менің ашылған,
Сол әуенге қосылғым кеп отырмын.

Омырауға орден тағып көргем жок,
Кеудем таза, қызғаныштан өлгем жок.
Ақ сейледім, адал жүрдім әманда,
Тек көкейде жалғыз арман сөнген жок.

Әкімдерден бір табан елге жақын,
Ақын болсан, арман не, сөзің – алтын.
Неше жерден өкімет өзгерсе де,
Ұмытпаса болғаны туған халқың.

ЖӘБІРЛЕНУ

Eki iшекте – мұң мен шер

Ойлансаң, осы сөзге құлақ түріп,
Бізде бар өзінше тұрақтылық.
Тұракты түрде дәйім қазағымның
Көретін көресіні, азабы мың.

Бейнетқор көп қазақтың біреуі – мен,
Сезілер кім екенім жүдеуімнен.
Мәз емес тұрғылықты елдің халі,
Өлең-жыр оны айтпаса, кімге дәрі?

Жүретін ылғи да бір үйсіз-куйсіз,
Үнемі қазақ, десем, ұн демейсіз.
Болғанмен екі бірдей астанасы,
Қазақтың әлі де мұң баспанасы.

Талайға пана болған аздап қана,
Әрдайым әуресі көп жатақхана.
Қолайсыз жыл он екі ай жыры бітпес,
Төлейтін ақысы да азап тектес.

Жарлыны қып жатқан жатағынан
Дөкейдің ат үріккендей атағынан.
Ұдайы қазақ байғұс зар илеп жүр,
Жұбайы көз жасына нан илеп жүр.

Он сотық жері де жоқ үй салатын,
Қазақ қой қашанда сол қиналатын.
Көрсетер жұрттың өзін жұғымсыз ғып,
Көбіне қазаққа тән жұмыссыздық.

Бір күрек екі қолға табылмады,
Қай қазақ жұмыс іздең сабылмады?
Ауылдан қалаға жұрт ағылғанын
Орасан тауқымет деп қабылдадым.

Жалданып кәріске де, қытайға да,
Қазақтың ырысы бір құттайған ба?
Жем болып анқау қазақ жүліктерге,
Қадірі кем болып жүр түріктен де.

Кеншілер қырылса да небір атпал,
Безеріп, мыңқ етпейді озбыр Миттал.
Ашынған айқай-шуға, ыскырыққа
Қожайын қарамайды пысқырып та.

Қорқыттың қайда барсан, көрі боп жүр,
Қазаққа полицейлер бөрі боп жүр.
Кісіні бір сөз айтқан ұстап та жүр,
Кінәнді мойында, деп, қыстап та жүр.

Қазаққа тап беруден іркілмейміз,
Қит етсе, қазаққа тек зіркілдейміз.
Күйінбей қазақ бұған қайтіп шыдар,
Қазақты қайтсе де бір кемсіту бар.

Біздегі академик дегендерді
Бір кезде Школьник те билеп еді.

Могильный деген біреу ессіз, тегі:
Жок, дейді, қазакта бұл Сегіз Сері.

Қымсынбай әлдекімнің бұлай деуі –
Қазақты қасақана жәбірлеуі.
«Мемлекет сендердікі, жер біздікі»
Деп көкіп жүрген жоқ па кей әулекі?

Бетен боп көрінуге асығулы,
Басқаның бұл да бізді басынуы.
Бөркі де кейбіреудің қоқырайып,
Қазаққа қарайтындай одырайып,

Өзге жұрт секілді бір өте зия,
Қазақты менсінбеуде – тенденция!
Халықтар... ассамблея... деген бәле
Қорлап тұр қазақ елін, көрдің бе, әне...

Мен өзім ар-намысы бар кісімін,
Кетеді көтеріліп қан қысымым.
Жүрген соң қазақ байғұс зар еңіреп,
Менің де отырғаным есендіреп.

Осынау Жер бетінен Айға дейін,
Қазаққа жанашыр жан қайда, деймін.
Қазақтың бебеулетіп домбырасын,
Көз жасым омырауға сорғаласын.

Екі ішек мұнға толы, шерге толы,
Мен бүгін біразырақ шерттім соны...
...Әйттеір: «тұрақтылық» десендер-ақ,
Тұрады көз алдында сорлы қазақ.

Бір сұрақ лауазымы, шені барға:
Қазақты жәбірлеудің шегі бар ма?!

ӨТКІНШІ ЖАҢБЫР

Әлгінде ғана құлімдеп жүрген,
Құн көзі нұрлы, жер-көкті сүйіп.
Құбылып өңі, өзгерді бірден,
Түнеріп аспан, қабағын түйіп.

Қара бұлт өрлеп, ұлғайып әне,
Келеді төніп, ұсқыны жалбыр.
Құркіреп және, обалы кәне,
Өтеді жауып өткінші жаңбыр.

Өмірде мынау егіліп жылау
Біздерге тән ғой, деп жүргем бұрын.
Кеудесі бүкіл сөгіліп жылау
Көк ала бұлтқа тән екен, құрбым.

Көз жасы көлдей қалың бұлт ауып,
Оралып қайта келердей дәл бір.
Ерте ме, кеш пе, өтеді жауып
Өткінші жаңбыр, болжаусыз тағдыр.

Біртіндеп жәйлап, сіркіреп жауын,
Нәсер бол сосын, шалқыған ән бір.
Ауылда жүрген малшынып баурым,
Өтеді жауып, өткінші жаңбыр!..

ЖІГЕР

Кекірек толған үміт, толған арман,
Жас жаным болашакқа жолдама алған.
Тілеймін нұр үстіне нұр жауғанын,
Қанағат таба алмаймын қолда бардан.

Парызға пар жегілген үмітпенен
Ентелеп ертеніме жүріп келем.

Сенімім: «жетем» – деген жетелейді,
Көңілден орын бермен құдікке мен.

Ер жеттім. Енді мен де ересекпін,
Нық тұрмын вахтасында келешектің.
«Халқымның қамын жеймін» – деген ойдан
Біткендей бойға қуат, ерекше екпін.

Бықсыы қоламтандың аулақ менен,
Жарқ етіп, лапыл қағып, лаулап берем.
Жалқыны жанартаудың секілденіп
Өзімнен оттай ыстық аумапты өлең.

КОСМОС ЖЫРЫ

Тұнығын шайқап көктің тұңғыш рет,
Советтік Жер серігі бір ұшып ед.
«Отанның ұлылығы – мұнысы» деп,
Шаттанып, тамашалап тұрысып ек.

Артынан оның өзі әдетке еніп,
Хабарлап жатты жаңа газет келіп.
Айданда әр жағынан оралдырдық,
Жатқанда Америка әлектеніп.

Құрама Штаттардың қораздары
Тұншықты. (Ондайларға ол – аз дағы).
Қашаннан тарихтың тыңын тіліп,
Тартқамыз талай тұңғыш боразданы.

Бар елдің баршасынан және бұрын
Аспанға аттандырдық адам ұлын.
«Востоктың» бір винті де бұзылған жок,
Тасталқан қирап қалды надан ұғым.

Жұрттан тыс болмаса да ерек, алып,
Ұшуға күшті жанның керегі анық.
Гагарин – нақ осындай ер-коммунист
Космостан келді жетіп дерек алып.

Жер ұлы Жерден алғаш ажырасып,
Ауалы кеңістіктен әріге асып;
Салмағын сезінбейтін жерге жетті,
Әуге арманды жол қазір ашық.

Бітпестен космонавтың бастапқы әні,
Биккө самғап берді «Восток» тағы;
Азат ел алаңынан ұшырылды,
Азат ел азаматы асқақтады.

Бір емес, он жеті рет Жерді айналып,
Ер Титов тәулік жүріп келді айналып.
Келесі кезектегі корабльде
Адамның ұшатыны енді Айға анық.

Ай – жолда қоналқыға қонар алаң,
Шолпанға сөз саламыз сол арадан;
«Марс – Жер» саяхатын бастаушы да
Тек біздің осы біздің болар адам.

Астында абажадай занғар көктің
Тұратын тіршілік қып жандар көп тым.
Советтің кісісіндей қайда бірақ,
Еңбектің еріне тең, болар дөп кім?..

Ежелге ой еңбегі, дене еңбегі
Елімде егіз ұлдай теңелгені –
Міне, сол жұмысшыға қуат болып,
Ғалымның ұшқыр ойын демегені.

Жат елмен әсіреле жарысқалы
Есепсіз еліміздің табыстары;

...Мен әлі өлең жазып отырғанда
Ғарышқа жатқан шығар тағы үшқалы.

1972 ж.

СТУДЕНТТИК ДӘУРЕН

– Ал кәне, абитуриент, бізге кел, – деп,
Есігін айқара ашқан университет.
Маусымда тест тапсырып, балл жинаған
Балалар келді осында, болды студент!

Оқуға түскен ұлдар алақайладап,
Құлпырып шыға келді қыздар жайнап.
Жана лек, жаңа дүрмек дуылдаған,
Бас корпус, ардақты зал кетті қайнап...

Әудемде арайланып күншығысым,
Кеудемде шырылдайды жыршы құсым.
Көрсөң ғой алтын күзде, алғашында
Су жаңа студенттер күлшынысын.

Сабаққа келе жатыр сағыз шайнаң,
Құлақта плеері және сайрап.
Сөмкеде не бар-жоғын кім біліпті,
Иыққа асынуы сондай әйбат!

Білімді болғылары келсе шындал,
Оқуын бітіргенше емес тынбақ.
Бұларды тосады алдан дәрісхана,
Отыр ғой олар қазір дәріс тындал.

Апайдың кескінінен көзін алмай,
Үл мен қыз ұғынады сөзін талмай.
Ағайдың әлсін-әлі «жалпайтқанын»
Жалықпай тындаитұғын төзім қандай?!

Миы да көп окудан ашып кеткен,
Бір мезгіл көзін ұйқы басып кеткен
Отырған әрең шыдал кей студент,
Ақырын лекциядан қашып кеткен...

Сабаққа келсе бір күн, келмей бір күн,
Кететін болды желдеп дүркін-дүркін.
Студент сайран салып жүрер еді,
Азғантай «стипентай» болса, шіркін!

Сабаққа он қүннен соң өзі кепті,
Бұл жоқта не болғанын түсінбепті.
Бейтаныс бәтшағарды көрген доцент:
– Осы сен оқисың ба бізде? – депті.

БІЛІМ ОРДАСЫ

Әркімнің көздел жүрген нысанасы –
Білімнің сарқылмайтын қазынасы.
Үміткер ұл мен қызға құшақ жайған,
Қазақтың Ұлттық агротехникалық ордасы!

Жастарға білім берген, тәлім берген.
Өмірге не керектің бәрін берген.
Бизнесмен, фермер, ғалым бол деп отыр,
Ауылды көркейтуге мандай термен.

Ақ орда, алтын ұя қызы-қызы қайнап,
Өңкей жас өнер қуған жүр ғой жайнап.
Ұстаздар тыным көрмей толғанады,
Жігерін шәкірттердің өткір қайрап.

Білімнің айдын шалқар дариясы,
Қазақтың Ұлттық агротехникалық ордасы!
Елімнің саған құмар, саған іңкәр
Арманға құлаш ұрған әрбір жасы!

ЕСІЛ БОЙЫ – ТУҒАН ЖЕР

Өскен өлкө

Есіл бойын қарашы:
Ұйысқан тал, ұзын жал.
Кең тогайдай қаласы –
Петропавл – Қызылжар.

Жаңа күннің біз төлі,
Тапқан құтты қонысын.
Сүтішев пен Ізтөлин
Құрбан болған сол үшін.

Көркем сөзі нар елдің
Екі бірдей өркеші –
Сәбең менен Ғабеннің
Туып өскен өлкесі.

Баймагамбет Ізтөлин

Білім қуып талмастан,
Зерек болған зейіні.
Тенденк іздеп әу бастан,
Ерек болған бейілі.

Кедей-кепшік жағында
Өткір өлең жазғаны.
Большевиктік жалынға
Жалын қосып маздады.

Еркіндікті аңсаумен,
Қыршын кеткен ақын ол.
Тұнек жарған ақ сәулө –
Жанымызға жақын ол!

Есіл ерке

Атамыздың құрығы
Мұра болып жеткендей.
Апамыздың бүрүмы
Тарқатылып кеткендей.

Сары Арқаның төсінде
Ұзын аққан Есілім.
Тұған жерде көсіліп
Еркелеуің не мін?!

Екі беті егін-дән,
Айдынында – ақ шабақ.
Есілім деп төгілді ән
Толқындарын бақ санап.

Сәбит Мұқанов

«Сұлушаштай» дастаны
Әсемдікті ап келді.
Ботагөз бен Асқары
Ұл мен қызға ат берді.

Шалқар «Өмір мектебі»
«Мөлдір махаббатымен».
«Аққан жұлдызы» көктегі,
Қолынан дәм татып ем.

Шарлап сезі әлемді,
Желдей ескен ақбоз дәл.
Сәбит атын алды енді
Кітапхана, совхоздар.

Ақ қайындар аймағы

Ақ қайындар аймағы,
Жасыл желең жайғаны.
Ақ бұлақты тасытқан,
Балдан тәтті қаймағы.

Көктерек пен Қарағаш,
Кім қызығып қарамас.
Ұшқат пенен үйенкі
Доланамен аралас.

Орман-тоғай ойығы,
Толған жеміс қойыны:
Қызыл шие, қаракат,
Мөлдіреген мойылы.

Қыз аты – Қағаз

Қыздың аты – Қағаз,
Бетке қаны тепті.
Төрде отырған сабаз
Бірден елең етті.

Тізе бұкті Қағаз
Орындыққа шеткі,
Диван бойлап сабаз,
Жылжи-жылжи жетті.

Үйге баяу кірген
Қыздың аты – Қағаз.
Елең етті бірден
Төрде отырған сабаз.

Батыр Ысқақ

Ібырайдың Ысқағы
Каруды нық ұстады.
Ерлік туын көтеріп,
Женіс жолын нұсқады.

Қанды майдан күнінде
Тұрды сенім үнінде.
Батыр аға атында
Бірлестік бар бүгінде.

Таудың биік шынары,
Өрлік – шыңның сынары.
Туған елді қорғаумен
Ердің даңқы шығады.

МҰНАРТУ

Таулардың талма түсте мұнартқаны –
Мұнардай әлденеге құмартқаны;
Құмардан шыға алмайтын тас тағдырын
Жұмсартып, өзін өзі жүбатқаны.

Буалдыр таудың бозғыл бүркеніші,
Келгендей мұнды кейпін бүркегісі.
Қол жетпес жас арудан сағы сынып,
Тұргандай іштен тынып үлкен кісі.

Жігітті жайсаң еткен – жігер еді,
Жігерсіз жігіт шіркін жүдер еді.
Мұн шалып, мұнар басу дегеніңіз
Тауды да көлегейлеп жібереді.

ҚОРҒАЛЖЫН ТУРАЛЫ СЫР

Мен саған жазда келмей, қыста келем,
Асығып, тығыз-таяң тұста келем.
Өзіңе нөсер болып төгілмей жүр
Кеудемді кереметтей қысқан өлең.

Құмартып Қорғалжынға көптен бері,
Мұнартып көз алдыннан өткен легі.
Ағайын ашық-жарқын көрінетін,
Көлдері тасығандай көктемдегі.

Ең алғаш жолықтырдым Сабындыны,
Жонында сары алтыннан сағым жүрді.
Осында Бағлан аға, Тәттібала,
Екеуі егінімен сағындырды.

«Көктемде қарлығаш көп Қарғалыда»,
Дегесін дереу іздеп бармадым ба?
Даланың қызығалдағы – Бағдат, Шәрбан,
Ұмтылып жүрген кезі арманына.

Білемін Қарағінде Қабиевті,
Дәнге бай, әнге құмар ақынды.
Әзілін Саят сынды саңлактардың,
Түсіне білгендердің бәрі мықты.

Ерлер көп Кенбидайық, Арықтыда,
Бекіндей берекелі, даңқты да,
Мен әлі Құркілдекке жеткен жоқпын,
Кім білсін, тоса-тоса жалықты ма?

Бір соғып өткенім бар Өркендеуге,
Бәрінен Қаражарды көркемдеуде.
Теңіздің телегейі жетеді ғой,
Отынан қоқиқаздың өртенбеуге.

Ақпаса құндіз-түні Нұра болып,
Аралап шығу қызын сірә толық.
Қиялым шағаладай шарықтаған,
Әзірге аракідік жүр ғой қонып.

Арқаның әнге қосып Қорғалжының,
Кеудемнің төгілтейін толған жырын.
Ардақтап көлдерінді шықпасам да,
Мадақтап ерлерінді толғап жүрмін.

ЖҰЗ БІР ҰЛТТЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Байтақ елім, ұланғайыр көлемі,
Байқоңырдан ұшқан ұлан көреді.
Біздің биік самғаулардан туған ғой,
Жұз бір ұлттың өлеңі.

Бағбан елім, бауырласқан ұл-қызы,
Алуан гүлдей, алау гүлдей нұр жүзі,
Біздің мөлдір көгімізде жайнайды.
Жұз бір ұлттың жұлдызы.

Дарқан елім, дән мұхиты тәрізді,
Толқын-толқын дәүлетіміз бар ізгі.
Біздің жарқын жолымыздан айнымау –
Жұз бір ұлттың парызы.

Ортақ елім, Отан деймін әуелі,
Елім менің мәртебелі, мәуелі.
Біздің берік ынтымақты шырқайды.
Жұз бір ұлттың әуені.

1987 ж.

ӨМІР – ТЕҢІЗ

Өмір – теңіз тірі жанға,
Әркім мұны ұғынар ма?
Әр күн және шыбын жанға
Тіршілікте тыным бар ма?!

Бәлкім кәзір, бәлкім, мана,
Айдын шалқар толқындана.
Толқып жатыр, толқып тұрмын.
Шақырады арғы жаға!

Ол бір арман, баурап алған,
Шақырган соң мұнарлана,
Құлаш ұрдым құмарлана,
Әрге жүзіп бара-бара!

Көкжиегім күнде жаңа,
Көкірегімде мұлде жаңа –
Мөлдірейді сезім-сана:
Бұл дүниеде, бұл өмірде,
Өлмейтін де, өшпейтін де –
Өнер ғана!

Көз жеткізем, десен бұған,
Бар ғой бізде неше бір ән –
Жаңғырыққан Тау мен Даңа.
Әрі сұлу, әрі дана,
Қазақ әнін тыңдал қара!!!

ДӘУЛЕТИН ЕЛІМІЗДІҢ ЕСЕЛЕГЕН

Откерген атап-аяз, жауын-желді,
Көп көргем аса берік ауылда ерді.
Баурайды қарапайым қалпыменен
Береке, бейбіт істің жауынгері.

Бақташым таң атқызып, мал өргізген,
Даланың шұрайына дәл өргізген.
Желіні жерді сызып Айғабақтың,
Тайшаның тайрандауы нән семізден.

Ақ желең айдын көлдің борығындай,
Ажары күрөнітіп тобылғыдай.
Шелегі Шекер дейтін сауыншының
Келеді ернеуінен толып үдай.

Шопаным шоқтай күнді елеместен,
Отарын асырып жүр бел-белестен.
Егізден алатұғын әр саулыққа
Неміз кем Сейіттен бұл деп егескен.

Жылқышым мыңды иірсе құрығымен,
Жұлқыншы мама бие құлынымен.
Күбінің күмпілдеген даусын естіп,
Сан талай қара қосқа бұрылып ем.

Қойымен көрікті екен атамекен.
Арқаның бал бағланын атап өтем.
Дәuletін еліміздің еселеңген
Әuletін малшылардың мақтан етем!

НАМЫС

Пікір туып жатқан шақта дабылдал,
Пушкинді де кінәлаушы табылмақ:
«Әйел үшін атысканша, өлгенше,
Өлең жазып жүрмей ме, – деп, – жалындар!».

Ақын Пушкин аянған жок, жазды өлең:
Оршіл өлең, ойшыл өлең, назды өлең...
Әрі шуақ, әрі самал сәскеде,
Шаңқан сәті Күннің дағы аз дер ем.

Құштарлықтың үшқыны ойнап көзінде,

Ұшқын тастай білген сабаз сезімге.

Күмарынан құралақан қалмас ең,

Өткір жігіт болсаң сондай өзін де.

Кеудесінде жырдың маздап шоқтары,

Кемел ақын кемшін тұсқа соқпады.

Самғауында,

тандыуында мін бар ма —

Сұлудардың сұлуына тоқтады.

Қыз да сүйді, қызықпай-ақ кескінге,

Махаббаттың сол жұмбағын шештің бе?

Өлең ғажап,

эйел ғажап, эттең сол:

Екі бақыт бұйырмадан ешкімге.

Элде сонау жас күндердің жазасы,

Өсек-аяң... жоқ қой енді мазасы...

Өңі жирен, жаны керең, келімсек,

Болды-ау содан қайран ақын қазасы...

Пікір айтқыш пысық шығып дарылдақ,

Пушкинді де сөгетін сөз табылмақ

«Әйел үшін атысқанша, өлгенше

Өлең жазған жақсы ғой, – деп, – жалындаپ».

Қыын күнде жаза басқан қадамға

Қиналмастан кінә тағып қадалма...

...Эйел арын, ер намысын қорғамай,

Ақын болып керегі не адамға?!

НҰРҒА ТОЛЫ НҰРА

Мың бұралып ағатуғын Нұраны
Мың қайтара көргім келіп тұрады.
Нағашыдай елпілдеген қуанып,
Жағасында желкілдеген құрағы.

Жазғы Нұра, жарқыраған айдыны,
Бір өзінде бүкіл әлем ай-күні.
Шындық текстес шымырлаған ағыспен
Жуып-шайып кететіндей қайғыны.

Көптен бергі кеудемдегі олқыны
Шүпілдетіп толтырғандай толқыны.
Көбік қарға көп аунаған тұлкідей
Менен қунақ жан болған жоқ сол күні.

Дала кезіп, жалықпауы ұнаған,
Айналдым мен нұрға толы Нұрадан.
Жүрек таза, жүрейікші мөлдіреп,
Өмір жолы болғанымен бұралан...

БОТАҚАНЫМ – ЖЕЛМАЯМ

Көкшенің көк мұнарлы жоталары,
Қандай жан қайран қалмай өте алады?
Аймалап өркеш-өркеш тау шыңдарын,
Көңілім тосыннан жыр боталады.

Майысқан тілерсегі маймақ бота,
Жетілді күн шуақта ойнап бота,
Қарайды дүниеге жәудір көзбен,
Ойы жоқ өте шығар жайдактата.

Соқтығып Аютасқа, Сиыртауға,
Жүргені өзі ілігіп қиын дауға.

Төскейге төтелеген ботақаным
Күлкіңсиз ескі жұртты шиырлауға.

Жабулап көркем ойдың бозталағын,
Есілген шым жібекпен сөз тайладым.
Қазақтың өлең көші қаламайды
Биқтен бір мезетке көз тайғанын.

Қаракөк қарағайдан жамылғысы,
Тозбайтын жасыл маусыт жазы-қысы...
Орманын асыл жырдың ақын көніл
Келеді кербез таудан асырғысы.

Сүйкеніп Бурабайға буыршыным,
Аңыздың білсем дейді туу сырын.
Қапыда қалғып кеткен Жеке батыр
Мәңгіге сақтаса екен сұлу сыннын.

Алысқа мойын созған жоқшыдай нақ,
Оқжетпес сонадайдан оқшыраймақ.
Тұргандай қолын бұлғап әлеуметке
Киялдай көк буалдыр көкшіл аймақ.

Шуда бұлт аусын-жаусын,
келіп жүрсін.
Шында – құс, шытырманда елік жүрсін.
Ішінде көп таулардың,
көк таулардың,
Арманым: желмая – жыр желіп жүрсін.

МӨЛДІР ӘУЕН

Сыңғырлап жетеді әуен құлағыма,
Жайлаудың сылдыраған бұлағы ма?
Әлдилеп талбесіктे тербеткендей,
Алады жанға жайлы құндағына.

Ескендей сәске түстің сал самалы,
Ыңғалып ілгендей дән сабағы.
Осы бір мөлдір әннен бейбіт елдің
Байқалар тыныштықты аңсағаны.

Анамдай ешкім мұны айта алмайды,
Тындасан, шерің тарқар қай-қайдағы,
Әуені жан сарайын желпіп тұрған
Іргесі мұндай елдің шайқалмайды.

ЖАЛЫН ЖІГЕР

Алау сезім жас күндерден басталған,
Өзен бастау алғанындаі асқардан.
Біздің батыр әкелердің арманын
Танып тұрмын жарқын жүзді жастардан.

Бір ғажайып сыр тербейді жүректі,
Бір ғаламат күш кернейді білекті.
Емеуріннен ұққандай дос ойымды,
Тегеурінмен тұтқандай қол күректі.

Мығым жігіт міне тартса құр атқа,
Күмбір қаққан күй келеді құлаққа.
Сыңғыр қаққан күміс күлкі естімін:
Бұлбұл үнді бойжеткен бе, бұлақ па?

Тенеулерді тапсам дағы қанша мол,
Тең келмейді жалыныңа асқан зор.
Сенің ізің, сенің күшің деп білем,
Қындарға, қырларға барса жол.

ТАНЫСТЫҚ ТАНГОСЫ

Әркімнің жүрген бір арманда,
Асылы, ардағы болады.
Арманға жолығып қалғанда
Жүрегің жиірек соғады.

Той күнгі қуаныш әуені
Құйқылжып тұруы тән болсын.
Билейік, құрбыжан, әуелі
Танысу тангосын.

Мындардың ішінде жалғыз жан
Көңілді өзіне бұрады.
Жанынды сүйсінтіп, таң қылған
Күлкісі сынғырап тұрады.

Аққу-қаз айдында құмартып,
Жұптасып жүзгендей сән болсын.
Билейік буынды бұралтып
Табысу тангосын.

Уақыт зымырап өткесін,
Тойдың да тарқауы заңды ғой.
Кеудемде талпынған пәк сезім
Балапан күйінде қалды ғой.

Жан сырын жеткізіп айтарға
Арада дәнекер ән болсын.
Билейік, құрбыжан, қайтарда
Қоштасу тангосын.

КӨНЕ КҮЙТАБАҚ

Сақталған неше жылдан көне табақ,
Жатталған көкейіме күйі тарап.
Ойнатып ауық-ауық, соқса зауық,
Сыралғы мұндасыма жүрмін санап.

Ескіріп қайран табақ қалса дағы,
Құлаққа таныс әуен – таң самалы.
Әуелеп ұшқан қаздай ала жаздай,
Жанымның биік еді аңсағаны.

Айналып күйтабақпен біз де бірге,
Құрбымен түсіп едік небір күйге.
Бұлдырап жазғы сағым, жастық шағым,
Тосырқап қалғандаймын енді биге.

Болады әр кезеңнің өз талабы,
Кейінгі көп қызықтан көз талады.
Жылдарды жалғастырып, алмастырып,
Арманның айнала бер күйтабағы.

ДАНҒЫЛ КӨПІР

Ағылып жөңкілген қалың нөпір,
Қаз қатар өткізер данғыл көпір.
Көпірдің үстінде көп мәшине,
Сыпайы көрінді, емес дөкір.

Есілдің көркейіп
Бер жағы, ар жағы;
Айқара көмкеріп,
Дәу көпір жалғады.
Жақын ғып екі араны,
Дос қылған екі жағаны,

Көпірдің қызметі
Жаныма жағады.
Жарады көпір, жарады!

Мен жүрмін Есілдің оң жағында,
Сен келе жатырсың сол жағында.
Арада көсілген кең ғой көпір,
Жетсөнші үлгеріп он жарымға.

Есілдің көркейіп
Бер жағы, ар жағы;
Айқара көмкеріп,
Дәу көпір жалғады.
Жақын ғып екі араны,
Дос қылған екі жағаны,
Көпірдің қызметі
Жаныма жағады.
Жарады көпір, жарады!

Жолдағы қозғалыс алты қатар,
Тіршілік ағылсын жылдамдатар.
Алдымен басымыз қосылсын бір,
Өзгесі соңынан бола жатар.

22 наурыз, 2011ж.



ЖАН БІТКЕН ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ТОСАДЫ АЛДАН

Таң сұық,
кешкі аязың одан да әрі,
Даусымның қарлығуы содан-дағы.
Қаусырып етек-женін алды күндер,
Таусылып жылдың қалың календары.

Келері Жаңа жылдың айдан анық,
Қамданып,
құшағын ел жайған анық.
Кім екен сасқалақтап жүрген сонау,
Үлгермей уақытты пайдаланып?

Қалпынан үйреншікті әрең аунар,
Әлі де кездеседі керенаулар.
Омірге қарыздар боп қалғандардан
Жаңа жыл алашағын келе даулар.

Ескі жыл тұғырынан босай түсіп,
Жөнелмек мәңгілікке қош айтсысып.
Жұрт оған жүрдім-бардым қол бұлғайды,
Шулайтын күні кеше тост айтсысып.

Өңкей бір теңбіл көкті тепсіндіріп,
Әбзелін әшекейлеп жексін жігіт.
Пар-парлап,
көсем салған көк керуен,
Күмістен шашу шашып кетсін жүріп.

Сапарын Сахалиннен бастап ала,
Бағытын қойсын түзеп астанаға.
Жөнелсін желдей ескен жеделдікпен,
Жаңалық,
аршындармай, жасқана ма?

Қызықтап Таймыр, Саян өлкелерін,
Балғын жыл бажайласын ел көлемін.
Мұхит пен Тундраның тұнық сырын
Көзіндей көре білсін ең көненің.

Бұрылсын бұғылы жер,
киікті елге,
Көтерсін қорық заңын биіктерге.
Нұрына бейбіт күннің бөленбекен
Қалмасын түкпір қоныс,
тұйық пенде.

Жеткенде жедегабыл таңда бұлар,
Тайгада жол ұзарып қалғаны бар.
Сібірдің орманы мен жолдарының
Келген жыл білсін ара салмағын дәл.

Жан біткен жақсылықты тосады алдын,
Елімде қашшама адам – соншама арман.
Келер күн кемесінен бақыт күтіп,
Баршасы жаңа жылды қоршап алған.

ҚҮНГЕ КҮЙГЕН ОЙЛАР

Күндер

Бұлтты күні жабырқап,
жатып қалам.
Жаманнан қорыққандай.
Ашық күні шамырқап,
шабыттанам.
Жақсыға жолыққандай.

Жұмысшы Құн

Жазғырамыз жалғыз Құнді,
Тілейміз де жаймашуақ.
Ал жұлдыздар сансыз күллі,
Жалғыз түйір пайдасыз-ақ.

Жорамал

Шығар Құннен көз алмайды жұрт.
Батар Құннен көз ойнайды кілт.
Тас төбеде тұрган Құнге бір
Қарауға тік төзе алмайды жұрт.

Шыққан Құн

Көкжиектен көтеріліп жартылай,
Шыққан Құннің шымқай қызыл жалқыны-ай!
Қызғаныштан қанын ішке тартты ма? –
Тұр төбеде сазарыңқы, салқын Ай.

Сапарымның сатысы

Құндер,
құндер – өмірдің баспалдағы,
Көтерілу – көңілдің басты арманы.
Сапарымның сатысы болса шіркін,
Құнге тура жететін аспандағы?!

* * *

Шелектеп құйған жаңбырдан,
Дедектеп жылға жүгірді.

Желіп өтті десек те,
Шөлдеген шөпке бұйырды.

Бұл қалай, жігітім-ау

Бір кезде керемет жігітім-ау,
Өзінен мол еді-ау үмітім-ау;
Жел қайда, ақ желкен арман қайда,
Сен соның бәрін де ұмыттың-ау.

Ағынан жарылу

Аяз құнгі қайындаі – қақ жарылар,
Халайығым дегенде ақ жаным бар.
Өлең болып жарылып жатырмын мен,
Көкірегің – пешіне ап жағындар.

Кім қалай?

Тіршілік базарында тыным болмай,
Отан үшін не көрмедік, ойхой! –
Біреулердің жаны құрбан боп,
Біреулердің жағы тынған жоқ.

* * *

Тұсініп оқи білсе өзі молда,
Құраннан кетер еді безіп онда.
Ақынның Сәбит ибн Сейіт деген
Ақырын тындар едік сөзін сонда.

Келші қалқам, сол жерге,
Сенбесең де, сенсең де.

* * *

Эр адам – бір әлем,
Білгейсің, қымбаттым.
Мысалға, мына мен –
Жүрген бір жұмбақпын.

* * *

Сен ойнайсың, өжетім боп,
Құлағында асаудың.
Саған, бауырым, қажеті жок,
Қолдан құдай жасаудың.

* * *

Мен жүрмін Есілдің жағасында,
Сен жоқсың жанымда жанасуға.
Мен сені күнімен көп ойлаймын,
Сен мені есіңде аласың ба?

* * *

Ақ бәрік, әппақ тонын киген дала,
Даламыз әрі көне, әрі жаңа.
Сөзімнің түп-төркінің түсінерсің,
Қазақша жыл қайыру білсең ғана.

* * *

Сары аяз – өзінше бір әнім, деймін,
Сарыарқа, сайран жерім, сәнім, деймін.
Қазағы қай өлкенің болсаң дағы,
Арқада бас қосындар, бәрің, деймін.

* * *

Тұсken жоқ бар өнерім талқыға әлі,
Жеткен жоқ көп өлеңім халқыма әлі.

* * *

Батып бара жатқан Күннің жалқыны –
Табиғаттың алабөтен алтыны...

* * *

Балғын құрақ, балауса
Желбірейді жалауша.

* * *

Аңсаған алтын шуақ жазым келді,
Жанымның қатпарлары, жазыл енді.

* * *

Бұлғыңғыр аспан мамығы
Қалықтап ұшып кеп жатыр.
Биіктің сәби, ақ ұлы,
Жанымның жақын, жекжаты.

* * *

Дүрсілдеп өмір бойы жүрек, шіркін,
Білмейді тыныстауды бір сәт, бір күн.

* * *

Далақтап, мәз боп барға әзір:
«Даламыз байтақ, кен» дейтін;
Жазғыштар көп-ақ дәл қазір
Әр жағын ойлай бермейтін.

•

* * *

Тура сөйлеп, түзу жүрген жандардың
Тағдыр жүгі ауырлығын аңғардым.

* * *

Пешенеге жазылғаны сол болса,
Қылтың-сылтың мінез қалай тандармын?

* * *

Күн ұзарып келеді, күн ұзарып,
Көңілім де бөлмемдей жылы, жарық..

* * *

Күн суып,
көгала үйрек, қазы қалмай,
Көл сұлық – қайтқан құсқа назы бардай.
Бұлт келіп бұдан жаман тұнеріп тұр,
Жаздайғы сілтеуден бас жазыла алмай.

* * *

Таудың қызық, тасы түгіл, жауыны –
Күртілдеген сүтті бие сауыны.
Күркіреген бұлты да бір қоймайды
Өксіп-өксіп басылғанша мауығы.

* * *

Табыстың қайнар көзісің,
Намыстың қайрағы өзінсің.

* * *

Бағың артқан шағында,
Жапалак салсаң, қаз ілер.
Бағың қайтқан шағында,
Лашын салсаң, аз ілер.

* * *

Көрген жайды жасырмай,
Айту бізге парызды:
Қаптап кеткен машина
Таптап кетер тәрізді.

* * *

Әуелім – құланиек, бозала тан,
Алтын күн арайланған қандай дарқан.

Жаңа күн, әсем әннің жаңғырығын
Естімін Алматыдан, Астанадан.

Жаңа күн, жаңа тірлік, жаңа тыныс,
Оянған жанды-жансыз жаратылыс.

ДАНА ҚАЙНАР

Өмірге келген шағы көктем еді,
Күтегін шуағын көптен елі.
Ескінің тоқын ойып, сенін бұзды –
Күрескер, ойшыл жанның өктем лебі.

* * *

Жұытпас жандай бойға шан
Келеді бірден үн қатқым:

ҚАЙ ЖАҢА ЖЫЛ?

(Соңғы өлеңі)

1

Өзгенің Жаңа жылын
Қарсы алып, тойлап жүрген;
Данғаза қазағымның
Тірлігі ұят мұлдем.

Толтырып бокалдарын,
Жағалай тост айтысып;
Көрдің бе бұлғандауын,
Буыны босай түсіп?

Айнала жарқ-жүрк етіп,
От шашқан гүрсіл кандай.
Жарқылға есі кетіп,
Жан біткен ұмсынғандай.

Қақаған қыс ішінде
Не қылған жаңа жыл ол?..
Әйтеуір жұрт ішуде,
Көбінің білгені сол.

Жаңа деп көктемді айт сен,
Күн көзі елжіреген;
Көктемгі бәктерді айт сен;
Жауқазын желбіреген.

Жаңа күн, Жаңа жылым –
Наурыздың жиырма екісі.
Жан бауырым, жақын інім,
Дәл соны білген кісі.

БАҚҰЛДАСУ

О, менің көкорайлы Көктерегім,
Жаһанда өзіндей жер жоқ дер едім;
Мақпалдай жұмсақ, бұйра топырағына,
Табаным тимей қойды-ау көптен Менін;

Өзінді өлердей мен сагынамын,
Мен көптен ауырамын, ауырладым,
Бәрің де бар болындар, сау болындар,
Орта жүз, Атығайым, Арғындарым.

Бақұл бол, әдемі мен, ақ маңдайлым,
Өмірдің бал ләzzатын берген жарым;
Бұйырса топырағым Астанадан,
Топырақ сал, құда-жекжат, Наймандарым!..

30-мамыр 2011 жыл



АРХАУЛАР

БАҚҰЛДАСУ

О, менің көкорайлы Көктерегім,
Жаһанда өзіндей жер жоқ дер едім;
Мақпалдай жұмсақ, бүйра топырағыңа,
Табаным тимей қойды-ау көптен Менің;

Өзінді өлөрдей мен сағынамын,
Мен көптен ауырамын, ауырладым,
Бәрің де бар болындар, сау болындар,
Орта жұз, Атығайым, Арғындарым.

Бақұл бол, әдемі мен, ақ мандалым,
Өмірдің бал ләззатын берген жарым;
Бүйірса топырағым Астанадан,
Топырақ сал, құда-жекжат, Наймандарым!..

30-мамыр 2011 жыл



АРХАУЛДР

КЕМЕНГЕР

Өзіне дейінгілерден
Өлеңді ғажап байыткан,
Кеменгер ақын,
білем мен,
Келмегендігін ғайыптан.

Зәредей зерек, естінің
Мейірбан алақанында,
Ертегі-жыры ескінің
Қымыздай сіңген қанына.

Шөженің шоқтай жан сырын
Өзгеден жақын тартты анық.
Нағашы жүрттың қалжынын
Тыңдайтын рахаттанып.

Оқудың дәмін татқалы
Кітапта көздің қызығы.
Томсарып ойға батқаны –
Кісідей бейне бұйығы.

Бас қатып хадис-кәламнан,
Телмірген шақта күн ұзын;
Тапты бұл тұнжыр ғаламнан
Шығыстың жеті жүлдізын.

Жүлдіздар жүзген занғардан
Күткендей мәдет-фарияд...
...Данышпан туған жандардан
Атойлап тұрмақ ар-ұят.

Алдырды-ау, әттең,
шашыртып,
Дәрісті тәмамдатпастан;

Орысша жырды шәкіртім
Кеудеге тағар-тақпастан.

Әкімдік жолы әкенің
Шырғаландаңдарға түсірді.
Қисынын тапқыш қапелім
Әккілік сырын түсінді.

Жанынды тұршіктіретін
Жауында қалып дірдектеп,
Арқасын қамшы тілетін,
Кедейдің зары – бір мектеп!..

Тұгесіп болмас бәрісін...
Откелектерін Абайдың.
Ұғынды шындық мәнісін
Үстінде дау мен дамайдың.

Халқымның шешендігінің
Сөздерін біз тоқушы.
Тілімнің есендігінің
Кепілі нағыз окушы!

Лермонтов лебі суынбай,
Жалтылдан «Жалау» жеткені –
Теңіздің жазғы буындей
Шығандап ойдың кеткені.

Абайдың ақыл нұрының
Өнермен жарасқандығы –
Қазақтың ақындығының
Аспанмен таласқандығы.

Мұхиттан бетер ілімнің
Інжуін терген кеменгер!
Абайға жетсін білімің,
«Ақылым артық» демендер...

СӘКЕН ЖЫРЫ

Ақыл қонған, ақын болған қазақтың
Өмір бойы қөксегені – азаттық.
Амангелді сарбаздары атойладап,
Сәкен жырын санамызда маздаттық.

Сәкен жыры – жана дәуір жалауы,
Жалауында – Октябрьдің алауы.
«Асау тұлпар» дүбірлетіп даланы.
Ескен желдей елге жырдың тарауы.

Еркіндіктен екпін алған тың ырғақ –
Тыңдадың ба тұла бойың шымырлап?
Сәкен жырын жатқа білген жастардың
Сөз теруі мүмкін емес жыбырлак.

«Маңайына жан жуытпас тәкаппар,
Шан жуытпас кербез» дейтін лақап бар...
Оқжетпестей оқшаша біткен Сәкеннің
Жөні жоқ қой онды-солды жалпақтар.

Елпен демей кездескенге жолай бір,
Өршіл болу – емес, баурым, онай бұл.
Биік тұғыр ұстанбаған адамның
Өнер құсы шарықтауы негайбыл.

Айдарына қызыл таққан тұлпарым,
Қанаттары қызғылт тартқан сұнқарым.
Сұлулардың есін алған көкемнің
«Тау ішінде» келеді әнін шырқағым!

ШЫНШЫЛ АҒА

(Бейімбет Майлинге)

Қырда туған Би – ағаң
Көреді екен қиядан...
Жазады екен жалықпай,
Сиқыр жасап сиядан.

Таза жүріп күндеңей,
Жаза білді ұндеңей.
Мырқымбай боп атанды
Мұны бірге мың кедей.

Аңыз қылды Шұғаны,
Жұрт көңілінде жүр әлі.
Қолға ұстатып қойғандай
Бола алмайсың шүбәлі.

Айтып өтті турадан
Ойдағысын бұл ағаң.
Осы деуге келеді
Шыншыл болса бір адам.

ЕЛІН, ЖЕРІН ҚОРҒАҒАН

(Жұмабек Тәшиеновке)

Сары Арқа,
Сағым ойнап құба белі,
Тағдыры қыл ұстінде тұрган еді.
Бір өзі қеудесімен қорғап қалған,
Қазақтың жүрек жұтқан Жұмабегі!!

Кезінде небір жөнсіз дау-дамайдың,
Өз елі, өз жерінде асқан айбын.

Қашанда қазақ жерін қорғай білген,
Ұрпағы Қанжығалы Бөгенбайдың.

Аныз ғып өлеңмен айт, әуенмен айт,
Жігіттер, есте жүрсін мына бір жәйт:
«Қазақтың еңбір өжет Батыры» деп,
Әспептеп айттар болсан, Тәшеновті айт!!

ЖАН БАБАМ

Атың сенің әйгілі, Жамбыл Жабай,
Әнге қостым атынды Алатаудай.
Сусар бәркін, көңілімде жүр ғой көркің
Саған тартып, мен қайтем, өнер кумай.
Угай-угай, әй, угай, угай-угай.

Кешір, баба, дей берсем, Жамбыл Жабай,
Күмбірлесін дүние домбырадай.
Қанша қыын дегенмен қазір заман,
Жүре алмайды бұл қазақ той тойламай.

Біреуге – төр, біреуге – орын жетпей,
Жүре алмаймыз біреуді өкпелетпей.
Үнсіз қалу әйтсе де жөн бола ма,
Абайдан соң Жамбыл деп дүрілдетпей.

Жетісудың перзенті – Жамбыл Жабай,
Мәңгі биік мәртебен Алатаудай.
Егін болып көктейді, керім болып,
Жамбыл Жабай дейтін кез әлі талай.
Угай-угай, әй, угай, угай-угай.

ҒАЖАП АДАМ

(Габит Мұсіреповке)

Үстінде қылау тұрмас қылап кісі,
Қашанда қалыбында бипаз ғана,
Ұнатып, келсе өзінің ұнатқысы,
Көзіне іле бермес жиһазды ана.

Сырдай ғып сирек айтар кәміл ойын,
Оған жат өсек, ғайбат, сырттан егес:
Түсірмей ғұмырда өз абыройын,
Басқаның бетін бекер жыртқан емес.

«Ру» деп ұрындырып, жұлқыстырмай,
Сипатын сынай сүйген ұлтымыздын.
Астарлы сөз орамы күміс қынданай,
Ұстайды лыпылдатып күлкі жүзін.

Паң тартып, небір дәйге мойын бұрмай,
Дұмбілез, данғойларға қабақ бермес.
Сезді еken селт еткізер ойын қылдай, –
Жассынып, жатсынбайды талапкерді еш.

Сақтанып салақтықтан, халтурадан,
Қояды әлсін-әлі пікір толғап.
Ашынып айтқанда сын ал турадан. –
Сезесің темір қысқыш, кірпі қолғап.

Өнердің шынын алған үлкен шынар,
Ұната бермес әлі мақтағанды.
Той былай, толғанып ол журген шығар,
Рәсім, тәртібіне мәттағам-ды.

Ту етіп туған жүрттың ар-намысын,
Әр сөзді жанын қинап жазар әман.

Даланың дара біткен ардағы шын,
Біздің бұл Ғабең деген – ғажап адам.

ПАРАСАТЫ МОЛ ЕДІ...

(Мұқсан Иманжсанов туралы)

«Жұзі жылы, жүректен күлетін ер,
Талаптыға мейірімін төгетін ер.
Парасаты мол еді, пандығы жоқ»—
Деп жүр Оны бір кезде білетін ел.

Ойлай қалсаң, ол өзі түсінікті,
Қолдан жасай алмайсың кіслікті.
Қайтсін шала бүлініп ақылды жан.
Іші сезіп тұрған соң ісін мықты.

Кішіпейіл кісі бол жүретіндер –
Ірілігін өзінің білетіндер.
Ол біреуге жасаған жақсылығын,
Қарыз емес, Парызым, Міндетім, дер.

ҚЫЛ ҚАЛАМ ШЕБЕРІ

(Айша Фалымбаевага)

Қыл қаламның ұшынан
Қиял құсын ұшырған.
Кескіндегіш өнерге
Жастайынан құлшынған.

«Сары көйлек киген» ол,
Қара шашын түйген ол,
«Қызыл шәйнек», «Дәмді шай»
Бөлейтіндей күйге мол.

Майлы бояу, ақ кенеп,
Үйлесімге бап керек.
Тұрлі-тұрлі реңмен
Тұрленеді бақ кенет.

Нарттай толық алманы
Қандай оңды салғаны.
Дәмділік пен сәнділік –
Айша тәтей арманы.

ШӘКЕН АҒА

Күмбір-күмбір ой мен қыр, бүкіл дала,
Күмбірлеп тұр дүние, бермен қара!
Шәкен аға төске өрлеп келе жатыр,
Екі Муза қастерлеп екеуара.

Шіркін, сахна – сағыныш айықпаған,
Неткен өжет кинодан қаймықпаған.
Аққан жұлдыз тәрізді аяулымыз,
Әспеттеуге, әрине, лайықты адам.

Қалың қазақ, барша жұрт-көрермені,
Туған елі сүйсінген көп еңбегі.
Халқымызға қадірлі Шәкен аға,
Шынға келсек, өнердің кеменгери,

Іштей егес, бәсеке – он мен солы,
Оңай емес кімге де өнер жолы.
Елестейді біздерге дәйім сонау
Мерейлі сәт құшагы гүлге толы.

«Тебіренткен ойнымен елден ерен,
Актер кім?» деп сұрайды ел кейде менен.
Еске сонда тұсаді Шәкен аға
Ақан сері зердесін бейнелеген.

Веронадаи келгендей жаңа ғана,
Еркіндең сабазың жайдарлана.
Бас білгізіп, асауға тұсау салған,
Өктем бекзат қайда сол, қайран аға!?

Сіз ойнаған кинода Жамбыл ақын,
Көзге жылы, көңілге сондай жақын...
... Аныз болып жетеді кейінгіге,
Ашық-жарқын, ойнақы жүрген қалпың.

Үлкеннің де кішінің әр кез досы,
Еркелеуің өмірге, бәлкім, осы.
Қызғаныштан өртеніп жалын құшқан,
Қайталанбас қазақтың Отеллосы!

Тақиялы періштең үйленбесе,
Құледі жұрт, Тайлақ деп әсірепе.
Әзіл-қалжын, қулыққа бейім аға,
Өсе келе болдыңыз Алдар Көсе.

Тіршіліктің сеземіз дәмін кермек,
Жанға тыным бермейді әбігерлеп.
Күмбірлеп тұр дүние: Шәкен аға –
Нағыз біздің сүйікті дәрігер! – деп.



БІЗДІҢ БЕЛЬГЕР

(Карл Фридриховичке)

Соғыс кезі,

Тап болған соң дауылға,
Ауып келген бір үй біздің ауылға.
Не көрсе де, бірге көрді елменен,
Бірге көніп, бірдей төзіп ауырға.

Ұзынтыра, үлкен неміс, әбігер,
Он ауылға – жалғыз ғана дәрігер.
Жұрттың оған үйренгені соншалық,
Бельгер деуші ед дәрігердің бәрін ел.

Есім көрші, Бекім көрші өбектеп,
Айран-сүтін берді көптең, көмектеп.
Біздің жақтың кісілері әйтеуір
Бельгер үйін көрген емес бөлектеп.

Сол кісінің Гера деген баласы,
Үлкендерге үйірсегін қарашы!
Өнді жирен, өзі жиен секілді,
Ешкім оған болмаса да нағашы.

Омар-Қоспан құдай қосқан екі жан,
Екеуінің жалғыз ұлы Ібіжан.
Ібіжанның досы болған Гераның
Қазақ бола бастауда осыдан.

Әркімнің де итшанасы бар үйде,
Шаңғы біте бермейтүғын әр үйге.
Елден бұрын дөңге шыққан екі дос
Өзгелерге жеткізбейтін, әрине.

Көбік қарда көсілдіріп шаңғымен,
Шоқ қайыңды шыр айналмақ алдымен.

Сарыбелге, Саздығашқа тартады
Бірін бірі қуалаған қалпымен.

Тасөткелге, Теренсайға барыпты,
Күнұзаққа сансыз шимай салыпты.
Сары аязды сезбей қалған Гераңыз
Тобық майын тоңазытып алыпты.

Содан екен сырғанаққа келмеуі,
Ібіжанға, Темешке де ермеуі.
Үйден қыстай шығармады Гераңы
Әкесінің күндіз-түні емдеуі.

Көпке дейін көшениң бұл сағынып,
Кітап оқып отыратын сарылып.
Жастайынан бойға біткен жақсы әдет,
Көп оқудан көрген емес жалығып.

Сол оқудың жететіндей түбіне,
Бас алмастан жүрді шәкірт күнінде.
«Әр бейнеттің бір зейнеті бар» десек,
Одан өткен олжалау жоқ бүгінде.

Абай жырын, Мұхтар сөзін жаттаған,
Тілімізге аса жүрік ақтабан.
Әкесінің үміті мен сенімін
Біздің Герольд толығымен ақтаған.

Тынымы жоқ өмір шіркін-желмая,
Егде тартты Гера менен Рая.
Екеуіне ғұмыр бер, деп тілейміз,
О, жасаған, о, тәнірім, құдая!!!

ӨМІРДІҢ МАЗДАҚ ШОҒЫНАН

(Саги Жиенбаевқа)

Қарлығаш болып келдің сен,
Қазақтың өлең көгіне.
Даланың гүлін тердің сен,
Ұсынып көңіл төріне.

Қырға да Сырға тараптады,
Ақерке, самал жырларын.
Данғайыр ақын санаулы
Санаға құйған жыр нәрін.

Жеткізбей іңкәр дүние,
Биікте – жарық жүлдyzдар.
Назқоныр құлақ қүйіне
Құмартып жүрген ұл-қызы бар.

Айың бір туып оңынан,
Отырған сәтте күбірлеп;
Өмірдің маздақ шоғынан
Алғайсың, жанға жылы леп.

ӘНШІ ҰСТАЗ

(Кәләу Тайжановқа)

Ән салғыш ұстаз қайда, Кәке, сіздей,
Сүюші ек әнің үшін әкеміздей.
Тырп етпей тыңдар еді шәкірт біткен,
Шырқатып жүрмейсіз ғой, эттен, үзбей.

Теңіздің муссонындай гуілдетіп,
Мұхиттың «Айдайына» үнің жетік.

Оюшы ең ойсыз берік тәбелерін,
Қоюшы ең ку баланы құлімдепіп.

Шалдардың жүрген сізді сайтан санап,
Шаңдағын қағушы едің айқай сап-ақ.
«Үйірін қысырақтың» иіргендей
Безілдер еіздің қолда, пай-пай, шанақ.

Біздерді баласынып бәлсінбекен,
Ән салса, өзіндей жүрт салсын дер ем.
Бармысың бабында сол, қайран Кәке,
Өнердің шау тартқанын шашу көрем.

1964 ж.

АКАДЕМИК КЕНЖЕГАЛИ САҒАДИЕВКЕ

Кенжеке, Сіз туған ай – ақпан екен,
Дүние кіршігі жоқ, әппақ екен.
Ақ боран, сары аяздан жаралғандай,
Сізге тән тазалықты мақтан етем.

Басталған Шөптікөлден алғашқы жол,
Ұшырған алтын ұяң – Әулие көл.
Сіз бүгін – үлкен бастық, ұстаз-ғалым,
Сый-құрмет Сізге деген, әрине, мол.

Әрдайым үздік оқып, болған озат,
Мандайың жарқыраған мықты қазақ.
Алтын дән, аса күшті, жаңа бидай,
Бидайдың – «Кенжегали» – аты ғажап.

Жастардың ізденісін қолдап, демеп,
Жақсыны тани білген көңлің зерек.
Көп созбай, мәселені бірден шешкен,
Сізге тән іскерлікті айту керек.

Ер көніл қуанады кейде шалқып,
Кісіге сондай қымбат сол бір уақыт.
Жүргенде білім қуып, билік құрып,
Үш ұлға әке болу – ұлken бақыт!

Алпысқа келген күні ағатайым,
Тиегін мактау сөздің ағытайын.
Кенжеке, кербез күліп төрлетіңіз,
Жанында – сүйген жарын, Нағытайын.

Коршаған Сізді айнала студенттер,
Жайрандал, жастық шақтың күйін шертер.
Әлі де Сізге қарап күлімдейді,
Әдемі аспирант қызы, келіншектер.

Той десе, кім шыдайды, елең етпей,
Тілейміз: жетпіске де еркін жеткей!
Кенжекең – шын мәнінде академик,
Ардақтап, құрметтейміз кереметтей!!

АБЗАЛ ЖАН

Аспанда – Ай болады, Күн болады,
Баурайы Алатаудың гүл болады.
Әспеттеп, Кенжекенді гүлге бөлеп,
Куансақ, нұр үстіне нұр болады.

Арманын кеудесінде аялаған,
Ел үшін еш нәрседен аянбаған.
«Заманың қыын болса, түйғын бол» деп,
Жастарды жаңа өмірге даярлаған.

Абзал жан, аскар таудай дәрежесі,
Біздерге орасан зор өнегесі.
Жүргені – отқа түсіп, күйіп-жанып,
Елімнің көгерсін деп көсегесі.

Білімнің өткір қойып мәселесін,
Тосыннан табады әр кез дұрыс шешім.
Ұрышықтай үйіргені есімізде
Ғылымның ұланғайыр мекемесін.

Қолдайды бар қазақтың баласын бұл,
Үлкенмен, кішімен де санасып жүр.
Кенжекең кең далаға өзі орнатты,
Әлемдік жаңа ғылым саласын бір.

Кенседе құнде – жиын, құнде – кеңес,
Толғанып отырғаның ертелі-кеш.
Кенжеке, мерейтойың құтты болсын,
Алпыс жас – азаматқа биік белес.

Шеберсіз жұрттың бәрін ойлантуға,
Құмарсыз оку орнын жаңартуға.
Сан жылдар Сіз басқарып, тұрлендірген,
Үш бірдей университет соган куә.

Жас ұрпақ сүйсінгендей тұлғасына,
Кенжекең – кеменгер жан, расында.
Бизнесмен, менеджерге – оқы, деді,
Қазақтың рухани мұрасын да.

Жақсының жақсылығын көп айтамыз,
Басшының нұры тассын, деп айтамыз.
Бір мезгіл Кенжекендей бола білсек,
Тәуелсіз елімізді нығайтамыз.

Туады – ақпаннан соң наурыз, сәуір,
Болады бүгіннен де ертең тәуір.
Алпысқа жаңа келген Кенжекеннің
Алдында – жаңа ғасыр, жаңа дәуір.

Жылдың Сіздің, дейміз, сірә, барыс
Тілейміз жаңа бақыт, жаңа табыс.

Жайқалған Қостанайдың егініндей
Жастардың ортасында көп жасаңыз!!

АКАДЕМИК ҚАНАШ БЕЛГІБАЕВҚА

Тынымсыз өмір күйін шерткен аға,
Аянбай, маңдай терін төккен аға.
Бак-дәулет, атақ-данқ, абырайдың,
Бәріне өз қолыңмен жеткен аға.

Ұл-қызың, бірі зерек, бірі зия,
Фылымның ордасында – сіздің ұя.
Немере, жиендерің жиналғанда,
Аумаған халықаралық академия.

Алмайды жақсылардың бойын ызғар,
Айтатын жарқын-жарқын ойыңыз бар.
Аспирант келіншектер көз тастайтын,
Ер тұлға, еңгезердей бойыңыз бар.

Жастарға жаның адап, көңілің таза,
Болады Сізді қалай мақтаса да.
Қазақтың ән мен күйін сүйіп тындал,
Жасай бер ортамызда, Қанаш аға!!!

АКАДЕМИК СӘБИТ БАЙЗАҚҰЛЫНА

Көктемде желбірейді өмір гүлі,
Жағалай төгіледі күннін нұры.
Наурызда дүниеге келген екен,
Қымбаттың біздің Сәбит Байзақұлы!

Асыл жан, абырайлы туған елге,
Нәзік жан елжірейтін самал желге.
Алқынбай, емін-еркін шыққан кезің,
Мерейлі алпыс дейтін аскар белге.

Аяулы бәрімізге оқу орны,
Көп жылдар өзінізге құтты болды.
Сүйсініп сөзініз бер ісінізге,
Тұлғанды көрген жанның көңілі толды.

Қазактың тәлім алған талай жасы,
Білімнің аграрлық ақ ордасы
Ғылымда Сіз көркейткен көк күмбездің
Қалаңған дәл осында ірgetасы.

Кезінде түлеп ұшқан еркін, азат,
Орман деп ой толғаған Сіз бір қазақ.
Құлашты кеңге сілтеп, кесілдіңіз,
Шын жүйрік шапқан сайын баурын жазад.

Өзекті ойларыңыз ең бір ізгі,
Жемісін беріп жатыр жазғы, күзгі.
Мыңдаған шәкіртіңіз – ел ішінде,
Жайқалған жасыл орман, деймін, Сізді.

Болса да шаруаныз күнде тығыз,
Ізденіс зерттеуіңіз Сіздің нығыз.
Ғылымның екі бірдей ордасында
Айтулы академик атандыңыз.

Орысша, қазақшаға бірдей жетік,
Кім жазар Сізден шебер, мөлдіретіп?!
Өнерге құмарланып жүргеніңіз,
Фажайып музыканы тыңдал, елтіп!

Жақсының жақсылығын айтады елі,
Сәбенің елі қандай байтақ еді.
Жайқалып жапырағың көркейе бер,
Байзақов әuletінің бәйтерегі!!!

АРҒЫНҒАЗЫ ЕГЕУБАЕВҚА

Өмірдің бүгін – көктем, ертең – жазы,
Тойына шақырғанға – ел разы.
Мерейлі туған күнің құтты болсын,
Алпысқа жаңа келген Арғынғазы!

Ең алғаш тіке тұрып, тәй-тәй басқан,
Ауылыңның аты – Тұңғыш, мөлдір аспан.
Әйгілі Қоржынкөлдің түлегісін,
Окуға белін буған бала жастан.

Талпынып, талмай іздеу әрдайым да,
Жазылған пешенене, маңдайыңа.
Сен сонау Қостанайдан келдің жетіп,
Алматыға – Алатау баурайына.

Жастарға мәуесі мол жасыл бақтың,
Жайлauу тартты сені Зоовет жақтың.
«Мөлшерлеп азықтандыр әр малды» деп,
Ғылымнан өз жолынды ерте таптың.

Мәртебе, дәреженді өсіріп бір,
Мұрша жоқ көп сөйлеуге көсіліп бір.
Азығын малдың дәйім ойлайтыңың,
Қазының дәмінен-ақ сезіліп тұр.

Жоғары мектебінде фермерлердің,
Мындаған кәсіпкерге білім бердің.
Тындырған небір істі жәйлап қана,
Өзінді жан адамға теңгермедім.

Дегендер: «фермерлікке ауысайын»,
Көбейіп келе жатыр ауыл сайын.
Сен жазған әдістеме-нұсқаулардың,
Мен қалай бәрін айтып тауысайын?!

Ұшқындал жанарынан ізгі бір ой,
Сүйсінтер аса сұнғақ, көрнекті бой.
Баяғы студенттік құрылыстарда
Талай қыз деууші еді ғой: – Аргин, ты мой!

Арайлап тіршіліктің алтын таңы,
Жас дәурен, уа, дариға, сағынтаңы.
Көзіңнің қарасынан айналайын,
Кеп қыздан таңдан алған Зағипаны.

Динараң – жарық жүлдyz, теледидар,
Еркесі Зағипаның – Айгүл, Айдар.
Қызығын балалардың бірге көріп,
Екеуің жазғы ормандай жайқалындар!

Тойыңа келдім осы бір өлеңмен,
Сыйлыққа бұдан артық не берем мен?
Көркейіп жүруінді тілеймін тек,
Жетпісте – жеті бірдей немеренмен!

Өмірдің бүгін – көктем, ертең – жазы,
Тілегім қабыл болса, мен ыразы.
Толысқан ойың кемел, бойың/бiiк,
Жасай бер, адал жүрек, Арғынғазы!!!

2001 ж.

СІЗГЕ ҚҰРМЕТ, ЖЕЗДЕ

(Серікбай Бисетаевқа)

Желтоқсанда туған,
Қар бораған кездे.
Қантар бойы думан,
Құтты болсын, Жезде!

Келдің Жетпіс жасқа,
Кәрілікті сезбей.
Тәтемізге ласка –
Өзініз гой, Жездей!

Сәке, Сәке, деп жур,
Тәтем Сізді везде;
Әлі көп жыл, көп жыл,
Жасай берші, Жезде!

Тілек айтып лезде,
Еркелейді балдыз.
Тойыңызда, Жезде,
Би билеуге бармыз.

Желтоқсан, 2009 –
қаңтар, 2010.
Астана – Қостанай.

ЖУРЕКЖАРДЫ ТІЛЕК

(қайнагам Қазан Алғожинге)

Қазеке, биылғы күз, осы бүгін,
Айтулы, алпыс жасқа келген күнің.
Торқалы тойыңызға тартуым бұл,
Ұсынған өз кеудемнен өлең-гүлім.

Ауылдың адап ұлы – Сіздей жанды,
Ардақтап, құрмет тұтып, сыйлау занды.
Дәл Сізге күйеу бала етті тәңрім,
Алты жас Сізден үлкен мендей шалды.

«Елге бар, оқы, – деді әдемі өлең»,
Әйелім айтса, бітті, бірден көнем.

Болғанға Қазинадай қарындастын,
Мен Сізді әсіресе жақсы көрем.

Аялап туған жерді әуел бастан,
Еңбекке жас күніңен араласқан.
Кеңсөніз, мекемеңіз болды Сіздің –
Кең дала, егінді алқап, ашық аспан.

Кеш жатып, ерте тұрып, ерінбей-ак,
Жұмыстан көрген жоқсыз жанынды аяп.
Дәулетін еліміздің еселедің,
Өзіңе дүние-мұлік жинамай-ак.

Айнала темір-терсек, шақыр-шұқыр,
Сырғауыл сынып жатыр сатыр-сұтыр.
Бір нәрсе көңлінізге жақпай қалса,
Мінезің наизағайдай шатыр-шұтыр.

Дүрілдеп бара жатыр той біртінде,
Күлімдеп, қошеметтеу – бізге міндег.
Жасынан еркелеткен Меруерт жеңген,
Атынды тауып қойған: «Тентегім» деп.

Әсем ат жеңешеніз қоя білед,
Тентек пе, жоқ па – оны Зоя білед.
Бикеш пен Күләш – екі жеңген,
Думандап, осы тойда ойнап-құлед.

Әкеніз – Әлгожаның Сәдуақасы;
Шешеніз – Тәуіrbайдың Шәмшиясы.
Бұл күнде: Қазан аға, дейді Сізді,
Ауылдың үлкен-кіші, кәрі-жасы.

Ер жеткен ұлдарың бар, қыздарың бар,
Асанжан, Айданадай немерен – бал.
Ағайын-туғандарың келіп отыр,
Қазан мен Зураш болып қуанындар.

Бұл тойдың өзге тойдан орны басқа,
Ардақты Қазан аға – 60 жаста!
Шарабы қуаныштың сыйғырасын,
Шырқатып шаттық әнін, кәне, баста!

*Алматы – Қызылжар,
9 – 10 қазан, 2003 жыл.*

АМАНГЕЛДІ МЫРЗАҒА!

(Ермегиевке)

Есіміңіз әйгілі – Амангелді,
Жалт қаратар барша жұрт, тәмам елді;
Өркендеу бар мәдени құрылыстарда,
Дәуірлейтін Сіздерге заман келді.

Өнерліге әрдайым көңіл ауып,
Қайда жүрсін, әманда іздел тауып;
Хан көтеріп қашанда, әспеттейсіз,
Иығына оқалы шапан жауып.

Ақынды да, Әбеке, ардақтайсыз,
Сол үшін де Сізді біз мадақтаймыз;
Қолтығынан демеп бір жіберетін,
Біздерге Сіз кәдімгі балдақтайсыз.

Аскан мырза, Атымтай жомарт десек;
Сіздің қолда мол қаржы, алар көсеп;
Демеушілік жасайтын Ақындарға,
Арғы атаңыз Арқада – Қаракесек!

ҚОҢЫРБЕК ҚҰДАМЫЗҒА

Осынау той-думанның төріндегі,
Асыл жаң – асқар таудай көрінеді.
Ақсайда думандатқан бұл кім, десем,
Кәдімгі Сагымбайдың Қоңырбекі!

Ағайын-туғандарын шақырғасын,
Құдамыз қалдырмайды құдашасын.
Алатау, Алматыны құмбірлетіп,
Құдамыз тойлап жатыр жетпіс жасын.

Ақсуат, арғы тегің – Найманым-ау,
Той күні бір кәдене жарадым-ау.
Тойынды дүрілдетіп өткізетін
Өзінің Болатың мен Галяң мынау.

Қанатын кенге жайған жанұяңыз,
Он балаң – айдын-шалқар дарияңыз.
Біз Сізге сондықтан да еркелейміз,
Баршаға қадірменді қариямыз.

Жасында талай қызға болдың ғашық,
Барады ақша бұлттар таудан асып.
«Қызығы жетпіс бірдің осы екен» деп,
Отырың әйбішеңмен құшा�қтасып.

Жарасып Қызыл қайың, Ақ қайыңмен,
Тойында, ахай, Семей, шырқайын мен.
Балалар бас-басына кетеді ғой.
Оңаша сүйісе бер Күлтайыңмен!

Үлкендер жастық шағын аңсай берсін,
Жұлдыздар, немерелер самсай берсін.
Жетпістің бигіне шығып алып,
Құдамыз әлі де көп жасай берсін!

АСҚАРАЛЫ АЛПЫС

Аз емес сөйлеушілер бүгін мұнда,
Ағайын, бір кішкене сөзім тыңда.
Біздерді қуанышқа бөлеп отыр,
Алпыстың биігінде – Жеңіс құда!

Жеңістің ойы қандай, бойы қандай,
Көркіне көңіл бірден тойынғандай.
Гүілдеп мейрамхана «Алтын адам»,
Дүрілдеп өтіп жатқан тойы қандай?

Асыл жан қошеметке басын иіп,
Сәт сайын түрленіп тұр шапан киіп.
Атанған профессор ғалым-ұстаз,
Көп жылға мол еңбегін айтсақ түйіп.

Ешкімге сұлу мұртың едіреймей,
Алпысқа келу деген – ұлken мерей.
Еркіндең жетпіске де жеткейсің сен,
Аймалап Құралайды күн-тұн демей.

Шомылың мұздай суға дірілдесе,
Құшакта құдағиды әсіресе.
Әйтеуір сол кісімен тату болғай,
Қарның тоқ, жаның тыныш жүргің келсе.

Олжастың кішкентайы жаныңа ерсін,
Әлияң құлім қағып, қасын керсін.
Тәнірден тілейтінім, саған, баурым,
Әкең мен Әби ағаң жасын берсін!!!

2004 ж.

ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНДАҒЫ АРУЛАРГА

(әсiресе *Ибада мен Шарипага*)

Қол жётпейтін шынарымыз – өздерін,
Қол ұстасқан сыңарымыз – өздерін.
Құтты болсын Сегізінші наурызын,
Жыл он екі ай құмарымыз – өздерін.

Өмірімнің көктемі де, жазы да,
Маған біткен жалғыз әйел – Қазина.
Бір кішкене дәм апарса, мақтаңдар,
Вискийнің дәмін татып азғана.

Әзілдесіп, қалжындастып, ойнандар,
Әкелгенін азырқанбай, тойландар.
Шарабына тоймай қалған секілді,
Мерекенің қызығына тоймандар!!!



БАЙҚАУСЫЗДА БАРЫП ҚҰШ

Кеудем толы, кернеді оны сағыныш,
Өлең-досым, өзің елге алып ұш.
Думандатып жүрген жерден Дулатты
Байқаусыздың барып құш.

Жалт қарасын, жабыссын кеп мойныңа,
Әлде тіпті аңтарылып қала ма?
Ұқсатары, ұқсатпасын біле алмай:
«Өзің бе, деп, ой, аға?!».

Ерік бермей, ертіп ал да жаныңа,
Апар ана Тасөткелдің жарына.
«Қармақ сабы қайда екен де, былтырғы?»
Қарасын жан-жағына.

Ал өзіңе, дәл көзіңе қаратпа,
Ойландырма, жай жүруін жаратпа.
«Мін шанаға, Мыңшұңқырға кеттік» де,
Қақ божыны Қара атқа!

Ол жануар ордаң-ордаң желгенде,
Гулей ала жөнеледі жел демде.
Құлынымның құлақшының байлап бер,
Танауын сұрт, жеркенбе.

«Анау қайсы, мынау не?» деп, жоқшыдай,
Отыратын ой-шұқырды ол сұрай.
Сенсін саған, сен де ерінбей таныстыр,
Ел мен жерді жолшыбай.

Аттың үстін айналдырып ақ буға,
Қайқаңдатып Қаражарға тарт тұра.
Тогай іші толастаған кезде жел
Қосылыңдар «Аққұмға».

Беттегенде Басағаштың баурына,
Күн еңкейіп, еқіндіге ауды ма?
Ендеше бүр Қөктерекке ат басын –
Нағашыбай аулына.

Елге қарай ентелетіп айда кеп,
Теренсайға құлдиларда байқа тек.
Әй, сол жерде сұрамаса, не қылсын:
«Ағам менің қайда?»

Күні бойы құлген болып жүргені –
Оның дағы бірдеңіні білгені.
Әйтпегенде танымай қап ағасын,
Жаңыла ма мұлде іні.

Ұмытқаны болар еді, алданса,
Сағынғаны-ау, сені мен деп малданса.
Сен онымен жүре тұршы жұптасып,
Қашан өзім барғанша.

Кеудем толы, кернеді оны сағыныш,
Өлең – досым, өзің елге алып үш.
Думандатып жүрген жерден Дулатты
Байқаусызыда барып құш!



МЕҢТАЙ ДОСТЫҚ МЕРЕЙІ

(актер Ментай Отепбергеновке)

Жұлдызың жарқыраған өнерлі дос,
Ақ тілек, әзіл сөзге құлағың тос.
Туған күн, думан тойың құтты болсын,
Елуге жаңа келген молокосос.

Әлі жас, әжімі жоқ екі бетің,
Ойнайды білеуленіп бұлшық етің.
Жараған бауырынан бәйге атындарай,
Құпия бар секілді құдіретің.

Бикешті жәукемдеген жапон мырза,
Керемет өнеріңе жаным ырза.
Дүние қыз-қыз қайнап кетер еді,
Жігіттің бәрі сендей жайнап тұрса.

Уақыт зымырайды, тыным бар ма,
Елу жас – биік белес, ұғынғанға.
Елуге биыл келіп қалғанынды,
Білдірмеу керек еді сұлуларға.

Әуелден қадірінді біледі Айша,
Жанында бұландаған асау тайша.
Бақытың балдан тәтті сол емес пе,
Алыстан келгенінде құшақ жайса.

Кос қанат, екеу екен ұлың сенің,
Сол деймін – үлкен үміт, үлкен сенім.
Алпысқа, жетпіске де жеткейсің сен,
Күнде той, думан болып жүрген жерін.

Сөзімнің басы қызық, соңы даулы,
Әзілдеп, қалжындауға көнілім ауды:

Келсөң де сексен бескө сен ұмытпа,
Өзіңнің әйеліне қырындауды.

Өнерің жүлдyzға тең жарқыраған,
Алдында – әдемі күн, арайлы таң.
Сол үшін, Ментай достың мерейі үшін,
К чөрту, дәл осыны ішпеген жан.



МОЛДАУЛАН

ОНЫҢ ӨЗІ – ПОЭЗИЯ

(Сәкен Сейфуллинге)

Тендік ізденеп жүргендерге
Берген көмек, ақыл-кенес.
Қалың елге, жұмыскерге
Киянаты болған емес.

Сусар бөркін сәнмен киген,
Әрі кербез, әрі зия.
Ажар-көркі сүйсіндірген
Оның өзі – поэзия.

Серуендең жүрген кезі,
Сейіл құрып, жәйлап басып.
Сәкен емес, қыздар өзі
Өліп-өшіп болған ғашық.

Отжалаңға төніп келген
Кек көбелек аруларға,
Қомағайлық көрсетпеген,
Асыл туған абзал аға.

Сыңар аққу көлге қонған,
Мұнаяды жалғызырап.
Ойлы Сәкен, бәлкім, оған
Тұрды қарап ұзағырақ.

Қайда сонау ерік-жігер,
Асау тұлпар арқыраған?!
Ел жүдесе, бірге жүдер,
Елін сүйген ақын адам.

Шер тарқатып сөйлесуге
Қызыл атты сөзге тартты...

...Бұлт үйіріліп тәбесіне,
Қатер төніп келе жатты.

Жазығы жок, кінәсіз ер,
Қыл үстінде, әттең, міне.
Тұн жамылған ұн деместер
Әкетті ұстап Сәкенді де.

Өңкей жендет дік-дік етіп,
Күнде – тергеу, күнде – қинау.
Көз ілдірмей, діңкілдетіп,
Тік тұрғызыу – сұмдық мынау.

Он үш тәулік тіл қатпаған,
Жан түршігер көрсе де азап.
Тістеніп ап, міз бақпаған,
Асқақ ақын, қайсар қазақ.

Өлім құшып, орға құлап,
Қырық төртінде көз жұмған ол.
Елестейді бізге бірақ,
Әр, тәкәппар күйінде сол!..

Элі күнге кекірегімде
Айықпаған шерлі мұным.
– Қайран Сәкен! – дегенімде,
Қарлығыңқы шығады үнім.

Сары Арқадан тұлеп ұшқан
Бір кездегі қызыл сұңқар.
Не десе де дос пен дұшпан,
Бір өзіне болдым іңкәр.

Кеудемізде жаңғырыққан,
«Тау ішінде» – ғажап әні.

Өз перзентін жанмен ұққан,
Туған елі шырқайды әлі.

Сәкен – біздің еліміздің
Жаңа өмірді армандауы;
Рухайи дүниеміздің
Кербез сұлу Көкшетауы!!

ТҮРАР РЫСҚҰЛОВ

Болар ма жанашырылық сірә бұлай!
Кешегі құйын заман ылаңы-ай.
Құмыққан қойнауынан тарихымның
Сыр тартсам салады еске Тұрарым ой.

Заманы салар әр кез ұланына ой,
Әділет көтермеген шын әлі бой.
Кезде сол, ТүрікЦИК-тің қақ төрінен
Қаймықпай тұғыр тепкен Тұрарым-ай!..

Меркені мекен еткен қыраны ғой
Қырандар келешектің ұраны ғой.
Қансоқта ел арманын жалау еткен,
Жатырсың қай қойнауда Тұрарым-ай!

Халқыңың қабағынан мұң арылмай
Жатқанын сезген есті қыраным-ай...
Қазағым деп жүргенде қапы кеткен
Бір туар, бейіті жоқ шынарым-ай.

Кешегі кер заманның ылаңын-ай,
Ұйытқыр деп кім ойлаған сірә былай,
Шыққанда шырқау шыңға, топшысына
Тас тиген қылыш қанат қыраным-ай!..

Кетпейді көкейімнен, сірә, бір ой,
Арманға қол арту да бір абырой.

ДЕГДАР

Манғаз деуге келер,
Биязы да тарпаң;
Қара сөзге шебер,
Ақын еді Тахаң.

Өмірде де кербез,
Өнерде де кербез.
Көзқарасы дербес,
Дегдар еді-ау әр кез...

Шалқар десе, Шалқар,
Кең өлкеде туған.
Ізгілікке іңкәр,
Жастай білім қуған.

Кекжиегі жана,
Ол тілейді – өріс.
Он сегізде ғана
Басталғанда соғыс.

Шіркін, сол бір дәурен,
Өршіл, асқақ кезі;
Айқасуға жаумен
Сұраныпты өзі.

Соғысқа да кірді,
Жүрек мұздап, ысып,
Өлімді де көрді,
Шіміркене түсіп.

Үрейленбей онша,
Кекейіне түйді.
Өмірді де сонша
Жан-тәнімен сүйді.

Келді жауын жеңіп,
Қуансын, деп, Елі.
Дегеніне берік,
Ол майдангер еді.

Сондықтан ба деймін,
(Көрген құқай аздай)
Қиналғаны кейін –
Жеңіл-желпі жазбай.

Дала сырын шертіп,
Ой тербейтін еппен.
Боранға да елтіп,
Жазу онай деп пе ең?

Көкірегі кемел,
Баппен қалам тартқан.
Қара сөзге шебер,
Ақын еді Тархан.

Кім жазады мұны,
Шабыт оты маздап.
Бұл – Махабbat мұны,
Бұл – керемет Ләzzат!

Тілдің, сөздің нәрін
Білді дәмін татып.
Толғаушы еді бәрін
Баяу қоңырлатып.

Шырағың да сенің
Сөнбесінші, деді.
Ойлап жатып елін,
Мызғып кеңті-ay, тегі.

Мәңгілікке бұл ер
Тыныштығын тапқан.
Ол – «Қаһарлы құндер»,
Ол – Taxaui Ахтан!

1

Өтті жылдар
Естен кетпес,
Отты жылдар,
Қырық бір, қырық бес.

Алаула, жыр,
Жалын текстес.
Жадымда жур
Сонау қырық бір,
Сонау қырық бес...

2

Елге, жерге төнген ажал,
Кара құзғын, қара тажал.
Арайлы таң астаң-кестен,
Сол сәт, сол күн кетпейді естен.

Қара нөсер, қара боран,
Қарагүнем оқ бораған.
Кетпейді ойдан сол жаз, сол қыс,
Қанды майдан, қырғын соғыс.

Қара дауыл, қатер толы,
Қандай ауыр жорық жолы.
Қан майданды бастан кешкен,
Қайран әкем кетпейді естен!

Қаулаған өрт, қара тұтін,
Өрт шалмаған кім бар бұтін?

Жан-жүрегі жарапланған,
Қайран баурым, қайран Тәбәм!

Өтті жылдар
Естен кетпес,
Отты жылдар,
Қырық бір, қырық бес!

3

Өрім-өрім жер мен аспан,
Өмір, өлім майдандасқан.
Дүниені сұрқия жау
Ойрандауы мүмкін еді-ау.

Жасқансын деп сонда дүшпан,
Өр кеудесін оққа тосқан;
Талай қыршын, талай боздақ,
Айтсам, бітпес, шерім қозғап.

Қырғын соғыс құрбандарын
Айтпай және тұра алмадым.
Жас жүрегі қалған тоқтап,
Қыршындарды жүрмін жоқтап.

Селдіреген қара орманым,
Жоқтамасам, кім болғаным?
Қан майданнан оралмаған,
Мәңгі уайым – олар маған!..

Өтті жылдар
Естен кетпес,
Отты жылдар,
Қырық бір, қырық бес.

Қара қағаз, қаралы күй,
 Күніренбекен бар ма екен үй?
 Қанша жетім, қанша жесір,..
 Үнсіз ғана ағады Есіл.

Еш хабарсыз кеткендерді,
 Өмір бойы күткендерді;
 Елестетіп көріндерші,
 Қасіретін сезіндерші.

Жойқын соғыс зардалтары,
 Кімді, деймін, зарлатпады?
 Қеудемізде запыран бол,
 Азалы дерт айыққан жоқ.

Колтығынан демей бергін,
 Көрсөң соғыс мүгедегін.
 Майдангерлер, өңкей батыр,
 Азайып та бара жатыр.

Бірден мұздап бүкіл денем,
 «Соғыс» десе, тітіркенем.
 Ұлы Женіс, ұлken бұл той
 Оңайлықпен келген жоқ қой!..

Оttі жылдар
 Естен кетпес,
 Отты жылдар,
 Қырық бір, қырық бес!!

ҚАЙРАН ӘКЕМ

(Жоқтасу)

Тұс көріл, тұн ішінде оянып ем,
Жанарым, жасқа сонда боянып ең.
Тұсімде көрген жайдан шошып едім,
Сырымды айтпай қалай қоямын мен.

Ауылда – зәулім өскен бәйтерегім,
«Дауылға төзімді» деп айттар едім.
Айрылып бар көркінен сол бәйтерек,
Арсиып тұрған болса, қайтер едің?

Көркейтіп, жайқалдырған бұл алышты,
Айнала ағар бұлақ суалышты.
Байғұстың өзегін құрт кеулегендей,
Ағаштың ұшар басы қуарыпты.

«Сойдиып мұлдем, деймін, бұтақтары,
Бәйтерек мұнша неден жұтап қалды?» –
Түбінен опырылған тәрізденіп,
Екі адам тіреу болып құлатпады.

Сескеніп содан менің оянғаным,
Сезіндім көзім жасқа боялғанын.
Жүрегім атша тулап жатыр екем,
Кеудемнің дірлін бір қоя алмадым.

Сол діріл,
сол қалтырау басылмады,
Күннің де қабағы бір ашылмады.
Қолымнан айна жерге түсіп кетіп,
Әйнегі төрт бөлініп шашылғаны.

Көнілге ауыр алдым мұны дағы,
Ескінің келмей қоймас ырымдары.

Жүргім маза таппай отырғанда,
Телефон аса қатты шырылдады.

Елдегі келінім мен інім екен,
Қолдары тигендері бүгін екен.
Ауылдың бір хабарын осы кеште
Зарығып күткенімді білді ме екен?

Бауырым бейнет шегіп жүреді әман,
Келінім сөз бен іске бірдей маман:
– Экейдің тамағынан сусын өтпей,
Уколға қарап қалды, – деді-ау маған.

«Әлсіреп» дегенді тек ұғып қалдым,
Төбемнен ұрғандай бол тұрып қалдым.
Дүниес күнгірт тартып жүре берді,
Айнаның еске салып сынықтарын.

Әкеге жаны ашымай тәзбекші кім,
Көз ілмей түні бойы дөңбекшідім.
Аунақшып ауыр ойдан шыға алмадым,
Торына шырмалғандай өрмекшінің.

Таптырмай іздегенде небір бұйым,
Түсінбей жүретүғын соны миым.
Бәрінен ділгірліктің асып түсіп,
Билеті самолеттің болды-ау қиын.

Сол кезде жарым менің жанын салып,
Жүгірді күн ұзакқа күйіп-жанып.
Тұйықтан қисын тауып алып шықты,
Кезекті кеудесімен бұзып-жарып.

Әкемді әкесіндей сыйлаушы еді,
Әкейді кәрілікке қимаушы еді.
«Көре алмай қаламыз ба» деген қауіп –
Самғатып жіберген күш жылдам мені.

Таң атпай Қызылжарға бардым ұшып,
Өткір жел құшағына алды құшып.
Аспанда ай өртеніп жанып тұрды,
Әкемнің дертіндей боп бөрткен ұшық.

Тоңазып бойым бірден сұық желге,
Аяғым тигені сол менің жерге;
Жәнелді іліп алып жүрдек «Волга»,
Мың алғыс ел басқарған жігіттерге.

Әкем де атқа шапшаш жүруші еді,
Сар желген ат қадірін білуші еді.
Әкеме бұдан қымбат болған емес,
Бір кезгі басқарманың шекпен-шени.

Пар жеккен екі шабдар желдей есіп,
Жан еді көк есілді журген кешіп.
Бір жұтым суға зар боп жатыр ма еken,
Кәрілік дертке айналса, амал нешік?!

Көп жылдар туған жерден алыс жүрдім,
Өлеңге сыймайды ғой бәрі сырдын.
«Әкеміз әл үстінде» деген шақта,
Әкемді бір көруге жанұшырдым.

Қызырып күннің көзі шықты балқып,
«Ұшарға қанатым жоқ» десем, артық.
Асырып үйге жылдам кіріп келсем,
Жан әкем жатыр еken төсек тартып.

Апырау, әкем қалай жүдеп кеткен,
Ауырмай, жүдемейді бұлай тектен.
Жарықтық жатыр еken шалқасынан,
Арқасын қос жастықпен биіктеткен.

Дыбысқа сергек еken құлақтары,
Жанары солғын еken бірақ тағы.

Қауқылдап жөн сұрайтын қайран әкем,
Қолымның тым ыстығын ұнатпады.

– Аман ба Жомартың мен Жәнібегің? –
Күрсініп шығарды іштен жалын-лебін.
Әкеме сұық судан бір жұтқызып:
– Бәрі аман, сәлем айтты бәрі, – дедім.

Қара су, қарап тұрсаң, қорегі екен,
Судың да ең сұығы керек екен.
Мұздай су мұң болар деп кім ойлаған,
Шыбын жан дәтке қуат көре ме екен?

Өртөніп іші қүйіп, жанып жатыр,
Бұралып, аш өзегі талып жатыр.
Тынымсыз ортаншы ұлын көп іздейді:
– Маратжан, тез келмей, – деп, – нағып жатыр?..

Адамға бейнет, сырқат, деме, қайдан,
Ауруға сәл де болса тисін пайдан.
Әкеден Мараттай ұл туса, тусын,
Әкелген бұлақ сұын Бүгіл сайдан.

Мөлтілдеп көз жасындай терең күздын,
Бұлағы атамекен жұртымыздың.
«Дертіме бір шипасы болар ма» деп,
Әкеміз аңсайды екен соны біздің.

Кезінде сол қайнардан қанып ішкен,
Алыстан ат терлетіп барып ішкен.
Әкейдің жанын қинап жатыр енді,
Жалқаяқ, запыран боп жалын іштен.

Кезінде бәріміз де асып-тастық,
Өтеді бір күнгідей болмай мастық.
Сырқаттың табамыз деп қайтсе бабын,
Бір жұтым суға бола жанталастық.

Науқастың тілін біліп, көңілін тауып,
Нұрсұлу, айналайын, болды тәуіп.
Жүгірді домаланып ертелі-кеш,
Әкеміз қиналған сәт ауық-ауық.

Әкемді ардақ тұтқан Нұрсұлуым,
Жетпейді Нұрсұлуға мың сұлыын.
Дамылсыз құрақ ұшып жүрді-ау қалқам,
Елемей күн ыстығын, түн сұтыны.

Әкейге шаң жуытпай, кірін жуған,
Келінім жаралғандай асыл нұрдан.
Маратжан екеуі де сүйеу болып,
Құлатпай бәйтеректі ұстап тұрған.

Алдыртып тас құдықтан мұздай суды,
Әкеміз аузын шайып, тісін жуды.
«Өтейін таза болып» деді ме еken,
Жарықтық жарау аттай таң асулы.

Есті жан сүм ажалды сезе ме еken,
Тірліктен енді құдер үзе ме еken.
Әкеміз солғын тартып, жатты сұлық,
Жан еді іске ширақ, сөзге бекем.

Сыртта жел әлдене деп ызыңдай ма,
Ызыңға көніл шіркін бұзылмай ма? –
Арқаның азынаған сұық желі,
Қосыла күйінгендей біздің жайға.

Сол бір жел үрейді алып гуілдеген,
Үзгендей кенет біреу, тынды мұлдем.
Жан әкем, жарықтығым өте барды,
Мамырдың екісінде дүниеден.

Ажалдың өзінен де сескенбейтін,
Есімде сақтап қалдым дана кейпін.

Ақ көйлек, асыл туған жан еді бір,
Інісі Таласбайды «Тәбә» дейтін.

Майдангер Қабдол ағай басын сүйеп,
Әкеміз жүріп кетті, қағып иек.
Қаңырап домбырасы қала берді,
Аршадан аршып-жонып, таққан тиек.

Аңырап, дауыс қылыш зарлы шерін,
Жоқтауын айтты женге, айтты келін.
«Әкем-ау, әкетайым» деген дауыс
Шыңылдан құлағымда қалды менің.

Әкемнің мұрты сұлу, қияқ еді,
Сырласы – Қасым, Бекім, Шияп еді.
Әнәсті әулиедей көретін жұрт,
Қалайша қара жерге қияды енді?

Амал не, әкем жансыз, мәйіт-сүйек,
«Жұмаға қойсак» дейді адап ниет.
Мәңгілік сапарына жөнелтті елім,
Әкейді таза арулап, тәрбиелеп.

Сол бір сәт – жанарым жас, кірпігім мұн,
Айтуға жоқ қой бәрін мүмкіндігім.
Тоқтаусыз ағын судай өмір осы,
Марқұмның болып қапты қырқы бүгін.

Сәлем де туған елге, ауылымса,
Сәлем де аға-женге, бауырыма.
Әкемнің аруағын қастерлесін,
Тағдырдың төзе білген ауырына.

Сәлем де Құдайберлі-Бәйімбетке,
Бәрінді қосып айтсам, айып етпе.
Батаның бар жабдығын жасап жүрген,
Алғысым – Жасұлан мен Қамарбекке.

Әкеме дұға қылып Қасым аға,
Күнара барған шығар басына да.
Қырқына әкеміздің келген елдің
Сәлем де үлкені мен жасына да.

Есілдің екі беті – бір қайықта,
Әнәсті бірге жоқтап жылайық та.
Құранды құнірентіп сол оқысын,
Сәлем де замандасы Шұғайыпқа.

Отыз күн жоқтау жазып байқап едім,
Көп екен арман сөзім айттар менің.
Орнынан, әттең, қайта тұрмайды ғой,
Тұбінен опырылған бәйтерегім.

Өлеңім – кеудемдегі аятым ең,
Мұнымды айтпай қалай қоятын ем.
Атанаң орнын әсте жоғалтпайды,
Маратжан тентек ұлы Саятжанмен!

Еліме жоқтау жырым емес қосын,
Өлеңге енді бір сәт дамыл болсын.
Қырқына әкеміздің келдің бәрің,
Ағайын, дұға, ниет қабыл болсын!
Әумин!

1990 ж.

АЗАМАТ ҮНІ

«Мен – бұрын сыршыл, күйшіл жас ақының,
Жанымның жалынымен жазатыным.
Кіл, өңкей өлеңі еді махаббаттың,
Сұлуға иіс судай шашатыным,
Ұсынып нарт гүліндей аbat бақтың.

Мен – енді азаматың, ойшылыңмын,
Тоқтаусыз айналдырам ой шығырын.
Аумаған арып-талмас нар түйе анық,
Мұддесін жұмыскер мен қойшы ұлыңың»
Деп жырлап ем заманында партияның.

«Түйеге теңелуің – деме, агаттық»
Түйенің тегеуріні нелер аттық.
Болатын техниканың зәруінде,
Заттарын заводтардың тиеп – арттық,
Кешегі индустрія дәүірінде.

Таппайсың қазір оны терістікten,
Түйенің тұқымы жоқ,
тегіс біткен.

Арқада азайды ғой аруана!
... Дағыған дәйім мақтан – теріс тіптен,
Көп әлі ұқыпсыздық шаруаға.

Саудагер салады үйін ыждағаттап,
Тамдай ғып тамамдар ек біз де балтап.
Мұрша жоқ –
«Совхоз салған пәтер үй ал»
Жел гулеп, іргесіне мұз да қатпақ.
Көр болған қоғамдық мол материалдар!

Бастықтың басы байлы үйі қандай!
Назарың нақышына ұйығандай.
Білдей бір бөлімшениң клубы жоқ.
Жұмыс қып жүрген жұрттың күйі қандай,
Көкейін көптің білмек күлгіні жоқ.

Қалғандай әкесінен мирастыққа,
Бекітіп берілгендей би-бастыққа,
Халықтың мекемені меншіктеніп,
Бар тіпті басатындар бейбастыққа –
Кезінде келдектеуден кешікпелік!

Тиіспес тыңайтқышың тезек-құфа,
Келмесе жоғарыдан директива.
Бар тағы бастықсымақ – қоян ез бір,
Түйеге емес, өзіне керек бүйда,
Бүйданы жеткен жоқ па жояр мезгіл!

Бастыққа бастым тісті –
кегім емес,
«Бұзылар бастан балық» дейді халық.
... Кемшілік кетті көзге кейбірі анық,
Жақсыны, жаманды көз көру үшін,
Мәселен, менің туган облысым.
Алсашы әрдайымда бірінші орын,
Жазар ем жарқын жырды соның үшін.

(Маздаса «махаббат» деп бұрын шоғым).
Ақындық – сан мамандық дипломым,
Мінекей, мінездеме – екі қолым,
Қабылда қатарына еңбекшінің,
Иненің жасуындай кетік орын,
Болса тек, қақ сынадай сіңбекшімін.

ҮШ ОҚ

Бұл не сұмдық,
Бұл өлім кімнен дейік,
Тергеуінен биліктің түңілейік,
Жау қолынан қапыда жайрап қалған
Заманбектің орны тұр үнірейіп.

Ер-азамат ерекше жаратылған,
Бір өзіне – уш бірдей оқ атылған.
Сейтпегенде қайтеді бұл заманда,
Обал-саяап, ар-ұят жоғалтылған.

Өзін-өзі атпайды намысқой Ер,
Білеміз ғой, біз, Оның мінезін өр.
Кім үш рет үш оқпен өзі атылмақ,
Мықты болсан, бір оқпен атылып көр.

Ел ішінде беделі зор деген соң,
Шындықты айтар бір кісі – сол деген соң;
Көзін жойып, өшірді-ау Оның үнін,
«Қой» дегенге қасарып көнбекен соң.

Оған үш оқ жайдан-жай атылған жок,
Бір озбыр топ біздерге көрсетті док.
Іштен тынған, ызалы жұрттың мынау,
Сұстанғаны-ай соларға наразы бол.

Өкінішпен өзекті өртейін бе,
Қорқынышпен үндемей өтейін бе...
Атқызыған кім, атқан кім, жайратқан кім? –
Көпшіліктің сайрап тұр көкейінде.

Үш бірдей оқ үш дүркін атылғаны-ай,
Қызыл қанға Зәкенді батырғаны-ай!
Билікке де ажалға қарсы тұрған,
Батылдары-ай, қазақтың батырлары-ай!!

ТАҒДЫР

Безбені жоқ Тағдыр безбүйрек,
Көк желкеден бізді тұр көзден.

Жол үстінде, бұрылыштарда,
Жорықтарда, жұмыштарда,
Кәдуілгі құрылыштарда –

Біреулердің жаны құрбан бол,
Біреулердің жағы тынған жок.

АЙНАЛАЙЫН, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

Ахау, менің әләуләйлім,
Жанға жәйлім.
Хала-ләкку-ләйлім,
Хала-ләкку-ләйлім, е-ей!

Ал, ағайын, тыңда мені,
Жаңа терме туған еді.
Өтіп жатыр күндер зулап,
Күндер неткен жылдам еді.
Өтіп жатыр жыл он екі ай,
Өмір маған: – жырла, – деді.
Туған елім, тыңда мені.

Наурыз-думан, тойларыңа
Шақырасың жылда мені.
Думаныңа жаным ырза,
Тебірентеді ыстық лебі.

Оу, ағайын, өздеріңе
Еркелеймін содан бері.
Сондықтан да кең тыныстап,
Мен шырқайын, сен тойлай бер,
Айналайын, қазақ елі!

Ахау, менің әләуләйлім,
Жанға жәйлім.
Хала-ләкку-ләйлім,
Хала-ләкку-ләйлім, е-ей!

Алты ай жаздың самал желі,
Желпіндірген сол ғой мені.
Жаз келген соң, жадырайды,
Үлкен-кіші, жас пен кәрі.
Елдің бәрін сүйсіндірген,

Алты ай жаздың әсем әні,
Бұл өмірдің сол ғой сәні!

Шіркін, мамыр, шіркін, маусым,
Сары кымыз, балдай дәмі.
Кең жайлауға жетсін даусым,
Жәй жүргенім кімге дәрі?

Бар өнерім – Сіздер үшін,
Аянғам жоқ, деймін дағы.
Жаз-жәрмеңкең ғажап еді,
Мен тойлаймың, сен шырқай бер,
Айналайын қазақ елі!!!.

1997 ж.

БАҚТАШЫ – ИНТЕЛЛЕКТ

(Осы заманғы ода)

Қораз да,
Қоңырау да керек емес, –
Өз жаны оянудан береді елес.
Селк етіп, көзін ашып алған малшы
Құба таң күңгірттігін ерте демес.

Қарманып, қарай жүріп киімдерін,
Алады ұрып-ұрып иін, белін.
Сәлкеннің әртіс болған әйеліндей,
Бір қызық – көрсөң мықын иіргенін.

Кей-кейде сал-сал болып дене шіркін,
Дейтіндей: «тынықсаншы сен де бір күн»,
Мырс етіп миығынан құледі ашы:
«Жай тауып, жата бергің келер мүмкін?! »

Ас үйдің жарқ еткізіп шамын жағып,
Бөрте жұн бөкебайын тағып алып,
Құлақ сап жымияды тәр бөлмеге
Топ бала пысылдаған «әнін» бағып.

Ертемен жарық қандай шақырайған,
Көзіндей фуражирдің ақырайған.
Іздесен сол жарықпен табылмайды-ау,
Бір жұтса таңдайға бал татыр айран.

Науаға жылыдай сүт төгілген мол,
Кертанау теңкиеді бөгуден сол.
Айранның жууға әлгі жұғындысын
Тимейді телевизор көруден қол.

Тұр әне қара шөген қайнап шоқта.
Газ әне – жылытам десе майлыш ботқа.
Ағанды аш жіберіп көргеміз жоқ, –
Дер еді кейбір женгей: – Қайным, соқпа!

Ауылда болмашыға зәрулік бар,
Ақша көп, алуға жоқ небір товар.
Бөлініп жол-жөнекей, көш-бәлекей,
Шолақ тон шопандарға жетпей қалар.

Көк костюм омырауы орден толы,
Киеді сессияға барғанда оны.
Су жұқпас сүр брезент, сенсең бөрік,
Жел өтпес желбекей ғой – мұның қолы.

Малшыға берсөң жарғақ, тері қолғап,
Күн тимес, сұық алмас сері болмақ...
«Мынауың – ақын емес, завхоз ғой» деп,
Кей эстет кекетер-ау мені қорлап.

Қит етсе, «интеллекті» деуге бейім,
Ондайды оқығам мен Хемингуэйден:

Теңізде тентіреген шалдың жайын
Шабақтай тізіп берсе, мен не дейін?!

Интеллект – жәйді ұғынып, жан ашуда:
Ой-сезім өмірге дәл жанасуда.
Әлде бір алтын көлді жырлауым не,
Ау құрып, ауқат қылып қара суда?

Байыпты ер, бас кейіпкер – малшы маған,
Маңдайдан ащы тері тамшылаған.
Тынымызың қысы-жазы, күндіз-түні,
Темір де тозған шақта ол шыдаған.

Қантарда көкше мұзды көп қалаған,
Жан көрсөң тансәріден оппалаган:
«Пейілі бала текстес бақташи» де,
Мал қора, малға жетпей тоқтамаған.

Айқара ашуы мұң ол бір есік,
Таниды танакөздер мөңіресіп,
«Шығын жоқ, шылым бар ма? – десе Сәлкен,
Мұның да қоя берер көнілі өсіп.

Мамықтай сары сабан – жастанары,
Мал бірақ мал болғасын ластанады.
Ентелеп ертенгісін келген шақта
Ең киын, жайсыз жұмыс басталады.

Қи-қоқыс... көрмейміз ғой жырға лайық,
Көң емес, көлгірлікпен сырлау – айып.
Қонышы батпақ-сауыс бақташының
Тап-таза, мөлдір жанын ұғынайық.

Жүрген жоқ ешкімнің де зорлығымен,
Іс қылар ынта, қүштің молдығымен.
Қаламды қайта ұстадым малшыны ойлап,
Қыздарға жыр жазам деп болдырып ем.

Сырт көзге сырдаң тартқан пішіндері,
Білсең тек бипаз сырын ішіндегі.
Парасат, пайымына сүйсінем мен
«Оқыған» көп жандардан көш ілгері.

Жұмыстан бола қалса бір сәт тыныс,
Қолында – «Аққан жүлдyz», «Алмас қылыш».
«Бар екен Бауыржанның аңызы» – деп,
Қалтада журнал жүрер қырыс-қырыс.

Күндер бар жүгірттін жұз беттердей,
Кей апта кітап жабық мызды еткендей.
Әтірік «оқыдым» деп, пікір соқпас
Білгіштеу біздің кейбір қызметкердей.

Сүйсініп Жүсіпбекке: «уай, пәләй!» – деп,
Түйсініп Карузога: «әй, қалай?» – деп,
Разы боп Оспанханның сықағына,
Осылар шат күлеттін шалқалай кеп.

Бес жұз күй,
белгілі оған мың әніміз,
Малшыда шұрайлы тіл – құнарымыз.
Живопись мұсінге сәл мүкіс келсе,
Ол емес, оған біздер кінәліміз.

Малшының арқасында білім алып,
Пірдейміз Пикассоны біліп алып.
Біз оған Шиллер, Григ сырын шертсек,
Ол дағы кетер еді іліп алып.

Жан салып өз ісіне ентелеп кім,
Өнерге құмартса, сол – интеллектің...
Келеді-ау кейбір ғылым кандидатын,
Бакташы құрдасыма желкелеткім.

Кек қылмай, кемшілікті саралайтын,
Бек сыншым бет-жүзіме қарамайтын.
Өлеңді мен соларша нактап жазам,
Болсын деп көңілге дөп, санаға айқын.

Қыран құс ұмтылмай ма биік тауға,
Малышыдай мәртебеміз болса – тәуба!
Елдегі бақташыға барам тағы,
Жердегі құдайымды ұмытпауға.

1974 ж.

ӨМІРБЕКТІ ЖОҚТАУ

Жоқтауға Өмекендей теңдесімді
Мұнды сөз таба алмадым үйлесімді.
«Өмірбек қайтыс болды» деген шакта,
Білмедім сенерімді, сенбесімді.

Өйткені, Өмекенді кеше күзде
Есен-сау көріп едік біз де, сіз де.
«Әне жер, мына жерім ауырып жүр»
Дегенін естімеп ек үйде, түзде.

Біреуге керек болса жәрдем-көмек,
«Жок» демей, жүгіретін тым елгезек.
Асыл жан, эттен, өзі сезбекен-ау,
Жұқарып жүргендігін қайран жүрек.

Ауылға Алматыдан барғанын-ай,
Ауылда қатты ауырып қалғанын-ай.
Он бірден кешкі сағат кете бере,
Өмірден өте барған ардағым-ай!

Ажалдан араша жок, болмайды лаж,
Тағдырдың жазуы сол, мынаң қараң.

Өмірбек дүниеден өткендігін
Білмestен, Қармақшыға жетті-ау Күләш.

Өмекен жүріп кеткен, іздеп келсен,
Өлген жан тірілер ме, еңіресең.
Аузына тым болмаса су тамызып,
Жанында отыра алмай қалдың-ау сен.

Отасқан жиырма бес жыл Өмірбекін,
Сені ойлап өтті ме еken қайран ерін?
Көзіне елестетіп ұл мен қызын,
«Марат» деп алды ма еken ақтық демін?!

Қалың ел қандай, міне, жиылғаны,
Көл болып көздің жасы тиылмады.
Көнілге сәл де болса бір жұбаныш –
Топырақ туған жерден бұйырғаны.

Бекем бол, белің, Күләш, бүгілмесін,
Өмірбек – балаларға енді сенсін.
«Орнында бар оналар» дейді қазақ,
Тәнірім Маратжанға ғұмыр берсін!!!



ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛДЕР

(1937 жыл)

Неткен заман еді, мұздай сұық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, корқынышты тұндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Кінәсі жоқ жандар, кімдер кінә таққан,
Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?
Аққа күйе жаққан, айтындаршы, кімдер,
Күрсінеді таулар, тұңжырайды көлдер.

Қайырмасы:

Отыз жетінші жыл,
Қасіретім бұл!
Тарқамайды шер,
Айықпайтын мұн –
Гуілдейді жел,
Мұжілгендей тас.
Көңілімізде – шер.
Көзімізде – жас.

Өнкей асыл боздақ, болды-ау күні қаран,
Олар көрген азап – өлімнен де жаман.
Елін сүйген ердің жау атанған кезін,
Ей, қазағым менің, жан-тәніңмен сезін.
Қарауытып орман, қалың тоғай тұнер,
Орнымыздан біздер тұрайықшы түгел.
Тағзым етіп тұрмын, қыбыр етпей, үнсіз,
Егілмейтін іштей, кім бар еken мұңсыз?

Қайырмасы:

Неткен заман еді, мұздай сұық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.

Қос үрейлі күндер, қорқынышты тұндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Ерте солған гүлдер, аянышты бәрі,
Ең аяулы жандар, есте болсын мәңгі.
Аза күнгі зарым, азалы жыр, әнім –
Аруақтарға дүға, қабыл етсін Тәңірім!

Мамыр, 2000 – 2003 жж.



ҰЗМАЛАР

ЖІГЕРЛІ ЖАН

1

Көбінің көз танысың – кейіпкерім,
Өмірден көрген күйде кейіптедім.
Үш оку, төрт сынақтан өткөрілген
Отызга жаңа келген Сейітбекім.

Бітіріп онжылдықты бәріміздей,
Білімнің ұштастырған нәрін үзбей.
Студент болған қуннен бойшаң тартып,
Қырманда дән қызылдап жүрді күздей.

Жастық шақ.

Жатақхана. Диспут қызып...
Айтуға мүмкіндік жоқ бәрін тізіп.
Қалтаға дипломды салған сабаз
Тындағы кең айдынға кетті жүзіп...

Оқып ек өміrbаян,
анкетасын,
Аңғардық нық қаланған іргетасын.
Өткені партияға жастайынан
Танытып дүниеге көзқарасын.

Есептен – алға басқан әрбір қадам,
Ынтамен көзге түсті алғыр маман.
Оралып Алматыға біраздан соң,
Партия мектебін де тәмамдаған.

Қайралып, шыңдалуды бітіргесін,
Ауданға жолдамамен былтыр келсін.
«Барасың үлкен совхоз, қыын жерге»
Дегенді мақұл көріп, іркілмесін.

Қиынға,
қылыш күйге салсын өзін,
Жұрт содан жақсы көріп қалсын өзін...
Әзірге нақпа-нақтап айта алмаймын
Жігіттің түр-тұлғасын,
қасы-көзін.

Болса да ел сөзіне сенгенім көп,
Әркімге елпен қағып ергенім жок.
Сыртынан сипаттауға тартынамын,
Сейітті, нансан, әлі көргенім жоқ.

– Мәссаған, бұл қалай?! – деп зәрең ұшар.
Жай жүрмей,
баламысың бәле құшар.
«Көрмestен өлең етпек» деген пікір
Аттатпай, аяғынды бірден тұсар.

Өзгелер айлап-жылдал барып келіп;
Көз көрген біраз жайға қанып келіп;
Жағымды бейне жасап бере алмай жүр,
Жазғаны жатса дағы дәріптеліп...

– Оқушым, оның рас.
Кеш кінәні.
Шешімін таппай жүр ғой ешкім әлі.
«Шықпаған бас кейіпкер бейнесі» деп,
Бәрібір еңбегінді еш қылады.

Сондықтан мұның өзін басқаша бір
Бедерлеп, безендіріп тастаса жыр.
Тосын ой дем бергендей қаламыма,
Қиын-ау, сыншы біткен мақтаса кіл.

Оқисыз жыр шумағын жүз бестей сіз,
Сейітпен салған жерден жүздеспейсіз.

Қайнаған қызу өмір ортасынан Тек оны бізбен бірге іздескейсің!

2

Кескіні таң дерліктей, паң дерліктей,
Мінезі сәл қиғаштау бар дерліктей,
Естідік: «әжептәуір қызғаншақ» деп,
Әйелге ол да қажет сән белдіктей.

Тұр екен кеңсе алдында кер маралдай,
Аңқып қарап қаппызы, дем ала алмай.
Оның да екі көзі – машинада,
Біздерге бір қырынданап келді аландай.

Жалт етіп жана қалған егіз шырап
Тосырқап,
 токтаңқырап, түрдү сынап.
Лебізін ең болмаса есту үшін,
Әйелден алсақ керек жөнді сұрап.

Безеу бет, шикіл сары жанымдағы:
– Бір минут, бір минут! – деп дарылдады.
Атылып кабинадан шықты сыртқа,
Eciri «Волгамыздын» жабылмады.

Аяғы безеу беттің шалыс тұрды,
Келіншек шегіншектеп, алыс тұрды.
– Эйелі... кімнің әлгі... – деген шакта,
Бул өзін: – Танзада! – деп таныстырыды.

Ақсары, ашаң өнді секілді бал,
Омырау ойығында секпілі бар.
Санап көр, сабыр жетсе,
шамаң келсе
(Баспағер, осы тұста жөткіріп ал).

Тіл қаттық: –
директорды іздең едік,
Жолықтық ойда жоқта сізге келіп.
– Тапсаңыз, бізден болсын сүйіншіңіз,
Сейіттер – тура қазір түздегі елік.

– Сіз, бәлкім, бірге жүріп іздесерсіз?
– Несі бар, мен өзірмін, «жүр» десеніз...
...Қалдырып безеу бетті кеңсе алдында,
Кең дала,
шартаралтан із кесеміз.

Алдыңғы креслоға отырғызып,
Сұлуға сұқтанудың өзі қызық.
Айнасын түзеп қойып жүргізуши,
Карайды көршісіне көзін сұзіп.

Тоқ балтыр,
торғын көйлек, құмырска бел...
Әп-сэтте жеткеніміз бұрылысқа кеп.
Етегін тартқыштаған Таңзадамыз
Нұсқады иегімен: «құрылысқа» деп.

3

Байырғы мекен-жайдың күншығысы.
Сәскеде қызған еңбек құлшынысы.
Еңселі, кең ғимарат.

Көп терезе,
Жалтырап сонадайдан тұр шынысы.

«Мәдени комплекс маздақ құрсын.
Әйгілеп озаттарды жүлдyz тұрсын.
Әр көше сән түзесін» деген Сейіт.
Ауылды қолғабысқа жұмылдырысын

Жаңадан орта мектеп үйін салып,
Кіргізбек компьютер биыл анық...
...Жағалай әктеп-сырлап әр бөлмені;
Баладай шуылдан жүр дүйім халық.

Осында үлкен де бар,
кіші де бар,
Іс қылған бойына шақ,
кушіне дәл.
Өмірдің шын қызығын,
шырын дәмін,
Сезуге – көпшіліктің ішіне бар.

Білімге тұшындырған боталарын,
Мектепке алғысы зор ата-ананың...
...Сейітпен бірге оқыған Балқияның,
Кім білген, Батыр Ана атанарын.

Ұл-қыздың ертіп алып естиярын,
Жұмсайды әрлі-берлі бес «қиярын».
«Сопиған әкесінен аумайды» деп,
Құлдіру – әдеті ғой Балқияның.

Әзілмен бірді түртіп,
бірді шымшыр,
Тілі бар удай аңы,
бірақ шыншыл.
Тиісті Таңзадаға көрген жерден:
– Ұздыып журмісің, – деп, – әлі қысыр...

Ду етіп келіншектің екі беті,
Қызарып,
қымсынудың келді реті.

Қосыла күлген болып әзіліне,
Әлі де тыңдай тұспек – бір ниеті...

– Қаумалап қағаз-қаулы тұрғасын көп,
Деймісің, директордың мұршасы жоқ.
Күйеуді құшағында пайдаланбай,
Несіне сыландаіссың ұрғашы боп?!

Не дауа күйеуінің құрдасына,
Өзінше жауап қатты бұл да асыға:
– Өңешін жыртылғанша айқайлайсын,
Құрсағың бастан асып тұрғасын ба?

– Ішімді бұралтпаймын сендершілеп,
Сыбырлап, сыпсындаітын – өсекші тек.
Ал мені осындағы қыз-қырқынға
Директор сайлап кетті: «жетекші» деп.

– Ол қайда?
Қашан келді мұнда тегі? –
Осылай сөз аңғарын бұра берді.
Қарайды жан-жағына Таңзадамыз,
Майысып өрім талдай бұраң белі.

Сол сэтте тиді кезек қайқы ерінге.
Жыбырлап аузы-басы құба женге,
Дәл соны міндетіне алған жандай,
Көргенін түгел айтып берді демде:

– Сейітбек, маған сенсен, мана келген,
Мына бір қалқатайды ала келген.
Аралап үлкен үйдің іші-сыртын,
Кешегі ісімізге баға берген.

«Шынымен мінсіз болсын сылак» дей ме,
«Сапасы – Сізге-дағы сынақ» дей ме;

Шынтағын түйістіріп әлсін-әлсін:
«Сенемін бір өзіне, шырақ» дей ме?..

Біздің... мынау дағы... биік өкше,
Тар шалбар,
бұлтың-бұлтың екі бексе...
Кеудесін, жауырынын жарқыратып,
Әйнектей – өте жұқа көкірекше.

Әйтеуір жарым сағат жүрді білем,
«Келістік. Келістік!» деп тұрды кілен... –
...Әлгінде қүреніткен Таңзаданың
Жүзіне қайдан біткен құлгін рең?!

– Қайдағы-жайдының қоңырсытпай,
Қойыңыз тон пішуді жұртқа сырттай! –
Қаймығып тұра сөзден,
өткір көзден,
Қайқы ерін
тына қалды тымырсықтай. –

– Алыңыз қалақшаны қолыңызға,
Барыңыз бүлжыр басқан орныңызға! –
Бағжыып Балқияға тұрды өсекші,
Дегенде:
– Бекер жұрсіз сорымызға...

Білетін қауесеттің тым зиянын,
Жаны қас жалған сөзге Балқияның.
Өсекті тию бірак онай емес,
Заманы туса дағы жарияны.

Сұрткендей терезені жалтыратып,
Шындықты айта білсек, жарқыратып,
Жаңғырып жан сарайы қалар еді,
Бөлмені сырлағандай саңғыратып.

Күн ұзак.

Аспан ашық.

Сарша тамыз.

Тамыздан кешіктіріп алмау парыз.

Таңқылдақ кебетұғын жаққан сырың –
Аңқылдақ аңызақтың өзі нағыз.

Осында ертеңгісін жеткен Сейіт,
Осыны еске салып кетті дейік:
«Мен өзім тексеремін кешке қарай,
Сырлауға сылбырысындар» депті кейіп.

«Тездет» деп айтпаса да болар еді,
Онысы – атұстілеу талап еді.
Желлінгі той-сананы тұрсын дағы,
Директор келген сәттің самал-лебі.

Әкелген бастық ертіп әлгі маман,
Әшекей, өрнек салып, соған алаң.
Балқияға қалжың айтып қалды тағы,
– Күйеуің біз көргенде... есен-аман.

Әйелі бұралғанға тал шыбықтай,
Директор отырмақ па үйден шықпай?
Ойлаған ертелі-кеш елдің жайын,
Сейіттің жаны мөлдір таңғы шықтай.

– Қыын ғой адамдармен тіл табысу,
Оңай ма көппен еркін араласу?
Шынтағы түйіскенмен,
Сен, кербез, шығармай жүр далада шу...

Таңзада бұл кеңеске таң қалғандай,
Астарын сөздің бірақ аңғарғандай.
Қабағы сәл құрысқан тәрізденді,
Дұрысы – жөнелген ғой жолдан қалмай.

Басында айтып едік: «Кер марал» деп,
Кескіні бұйырғандай: «Ер маған» деп;
Есігін машинаның аша берді:
– А теперь... наверняка... Нармағанбет...

4

«Волгамыз» күнге қызып, кеткен ысып,
Пысынап қоя бердік, терден быршип.
Тізгінің жұлқа тартып, бір жақсысы,
Жөнелді шашыратып құм-қыиршық.

Жаралған игілікке текті күші,
Жүйріктің келер зулап, жүйткігісі.
Қуырып жер танабын жел соқтыра,
Салонның кетті бір сәт ұйытқып іші.

Көнілден қуған әуре-сарсандықты,
Қалайды шопыр жаны шапшаңдықты.
Елігіп ұдей түскен жылдамдыққа,
Емініп қарайтындай алға тіпті.

Кеш жату,
ерте тұру таңсық емес,
Тынымсыз қарекетін мөлшерлемес.
Кісіні алғы қүнге асықтырған,
Өмірдің өзіндей жол белес-белес.

Айтпакшы, Сейітбек те жүргізуші,
Сыбанған өзі майшы, өзі суши.
Меншікті торпағы жоқ,
тәбеті бар,
Ауладан төрт доңғалақ өргізуши.

Тағы да таңсәріден кетті оянып,
Аралап шығатын жер көп қой анық...

(Сипалап қала берген жылы орынды:
«Таңзада тәтті үйқыда» деп қоялыш).

Сейіттің күрең қызыл Жигули,
Келетін ферма жаққа жиі-жиі.
Осында – бақташы дос, бауырмал жан,
Шын достық – тіршіліктің сирек сыйы.

Мал баққан нардай жігіт Нармағанбет,
Мактаулы: «жылдар бойы талмаған» деп.
Әуелден адап жаны бұлталақсыз,
Бар күшіне бағымына арнаған тек.

Ауылдан ұзап алыс барған емес,
Қарайып әсте бірақ қалған емес.
Кісінің бір басына жетерліктей,
Кітаптан жиған білім, алған кеңес.

Зерделеп, көнілге сыр көп тоқыған,
Кітаптың қисабы жоқ бұл оқыған.
Қызғыштай көл қорыған бәйек болып,
Томдарын кем көрмейді ер-тоқымнан.

Өргізіп сауын малын атты кісі,
Жусатып, іірген сэт – дәп тынысы.
Шұқшиып журнал оқып отырғанда,
Сейітпен болған алғаш қақтығысы.

Директор көзге жылы ұшыраған:
– Мал қалай, өріс қалай? – деп сұраған –
– Өрістің тар екенін білесіндер,
Біздікі – әупіріммен тек шыдаған...

Жинақтап ұлгермеген тәжірибе,
Сейіттің мұлт кетуі бар, әрине,
Журналын бақташының қолқалапты
«Оқуға бересін, – деп, – маған үйге».

Малшының көзі сонда ежірейіп,
Ежіктең айтқан мынау сөзі дейік:
— Кім кімге журнал әкеп, кітап бермек, –
Білуге обязансың өзін, Сейіт.

Тұystай өзімсініп сұрағасын,
Әзірге мен беремін, сен аласын.
Әйткенмен, «алмақтың да салмағы бар»,
Орнына өзге кітап келе қалсын...

Тіксініп бұған Сейіт абдыраған,
Түсініп, тұтқылдан жадыраған.
Ауылдың кітапқұмар қызық жаңын
Осылай табыстырған тағдыр оған.

Құндысын, тартымдысын таңдастырып,
Бірінен бірі кітап алмастырып;
Дос болып кетіп еді содан бері,
Көнілдің жарастығын жалғастырып.

— Арас-құраласта жүргенің жөн,
Әркімнің мұң-мұқтажын білгенің жөн.
Өмірді көрмей ешкім көсем болмас,
Сезгейсің істің мәнін жүргегінмен...

Қоятын жетекшіге талабы мол,
Майталман бақташыға барады жол.
«Сейітбек сонда болар» деген оймен
Айтқаны Таңзаданың жаңағы сол!

5

Тереңсай аңғарында көзден таса,
Тұрды бір күмбез сарай көркем аса.
Ауылдың балансында атымен жоқ –
«Аңшылар үйі» дейтін үлкен дача.

Ақ кірпіш, қызыл кірпіш аямастан,
Далитып салғызғандар саяласқан.
Соғатын әр жұмандың ағында
Сойқандар тура жолдан тая басқан.

Ауданның дүмділері біз билетін
Осында сенбі сайын дүбілетін.
Атарға оғы жоқтай, көзі шоқтай,
Бірінің бірі көрсө дуплетін.

Тұрғызып дәретхана жарғабаққа,
Бөлленген өздерінше салтанатқа.
Қарайтын дүниеге төңкеріліп,
Үқайды дүмшे бастық жарқанатқа.

Бокалын «жынды сумен» шүпілдетіп,
Тоқалын сүйді бұлар шөпілдетіп.
Ойына келгендерін істеп бақты
Көрмеген жүген-құрық, әбден көкіп.

Өздерін жүргендердің шортан санап,
Көлшігі біртін-біртін сортаңданат.
Ілдіріп желбезектен желбуазды,
Жағаға шығаратын соқты сағат!

Жебедей жетті ақыры тыйым сағат,
Еркінсіп кеткендерге – қыын сағат.
Сейіттер сегіз қағаз акті жазды:
Аңшылар үйін жауып, бұйым санап.

Кім үлес елдің қосса дәuletіне,
Сол ие – игілікке, сәулетіне.
Шорағай-шортандардан босаған үй
Берілді Малбағаров әүлетіне.

Тарығып неше жылдан Нармағамбет
Бір пәтер дені дұрыс алмаған ед.

Қолына қоныс кілті тиғен жерден
Мың кітап,
Он баламен орнаған кеп.

Жайғасып бөлме сайын Малбағаров,
Бәрінің үсті-басы қалды ағарып.
Әділдік шыныменен орнағанын
Адамның жанарынан аңғаралық.

Ертемен ат үстінде, дөң басында
Бақташы таңырқайды ордасына.
Аумағы ат шаптырым сайдың іші
Айналды сауын сиыр фермасына.

Әйелі,
екі қызы, қос келіні,
Қосылып Ертай іні, Доскен ұлы;
Нартайдың үй-орманы ұжымдастып:
«Бірыңғай мердігерлік» дескен мұны.

Әкеге серіктесіп өскен батыр
Өрістен мал оралтып келе жатыр.
Алыстан кеме тосқан шағаладай –
Шетінен ақ желеңді оператор.

Тапқандай жерден Сейіт жеті қоян,
Қуанып сауын жаққа жеткені аян.
«Парное молоко!» деп,
сонда бұған
Бір тостақ сүт ішкізген ерке Баян.

Ағатай жылды сүтке тойып алды,
«Бұзауқан» екендігі мойындалды.
Жайнақтап малшы жастар мәре-сәре,
Қайрақтай ұшқын атқан ойындары.

Ұстанып адалдықтың жастан жолын,
Өмірден, бақыттысын, – тапсан өрын.
Інідей еркелетіп тұр директор
Ауылдың аққу-қаздай жастар жағын.

Биікке ақын жаны тым еліккіш.
Жақсыны талмай іздел жүр едік біз.
Сейіттің ізгілікті ізіменен
Ат басын аппақ үйге тірелік біз.

6

Есікті шопыр жігіт еркін ашты,
Үй іші – кірген жанға ықыласты.
Жеткенше кең бөлменің төріне біз,
Екі әйел құлын-тайдай шүркырасты.

– Таңзада!

Танакөзім, қайдан жүрсің?
«Соңынан қуған» несі?.. – Жайран күлсін:
– Іздеуден тынбайтын бір ақынбысың?
(Онысы – біз екенін қайдан білсін).

Шашақты дастарқанын шапшаң жайған
Әйелдің аты – Жайран, жүзі жайран.
Ас үй мен екі арада құрақ ұшып,
Тасып жүр: – Мынау қаймақ! Мынау айран!

Айырған сары майдан торта қылып,
Ұсынды Таңзадаға жорта күліп.
– Ты, Сергей, бәріне де нажимай, – деп,
Ортага қойып жатыр ортан жілік.

Жарқырап алтын жиек кеселері,
Ақ қаймақ бал татиды кеседегі.

Көмпиген күренітіп бауырсақты
Қос-қостан болар асап жесе, тегі.

Тамақсау екенімді жасырмайын,
Ауылдың сағынамын асын дәйім.
Айранға қаймақ қосып әкелгөнін
Көргесін, жолға несін асығайын.

– Бұйырган дәмнен аттап кете алмайсың.
Сейітті әзір қуып жете алмайсың... –
Қарайды Таңзада мен екеумізге:
– Іздеген сол жігітті екен қайсың?!

...Әуелден ер жігітті мен іздедім,
«Болашақ кейіпкерім» деп іздедім. –
Талыстай танауымен ақбөкендер
Алыстан сезгеніндей теңіз лебін.

Жолығып кер маралдай жұбайына,
Қызыққан сыңайым бар шырайына.
Өлең-жыр ойнақылау келгені жөн,
Әйтпесе жұртқа сөзің ұнайды ма?

Ел-жұртпен араласқан қоян-қолтық
Ноянға жетпек болдық желе жортып.
Арманға қол созымдай қалған шақта
Жүректің лұпілдеуін ерен толқып!

Ақынның адалдығы көзінде тұр,
Жан сыры,
ой-мұраты сөзінде тұр.
Аңсаған ағайынды қоңыр қазы

Кешкісін келетінін сезіп отыр.

Дөңесте Сейіт-Нартай жайғасқандай,
Кең дала еркін ойға жол ашқандай.

Көсемнің арман жайлы асыл сөзі
Қай томда екенине таласқандай.

Шалқыған от-жалындай лебіздерін
Естуге ел адамын көп іздедім.
Достығын директор мен бақташының
Өмірден көргеніме негізdedім.

Жөн шығар бұл екеуін: «егіз» деуім,
Бұлардан керек мениң қол үзбеуім.
Сейіттің сергектігі маған қымбат,
Кім білген, Таңзаданың неге іздеуін?!

Көнілден шықпаса жыр, тым торықпан,
Тынбаймын ізденуден,
оій-жорықтан
Мақтаулы кейіпкерім – Сейітбегім
Аумайды жер-жердегі азаматтан.

Елестеп есті кісі көз алдыңа,
Жылуын алақанның сезе алдың ба? –
Жолығып директорға жүрсің күнде,
Достасып кету деген өз алдына.

Аралас ісімізге,
түсімізге,
Директор – ортамызда, ішімізде.
Әр сөзі – дәтке қуат, ойға демеу,
Арнаған бойда жігер, қүшін бізге.

Аралас бәрімізбен ашық-жарқын,
Жарқ етіп келер сәті жанға жақын.
Әзірге Таңзадаға тамсанайын,
Екі жеп, биге шығу – осы, бәлкім!!

Кей жұманың кешіне
Шаршаңқырап жұмыстан,
Құлак аспай еш үнге,
Қайтушы ек қой, туысқан.

Басың еркін, қолың бос,
Диванға кеп тырайып,
Шынын айтсақ сол күн, дос,
Қалмаушы ма ек тыңайып.

Ертеңіне, сәске де
Саспай ғана керіліп,
Мұндай рахат әсте де
Болмағандай көрініп.

Жайбарақат, енжар ой,
Мезгілден де жаңылар.
Сенбі деген – олжа ғой,
Жексенбісі тағы бар.

Екі тәулік еркін біз
Жүрмей, әттең, жақсы, жәй;
Кей дүйсенбі кейпіміз –
Жынын алған бақсыдай.

Кеңсеге кеп жан сақтап,
Ес жиятын кездер бар;
Кесел қылыш алшақтап,
Өз борышын сезеді ар.

Кең арналы көл-қызмет,
Баста қойып кетеміз;
Ақпар, жоспар – мол тізбек,
Қай жағына жетеміз?..

Қажып қалдым, туу, шіркін,
Тастағандай мың іс қып.
Мұздай болып ту сыртым,
Алақаным тым ыстық.

Көздің түбін суырып,
Солқылдатып шекені;
Құлағымды дуыл қып,
Күнгірлей ме, не етеді?

Мен-зен қылышп ілезде,
Мендең алған мынау дүр –
Біздің қазақ бір кездे
Менсінбеген тұмау бұл.

Ойбай, қазір бұл пәле,
Тұмау тие көрмесін;
Отырғызбай кеңсеге,
Бюллетенъді бергесін;

«Больницаға жат» дейді,
Амал қанша, жатасын;
Қол сілтейсін, деп: «мейлі»,
Аз күнге дәм татасын...

Тоғызыншы палата,
Мейлі, мен бе бай таңдар?

Қызы өлшеп таң ата,
Оятады сайтандар.

Тап бір тәтті тым ерте,
Барып ек қой мана біз;
Тәулігіне мың мәрте
Бұл не қылған анализ?

Қалғуым бар, үйқым жок,
Мазасыз тым тірлігім;
Шашым үйқы-түйқы бол,
Ұсқынсызы-ай түрімнің;

Ауру шіркін мендеген,
Алды менің сиқымды;
Болдым міне, мен деген
Пері соққан сықылды.

Даусым шықты ышқына,
Бірденені кигізді.
Шамаң жетсе, тек шыда,
Сыздықтатып енгізді.

4

Соныменен, не керек,
Көресіні көресің;
Ауруың да тым ерек,
Зәр шықпаса, өлесің;

Сондықтан да таңертен
Оташының алдына
Нартәуекел, жат, көкем,
Наркозынды алдың ба?..

Жергілікті наркоз бұл,
Былқ-сылқ етіп жіліншік;
Жіліншікті ұстап тұр,
Мейірбике қылымсып...

Бәрін сезе бастайсын,
Наркоз ептең тарайды;
Аспайсың да саспайсын,
Жарайды бұл, жарайды!..

KÝMIC ШЕГЕ

Шытырман

*Мұңлы шайтан – құдайдың құған жсаны,
Күнәлі жер кез келіп бір ұшқаны...
Абай.*

Үлкен үйдегі Екеу

Аумағы атшаптырым, деп мөлшерле,
Ауласы қызғаныш қой көршілерге.
Үлкен үй. Көңілге түй. Бірақ мұнда –
Беймәлім бар екені неше бөлме.

Әйтеуір көп бөлменің біреуінде
Сөз бар ма бір Перизат түнеуінде.
Әдемі, қызғылт өнді қыз еді ғой,
Не себеп оның сонша жүдеуінде?

Еге боп көп бөлменің екеуіне,
Күмән жоқ Ібілістің түнеуіне.
«Кінәлі кім?» дегенге үндемеді,
Әлде бұл кінәліні біледі ме?..

...Ібіліс өңкей қазақ ішіндегі,
Мұжық ед тым дәрекі пішіндегі;
Ұдайы көздеген Төр кеудесін көр,
Өр кеуде – Періштенің сүйсінгені.

Өр болса қеудесі оның, бола берсін,
Ерке қыз байлық қуып, соңына ерсін.
Үлкен үй, сансыз бөлме санай берсөн,
Сувенир, сыйлықтарға тола берсін.

Осылай ойлады қыз – Періштеміз,
Осылай небір сыйлық келер деніз;
Сувенир – күміс балға, күміс шеге,
Өздерін сорлатуға болар негіз.

Кім еді Ібілісті деген: «Кәпір»,
Бұл сөзде, кім айтса да, шындық жатыр;
Әдемі, әсем жұзді Періштені,
Ібіліс жаман жолға түсірді ақыр.

Зорлықпен Ібілістің үйленгені,
Мұжықтан бар бәлені үйренгені,
Ішімдік былай тұрсын, Періштенің
Білекке есірткіні түйрегені...

«Соншалық бұл екеуі кім?» деуіне,
Реті келмей тұр ғой үндеуіме;
Бұл кезде жол беруге болмайды эсте,
Қаңқу сөз, өсек-аяқ өрбуіне.

Үй ішін кезіп жүрген үрейлі елес,
Үлкен үй Екеуіне қолайлы емес.
Түсініп оқыған жұрт шытырманды,
«Неліктен мұның бәрі, неге?» демес.

«Білсем, деп, Періште кім, Ібіліс кім»,
Келеді өздерімен түсініскім;

Демі бар Екеуінің өлеңімде,
Лебі бар әйелге тән күрсіністін.

Өлеңім жас жүректің дүрсілі еді,
Біреулер мүмкін соны түсінбеді,
Түбінде болатының бір сұмдықтың
Сезініп, күн ілгері күрсінгені...

Төргі бөлме, соңғы түн

Ібіліс бұл түн үйде қонып қалды,
Бір қауіп төбесіне төніп қалды.
Үлкен үй. Үрейлі түн, ойда жокта,
Төтенше бір оқиға болып қалды...

...Әпкесі кеше келген тұнеугіден,
Кешкісін ерте жатқан күндегіден.
Таң атпай, шырт ұйқыдан күрт оянды,
Селк етіп, секем алып әлденеден.

Әпкенің алғаны сол көзін ашып,
Жүрегі кетті және кенет шаншып.
Уқалап жүрек тұсын тұрган бойда
Іздеді: «Қайда екен, деп, әлгі қаншық?»

Дәріні тіл астына дәлдеп, діттеп,
Келіні жатқан жерге жүрді беттеп.
Есігі ашылмады оның бірак,
Жабылған сегіз бұрап іштен кілттеп.

Жүрген бір елестей боп үйді кезіп,
Ыңғайсыз өзін әпке тұрды сезіп.
Ренжіп інісіне қалса да бір,
Қалайша төркінінен кетпек безіп?

«Бұлардың таусылмайды бөлмесі» деп,
Інісін кетті сол сәт көргісі кеп.
Жатаған үстелінде шөлмек тұрса,
Вискиден бір кішкене ішкісі кеп.

Тұтқаны төмен қарай басты сонда,
Есікті иығымен ашты сонда,
Есіктен басын сұғып қарағанда,
Қайтерін білмей әйел, састы сонда.

Бауыры жатыр екен ашық-шашық,
Әпкесі жүзін бұрды, бетін басып.
Ашылған әбірөйін жапты дереу,
Жалаңаш інісінен кетпей қашып.

Беймәлім түн екені, таң екені,
Белгілі таңғы үйқының бал екені.
Дүбіліп жүргенінде, қаперде жок
Бейнелі түсірілім бар екені.

Бақылап, қалт жібермей әрбір ісін,
Түсірді әр қимылын бұл кісінің.
Әпкеге сондай жаман әсер етті
Сілейіп жатқандығы інісінің.

Серейіп, қыбыр етпей, сұлап жатыр,
Неліктен, дегізгендей, бұлай жатыр?
Аунамай оң жағына, сол жағына,
Қозғалмай, шалқасынан құлап жатыр.

Үш кісі сиятындай ақ кереует,
Жататын алпауыттар ең керемет,
Ібіліс сұлап жатыр дәл осында,
Көрген жан: «Неге бұлай, неге?» демек.

Көңілінде әпкесінің күдік туып,
Сілейген інісіне келді жуық.

Жұзіне жүзін тақап, төніп еді:
Мандайы, еріндері мұздай сұық.

Тұршігіп тұла бойы, шошып кетті.
Жүргегін бір шыбыртқы осып кетті.
«Әрине, «Жедел жәрдем», ең алдымен,
Шақырту керек сосын, сосын.. Бекітті»

Тап болған кезде мынау тосын жайға,
Қаптаған телефондар кеткен қайда?
Асығыс тергенінде бір – нәл-ұшті,
Бірден бос болмайтыны-ай осындейда...

Жеткенде «Жедел жәрдем» дедек қаға,
Дәрігер үнілді кеп жаңын сала:
– Тіршілік белгілері сезілмейді,
– Өліпті, – деді селсоқ, салқын ғана.

Сонғы тұн. Көрмейді енді атар таңды,
Тиісті орындарға хабарланды.
Әпкесі есін жиып алған бір кез:
– У беріп өлтірді, – деп, ойбай салды.

Үлкені қоқырайып, оқырана,
Жиылды бүкіл күзет – охрана.
Көрсетіп куәлігін келген біреу:
– Тергеуші, – деді оларға ақырын ғана.

Тергеуші не бітірмек таңғы бесте,
Мерзімі тергеудің де бар емес пе?
...Сан талай кісі өлімін көріп ең ғой,
Соларды сол күйінде түсір еске.

Анықтап нендей кісі, неден өлді,
Айқында неден, қайдан келген керді;
Амал не, қасіреті мол, кәсібің сол,
Көресің – өліктерді, өлгендерді...

Алуан шеге

...Дегені «Тұзу шеге» – тұсінікті,
Кісінің тұзу жүрген ісі мықты;
Тұзу жүр, тұзу сөйле, тұзу отыр,
Қиналыш керегі жоқ, деймін, тіпті.

Тағы да дейтіні бар «Қисық шеге»,
Қолына балға ұстаған кісілерге
Мұның да сөкеті жоқ, дәп келген дәп,
Тұзулік дегенді өзің тұсіндің бе?

Бұл аздай, «Құміс шеге» деген несі,
Шегенің құміс болмақ неменесі?
Әйттеуір «Құміс шеге» дегенді оқып,
Тек соған жүрттың осы кеткен есі.

...Бірдене жүрек шіркін сезеді ғой,
Оянып, керілетін кез еді ғой;
Манадан мұны тосқан тергеуші бар,
Тергеуші бәріне де тәзеді ғой.

Тергеуші тәзіп, тәзіп бәріне де,
Ешкімнің қарап қалмас әріне де;
«У беріп өлтірген», – деп әпке байғұс,
Тәнірдің ұшырамақ кәріне де.

Тергеуші мехнаты

Төбесін өліктің Бұл сипалады,
Себебі Құміс шеге деймін дағы,
Өзі де не істегенін аңғармastaн,
Сипап тұр өлік басын, тағы, тағы...

Ақыры саусақ ұшы сезгендей бір,
Ақырын саусағымен тұрткелі тұр;

Сезгендей, ішкі түйсік сезінгендей,
Шегенің басында тұр кішкене бұр.

Дегенде күміс шеге, күміс шеге,
Оралып келе беред ойға неге?
Бәрі де одан, содан басталды ғой,
Біз неге оралмаймыз Періштеге?

...Періште, әсем қатын, әзәзіл бұл,
Тартады соның әлі жазасын бұл;
Шықса екен өзі әйтекір бөлмесінен,
Бар пәле, барлық пәле тек сонда тұр...

...Ал шықты, шықты деймін бөлмесінен,
Шыққандай біреу күштеп желкесінен;
Әйелдің құр сұлдері көрінді құр,
«Айналдық, – деуші еді-ау жұрт, – бөксесінен !»

Бөксесі, шіркін, мұның тығыршықтай,
Көргенде, үйірілуші ед жұрт ұршықтай,
Жүретін жұртпен бірге Темірбек те,
Амалсыз іштен тынып, үні шықпай.

Мақтаса, мақтағандай бөксе жұмыр,
Түседі абайсызда көзі құргыр;
Кім бар ед қызықлайтын бұл бөксеге,
Қытықтап құлкісі де сыңғыр-сыңғыр.

Тергеушінің жан сыры

Перизат, саған, еркем, шынымды айтам,
Ешкімге ашылмаған сырымды айтам;
Талаидан жүрегімнің түкпірінде,
Құпия сақтап келген мұнымды айтам;

Мен саған жастайымнан іңкәр едім,
Сен мені титтей де бір елемедін;
Оқуды, оқи бердім, оқи бердім,
«Перизат түбінде бір елер» дедім.

Түбінде мен – тергеуші, сен – жауапкер,
Боларын ойладым ба Мен – бейнеткөр;
Сонымен, ұзын сөздің тоқ етері:
Сен, маған, ей, Перизат, ал жауап бер...

Шыныңды айт, сол түні не істедіндер,
Бірінді бірін шымшып, тістедіндер;
Сайтан түрткен әулекі әуейлер-ау,
Төсектің үстінен бір түспедіндер.

Бұл деген менің ойым, дәл осылай,
Отырсың бұл сөздерге бір қосылмай;
Білеміз, шынға келсек, мен де, сен де,
Болғанын тек осылай, тек осылай.

Перизат, айтқан сөзге қосылсаншы,
Бір минөт, бір секундқа ашылсаншы;
Ішиңе бәрі қалай сияды екен,
Бір сәтке ішінді ашып, жарылсаншы...

Жарылыс

- Мен өлтірдім...
- Ол маған тансық емес...
- Ібілісті...
- Эрине. Тек өлтіруге не себеп?..
- Өшпенділік.
- ??
- Сол түні ол зорламақ болды мені,
Талап етті ойыма келмегенді.

Басыма қаным теуіп кетті бір сәт,
«Көрсетем, – дедім, – саған көрмегенді...?»

– Шешін сен, – деп алдадым, – және жуын,—
Ібіліс кетті ағызып ванна суын;
Ол жоқта күміс балға, күміс шеге
Қолыма тиғеннен соң, белді будым!

Содан соң ішімдікке дәрі қостым,
Ұйықтауын Ибілістің күтіп тостым,
Одан соң... одан әрі өзің дағы...
Білесің, білесің ғой, Темір ... достым!..

Шалқып-тасу

– «Темірбек, Темір... достым» дедің бе, еркем,
Айтқан үн қандай эсем, қандай көркем!
Тәнірден шын тілегім сол еді ғой,
Қуанған осыншалық кім бар екен?

Көңілім кетті менің шалқып-тасып,
Самалға тостым, дереу, кеудемді ашып,
Жасарып кеткендеймін мен бар ғой, мен,
Өзіңе көптен іңкәр – кәрі ғашық!..

Перизат, ей, Перизат, мені тұсін,
Мен саған көрсетпеймін ешбір қысым;
Тәк тұрып, пәк көнілмен айтарым бұл:
Менімен қосылуға әзірмісің?

Мықты тірек керек!..

– Темірбек, Темір... достым, не деу керек,
Мен қазір толқып тұрмын тіптен ерек,

Бірақ та шегінетін жер қалған жоқ,
Жөн болмақ сұрағыңа жауап бермек;

Дәл қазір жанашыр жоқ сенен ерек,
Сен бөлек өзге жұрттан, сен – Бәйтерек!
Мен байғұс ішім қуыс, сыртым дүрдей,
Маған да керек күшті, мықты тірек!..

Қолыңдан ұстайын мен... Темірбекім,
Ойланып, толғандым да, осылай – дедім;
Қаранғы түнекте бір жүргендей ем,
Жарқырап кетті-ау менің төнірегім...

Саргайған жетер мұратқа...

Жұрт жүр ғой уақытты – алтын санап,
Олар жүр сагатына жіңі қарап;
Әйтеуір жазылған жыр, айтылған сыр,
Болғаны бірденеге кетсе жарап.

Дегенім жазылған Жыр – «Күміс шеге»,
Атады дәл солай деп Ақын неге?..
Тәптіштеп бәрін түгел жазып ем ғой,
Болды ғой түсінікті деймін Елге...

Білмекпін, не жазғаным ұнады ма,
Көнілін бірден соған құлады ма;
Сөз бар ғой біздің қазақ айтқан бір кез:
«Саргайған жетер кісі мұратына»...

Перизат тапты өзіне тіренішті,
Сан жылғы ұмыттырған ренішті;
«Өткен күн енді қайтіп келмесін» деп,
Екеуі бір кішкене виски ішті.

Ақыры Темірменен қосылыпты,
Тірегі Перизаттың өте мықты!
Ақын да осы жырды тәмамдамақ,
Қалжырап, шаршап бітті мұлде тіпті.

Өлеңін езі жөндеп, тегістемек,
Үлде мен бүлдеге орап, пүлістемек,
Қоясыз ұлдың атын дейді, Темір,
Тілекті тәнірім берсе, «Күмісбек» деп.

Темірбек тергеуші ғой, ал мен – Ақын,
Болғанда Өзім – күміс, Сөзім – алтын;
Иланып әр сөзіме, қиналып та,
Бұл жырды жазып біттім танға жақын!!

*21 желтоқсан, 2010 ж.
21 наурыз, 2011ж*



БІЗДІҢ ҚИҒАШ

Бір перделі, үш көріністің қойылым

Ойнаушы бейнелер:

Қиғаш,
Айттым ғой,
Мәссаған,
Әрине – оқушылар,

Ақыл тәте және Ауыз жаппас.

Бірінші көрініс

Мұз айдыны, яғни тақтайды еден бар. Қиғаштың ролик.

Қиғаш:

– Тағып алып, конъки біз,
Сырганаймыз, қалқимыз.
Қызған сайын денеміз,
Қиғаш-қиғаш тебеміз.

(Тайраңдауын қүшейтіп, әріге кетеді. Сахнага Агой, Әрине, Мәссаған шығады).

Айттым ғой:

– Айттым ғой, «Ол осында» деп,
«Болмайды тосуға» деп.
Жұрт мұнды тосып жүр,
Бұл мұнда босып жүр.

Әрине: – Әрине, босып жүр.

Мәссаған: – Мәссаған, жосып жүр.

Айттым ғой: – Қиғаш, Қиғаш, тоқта!

(Қиғаш жалт қарап, қалт тоқтайды.)

Қиғаш: – Басқа айтарың жоқ па?

Айттым ғой:

– Күттірдің ғой сен текке,
Неге келмедің мектепке?

Қиғаш:

– Мана біткен сабағым,
Мектептен қазір не аламын?

Мәссаған: – «Не аламыны» неси?

Айттым ғой: – «Кездесуге әзірлік» деші.

Әрине:

– Әзірлікті қайтсін бұл,
Сырғанақтан шыққан ғой еси...

Қиғаш:

– Қиғаштың еси – орнында ,
Кездесу кеші – ойымда.

Айттым ғой:

– Айттым ғой, бұл бәрін біледі,
Біле тұра, бетімен жүреді.

Әрине:

– Қиғаш тартып үнемі,
Өзі бізге қуледі.

Қиғаш:

– Мен қашан сендерге күлдім,
Мен мұнда әзірленіп жүрмін.

Айттым ғой, Әрине, Мәссаған (қосылым): – К-а-л-а-й-ш-а?

Қиғаш (кекесінмен): – Б-ы-л-а-й-ш-а!..

(Сырганай жөнеледі. Алуан қимыл жасайды.)

Жалтырайды көкше мұз,

Тайғанайды өкшеміз.

Қызған сайын денеміз,

Қиғаш-қиғаш тебеміз.

(Әрине шыдамай, Қигашқа қосылады.)

Мәссаған:

– Мәссаған, мынаған не жоқ?

(Әрине тайғанақтап, тәйкесінен түседі.)

Сол керек саған, шоқ-шоқ!

Айттым ғой: – Қой, табалама босқа.

Қигаш: – Неғып жатырсың, ей, қасқа?

Айттым ғой:

– Сен құлме досқа.

Қол ұшын бер одан да.

Қигаш: – Мұндай осал болар ма?

(Әринені қолынан тартып тұргызады.)

Демек, құламау үшін кенет,

Айдынға шығып,

Сырғанау керек!

(Сахна төрінде сайрандаиды.)

Мәссаған: – Сырғанауын қоймайды.

Әрине: – Ойынға бұл тоймайды.

Айттым ғой:

– Несіне қарай береміз,

Ақыл тәтеге айтып көреміз.

(Үшеуді асығыс кетеді.)

Қигаш (ойнақы):

– Оған дейін Қигаш

Босқа қарап тұрмас...

Екінші көрініс

(Мектептің спорт алаңы. Қигаштың үстінде – ықшам күйм).

Қигаш (әндемін):

– Ахай, ахай, Қигаш-ая,
Сырганаудан бір тынбашы-ая!

(Арғы шетке кетеді. Сахнага Ақыл тәте бастаған Айттым гой, Әрине, Мәссаған шығады).

Айттым ғой: – Айттым ғой, «Қигаш осында жүр» деп.

Әрине: – Әрине, одан басқа кім жүрмек?

Мәссаған: – Мәссаған, мәнерлейді-ая, жүгірмек!

Ақыл тәте:

– Әдемі екен шынында,
Қигаштың коньки тебісі.
Әрине, бұл – айдынға
Жиі шығудың жемісі.

(Әрине бақыраійып қарап қояды.)

Айттым ғой:

– Бірақ Қигаш үнемі
Жеке-дара жүреді.
Біздер қайда, ол қайда?
Сырганауын қойдыра алмай,
Шаршап біттік біз текке,
Шара қолданамыз тентекке!..

Ақыл тәте: – Мәссаған, ол сондай тентек пе?

(Енді Мәссаған бажыраійып қарайды.)

Онда шындал сөйлесейік:

Қигаш, Қигаш, мұнда кел!

(Кигаш зырлап келіп, кілт тоқтайды.)

Қигаш:

– Айтайын онда шынымды,
Болсандар мені тындарама.
Жаныма жақын мұз айдын,
Аңсарым менің – сырғанақ.
Айдынға шыққан сәтімде
Бойыма қанат біткендей болады.

(Қайталап тағы айтады)

Ақыл тәте:

– Коньки тебу де – өнер,
Өнер шаттыққа бөлер.
Шәкірт бәрін білсін,
Өмірге еркін кірсін.
Суда жүзіп, мұзда сырғып,
Тауга-тасқа шықсын ырғып.
Қыста – шанғы, жазда – қайық,
Жарықса тұс желкен жайып!
Әрине (*аузын бұртитып*): – Коньки аздай, қайық...

Айттым ғой (*дауысын құбылтып*): – Қигашқа бәрі лайық.

Қигаш:

– Әрине, коньки, әрине, қайық,
Калықтау керек қанатты жайып!

Ақыл тәте:

– Сен бекерге асып-таспа,
Қиқарлықты таста.

Қигаш:

– Мен бар ғой, мен, тақпақ айтуды
Сырғанап келіп бастаймын.

Мәссаған:

– Сахнада сырғанақ тебесің бе?

Ақыл тәте (күлімсірен):

– Мәселені өзінше шешті тентек,
Айттым ғой, Қиғаш – есті тентек.

(*Балалар күліп жібереді, Айттым гой ғана өкпелі.*)

Айттым ғой:

– Қиғаш есті болсын-ақ,
Айттым ғойдың жазығы не?

Ақыл тәте:

– Ә, өкпелеп қалдым, де,
«айттым ғой» – мәтелі сөздің.
Сендерді түзеу орнына,
Өзім де жаман үйреніп:
«Мәссаған, Әрине, Айттым ғой»
Дейтін болыптын,
Мен содан қорықтым.
Жалған аттан, жауыр сөзден
Күтылу керек осы кезден.

Мәссаған, Әрине (қосылыш): – Қалай, қайтіп?

Ақыл тәте:

– Жауыр сөзді айта бермей,
Талғап сөйле, ойлап сөйле.

(*Мәссағанга қарап*):

Мағрипа деген атың бар,
Мәссағаннан аулақ бол!

(*Мәссаған мақұл көріп, басын изейді).*

Келісе кеткіш Әлиге,
«Әрине» деген жалған ат жабысқан.

(Әрине басын тұқырады.)

Сен оған намыстан!

Әрине (*еріктен тыс*): – Әрине.

Ақыл тәте:

– Жауап сөздің бәріне
Мән бергейсің әлі де.
Сәндігүл, саған наз айтсам:
«Айттым ғойды» азайтсан.

Айттым ғой: – Макұл! Бұдан былай болсын солай!
Мәссаған, Әрине (*қосылып*): – Ә, Қиғаш ше, Қиғаш?

Қиғаш:

– Менің атым – Мирас,
Сырганауым ғана қиғаш.

Ақыл тәте:

– Сырганауың дұрыс,
Енді сен жарысқа барасын,
Мәнерлеп сырғанаудан
Өнерінді сарапқа саласың.

Айттым ғой:

– Онда, сырғанаудан тынбау керек,
Шеберлікті шындау керек.

Әрине:

– Үш күн айнаға қарап,
Үш күн музыка тындау керек.

Мэссаған:

– Мәнерлеп сырғанау үшін
Тамаша әуен таңдау қажет.

Ақыл тәте:

– Талпындың екен, талмау қажет,
Биікке самғау қажет.

(Кигаш екі қолын басынан жоғары көтеріп, қолдарын қатты туйістіріп, серт бергендей белгі жасайды. Бәрі де солайша салтанатты күйге көшеді).

Үшінші көрініс

Сахнада Айттым гой, Мэссаған, Эрине, Ақыл тәте жайгасқан. Жарыс барысын теледидардан қарап, бақылайтын тәрізді. Қарсыда, бұларға бір қырын отырган түсіндірімпаз – Ауыз жаппас.

Ауыз жаппас:

– Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!
Күмбірлеп спорт күмбезі,
Айнадай жалтыр айдыны.
Өтүде бүгін осында мәнерлеп сырғанаудан
Шәкірттер шабысы,..
Кешірініздер, ...Жүйріктер намысы,..
Қап, әлгі... конькишілер жарысы.

Мэссаған: – Не дейді мынау Ауыз жаппас?

Ақыл тәте: – Жарыс жайын айтады.

Түсіндірімпаз: – Қаппас.

Эрине:

– Түсіндірімпаз болса, нағылыш отыр,
Бастамай жатыш, жаңылыш отыр.

Ауыз жаппас:

– Күштілер тобы – он бала.
Тарбағатай тауларынан,
Аманқарағай ауданынан,
Ақтөбеден, Қызылжардан,
Алматыдан, Астанадан,
Қысқасы, байтақ дала аумағынан
Жарысқа келген ұландар
Көкше мұздың үстінде
Бұлың-бұлың бұландар!

Әрине: – Айтады-ау, шіркін, сабазың!

Мәссаған: – Аудара береді қағазын.

Айттым ғой: – Айдынға қарап айтсын, ретімен, жөнімен.

Ауыз жаппас:

– Сонымен, жарыс жалғасып жатыр,
Сырғанаушылар алмасып жатыр.
Кейінгі топтан бадырақ көз бала,
Жұтқыншағы шодырайып,
Ортаға шықты одырайып.
Шыға сала, міне, қызық,
Тұра қашқан көжектей,
Қолы-аяғы безектей, зулап кетті...

Әрине: – Арсы-күрсі музыка шулап кетті.

Мәссаған: – Менің тіпті зәрем ұшты.

Айттым ғой: – Екпіні сондай күшті.

Ауыз жаппас:

– Зулап келіп, секіре беріп,
Ойбуй, құлап түсті...

(Өзгелер өкініш білдіреді, Әрине гана аяусыз.)

Әрине: – Құласа, құлай берсін.

Ақыл тәте: – Тек, неге олай дейсін...

Ауыз жаппас:

– Шапшаң екен, дегенмен,
Ұшып тұрып еденнен;

Еденнен емес, мұздан,
Бұрынғыдан да жылдам,
Дедек қаға жөнелді.
Біздің кейбір балалар,
Ойланбастан, асығыс,
Жатқа айтқандай өлеңді,
Мұндайдың бірақ бағасы
Төмендеу болар, шамасы.

Айттым ғой (*таблодан оқығандай*): – Бес те нөл, бес те бір.

Ауыз жаппас:

– Төрешілер сараң келер,
Жарты балды әрен берер.
Бір ондысы, мұнда
Күласаң да мұзға,
Коймайды «екі»,

Әрине:

– Фажап екен мұнысы,
«Екі-мекі» дегенді ұмыту ғой, дұрысы.

Ауыз жаппас:

– Жұлделі орыннан
Үміткердің бірі – мына сары,
Кигені – қына сары.
Айдынды шарлап, айналып шықты,
Конъкий мұзға қайралып шықты.
Әуен-сазы сай екен,
Біресе жүрдек, біресе жай екен:
Әзірге қате жібермей,
Өрнек, нақышын түгелдей,
Жалықпастан жасап жүр,
Басқалардан асар бұл.
Әнекей, таблоның беті:
Бес те жеті, бес те жеті,

Әрине:

– Жетті, жетті,
 «Бес те жетің» көбейіп кетті.
 Қигаштан ешкім озбасын.

Ауыз жаппас:

– Озу, озбау – шеберліктен,
 Озбай қоймас өнер біткен.
 Сондай оқшау, мықты бала
 Мұз айдынға шықты жаңа.
 Елдің бәрі көп дәмелі
 Дәл осынау жеткіншектен,
 Омырауы оқа-зерлі,
 Қамзол киген қаракөктен.

Мәссаған: – Мәссаған, мынау – Қигаш!

Әрине:

– Әрине, Қигаш!
 Менің досым, аты – Мирас!

Айттым ғой, Ақыл тәте (қосылып): – Біздің Қигаш, Біздің Қигаш!

Ауыз жаппас:

– Талдырмаш келген, қағылез шәкірт
 Қауырсындай жеңіл қалқып,
 Өсем қимыл бастап кетті,
 Асқақ күйдің екпінімен
 Салған жерден асқақ кетті.

(Сахнадағылар енді мазасыз, Ауыз жаппаспен жағаласа сөйлейді.)

Айттым ғой:

– Бәсе, солай елден ерек,
 Сырғанайтын болса керек...

Ауыз жаппас:

– Зырылдап келіп, кенеттен
Кілт өзгертті-ау бағытты!

Әрине:

– Ол деген, тәйірі, Қиғашқа
Қымылдар ғой қалыпты!

Ауыз жаппас:

– Нәзік әуен сзылдырып,
Қалықтауын жүзіп жүріп!

Мәссаған:

– Қарлығаштан аумайды,
Қиғаш солай заулайды!

Ауыз жаппас:

– Оргып-орғып кеткен киік секілді,
Қайыра-қайыра биік секірді.

Ақыл тәте:

– Үш қайтара секіріп,
Төртіншіге де бекінді.

Әрине:

– Сырғанаудың көкесін
Көрсетші солай, көкешім!

Ауыз жаппас:

– Бойын тіктеп алды да,
Өрімдей бола қалды да,
Иірілгендей шыр айналды,
Ұршықтайын зыр айналды!

Мәссаған:

– Ауыз жаппасты қараңдар,
Аузын мұлдем ашып қалды...

Айттым ғой: – Төрешілер, тегі, сасып қалды...

Ақыл тәте: – Шықпай жатыр бағасы.

Әрине: – Қырсығуын қараши...

Мәссаған:

– Жанды табло, жанды,

Жазды, жазды жоғары балды!..

Жақсы баға, мықты негіз.

Мәссаған: – «Қигаш озып шықты» деңіз.

Әрине:

– Женді Қигаш, женді,

Бәйгеден озып келді.

Ақыл тәте:

– Жарады, Қигаш, жарады,

Жеткізді оны женіске

Таудай үлкен талабы!

Ауыз жаппас:

– Мұзда сырғанау мәнері

Ән салғандай әдемі,

Женімпаз ұланға барайық.

Куаныш құтты болсын, халайық!

*(Бәрі орындарынан тұрған. Сахнатөріне, құрметтұғырына
Қигаш көтеріледі. Түсіндірімпаз оған микрофон ұсынып тұр).*

Қигаш (Мирас):

– Көкше мұзды айдыны бар далада

Коньки тебу қандай жақсы балаға!

Жайрандатып, еркелетіп өсірген,



Мың рахмет, халқыма, ата-анама!

*(Елдің бәрі қол согуда. Алақандары ауырғанша сога бер-
сін.)*

Ш ы м ы л д ы қ.



DACMAD + DAP



Айттым ғой: – Төрешілер, тегі, сасып қалды...

Ақыл тәте: – Шықпай жатыр бағасы.

Әрине: – Қырсығуын қараши...

Мәссаған:

– Жанды табло, жанды,
Жазды, жазды жоғары балды!..
Жақсы баға, мықты негіз.

Мәссаған: – «Қиғаш озып шықты» деніз.

Әрине:

– Женді Қиғаш, женді,
Бәйгеден озып келді.

Ақыл тәте:

– Жарады, Қиғаш, жарады,
Жеткізді оны жеңіске
Таудай үлкен талабы!

Ауыз жаппас:

– Мұзда сырғанау мәнері
Ән салғандай әдемі,
Женімпаз ұланға барайық.
Куаныш құтты болсын, халайық!

(*Бәрі орындарынан тұрган. Сахнатөріне, құрметтүгірына
Қиғаш көтеріледі. Түсіндірімпаз оған микрофон ұсынып тұр*).

Қиғаш (Мирас):

– Кекше мұзды айдыны бар далада
Коньки тебу қандай жақсы балаға!
Жайрандатып, еркелетіп өсірген,
Мын рахмет, халқыма, ата-анама!

(*Елдің бәрі қол согуда. Алақандары ауырғанша сога бер-
сін.*)

Ш ы м ы л д ы к.

DACMAD+DAP

ТІРШІЛІК БАЙ ДАСТАН

Жағада жалғыз жүр жігіт,
Көк жүзін тегіс бұлт басқан;
Сұрланған күйі бұл жігіт,
Сұрлана түсті-ау сұр тастан;

Бұлтты аспан,
Тұтасқан,
Тұнгі аспан,
Мұңдақсан;
Сұр дүние, Сұр жігіт;
Сұрланып алған, тұр қашқан.

Таң атып баяу тағы да,
«Тұр-тұрдан» хабар береді;
Таң атқан мынау шағында
Құланиектеніп келеді.

Тұн аскан;
Таңғы аспан,
Сырласқан,
Боз торғай,
Жырласқан.

Дүние ғажап сәскеде,
Айнала кісі көреді;
Қарамай жандар әстеде
Биіктей көңіл береді;
Тұскі аспан,
Тыңдақсан,
Тіршілік атты
Бай дастан!

КҮЗГІ ДАУЫЛ

Теріскейден соққан жел
Несіне дейді мұны мизамшуақ,
Толассыз көк жүзінде бұлттар шұбап;
Бетінен түгі шығып тұнерді аспан,
Қарғалар ерсіл-қарсыл улап-шулап.

Сүйрендеп,
сумаң қағып,
ызғар шашып,
Жел жетті әлдеқайдан асып-сасып.
Әп-сәтте жер мен көкті кеуlep,
Қалғандай дүниенің есігі ашық.

Тентек жел терезеден ысқырады,
Ызақор,
өз-өзінен ышқынады.
Әлде бұл жанжал тілеп тұрған жандай:
«Шық кәне, сыртқа шық!» – деп күш қылады.

Әлken де әрен отыр ыза буып,
Жұлқынып шығуға енді бұ да жуық.
– Болсаншы,
қайдасын? – деп қалғанында,
Сенектен жұбайымен кірді сұық.

Үстық ас – қара шөген тұрған пеште,
Шөгеннен сырлы аяққа құйды кеспе.
Еріне жас келіншек жәудірейді:
– Күн жаман, қонамысын,
болды кеш те...

...Ай болды Әлken үйге келмегелі,
Күндіз-түн егін орып,
ерлегелі.

Бұғін бір аса зәру тетік іздел,
Еріксіз елге қарай жөнелгелі.

Отырып серіктесі комбайнға,
Әлкеннің өзі тартты Дәүқайыңға.
Ойына алған істі тындырғанша
Тынымсыз,
шыдамсызыдау әрдайым да.

Бұрқылдап мотоцикл артында шан,
Бұл келсе, қойма жабық,
кілтші масаң.
Қоймашы ағайына салды дігір,
Бола ма керек затты таптырмасаң.

Әлде сол болды қозғау алқынғаны:
Жел тұрып,
жедел өршіп, қарқындасты.
Әлгінде жадыранқы тұрған күннің
Іңғайы жаман мына қалпындағы.

Кенеттен құбылғандай күн рапы,
Әлкен де қалды бірден тымырайып.
Бір ойы:
«Қайтайын тез, зымырайын»,
Бір ойы:
«Үйге сок» – деп, қыңырайып.

Жанына бейтаныстың бара түсіп,
Таңырқап қарайтындей қара күшік...
Төбесі Әлкентайдың қөрінгеннен
Балшекер бәйек болды құрак ұшып.

Үйінен үзілмейтін от қашанда,
Тұр екен шөген қайнап шоқта сонда.
Әдейі қиястанды әйеліне:
– Асынды, айтшы, кәне, көп тосам ба?

– Жоға! – деп, әйел жорта құлімдейді,
Ақырын басқан ізі білінбейді.
– Желдетіп келуіңе көрінген ғой,
Қабағым тарта берген бүгін, – дейді.

Әлкенге сырлы табақ кеспе берді:
«Күн жаман, кеш» – дегені есте ме еді?...
...Елжіреп күйеуіне тұрды қарап:
– Айтпақшы, елге... байғұс...
Доскен келді.

Әкесі барған екен «кел» дегесін,
Алып кепті,
ауруы мендегесін.

Мен-дағы жылап-жылап қайттым мана,
Деп жатыр: – Ертең-бүгін сен де келсін.

Алайып Әлкен сол кез қараған кеп:
– Сен неге,
неге айтпайсың манадан?! – деп.
Ертерек естігенде Доскен жайын,
Баардай келген бетте даладан тек.

Мандаға түскен шашы ұйпа-тұйпа,
Отырды басын шайқап қайта-қайта.
Астынан су шыққандай атып тұрды:
– Жұр, кеттік.

Киін жылдам!
Отты байқа...

Сарт етіп жабылды есік.
Тым-тым қатты.
Сыртқы әйнек,
сынды білем,
сынғыр қақты.

Болмағай бір сұмдықтың хабаршысы¹,
Жел деген ұйтқи соғып,
Үдеп апты.

Ұли ма,
зіркілдей ме,
өкіре ме? –
құлия ұтыргандай дәкір неме.
Дүбілтіп дүниені ойда жоқта,
Уілелеп соған өзі өкіне ме?

Не керек,
бір долының келгені анық,
Өңмендеп,
келген беттен кердең қағып.
Етектен жүлқып жатыр Балшекерді,
Әлкенді екі бірдей жеңнен алыш.

Үйіріп тартты гуіл құшағына,
Құлакшын, ұстамаса,
ұшады да.
Екеуі бірер аттап,
қалды тоқтап,
Қаңтарып қойды ма өзі,
тұсады ма?

Сүренсіз, сусылдақ бір күй термелеп,
Тежейді кеудеден жел итермелеп.
Әлдене азынай ма,
өзі қайда? –
Әйтеуір басқа-көзге тұр пергілеп.

Шіреніп ауыр арба тартқан аттай,
Тұқырып,
Тұрған жерден әзер аттай;

Әлкеннің алға қадам басқаны сол,
Жан даусы шықты әйелдің:
– тоқта, тақта-әй!

Оң қолы бос қарбанып ербен-ербен,
Ілгері баса алмай тұр әлгі жерден.
Әйелді жел ұшырып әкетердей,
Қол созып,
ұстамаса Әлкен жеңнен.

Қолтыққа Балшекерді қысып алды,
Біршама бұрынғыдан пысып алды.
Бір шана отынды да ойдан өрге
Итеріп шығаратын күші бар-ды.

Бой берер емес бірақ мына пәлен,
Күшінді сынал көрші,
болса дәмен.
Бір арба шөп сырғытқан секілденіп,
Аттайды алға қарай әрен-әрен.

Манағы манағы ма,
барады үдей,
Суылы гу-гу еткен қара дүлей.
Буыны дір-дір етіп келіншектің,
Күйеуі сүйрелейді:
«Бол, бол, жур-ей!»

Шама жоқ Балшекерде тілдескендей,
Әлкен де әлтек-тәлтек құм кешкендей.
Көруге достың жүзін асыққанда
Алдынан жел ұйытқумен егескендей.

Біресе ентелетіп,
еміндіріп,
Біресе кері итеріп,
шегіндіріп;

Кім білген,
ауыл үйдің арасында
Осылай салады деп желің бұлік.

Ағынға қарсы жүрген сияқтанып,
Тізeler діріл қағып,
аяқ талып;
Әлкендер арсы-күрсі боп келеді,
Доскеннің үйіне де таяп қалып.

Құрдас

Есікте жанға жайсыз сықыр бардай,
Қабағын Доскен соған шытынғандай.
Ентігіп,
есі шығып келген Әлкен
Мезгілден сезінді өзін ұтылғандай.

Жігітті елге бірден сүйікті еткен
Өңі жоқ,
өңі неге күйіп кеткен?..
Диванда жатыр селсоқ,
сұлық күйі,
Қос жастық басын біраз биіктеткен.

Ақырын қайран құрдас көзін ашты,
Жеткенін диқан достың сезіп ашты.
Ұмытылып Әлкен оның алды қолын:
– Мұның не,
бұл немене?
Көтер басты.

Достармен құлын-тайдай дүбірлесе,
Ойнақтап жүрген жігіт құні кеше.
Әйнегін қыз бар үйдің тықылдатып:
«Әлкенмін» дейтін құрдас,
«Бұл кім?» десе.

Ауылда той-думанның гүлі болған,
Ағайын тұсірмейтін мұны қолдан.
Откізген сан құдалық дүрілдетіп,
Көрдің бе қозғалуын бүгін зордан.

Білген ел күміс көмей әнші екенін
Дейтүғын:
— «Сұржекейге» салшы керім.
Әлкенге күйеу қосшы болып барып,
Әкелген сәукелелі Балшекерін.

Сол күннен мұның нілдей бұзылғаны,
Көңілі тыным таппай дызылдады.
Беймәлім әлдекімге
Әлденендей,
Сезілді кеудесінде қыжыл бары.

Өзегін ацы судай өртеңкіреп,
Бір күйік алқымынан тұрды тіреп.
Тартынып алғаш рет ән салудан,
Есінде би билеуі жер тепкілеп.

Сол кезден бойда қаны тасығаны,
Тасуы жуырманда басылмады.
Сырт көзге сырқат дерлік дәнеңе жок,
Болмаса іштей жұрттан жасырғаны.

Жігітің содан бері көп емделді,
Түгесті дәрі-дәрмек деғендерді.
Қараша-қауыс тұа құс қайтқаның
Көрмекке, күйі мынау,
келгендегі.

— Ауырып жата беру жараса ма,
Қиналсам, сендер барсың арашаға.
Тыныштық қоңыр күзден іздең келсем,
Кез боппын қара дауыл қарашаға...

Айтады Доскен созып әрбір сөзін,
Алмайды құрдасынан Әлкен көзін.
ҮІп-ыстық алақанын ұстап отыр,
Күтімге бейімдеген әбден өзін.

– Балишекер, бар, көмектес шешене, – деп,
Жұмсады:

– Шай әкелші кесемен, – деп.

Доскен де достың сөзін құптағандай:

– Жұтқаным – шипалы су кешеден тек.

– Көп ішпеу керек еді әуел бастан... –
Айтуын айтып қалып,

Әлкен сасқан.

Кеудесі сыздап жатқан сырқат жанның
Тұрткендей ауру жерін андамастан.

Бір сэтке үйдің іші тына қалды,
Тұр әлі жел азынап сыртта зарлы.
Қабағын түйіңкіреп Доскен сол кез,
Астынан жастығының дәптер алды:

– Көп еді көрген-білген екеуара,
Мынау жыр – құпия сыр жеке дара.
Ешкімге бермегейсін,

бір тілегім, –

Өтінем,
окығайсың өзің ғана...

Әлкенге сұқ саусағы шошайды анық,
Дірілдеп,

буыны сәл босай қалып.

Азырақ қозғалғанға жатты шаршап,

Көз алды қарауытып,

бас айналып.

Досқен жыры

«Кеудемді кернеп бітті мұң-арманым,
Мен енді бұл сырымды бүге алмадым.
Құпиям аян болсын ак қағазға:
Өзіңе өліп-өшіп құмарландым.

Басқа жан,
бар дүние былай қалып,
Көнілім, құрбым, саған құлайды анык.
Өзінді ойлас қана өмір кешем,
Барады бақандай бір жылға айналып...

...Көркіңе күншығыстай арайланған
Мен алғаш тамашалап карай қалғам.
Нұрланған,
қуанышты дидарында
Тұр екен талайғы үміт,
талай арман.

Ойымды менің осы қостағандай,
Жанарың жаудырады тостағандай.
Жүргін бейқам жүрген өрекшітіп,
Наздана қарағаның досқа қандай?!

Мәрмәрдай маңдайыңың әрлі аппағы,
Тәнірдің таңдантуға жаратқаны.
Көнілде сызат болып қалды содан
Қастарың – қарлығаштың қанаттары.

Сұлулық нұктесіндей қоңыр менің,
Көргенім сор болды ғой соны менің.
Жанымды шөліркетіп әлі күнге,
Тамсантты қызыл шие – сенің ернің...

...Әйтегеүір аңсарымды іркіп, тартпай,
Қарағам ауыз ашып,
кірпік қақпай.

Кенеттен күлдің ғажап,
мұмкін, мазақ? –
Көрініп тісің аппақ,
тілің нарттай.

Көмейден құміс құлкін –
аққан бұлак...

Ақ мойын.

Қара бұрым жатқан құлап.
Кісіні қымсынтыңданай сұлу жүзін,
Еріксіз ұмсынады...
Әттең...
Бірақ...

Тұрганда көзімізге көз қадалып,
Алқындым жүрегімді қозғап алып.

Махаббат! – осы екен ғой.

Бос екен ғой
Бұрынғы балдыр-батпақ бозбалалық.

Бұл – менің сезінгенім көптен кейін,
Кісідей есін жиған өрттен кейін.
Осы күн ойға батып жатқанымда:
«Өртенбей, оттан қалай өткем?» деймін.

Дертімнің сол күн екен басталғаны,
Еркімнің тұсауланып тасталғаны.
Алғашқы жалаң қабат,
жалаң сезім
Сан қабат ауыр оймен астарланды.

Жай таппай,
ойға-қырға сенделемін,
Жаныма жалғыз ғана сен – керегім.

Тұнде – тұс,
күндіз елес боп баrasын,
Еркем-ay,
енди қалай емделемін?!

Өтті ғой үйқысыз тұн жылдай болған;
Өтті ғой құлқісіз күн мұндай болған.
Махаббат мазаны алып,
жазаланып,
Мен бір жан тыныштықтан жүрдай болған.

Сені ойлап,
дариядай тасып қалам,
Сені ойлап,
өз-өзімнен жасып қалам,

Сен – алыс жарығысың тұнгі ауылдың,
Жолаушы жақындаса,
кашықтаған.

Сен – менің көкте күнім,
аспанда айым;
Сен – менің көңілде мұң,
баста – қайғым.

Құлағың күнде шулап жүрген шығар,
Атынды аузымнан бір тастамаймын.

Басқа жан,
бар дүние былай қалып,
Көңілім, құрбым,
саған құлайды анық.
Жасанды серігіндей шыр айналып,
Жүргелі –
бара жатыр жылға айналып.

Өзіңе өлердей мен құмарландым:
Кеудемі кернеп бітті бұл арманым.
Ай, сәүлем,
баян болды,
аян болды, –
«Кім сөздің сенен артық ұгар мәнін».

Өкпе

Оқыды шай ішкендей шөлі қанып,
Отырды тосын сырға таңырқанып.
Досының есі-дерті –
қызы болғанға
Қалғандай диқан жігіт шамырқанып.

– Көбейтіп қызыға бола сөз шығынын! –
Боздауын босқа айналтып өз шығырын! –
Осылай демек еді құрдасына,
Құрдасы алғандай сәл көз шырымын.

Жарығы нәзік қана абажурлы
Шам нұры шар айнамен таласулы.
Дос мұнын,
Доскен сырын жаңа біліп,
Сезінді Әлкен өзін қағажулы.

Жастықтың домбырасын шертіп ойнап,
Шырқатып жүрген қандай еркін,
бойдақ.
Досында әннен басқа арман жоқтай,
Әзірге жүр екен ғой бертін ойлап.

Көп құшқан елдің небір сұлуларын,
Кім білген мұның қыздан мұңы барын.
Кеудесін тосқан адам айықпастай,
Махаббат сәулесіне ұрынғанын.

Бағдарын жағалауға бұрған кеме,
Желкенің жел қеүлесе,
тұраپ деме.
Өмірде бір ғажайып қыз көргенін
Жасырып, айтпай жүрген бұған неге?

Кісінің тасығандай бойда қаны,
Сұлулық елден ерек болған-дағы.
Құрдасын құмарлантып қойған қызыға
Қайнайды анқау достың зығырданы.

Құштарлық –
кеше бастан өзі кешкен –
Қалайша қалған бұған сезілместен?
Доскеннің кімді сонша сүйгендігін
Ойлады көрер таңға көз ілместен.

Орнынан тұрған күйі жабырқаулы,
Аңғал жан қояр емес таңырқауды...
Тезірек айықсын бұл ақын-ғашық,
Жұмбактап жазған жырға Әлкен даулы.

Үйдегі жан адамды оятпастан,
Далаға шыға тартты таң атпастан.
Жөнелді қара дауыл дедектетіп,
Жігітті алды-артына қаратпастан.

Соққан жел теріскейден құтырынып,
Тұрғандай ызғар шашып,
ытырынып.
Дөңкиген дөңге қарай келеді Әлкен,
Үн-тұнсіз іштен тынып, дымы құрып.

Такта жол,
Қарауытқан төңірегі.
Бір жарық... жетті жанып өмір лебі.

Ауылдан қос басына кете барды
Тобықтай түйткілімен көнілдегі.

Жігер

Тұс ауа жалбыр бұлттар тарады да,
Әлкеннің шырай кірді қабағына.
Шымырлап қоя берді жас жүрегі,
Түсетін қарап еді танабына.

Диқанның ақтағандай маңдай терін,
Толықсып өскен еді орман-егін.
Кешегі жынды дауыл жығып кетіп,
Көрдің бе
үйпа-түйпа болған жерін!..

Тұтасып киіздейін жатыр бидай,
Комбайн еркін жүрмес бұрынғыдай.
– Тәуекел, дарияға салдым қайық,
Ісімді оңғар, пәлеге ұрындырмай...

Жатқаны жарактады тарақпенен,
Біткендей комбайнға қанат деген.
– Тарт! – деді бас инженер басын изеп, –
Жігітсін!
Жылдамдығын қарап келем...

Ырғалып,
ыңыранып,
бойлай берді,
Ырқына көндірмеске қоймайды енді.
Алғандай дудар бастың бүйра шашын,
Ойына шаштаразы Тортай келді.

Әзірге таусылмластай бүйра танап,
Келеді жойқын жатқа қырқып-тарап.

Кісідей атқа шапқан ёністетіп,
Еңкейіп Әлкен отыр алдын қарап.

Зер салсан барабанның қағысына,
Шалғынның көз ілеспес шабысына.
Барады терең бойлап телегейге,
Ер диқан намыс қосып намысына.

Сырылып қоңыр шәпке желкесіне,
Жығылып қалды тиген жел төсіне.
Тұлпардай баурын жазып алған бауырым
Карамас күзгі күннің келтесіне.

— Ыстық сүт!

Ыстық самса, келіңіз! – деп,
Аспаз қыз айғалайды үзіп-үзіп.

Жүректі жүре жалғап алас-күлес,
Қауырт шақ,

шанды жорық,
қансыз күрес.

Жарыста маңдайалды Әлкенім жур,
Мың тонна – миллиардқа қосар үлес...

Белгісіз дән екені,
тамшы екені,
Түйіршік шертіп өтті дәл шекені.
Алғанда қолға бәтес орамалын
Есіне тусе кетті Балшекер!..

НҰРЛЫ ТЕРЕЗЕ

(шагын дастан)

1

Жарқыра, жарқырандар, Терезелер!
Самала шамшырақпен теңесе бер.
Сөнбесін жарық сәүле бірден және,
Орнасын қараңғылық демендер.

Жарқ етсін көзді ұялтып көгілдір сым,
Көңілді шұғыласын төгілдірсін.
Шам нұры айнада ойнағандай,
Сан үйге сан құбылып өмір кірсін.

Қыз-қырқын бақша жаққа аяңдастын,
Жымыып, жігіт тосып аялдастын.
Бір сыйыр еміс-еміс жетсін талып,
Бір әуен басып кетсін баян даусын.

Бір мезгіл қызынын, тозсын, билеп табан,
Қыз балқып, жігіт шалқып, ойын тәмам.
Жасыл бақ, жасыра бер жұптасқанды,
Біз енді бұрылайық үйге таман.

Бұл бір шақ бүкіл ауыл маужыраған,
Қайырлы, қауырт істен қалжыраған.
Кеткендей көзі ілініп шешеміздің
Баурында немересі балбыраған.

Бұл сэтте жарық онша жағылмайды,
Ел біткен еш алаңсыз дамылдайды.
Жалғыз-ақ бір терезе жарқыраудан
Үнемі жаңылмайды.

Жалындаиды.

Осынау терезеден от ойнайды,
Тосындау, толғакты өмір атойлайды.
Әңгіме – әр жағында нұрлы әйнектің,
Әзірге аты-жөні аталмайды.

2

Болғанда түн шапаны мақпал қара,
Мынау бір – қызыл түйме таққан дара.
Жалтырап ірі түйме, тірі түйме,
Қозғалып келе ме өзі? – нақтап қара.

Қояды көзін қысып адам ғұрлы.

Жоғалып кетті кенет,
алаң қылды.

Жарқ етті Қамысты сай қабағынан,
Қақ тіліп қараңғыны, тағы ол құлді.

Мәссаған, машина ғой заулаған бұл,
Фарынан саумалдайын саулаған нұр.
Қармақтай лақтырылған лағыл сәүле
Қонар үй аулағандай аумаған бір.

Нұр-қармақ жалтыраған жалын түсті
Жаңағы терезеге барып түсті.
Түн бойы көз ілмеген жұмбақ шам мен
Түн қатқан жолаушы фар шағылысты.

3

Қазақтай қонағуар жұрт аз дағы,
Сұрау жок, «Төрлетіңіз!» – деп бипаздады.
Жайтаңкөз, жайбұраң бел келіншектің
Өзіндей жып-жинақы жиһаздары.

Аз жиһаз, бас артығы, шашауы жок,
Жайнайды жас отаудың жасауы бол.
Ең қымбат қазынасы – қағаз екен,
Жабылып көшіргендей осы ауыл бол.

Көп кітап көрші тұрып кеңескендей:
– «Біз барда ешбір үйің емес кедей».
Қырманнан қызыл бидай исі аңқыса,
Бұл үйден мәдениет лебі ескендей.

Бұрышта – газет-журнал тігіндісі,
Үстелде – кешегісі, бұғінгісі.
Отаудың өзіне тән дәстүрі бұл,
Келгендей өзгениң де үйренгісі.

Қазірде қазақ үйі ажарлы ғой.
(Селтиген сервіздер мен вазаны кой),
Текемет, ою-өрнек, ұлттық нақыш,
Керемет, үй ішінің ғажабы ғой.

Несіне бәрін айтып созайын көп,
Қонақтар көрді түгел көзайым бол.
Жалғыз-ақ көңілдің бір түйткілі сол:
Кең үйде келіншек жүр,
қожайын жоқ.

Жас әйел жалғыз өзі бұлан қағып,
Бұларды жатырқамай құп алды анық.
Өтеді олай-бұлай аққайранша
Ақ сабын, ақ орамал, құманды алып.

«Майысып, қайысады бұлай нағып?» –
Дәу қонақ аң-таң әрі күманданып.
Мына бір жылтыр жігіт қасын керді,
Көз алды тұманданып, құмарланып.

Аңдудан әйел әнтек ықынғаны,
Бұралып бұрылғанда мықындары.
... Зор мейман зорлана бір жөтелді де,
Диванды сықырлата ыңқылдады:

«Осы үйдің шамы жаңып тұрғандығын,
Сондықтан рульдерін бұрғандығын,
Май құйып машинаға алмақ ертең,
Жай жатып шықса, болды бұлар бүгін».

«Ұлықсат болса сізден, қонамыз» деп,
«Ол-пұлға оншама әуре болманыз» деп;
«Үйіңіз дүкен ғой» – деп, дүңк еткізді,
Көзімен бөтелкені отыр іздең.

Әйелдің көзін күлкі сағалады,
«Азырақ ішкен-ау» деп шамалады.
Ас үйден ақ кеселер алып келіп,
Қымызды сапырды кеп шарадағы.

Кесені кербез ұстап ұсынады,
Қонақтар қозғалақтап ұмсынады.
– Тұн ауды, түнемел ғой енді бұл, – деп
Келіншек қызылт тартып қымсынады.

Бір ыстық соғатындей сөзінен леп,
Отыра берсе дейсің өзімен тек.
Дәу қонақ дәу кесені көтергенде,
Әйелді барады анау көзімен жеп.

Сол кездे төрдегі есік катты ашылып,
Ентелеп еңкіш біреу шықты асырып.
Жалаңаш түкті төсі, майкешен жүр,
Өнірі халатының жатты ашылып.

Әй-түй жоқ:
– Қайда, – деді, – Қасым жыры?
Бір қолы бір иығын қасып жүрді.
– Беу, Нәзір, бей-берекет жүрісің-ай
Балаша, ісің сенің тосын күллі!

Көп кітап көрші тұрып кеңескендей:

– «Біз барда ешбір үйің емес кедей».

Қырманнан қызыл бидай исі анқыса,

Бұл үйден мәдениет лебі ескендей.

Бұрышта – газет-журнал тігіндісі,

Үстелде – кешегісі, бұгінгісі.

Отаудың өзіне тән дәстүрі бұл,

Келгендей өзгенің де үйренигісі.

Қазірде қазақ үйі ажарлығой.

(Селтиген сервиздер мен вазаны қой),

Текемет, ою-өрнек, ұлттық нақыш,

Керемет, үй ішінің ғажабы ғой.

Несіне бәрін айтып созайын көп,

Қонақтар көрді түгел көзайым бол.

Жалғыз-ақ көңілдің бір түйткілі сол:

Кең үйде келіншек жүр,

қожайын жоқ.

Жас әйел жалғыз өзі бұлаң қағып,

Бұларды жатырқамай құп алды анық.

Өтеді олай-бұлай аққайранша

Ақ сабын, ақ орамал, құманды алып.

«Майысып, қайысады бұлай нағып?» –

Дәу қонақ аң-таң әрі құманданып.

Мына бір жылтыр жігіт қасын керді,

Көз алды тұманданып, құмарланып.

Андудан әйел әнтек ықынғаны,

Бұралып бұрылғанда мықындары.

... Зор мейман зорлана бір жетелді де,

Диванды сықырлата ыңқылдады:

«Осы үйдің шамы жанып тұрғандығын,
Сондықтан рульдерін бұрғандығын,
Май құйып машинаға алмақ ертең,
Жай жатып шықса, болды бұлар бүгін».

«Ұлықсат болса сізден, қонамыз» деп,
«Ол-пұлға оншама әуре болмаңыз» деп;
«Үйіңіз дүкен ғой» – деп, дұңқ еткізді,
Көзімен бөтелкені отыр іздең.

Әйелдің көзін күлкі сағалады,
«Азырақ ішкен-ау» деп шамалады.
Ас үйден ақ кеселер алыш келіп,
Қымызды сапырды кеп шарадағы.

Кесені кербез ұстап ұсынады,
Қонақтар қозғалақтап ұмсынады.
– Тұн ауды, тұнемел ғой енді бұл, – деп
Келіншек қызғылт тартып қымсынады.

Бір ыстық соғатындаі сөзінен леп,
Отыра берсе дейсің өзімен тек.
Дәу қонақ дәу кесені көтергенде,
Әйелді барады анау көзімен жеп.

Сол кезде төрдегі есік қатты ашылып,
Ентелеп еңкіш біреу шықты асығып.
Жалаңаш тұкті төсі, майкешен жұр,
Өнірі халатының жатты ашылып.

Әй-түй жоқ:
– Қайда, – деді, – Қасым жыры?
Бір қолы бір иығын қасып жүрді.
– Беу, Нәзір, бей-берекет жүрісің-ай
Балаша, ісің сенің тосын күллі!

Тәк түрүп жігіт қарап қалды сонда,
Пәк күліп жұбай қолын алды колға.
«Бір қате өтті-ау, өтті» дегендейін
Шайқады шақша басын онды-солға.

Құқылдау көрінеді қүшік беті,
Қара мең қабағының тұсында екі.
Сұлуды тартқандай тап емес түрі,
Болмаса білеуленген бұлшық еті.

Маңдайын жапқан майда шашы сұйық,
Көздері көлдей терең жатыр тұйық.
(Бейнесін бере алмасам, – өлеңде айып,
Мен грим жасамаймын қасын қып).

Дәү қонақ қызық көрді осыны бек,
Ал анау көрген жерден қомсынды кеп:
«Әйелі сұлулықтың тәніріндей,
Қалайша мынаменен қосылды?» деп.

Бұрынғы жырдың ғашық-жұбайлары
Болатын өнкей сұлу ұдай бәрі.
Менің бас қаһарманым – көзге қораш,
Сөйтсе де көркем қызға ұнай қалды.

«Қораш» деп қарамаса түртүсіне,
Құмартқан шығар сақ-сақ құлкісіне.
Жанына жаққан шығар туралығы,
Заманның үксамайтын тұлкісіне.

Көзінен әлде адалдық нұрын тапты.
Сөзінде, бәлки, бақыт, мұңы жатты.
Өзіне ойын-тойдай көрінді әлде
Мінезі бірде тәтті, бірде қатты?

Қысқасы, қызыққан ғой бір басына,
Жігіттің басы мықты, расында.
Танитын ердің қадір-касиетін
Ерекше ес болады үрғашыда.

«Нәзірдің жары жақсы», дейік мактап.
«Ізетті Іңкәр» дейік атын нақтап.
Басында елес берген
Қайыңның қабығындаі балтыры аппақ.

4

Білсең ғой жырдың әрбір жолы ауырын.
Өлеңмен қыын кері оралуың.
Іңкәрдің жанында екі мейман барын,
Айтып па ем Нәзірдің кеп қол алуын.

Көзінің өткірін-ай, тойтарып бақ.
Тайдырды өзі бірақ ойланып қап.
Шын жүйрік бәйге атындаі тұрды селсок:
– Ертең күн – сенбі ме? – деп қойды анықтап.

Ойда тұр,
ұнсіздіктен ауыспады.
Қымыздан ұрттады сәл,
тауыспады.

Оң қолмен оң шекесін ұстай беріп:
– Таптым! – деп кенет қатты дауыстады.

Іңкәрін иығынан салып қалып,
Шаттанды (сол мінезін сағыннан анық).
Жөнелді бөлмесіне бөрі тигендей,
Шүйілген қырандайын шабыттанып.

Оқырман сұрайды ғой: Кім, деп, Нәзір?
 Оған да жеттік, міне, тоқта, қазір.
 «Таптым» – деп айғайлауын естідік қой,
 Онысы – шындық еді, емес әзіл.

Жігіттің: «Дәл сол!» деген даусы келді,
 Жұбайы жұбанғандай: «Қойышы!» деді.
 Ұмытылды ол да Нәзір бөлмесіне,
 Қонақтар сусындауын қойсын енді.

Қонақтар сусындауын қойсын енді,
 Сіздер де өзгеріске бойсұн енді.
 Айқындаپ айтар кезі келген шығар:
 Нәзірім – әзір атсыз ойшыл еді.

Тұртініп бірдемені бала күннен,
 Тереңнен ақық білім ала білген.
 Ауылға Астанадан оралғалы
 Ойында диқан жолы жаңа мұлдем.

«Даланың дарқандығын өсіру жөн,
 Емес тек нәрін, сәнін өшірумен.
 Егіз ғой тасыған дән, мынғырған мал,
 Егін мен жайлау қатар көсілу жөн». –

Осы оймен оның қаны жаман қызды,
 Он-солды жыртқан кезде даламызды.
 «Аз жерден көп өндірген пайдалы», – деп,
 Шандатпай, шаш-етектен дән алғызды.

«Ғарышқа көшпейміз ғой ертең, бүгін.
 Даланың жоймау керек көркемдігін.
 Қайтсе де (Нәзір мұны көп айтады),
 Өнірдің жайнат жасыл өркен, бүрін».

Осылай атқарады қызыметті,
Ол өзі қызыметке қызу, бетті.
Іс қуған ынталыға кедергі аз ба?
Бұл соның сан бөгетін бұзып өтті.

Бұл күнде ой соңында әлдене бір,
Сарылып сары алтындаі дәнді елеп жүр.
Онысын әдемілеп айта алар ма
Қыз аулап, қызып-лаулап дәндеңен жыр.

Тұнып тұр шағын бөлме аспаптарға
(Білмеген кісіге одан басқа ат бар ма).
Негізі, біздің Нәзір – дикан-ғалым.
Ұмтылған ұланғайыр мақсаттарға.

Көп оның есеп-қисап, болжамы да.
Өлең-жыр бара бермес ол жағына.
Талпынған, ойлы өренді таныта алсақ,
Санай бер онда бізді олжалыға.

6

Ой жақсы-ау, оны, сірә, кім білмейді,
Ешкімді дей алмаймын дым білмейді.
Әйтсе де асыл ойлар кез-келгеннің
Қалтылдақ қармағына ілінбейді.

Тілейді ол тынымсыздық, ыждағатты.
Іздесен інжу-ойды, ізде қатты.
Болдыртып шу асауды ұстағандай,
Мінекей, біздің Нәзір бүгін тапты.

Қазекең қоналқыға көп келеді,
Қой егіз қоздауына дәп келеді.
Әлгілер әкелгендей,
Нәзірге де
Сан жылғы ой толғағы жеткен еді.

Бұғін бір ерте оралып жұмысынан,
(Бұл келсе, шай қайнаған, су ысыған).
Жуынып, жүрек жалғап азын-аулак,
Кіргенше бөлмесіне тыптырышыған.

Сарылып отырған сол кештен бері,
Демігіп сырт киімін шешкен еді.
Жамылып тенбіл халат терісінен,
Жаңылып кеткендігін ескермеді:

Айнала қағаз, қағаз шимайлланған,
Үйіліп үстеліне симай қалған...
Бір кезде қалам жүрмей қасарысты,
Қиямет болды нағыз қинай қалған.

Ат басы тірелгендей тұйыққа кеп,
Әйтпесе шіренгендей құмайтқа кеп.
Арқау ғып алған болжам босағандай,
Жалқаулық сыйырлайды: «Ұйықта», – деп.

Әуелден әлде бұрыс кетті ізбенен.
Әйтеуір сағымдай бір жеткізбеген.
Ой қарман, үйдің ішін кезді Нәзір,
Баладай бұрыштардан кепке іздеген.

Талыққан.

Көз алдында жасыл бардай,
Қалыптан қаны да тыс тасығандай.
Барады мың толғаудан миы да ашып,
Су кетіп кенсірігі ашылғандай.

Өзгедей тарта алмайды шылым да бұл,
Өнірін халатының сыйымдал жүр.
Асығып ауыз үйге келген ақыр
Қасымды қайта ақтарып шығуға бір.

Жұбайы сонда бұған жөн берген-ді,
Бұл барып қонақтарға қол берген-ді.
(Жұртшылық бәрін қайта еске алсыншы,
Бұйырса өлең-жыр да дөңгеленді).

Қонақтын бірі семіз, зор денелі,
Тең дерлік ұзыны мен көлдененеңі.
Бір мейман мейіздейін қатып қалған,
Нәзір де оны қораш көрген еді.

Сөз қылмай соның өзін қойсақ нетті,
Емеспін жамандауға оншама епті.
Бірақ сол семген бидай секілдіні
Көргеннен Нәзіріме ой сап кетті.

«Дәу қонақ – бос күбінің күпсүіндей,
Мынау – бір жамандықтың бұксуіндей»...
... Ой, шіркін, ойда жоқта кеп қалмай ма,
Тер қысқан бойдың кенет жіпсүіндей.

«Таптым» деп соны мана айтты ғой ол,
Жалма-жан бөлмесіне қайтты ғой ол.
Барғанын Іңкәрдің де баян еткем,
(Оқырман, бәрін ескер, байыпты бол).

Қонақтар аң-таң болып қалған мұнда,
Мұрша да келмегендей аңғаруға.
Қызық-ай ерлі-зайып болды ғайып.
Сыбыс жоқ, тоса-тоса далғаруда.

Дәу қонақ дамылдауды ойлап еді,
«Мыналар жіпсіз байлап қойды-ау», – деді.
Дәңқиіп, дүңкілдете басып барып,
Есікті ашып қалып: – Ойдау... – деді.

Екеуі құшақтасып, түйісіп тұр.
Өбісіп, өлердей бол сүйісіп тұр.

Құдай-ау, күні кеше қосылғандай,
Отына құштарлықтың қүйісіп тұр.

Даурыққан дауысты естіп жалт қарасты,
Қып-қызыл болып Інкәр бетін басты.
Ұялған тек тұрмыс-ау,
Нәзір барып,
Шілтерін терезенің сілкіп ашты.

Күн шығып келеді екен алаулана,
Алауға болар емес қарауга да.
Адамзат ақылының жеңісі үшін
Қойғандай көкжиекке жалау қадап.

Жап-жарық, шұғылалы дүн-дүние,
Мол сәуле бұлардың да кірді үйіне.
Шам нұрын күн нұрына ұластырып,
Нәзірім көз ілмеген тұр қүйінде.

Тағат жоқ ұстазына ұшқанынша,
Арман не, әдіс, ойы құпталынса.
Тапқаны тарап бәлки бүкіл елге,
Біздің жыр кітап болып шыққанынша.

Жыр еттім сырын нұрлы терезенің,
Нәзірмен алда талай кездесемін.
Сіздер де танып-біліп алғайсыздар,
Мұндай үй елде жалғыз емес едім.



БАСЧАСӨЗ
ЖУРАЛЫ
ЖЕҢІРЛӘР

TİREK

Газеттің түрулі сен құлағысын,
Хабардың дүбірлі-сел бұлағысын.
Нендей бір жаңалықты бұрын естіп,
Оның да ондысына бұрады ішін.

Газеттің елдегі ашық көздерісін,
Өмірдің жіті көргіш өзгерісін.
Жазғанда ерді мақтап, езді даттап,
Сенеміз сендерге біз – сөздерің шын.

Газеттің тілі де өзің, тіні де өзің
Ел қамы, еңбек жәйлі жылы сөзің.
Лебізің жарқын ерлер жайында көп,
Жоқ болсын кемшілікке ешбір төзім.

Газеттің нық тірегі, достары нак,
Сендерден күнбе-күнгі тосқаны – хат.
Жарқ етіп жария боп барады әне,
Су жаңа газетті күт, поштаны бақ.

«Тың өлкесін» жаздырып ал, азамат!

Дәнді ауылдың көктемдегі дабылын,
Жайқалғаның жазда бидай, тарының,
«Оқып, біліп отырамын» десеңіз
Күзгі күнгі алтын астық ағынын –
«Тың өлкесін» жаздырып ал, азамат!

Малды ауылдың тынымы жоқ жандары,
Оянғанын алакөбе таңдағы,
«Оқып, біліп отырамын» десеңіз
Әрбірінің егіз, семіз малдары –
«Тың өлкесін» жаздырып ал, азамат!

Сәнді ауылдың қала сынды құрылышын,
Семьяның жарасымды тұрмысын,
«Оқып, біліп отырамын» десеніз
Қалалардың күн-тұн тынбас жұмысын –
«Тың өлкесін» жаздырып ал, азамат!

Өлкеміздің осындай іс, міндетін,
Жер жүзінің жаңалығын мұлде тың.
Адамдардың арманы мен ерлігін
Жариялад жар салатын күнбе-күн
«Тың өлкесін» жаздырып ал, азамат!

1965 ж.

Самал желдей

(«Лениншіл жасақ» арнау)

Атың асыл, сезің қымбат газетсің,
Санамызға самал желдей қажетсің.
Жаңалықтың узызымен шүпілдеп,
Шұғыл келіп қалғаныңа не жетсін.

Атам сені үйден-үйге тасыған,
Әкем сені қалдырмайтын қасынан.
Саған менің ага-женгем тілші боп,
Сенде менің тұнғыш жырым басылған.

Шежірені шерте білген өміршен,
Талай сыр бар тарихыңа үнілсем.
Мезгілге тән ұшқырлықпен сөйлейсің,
Жаңа міндет биігінде бүгін сен.

Лебің ыстық, лебізің бал мен үшін,
Сендей кім бар еркін кезген ел ішін.
Ердің даңқын шығарасың аспанға
Мандай тердің мадақ етіп жемісін.

Сенің сөзің көптің көңлін шарлады,
Сенің сөзің жастар жанын барлады.
Сенің әрбір айдарыңдан атойлар
Еліміздің абзал мұрат, арманы.

Атың асыл, сөзің қымбат газетсін,
Санамызға самал желдей қажетсін.
Номер сайын жарқыраған беттерің
Өмір бойы окушысын мәз етсін!

1979 жс.

Өз газетің

Аялаған алтын Күн, зенгір аспан,
Ұланғайыр, кең дала – нұрлы дастан.
Ағайынның сол тұстық өнірдегі
Өз газеті – «Солтүстік Қазақстан».

Аты әдемі газеттің, өзі әдемі,
Жерлестерге арналған сөзі әдемі.
Оқитыны – «Солтүстік Қазақстан»
Қызылжарлық арудың көзі әдемі.

Мезгілінде жүздескен дүйім елмен,
Жаңа газет аумайды самал желден.
Іздейтіні – «Солтүстік Қазақстан»,
Сексен бірге келсе де асыл женгем.

Үнқағазға білдіріп ақ ниетін,
Сұрайды жұрт алдымен өз газетін.
Әр үйге бір – «Солтүстік Қазақстан»,
Оқырманы көп газет сөйлейді еркін.

Сыршыл газет, әрине, шыншыл газет,
Шыншыл газет елге де сондай қажет.

Олай болса, «Солтүстік Қазақстан»,
Ауыл-үйді аралап, бәріне жет!

Өз газетін жаздырып алсын әркім,
Тіліміз де түзелер, сейтсе, бәлкім.
Назарында – «Солтүстік Қазақстан»,
Көріп-біліп отыр гой үлкен әкім.

Айхай, шіркін, туған жер, көркін қандай,
Есіл бойын жырлаудан жүрмін танбай.
Кең таралсын – «Солтүстік Қазақстан»,
Шағалалы көк теңіз шалқығандай!

2005 ж.

Жарқыраған жұлдыздар

Ақынның ой, арманы – көп тілегі,
Сондықтан көңілім бүгін көк тіреді.
Әр өңір өз жұлдызын жарқыратып,
Қалған жоқ шаттануға көп күн енді.

Арқаның аспанында ардақталып,
Бес жұлдыз тағы жанбақ тармақталып,
Куаныш құрметіне жыр жазамын,
Ақындар тұра алмайды салмақтанып.

Желбірер «Ленин туы» Қызылжарда,
Елжірер «Қызыл туды» көрген жан да.
«Көкшетау правдасы» көзді тартып,
Бастайды «Коммунизм таңы» да алға.

Аттарын әдейлеп жырға тіздім.
Бас болып «Коммунизм нұры» біздін,
Халық пен партияның ортақ тілі
Осылай өз қолына алды тізгін.

Болса да кейбірінің жап-жаңа аты,
Бәрінің партиялық мазмұн-заты,
Көпшілік көңілінен шықты тағы
Лениндік ұлт саясат салтанаты.

Ісіне партияның сөзі лайық,
Халық боп қарсы алады құшақ жайып.
Жарқырап шықкан жаңа газеттерге
Жаңадан жаппай тегіс жазылайық!

1970 ж.

Сөйле «Халық кеңесі»

Самал есіп сәуірде,
Сөгілді бұлт көбесі.
Сәулесі мол дәуірде
Тудын, «Халық кеңесі».

Жария сөз қаулаған,
Жаңадың жоқ теңдесі.
Өстін ұлттық ауладан,
Жайна, «Халық кеңесі»!

Жарқыраған айдында
Аққу – құстың төресі.
Қанатынды жайдың ба
Елге, «Халық кеңесі»?

Ұста дүкен ішінде –
Істің мығым шегесі.
Үлкенге де кішіге
Керек «Халық кеңесі».

Ой салады көңілге
Елдің талқы, келесі.

Әрбір үйдің төрінде,
Сөйле, «Халық кенесі»!

Он бесінде толады
Айдың алтын тегеші.
Өрең биік, жоғары
Болсын, «Халық кенесі»!

Қаламгерлер

Көп жазуға, дөп жазуға өмірді –
Жалқы газет бес отауға бөлінді.
Енші алады енді біздің жігіттер
Басқаратын болып газет, бөлімді.

Біздің Жықаң азаматтық сенім ап,
Жазу үшін жан қиятын серік ап,
«Қызыл туды» тұған жерге тігуге
Жуық отыр, буып отыр белін нақ.

«Коммунизм таңы» атқанда арайлы,
Сырлыбайдың жүзіне жұрт қарайды.
«Орынбасар» деген сөздің мәні зор, –
Жігіттердің өскендігі жарайды.

Құттықтаймыз Қайыркеннің қадамын,
Мұқаметжан, мұқалмасын қаламың.
Төлеубекке «көп еңбектен, жаз» дер ек
Шынын-ашық, сырын ашып даланың.

1968 ж.

Зейнелғабиден Әйтімовке

«Тың өлкесі» жыр еткенде Сіз барсыз,
«Тың өлкесін» түлеткенде Сіз барсыз.
Хат қорытудан қол қоюға жеттіңіз,
Газет оқып, күзеткен де шығарсыз.

Газет сізді, Сіз газетті өсіріп,
Бес жыл бірге жыр шаштыңыз қосылып.
Енді, міне, алдынызда армандай,
Фалымдықтың жолы жатыр жосылып.

Ғылым – шыңға талабыныз ұмтылсын,
Оңыңызда – Ай, солыңызда – Күн тузын.
Сізді қимай қоштасуға жиналған
Коллективтің көңілі боп гүл тұрсын.

Қалам ойлы жолдасыныз таңдаулы,
Қабылданыз осы азғантай арнауды.
Астанада асқақ ойлап жүрініз,
«Тың өлкесі» тілшісі боп арнаулы.



АУДАРМАЛАР

БҮЛБҮЛ МЕН ГҮЛ

Кожса Хафиззден

*Бірде бұлбұл айтыпты гой келіп гүлге жайнаған:
«Мақтанды, – деп, – бір сен емес, бәрі сендей айналан»;
Күліпті гүл жауап беріп: «Оның рас, дұрыс тым,
Бірақ біздей ғашықтарға керегі не ұрыстың?!*

1957 ж.

ЖЕР ӘЛЕМНІҢ КАПИТАНЫ

Сергей Есениннен

Ешкім Жерді
Билеп-төстеп көрмеген.
Ешкімге де
Арнау ән жок мен айтқан.
Тек қана Ол
Алға қолын сермеген,
«Бүкіл әлем –
Бір семья» деп айтқан.

Елжіремен
Аса мақтау сөздерге,
Дірілдемен
Қан тамырлар торымен.
Бақыттымын,
Сол сұрғұлтым кездерде
Бір сезімде,
Бір тыныста
Болғаным Онымен.

Барша жайды
Байымдайтын біз түгіл,

Таң-тамаша
Қалса керек пілдер де...
Симбирлік бір
Қарапайым ізгі ұл
Ел кемесін
Еркін бастай білгенге.

Өр толқынды
Зор жаңғырту ісінде
Ептең, қатал,
Дәйім көпке сүйікті.
Дәл Марксше
Терең ойладап түсіне,
Тек Ленинше
Шеше білді түйікты.

Жойқын ісі –
Жәнсіз шапқын болмайтын.
Пугачевтей
Тулау емес тақ үшін.
Ол ешкімді
Тура атуға қоймайтын,
Істің бері
Жүрді заңмен нағыз шын.

Ақылдындай
Батылдығы бар анық.
Ол рульді
Білгірлікпен бұратын.
Жарға соққан
Жатса толқын таралып,
Кемеге жол
Ашылды деп тұратын.

Ол – рульде,
Ол – кеменгер капитан.

Үрей емес
Үйдей толқын, жар-қия.
Оның өзі
Шар тараптан жинаған
Матростар –
Тұтас, мығым партия.

Қорқу білмес
Көндіккендер айдынға:
Олар асыл
Мұратынан аумайды.
Жағалауга
Жетіп қанат жайды ма,
Жол көрсеткіш
Шамшырағы лаулайды.

Мен болмаспын
Сондағы ақын тіл қатар.
Өзге жыршы
Тағдыры да өзгерген.
Араңызда
Күрес әнін шырқатар,
Басқа,
Жаңа сөздермен.

Ол айтар-ак:
«Жұзгіш сол, деп, тамаша,
Жан ширатар
Күрес мәнін кім үқты.
Кім әлемге
Алғаш рет аша алса,
Ешкім әлі
Аңғармаған құрлықты».

Тұрдым ұзақ қыбыр етпей, қозғалмай,
Алystағы жұлдыздардан көз алмай, –
Сонда менің сонау биік жұлдызбен
Арамызда бір байланыс туғандай.

Ойға баттым... нені ойладым, білмедім,
Бір ғажайып әуен тындал тұр едім.
Әлсіз ғана діріл қақты жұлдыздар,
Содан бері жұлдызыға ынтық жүрегім.

ШАГАНЭМ СЕН МЕНИЦ

Сергей Есениннен

Шаганэм сен менің, Шаганэ.
Теріскейден болған соң ба, немене,
Дала жәйін жыр етуге мен дайын,
Ай туғанда толықсыған бидайын.
Шаганэм сен менің, Шаганэ.

Теріскейден болған соң ба, немене,
Солтүстіктің айы да үлкен соншама,
Шираз деген қанша әдемі болса да,
Рязаньнің жеріне тең келе ме –
Теріскейден болған соң ба, немене.

Мен дайынмын жыр етуге даланы,
Шашым менің сарғыш бидай секілді –
Саусағына ора мейлі, кекілді –
Үзілгені сезілмей де қалады.
Мен дайынмын жыр етуге даланы.
Ай туғанда толықсыған бидайын,
Бұйраланған шашымнан-ақ ойлап біл.

Өзің, сәулем, өзіл айтып, ойнап-күл.
Тек есіме сала көрме ылайым,
Ай толғанда толықсыған бидайын.

Шаганэм сен менің, Шаганэ.
Терістіктің, біздің жақтың, бір қызы,
Құдды өзіңдей айнымайтын түр-жүзі,
Жүрген шығар ойлап мені және де.
Шаганэм сен менің, Шаганэ.

H.Nekrasovtan

Сіз бен біз пәруайсыз жан екеміз:
Сәт сайын дүрсе қойып, шап етеміз,
Алқынған кеуде көніл қалатындей,
Ойланбай дәкір сөзді жөнкілтеміз.

Айтып қал ашулы осы сәттерінде
Жанынды тербел, кинап жатқаны не!
Ап-анық ашулансақ достым менің,
Тез суып, бітім оңай тапқаным де.

Махаббат десек дәйім түрмас шалқып,
Табайық аз да болса содан бақыт:
Нәзік те назды болар керістен соң
Келісім, құшақ жаю, құшу балқып.

* * *

Күндерді құр бекерге өткеремін, –
Сол үшін сонша өзімді жек көремін:

Нендей деп сынап көрмей менде төзім,
Аяусыз жазалаппын өзімді өзім:

Мен әлсіз, мен нашар! – деп қоргалап тым,
Өз ырқым өмірі құл жорғалаппын;

Құр сүлдер отыз көктем өлдім-талдым,
Тым құрса бай қазына жия алмадым.

Ессізді аяққа бас үрғызығандай,
Естінің өзі кейде қызғанғандай!

Ғұмырды ешбір сүймей өткеремін,
Сол үшін сонша өзімді жек көремін.

Келеді сүйгім, сүйем әлемді бар,
Ал жүрмін «панана-құйсіз қаңғыма дәл»,

Тағыдай ыза-кегім долы, күшті,
Ұстай қап пышақты қол қайта түсті!

* * *

Сен немеме, жүрегім, жұнжіп тегі?..
Ұялсаншы!

Бір бұл ма, бұрын талай
Қар соқташа домалап кетпеп пе еді
Өсек деген Русьті, елді аралай.

Қапаланба! Қаптасын өсек-аян,
Өкінбе оған жабырқап!
Біз өлген күн біреулер бөсері аян
Жақсы сөзбен жарылқап.

КЕК ПЕН МҰҢДЫҚ МУЗАСЫ

(*Орылмаған танап*)

Қоңырқай күзде. Қалмаған қарға,
Жалан өрмән, қаңырап дала.
Жалғыз бір танап орусыз қалған...
Көңілге сол бір мұңды ойлар салған.

Өзді-өзі сыйыр, дейді ме масак:
«Сыңсуын күздің тыңдау бір азап,
Малынтып шаңға бадана дәнді,
Бас ию жерге емес-ая сәнді!

Тұн болса, бізде бардай-ақ өші,
Қайдағы жемқор құстардың көші,
Қоян да таптап, дауыл да ұрды...
Қайда жүр диқан? Не күтіп тұрды?

Әлде біз елден ұсқынсыз ба едік?
Әлде біз селдір, гүл-дәңсіз өндік?

Жоқ! Біздің қауыз ел ғұрлы болды,
Дән бірден бітіп, жетіліп толды.
Ендеше күздің шашсын деп желі,
Сеппеген болар, тырмалап жерді...»

Қайғылы жауап қайтарды жел де:
– Мұшкіл, – деп, – сіздің егінші мүлде.
Жер жыртты не үшін, дән септі не үшін,
Білді ғой, бірақ діңкелетті күшін.

Нашарлап байғұс – нәр татпай тегі,
Жүрегін дімкәс, жеп жатыр жегі,
Қолдары мына боразда тартқан
Жаңқадай семіп, таспадай қатқан.

Жанары сөніп, үні де өшті,
Салатын зарлы әуенге ескі.
Соңында соқа танапты бойлап,
Жұрген бір кезде ол әлде не ойлап.

Қатерлі сэтте туасындар,
Жартасқа соққан толқындай келіп
Жүргегін жұрттың ұрасындар.

* * *

Күні кеше, сағат алты,
Сеннаяға соғып ем мен:
Шаруа әйелін жап-жас қалпы
Жатты сойып қамшыменен.

Үн шығармай тұншығар ма,
Бишік қана сусылдаған...
Музға айттым: «Әне қара!
Ол бір тұған сінді саган!»



АҚ ҚАЙЫҢҒА АЙНАЛУ

Ақындар,
Аңқау баласындар,
Жүректі жұртқа жайып саласындар.
Дүниенің беріне
Жауап беріп,
Алаулап жанасындар.

Үлгерптес аяқ салып үзенгіге
Асая Пегас дейтұғын бәлесі бар.
Кейде бір уақытты басып озып,
Кейде бір кешеуілдеп қаласындар.

Әрдайым ақша жетпей жүргендерің,
Көре алмай махаббаттың гүлденгенін.
Бұғаулы Прометей секілдісің,
Өзіңе шырмау болып өлеңдерің.

Сыртынан терезенің жылдар жылжып,
Ғасырдың моншақтарын жатыр тізіп.
Күркіреуік өзені замананың,
Көмескі көп елдерді кетер сығып.

Шірімес шын асыл сөз, сөнбес анық,
Бір ұрпақ бір ұрпақтан іліп алып,
Өлең боп ойнап-жайнап тұра берер:
Махаббат...
Поэзия...
Халық...

Қандай жақсы
 Жарық дүние, тіршілік.
 Күлу.
 Жылау.
 Керісу де келісулер құлшынып.
 Соның бәрі кешірімді деген ой
 Мәңгі тірлік арманымен бір шығып.

Ақ сәулелі дүние,
 Көгілдір суымен.
 Алтын шұғыла,
 Жасыл нұымен.
 Құлғін дала, алау гүл.
 Жақұт.
 Лағыл ғажап қой,
 Меруерт – шық буымен.

Соның бәрін
 «Тірлік» – деген сөзге сиғыздың.
 Марс сүйн ішкізіп,
 Тайга нұын қиғыздың.
 Тірлік –
 Бұл нан.
 Тер де, тұз да және бал.
 Сенің үйің. Жанұян.

Отан – ана. Халық бар.
 Жарық дүние жасасын.
 Тірлік құрсын адамдар:
 Бізден қашып құтылмас
 Қара түнек деген ал.

Мен орманды сүйемін.
 Ғажаптың да ғажабы деп түйемін.
 «Орман» демей, «целлюлоза» дейтүшін
 Кей ғалымның кекірлігіне қулемін.
 Орман болса, өзімсініп
 Жаяды соларға білегін.
 Жап-жасыл, бұйра басын иеді.
 Жаздың жарқын әнін салуды сүйеді.
 Құс өсіріп, елікті де суғарып,
 Таң атқанша тапжылмай түйін түйеді.
 Сондықтан,
 Әлгі қыскы күн –
 Күшейіп кетсе үскірік,
 Арқамнан аяз өткендей:
 Жалаңаш қайындар
 Тұмаурагады-ау деп түшкіріп.

* * *

Әуре-сарсанға жанымыз көндікті.
 Транзистор тыңдал жұрт,
 Ел экранға көз тікті.
 Мұлгіген сұлу орманды
 Көреміз бөгде, боз тіпти.
 Енді қайтсін!
 Ерте көктем орманы
 Қарасұр тартып тұрғаны.
 Құстары сайрай қоймаған,
 Жапырақсыз сырдан қүйде әлі.
 Кайырымды қайын бірақ та
 Сыбырлар ойшыл құлаққа:
 – Аяда адам транзисторын тыққыштап.
 Бұрылар деймін біз жаққа...

«Қателіктер болады әлі» депті ғой,
Сақал-шашы әппақ қудай бір кісі.
Болары болып, өткені өтіп кетті ғой,
Қателікті қайталамау – дұрысы.

Степан Шипачевтен

Табиғат. Адам – сенің перзентің ғой,
Таласы, аласы жоқ жүрттың оған.
Еңбекпен бабам бірақ ержетті ғой,
Еңбектеп жүруін де қойды содан.

Қанатты не бар одан, мығым, күшті,
Адамдар тау, тасқынмен салады егес.
Бар болса дәл қазір де сүймес істі.
Ондайлар әлі күнге адам емес.

ЖІГІТТЕРГЕ

Жүзіңе сенің ұстара тиді,
Түсіңе кірді қыздар да жиі.

Қыздардың гүл-гүл біреуін ерек,
Қырмызы көріп іздеуің керек.

Кетсең де кезіп жаһанды мына,
Табуың керек сол қызды ғана.

Жасауы жайнап тұрған жоқ оның,
Бақытың бірақ қолында соның.

АХМЕТЖАН НҰРТАЗИНМЕН АЙТЫС

1963 жылы Солтүстүк Қазақстан облысы, Шал ақын (Сергебев) ауданында малишлар слеті откізілген болатын. Соган орай ақындар айтысы ұйымдастырылды. Оған облыстың халық ақыны – Ахметжан Нұртаzin қатысып, «Заря» совхозының айтыскері болса, мен «Марьевка» совхозының наамысын қорғаган едім. Ал әниш-жырыши Игібай Әлібаев айтысты оз олецимен аиқап еді.

Жеке мұрагатымда сақталған айтыс мәтіні төмөндегідей:

ИГІБАЙДЫҢ ТОЙ БАСТАРЫ

Өлеңнің келді тағы тасыр кезі,
Тасытқан өлең-жырды ғасыр өзі
Төгілген толқынды әннің селіменен,
Жалғасып жасыл алқап жатыр белі.

Жасартқан жасыл белді жасампаз жан,
Табиғат неткен шебер сонша өнерпаз
Ертемен мал өргізген малшы қарттар,
Ән қосқан қызы-бозбала балақан мәз.

Кім сүймес малшы адамды, кім жырламас,
Ауданда адамдар көп малмен сырлас.
Мөлдір су балаусаға жайып күн-түн,
Озаттар еңбек сүйгіш дамыл алмас.

Жалқаулар еш уақытта мал бақпайды,
Жалтақтап көленкеде жан сақтайды.
Мал десе жаны-құтты қалмас ерді,
Айрықша Отанымыз ардақтайды.

Мал Отанның ырысы, берекесі,
Мал Отанның тынысы мерекесі.
Құрығы құтты болып малшылардың,
Көркейсін жылдан-жылға тың өлкесі.

Иесі осы тойдың өздеріңсін,
Деп отыр сіздер ойнап, сіздер күлсін.
Өлеңсіз өткен емес халық тойы,
Сондықтан ақындарға сөз берілсін.

Ахметжан:

Шалқымай шабытымның шарты келмес,
Шын жүйрік шу дегеннен шығар дербес.
Жұлде алған нелер тұлпар түссе топқа,
Бірі де әрберден соң шаңыма ермес.

Қызғанда қанат бітіп қиялымға,
Жыр кернеп көкірекке әрең сияды да.
Теніздей шалқып, толқып тасығанда,
Қолға алман қағаз, қалам, сияны да.

Топқа енсем толықсимын шалқып тасып,
Аламын арқам қозып әнге басып.
Ардақты озаттарым алдарында,
Құрметпен бас иемін амандастып.

Тойларың тойға ұлассын тойшыларым,
Сауыншы, малши, төлші, қойшыларым.
Сіздердің табысынмен таныстырып,
Толғайын топ ішінде ой шынарын.

Ақынмын жырым асқақ жалындаған,
Айтыстан жасқана ма дарынды адам.
Мақтанар ісің бар ма Марьевкам,
Шамасы шаруаңың мәлім маған.

Атақты совхозымның аты «Заря»,
Егістен елден озып шықты дара.
Келсеніз айтысуға меніменен,
Кәнекей табысынды айтып қара.

Жарасбай:

Армысыз, аманбысыз халқым дана,
Бармысыз айтысуға ақын аға.
Баршаға басымды иіп сәлем берем,
Мен тұңғыш шығып едім сахнаға.

Мен едім марьевкалық ақын інің,
Елімнің ерлік ісі тақырыбым.
Шабыттың шаруаның көңіл-күйі,
Мен де жайдак сөзбен тақыр ұғым.

Шығарған жұрт алдына ақындығым,
Еңбекпен қоян-қолтық жақындығым.
Жас ақын маған бүгін тиесілі,
Көп есту көпшіліктің макулдығын.

Сөзім мен ісімнің жоқ айырмасы,
Өлеңім – жұмысымның қайырмасы.
Дауысым күннің бейне күркіріндей,
Әр сөзім жалтылдаған жайдың тасы.

Айтыстан деген ой жоқ дес берейін,
Өлеңнен өрмек құрып кестелеймін.
Ыңғағы шөп шалғынның сырлындей,
Ұйқасы қатар-қатар десте деймін.

Сөйле деп сөз берген соң аудан маған,
Сүт тартқан машинадай заулап ағам.
Жырымның нақпа-нақты нақысымен,
Отырган жұрт көңілін жаулап алам.

Ахметжан:

Бас қосқан слетінде малшылардың,
Ерекше аспандата ән шығардым.
Ақынның, дайындалып тиіспесең,
Самайдан аңы терің тамшылар тым.

Сауыншы, төлші, қызым, келіндерім,
Көрмедім енбек десе ерің едім.
Бұзауым бұқадай боп күжірейіп,
Қошқардай кеше туған төлім менің.

Төрт түлік малым өсіп алға басып,
Дария боп сүт теңізі жатыр тасып,
Сары қымыз сабалаған Алқағашта,
Жіберсен мұрын жарап аузын ашып.

Еңбеккер адамды айтса ақын сөзі,
Кетеді, толқынданып тасып өзі.
Бармактан бал тамызған озатымыз,
Атақты Алқағаштың Алтынкөзі.

Қашанда жақсыны айтсам жатық әнім,
Депутат ауданыма аты мәлім.
Мәрияштың сауған сүті кетер алып,
Марьевка совхозының атырабын.

Жылқышы жетпістегі біздің Шайжан,
Жылқысыз жүре алмайды шайлап майдан.
Бар шалын Марьевканың жинасан да,
Шайжанға соның бері жетсін қайдан.

Атақты Салқай бағып бойдақ малды,
Малдары семіз шығып сыйлық алды.
Салқында түнде оттатып баққан малын,
Далада өткізулі ала танды.

Тауығым тоғыз базға зорға сыйды,
Тонналад жұмыртқаны тастады үйіп.
Тауықшы Катя менен Афанастың,
Еңбегін бағалаулы халқым сүйіп.

Совхозым сегіз базды тастан салды,
Бұл жөнінен облыстың болды алды.

Мал қызы электрдің күшіменен,
Базыма баяндамай кете барды.

Озат жоқ Бимақанның келініндей,
Ажары Алматының өрігіндей.
Розаның саусақтары тиген емшек,
Ұстаның құмпілдеген көрігіндей.

Келмейді таудай табыс оңай бәрі,
Болады мал бағудың талай мәні.
Нина мен Николайцев Андрейдін,
Токтыдай биыл туған торайлары.

Жарқынам өнерінді жарыстырып,
Байқаңыз табысынды салыстырып.
Берейін кезегінде ақын інім,
Өтіңіз табысынмен таныстырып.

Жарасбай:

Қолыма домбырамды тағы ұстаймын,
Озбасам, сірә Сізден қалыспаймын.
Сан сала табыстарын совхозымның,
Ұзақ күн айтсам дағы тауыспаймын.

Мен сізге сүт сауудан бәйгі бермен,
Жарыстың озатымын әйгіленген.
«Заряның» сүті – дария деп қалдыңыз,
Шамасын дарияңыздың, уай, білем мен.

Сүт десен, маған лайық мактануға,
Бұл жөннен келе алмайсыз қапталыма.
Жоспарым дәйім артық орындалып,
Дауың жоқ озып келе жатқаныма.

Саналы сауыншым бар Шопанова,
Мұнтаздай, кір жүктыврас шапанына.
Тоқсандық жүлдені алған Толстова,
Үқсайды жүзі күннің шапағына.

Есепсіз жаңа салған қораларым,
Келеді кең сарайша аралағың.
Қорамның айналасын көң баспайды,
Тұрады аксүйекше қара малым.

Бір қорам Шапайдағы мақталынбак,
Бар жұмыс машинамен атқарылмақ.
Қазіргі заман үшін заңды болмас,
Қиларды қолмен күреп жатқаның-ак.

Күтулі қораларға орай малым,
Секілді емес сенің торайларың.
Борлықты бойлай қанғып жүрген жерден,
Жинауға болмай қапты оңай бәрін.

Шошқаны атпен іздең шапқылаған,
Орманға толып кетті аттылы адам.
Ес кетіп тексерістен сасқандары-ау,
123 шошқа артық деп актылаған.

Шапайым – қазақ аулы қала сынды,
Жемісі егісімен жарасымды.
Совхоздың орталығы – жаңа қоныс,
Үйлері заңғар көкпен таласулы.

Бірінші бөлімшеміз күндө өсуде,
Сергеевка, Ақан-Барак бірлесуде.
Еңбектің екпіндісі коллективі,
Атағын алу үшін күресуде.

Жалтырдан Қалабаев Кәртайды алшы,
Бос сөзге, олақ жанға сондай қарсы.
Белгілі тәртіппенен мал бағатын,
Мәттәғам бар ма сізде ондай малшы?

Көрмейсің қоны төмен, қотыр малын,
Суы мол, жайлымының оты қалың.

Демалыс сағатында, көрсөн келіп,
Жастары газет оқып отырғанын.

Мен сіздей мақтанбаймын кәрі шалға,
Мақтанам ерлер Ешхан, Әмірханға.
Баладай мәпелеген әр қойынан,
Үш костюм кигізетін әрбір жанға.

Солардың намысы үшін кірем дауға,
Қойдан да жаман емен мен ауданда.
«Заряда» қалай шыдап отырдыңыз,
Қойлары Алқағаштың жер ауғанда?

Жақпады-ау ауа райы қойларыңа,
Қырылды Соколовка сайларында.
«Жаз ойла қыстың қамын» дейтін еді,
Биылғы орынынды сайладың ба?

Комсомол Дәмкенім бар Қази қызы,
Еңбектен қол үзбейтін жазы, қысы.
Бір өзі қыста сақман, көктемде аспаз,
Қой қырқу – қалап алған қазіргі ісі.

Ақ жүзі толған айдай дөңгеленген,
«Заряның» ондай қызын көрген емен.
Қолына қолы жұқпас шеберлігі-ай,
Он қойды артық қырыққан өнгелерден.

Моторист, малши, диқан, балуаным,
Өнердің біліп алған бәрін-бәрін.
Еңбектің коммунистік екпіндісі,
Нар қоспақ Бекішевтей бар ұланым.

Бір ісі асып түсіп бір ісінен,
Жұмысты алады ылғи ірісінен.
Бір өзі семьялық агрегат,
Келіні, қарындасты, інісімен.

Ахметжан:

Жаз бойы жан бармаған «Дальний» базға,
Кемшілік көрген жанға онда аз ба.
Малдары күн көзінде жатыр шыжып,
Қала ма базға кірсе батып сазға?

Мұны көп сынға алып біз өтетін,
Ісі көп қолға алып түзететін.
Жүдепті жағдай өте кем болған сон,
Қабаш қарт осы базды күзететін.

Малшылар судан көрген тапшылықты,
Етпеген ешкім барып басшылықты.
Аядым өз көзіммен көріп тұрып,
Бакташы Қали, Кәртай, Жақсылықты.

Ішуге құдығынның суы сасық,
Бөшке жоқ әкелуге елден тасып.
Бұл жерге Бердников бір келместен,
Жоламай кетсе керек мұлдем қашып.

Кір басып малшыларың жүдеп, азды,
Өткізді монша көрмей осы жазды.
Жуынуға котлованға суға түсіп,
Кемпірі Қабаш қарттың кете жаз-ды.

Әбілов қойын баққан жері тақыр,
Көмейі қекке толмай арыды ақыр.
Жайылымның жайын барып көзбен көрмей,
Үйінде зоотехнигің не ғып жатыр.

Тақтайдан қырыққан қойың тұра алмайды,
Әлі жоқ, тұрамын деп тырандайды.
Қойларың құты кетіп болған әбден,
Ақындар көргенді айтпай тұра алмайды.

Күлкеннің қырыққан қойы қызыл-ала,
Қырық жерге қайшыменен салды жара.

Жараға қара майды жағып еді,
Өз койын танымады қойшы бала.

Шапайда елу жылқы бағып жатыр,
Сауылмай биелері қалып жатыр.
Аңсаған аңызақта жұмысшылар,
Таңдайын сусадық деп қағып жатыр.

Ертеден елдің көркі – жылқы малы,
Бастыққа жылқыны айтсаң бұлқынады.
Сапырып сары қымызды ішіп алсан,
Кете ме таңдайыннан тіпті дәмі.

Сиырды сауыншыдан қойдық зарғып,
Апардың Әлпияны жоқтан бар ғып.
Аяққа ақ шелекті қысып алып,
Болбырап емшекті ұстап отыр қалғып.

Шелекке отырған жан құлайын деп,
Ойлай ма сүтім аз деп уайым жеп.
Емшегі сиырыңың кір болса да,
Әлпия отырған жоқ жуайын деп.

Жарасбай:

Беу Ақа, жақсы айттыңыз, бәрекелді,
Сіздің сөз маған да сөз ала келді.
Мен дағы сын семсерін сілтейін бір,
Екі сөз бола қалсын дәнекерлі.

Жетіспей бес сауыншың «бірінінде»,
Тұрғанда қайнап жаздың күні шілде.
Бес сағат сауылады екен сиыр,
Сауылып біткенінше ірісін де.

Сүт құяр фляғын жоқ шелек тіпті,
Сарылып сауыншылар кезек күтті.
Зоотехник Кочергина үйреткен-ая,
Сүтті тез ірітетін «шеберлікті».

Шопыры Соколовканың бенсінсіз қап,
Жолда ұйықтап жатады екен мезгілсіз-ақ.
Ауданға алып келген бір тонна сүт,
Әжемнің іркітіне бергісіз-ақ.

Партия тұрғысынан зер салайық,
Көрсетіп кемшілік берсе – лайық.
Қасқырдан қорып жүрген совхоз қойын,
Өзі жеп қойды Қапез Бейселбаев.

Малшының мойнында жүр төрт қойыңыз,
Айыптап төлетуге жоқ па ойыңыз?
Сиырлар семіз дейсіз, былтырғыдай,
Келе ме әлде тағы жеп қойғыңыз?!

Малшысы Соколовканың сотқар-бұлік,
Жығатын зоотехнігін нақтап ұрып,
Сол Личко әлі күнге құтырып жүр,
«Заряда» соған салар жоқ па құрық?

Малшының балалары ойнайтын жер,
Болыпты бұзау-торпақ жайлайтын жер.
Қашанғы стадион қирап жатпақ,
Осы бір, Ақа, сіздің ойлайтын жер.

Деген сөз Алқағашта кітапхана,
Тар сенек екен қойған бітеп қана.
Ішінде тым болмаса бір кітап жоқ,
Тұр екен жалғыз ескі шкаф қара.

Кітаптар Марияштың үйінде екен,
Кісіге кітап сұрау қыын екен.
Апыр-ай көп ағаштың арасында,
Үй қилю соншалықты қыын ба екен?

Кемшілік бізде де бар, сізде де бар,
Баршасын тізе берсек жүз де болар.
Бастысын әлеуметке ашып айттық,
Әділ сын күтеді ғой бізден олар.

Бір сағат түйдек-түйдек шумақ төктім,
Дауысы шығып жатыр шулап көптің.
Ал, Ақа, қамшыңызды тағы да бас,
Мен сізге қарайламай зулап кеттім.

Ахметжан:

Айттыңыз жігіттерді сиыр жеген,
Жылқыңыз қайда кетті үйірлеген.
Таласып төрт жылқыға бүкіл ауыл,
Өсектеп бірін-бірі бүйірлеген.

Өсіпті Жалтыр ұлken қаладай боп,
Көргенде қуанамын баладай боп.
Бірақ та бір үйінде радио жок,
Отыр ғой құлаққа ұрған танадай боп.

Жалтырға неге бастық шыдамады?
Бұл әдет бізге мұлдем ұнамады.
Болған соң бастықтары ауыспалы,
Шаруасы кейін кетіп тұралады.

Кенседе қағазына сығырайып,
Борисов отыр өте тымырайып.
Жағдайын айта келген жұмысшыға,
Рабочком қарамайды қыньярайып.

Көп бастық мінін бізден тасалады,
Талайлар түсінбеген қашады әлі.
Айтыстың әділ сыйнын дұрыс ұқса,
Еттен тау, сүттен дария жасалады.

Мерейі озаттардың аса берсін,
Жалқаулар жаны ышқынып тасаға енсін.
Көтеріп жеңіс туын желбіретіп,
Шаруамыз ылғи алға баса берсін.

1963 ж.

ՕՐԻԿ ՊՈՂԱՎԵ
ՃՎԴՃԱՔԻԼԵՎԱՀ
ՑԼԵՒՋԸՆ

ДРАГОЦЕННОСТЬ

Коралл, алмаз, рубин и лазурит...
Какое благородство в них горит!

Дана медаль мне в школе золотая,
А цену жемчуга поныне я не знаю.

Мне бриллиант не открывает тайн,
И глаз не ослепляет мне хрусталь.

Я не держал в руках своих сапфира,
В другом я вижу все богатство мира,

Вот золотое звонкое зерно,
Нет ничего дороже, чем оно.

Когда в степи колышется пшеница, –
С ней никаким алмазам не сравниться!

НЕТ!

Нет в ненастье покоя
отцу от осколка,
Что оставила
около сердца война.
Нет и сыну покоя,
любовь к черноокой –
Прямо сердце
пронзила она.

Чувство то, что сегодня
рождается в сыне,
Было и у отца
восемнадцати лет,

В его юности давней,
в юности синей,
Повторяется все:
крылато, как птица,
Дни встают молодые,
светлы и ясны.
Только пусть же
у сына не повторится,
Что осталось в груди
у отца от войны,
Нет!

YTEC

Взлетают волны косо,
И брызги бьют в причал.
С угрюмых скул утеса
Смывают пыль-печаль.

Но, гордой хмури полон,
Лицо отворотив,
Утес молчит. И волны
Уходят вспять... Отлив.

ОТЧИЗНЕ

Ограничиваю любовно каждый стих,
И вот – тебе я представляю их.
Прошу теперь – смотри, моя Отчизна,
Сама достойных выбери из них.

В огне кали и в воду опусти,
Через любые проведи пути.
Ах, если встанут в строй они бойцами –
Счастливее поэта не найти!

СТЕПНАЯ ПЕСНЯ

Пришла весна – и в небе просинь,
Прошла холмами, вдоль дорог.
И голос трактора проносит
По полю ранний ветерок.

Весна несет земле заботы
И щедрый солнечный посев.
Ложатся зерна, словно ноты,
Пусть в них рождается напев.

Который вскоре станет песней,
Расскажет радостно о том
Земном и мудром, о чудесном
Пшеничном море золотом.

МОЯ ЛЮБОВЬ

Все боли века – в сердце у меня,
Несу упорно тяжкий груз поэта.
И в этом я не берегу себя,
Любовь отныне прославляю я.

Любовь –
к тебе, казахский мой народ,
И по-казахски я стихи слагаю,
В них воплощая суть твоих забот
И счастье достигаемых высот.

Любовь –
к Отчизне радостной своей.
Горжусь я тем, что сын страны великой,
А подвиги геройских сыновей,
Дела, мечты – мы посвящаем ей.

Любовь –

я всем народам отдаю,
Свободным и томящимся в оковах,
Им наше завтра солнечное шлю
И будущую песню им пою.

Любовь –

и к жизни быстрой, как вода,
Пусть светит солнце, всех теплом лаская.
Себя жалеть не смея никогда,
Как пот со лба, исчезну навсегда.



МАЗМҰНЫ

Өлеңдер	
О, Қызылжар!.....	5
Көктегерім.....	6
Сәлемдесу.....	7
Жартас.....	8
Атама.....	—
Күзгі қайың.....	—
Күзгі бұлт.....	9
Толқын мен кемер.....	—
Аңтарылу.....	—
Жоқ.....	10
Көңілдің күйігіне басатұғын.....	—
Көгілдір әуен.....	11
Сен секілді.....	12
Домбырашы досымға.....	—
Туған өлкем.....	13
Күйші жігіт.....	—
Үйлесім.....	14
Бақыт туралы.....	—
Құдырет.....	15
Туған ел.....	—
Жақсылық жаса!	16
Махаббат нұры.....	—
Неліктен?.....	17
Хат-хабар.....	—
Қалқашым.....	18
Студент құрбының альбомына.....	—
Сол дұрыс.....	19
Күй шанақ.....	—
Бабам тілі.....	20

Әсер.....	21
Ауған қыс.....	—
Көрініс.....	22
Қыркүйектің таңы.....	—
Жігерлі жастық.....	23
Сардарым.....	24
Алтын десте.....	—
Жаңа жылдың шаттығы.....	25
Шыққан күн.....	26
Тараса, тарасын у.....	—
Ақан әні.....	27
Айдынсыз өзен.....	28
Қош келдіңдер.....	—
Мейірбанды әзиз жан.....	30
Шебер.....	—
Қадірлім.....	31
Ақық бидай.....	—
Дәннен өнген данқ.....	—
Қыскы бұлақ.....	33
Жүдеу қар.....	—
Пейіл.....	34
Құмарлық.....	—
Нагыз азamat.....	—
Түсіре берсемші фотоға...	35
Кайда қондың, бақ құсы?...	36
Ол туралы ой.....	37
Сәнқойым.....	—
Есіл бойы.....	38
Алтын тау.....	39
Мектебім.....	40
Жиырма жас.....	—
Дәүірле, қазағым!.....	41
Мың бір алғыс.....	42
Қызыл гүлім.....	43
Көктемгі серуен.....	44
Алматым – әнім.....	45
Демеушім.....	—
Үлпіл қар.....	46
Есіл ер.....	47
Жыр жазамын өзіңе мен.....	48

Согыстың зардабы.....	—
Ауганстан.....	—
Сарбаздарым.....	50
Кенбайтагым менің.....	51
Мойындау.....	—
Голку.....	52
Керегі не, керегі.....	53
Кайсар адам.....	54
Каламдаска.....	—
Жұмыскер күні.....	55
Жауынгер.....	56
Дикан-дана.....	57
Алтын үз – мектебім.....	59
Әршін кайык.....	62
Бастығын нешеу?.....	—
Мереке мерейі.....	64
Біздін адам.....	65
Сырқат сыры.....	66
Көніл.....	67
Әлкеме.....	68
Ой – толкын.....	—
Ең ыстық жер.....	69
Есектеру.....	—
Сынар кол, жалғыз аяқ.....	70
Серуен.....	—
Жүрек сыры.....	71
Шыңға ерлеу.....	72
Бұзық бұлт.....	73
Көкжиек.....	74
Мойындау.....	75
Койтастар.....	—
Әршін ой.....	76
Қарагай.....	—
Әзі арман.....	—
Жүдеу кар.....	77
«Жайық пен Есілдің арасында...»	—
Доска хат.....	78
Достын хаты.....	79
Тілек.....	79
Құзғи тан.....	80

Жастиқ шак.....	81
Айнишак.....	82
Шарла жұлдыз әлемін.....	—
Жол устіндегі ой.....	83
Есіме алсан ауылымды.....	86
Есіден балу ессең самал.....	—
Сойіс, казак радиосы!.....	88
Тұған сл.....	89
Әкеме.....	90
«Ми кайнаткан сарша тамыз айында...»	—
Сырын сымбат.....	91
Едін үлі.....	—
Көніл құйі.....	—
Сүйіген жарлын суреттін.....	92
Таң аттарда...	—
«Қызық жол. Караптактан төніреті...»	—
Тау күні.....	93
Көніл құйі.....	—
Жудылдар мен ұл-қыздар	94
Ақ күмбез.....	—
Шырка, шырка, бүкіл сл.....	95
Майтапман.....	—
Іңкар кез.....	96
Түсіме сен кіреңін.....	97
Армысыздар ардагерлер.....	99
Тойға тілек.....	—
Карт қаламгерлерге.....	100
Кокек даусы.....	101
Сұмылдыры.....	—
Асыныңдағыла.....	—
Күнинес истық жаңарын.....	103
Еркетай.....	—
Қаскайларға карсы жыр.....	104
Табын дейсін жерге калай?.....	105
Шілдердің жүр гой ол.....	106
Әр нерсенін кадірі.....	107
Әр коніл.....	109
Сайран аға.....	110
Әлімжан Ахмадинғе.....	—
Қызылжарым.....	111

Мәлдір ауен.....	112
Жалғыз кайын.....	-
Оқиетпес.....	113
Оралдың ба?.....	-
Кыс.....	114
Арина.....	115
Шабыт келсе.....	116
Қызылжарлың ақ қызы.....	-
Бір гажак эн.....	118
Шаттық әзіл.....	-
Құрдастарға.....	120
Жыныс кайыру.....	-
Ынтымак.....	121
Тойға тарту.....	122
Жарқырай бер, шолпаным!.....	123
Сенбесүнді кой, скрем!.....	124
Жадырау.....	-
Наз.....	125
Әмірінің көктемі.....	126
Той күнгі куаныш.....	-
Сенсің – әнім.....	127
Торқалы той – 90 жас!.....	128
Ақ боран.....	129
Құрманғазы.....	130
Әлі тосып тұрмын сени.....	-
Аңсау.....	131
Шырайлы Шымкентім.....	132
Кысқы ахдал.....	-
Арайлы тан.....	133
Орденди Әтеген.....	136
Көnlім инкар.....	137
Құтты болсын куаныш!.....	138
Алматы келбеті!.....	139
Күзгі тан.....	-
Наурыз нұры.....	140
Ғалым ағай.....	142
Анашым.....	143
Елің бар гаждайын – Казахстан.....	144
Іңқор сезім.....	-
Әзір бил.....	145

Сүйегі асыл.....	146
Той-думанда.....	147
Ысқырык.....	148
Бойтұмар.....	—
Кең дала, бай өлкем.....	149
Тұган аймак.....	150
Айлы кеште.....	—
Жасы жеткен тенге.....	151
Ерейментау.....	153
Ардактым.....	154
Мархан бұлак.....	—
Қызын қырман.....	155
Берік күзет.....	156
Демалұшы шагымы.....	—
Алтын үа – ак орда.....	157
Тан әтил келеді.....	158
Күміс толкын.....	159
Комбайнниң сыры.....	160
Ұл-қозының – жұлдызының.....	161
Елім бар.....	162
Ұрланым кашу.....	163
Араймы Назыр.....	—
Гүнаурыз.....	164
Алтын теніз.....	167
Махаббат мерекесі.....	—
Шырқал, эним!.....	168
Шынаримыз, сынаримыз.....	—
Жүрген жерін самала.....	169
Анашым – ардағым.....	170
Мын бір көл.....	—
Түгі жанбыр.....	171
Жәберінен.....	172
Әткіши жанбыр.....	175
Жігер.....	—
Космос жыры.....	176
Студенттік дзурен.....	178
Білім ордасы.....	179
Есіл бобы – тұган жер.....	180
Мұнарту.....	183
Коргалжын тұралы сыр.....	184

Жұз бір ұлттың жүлдізы.....	185
Әмір – теңіз.....	186
Даулетін еліміздің еселеңен.....	–
Намыс.....	187
Нұрга толы Нұра.....	189
Ботаканым – жемляям.....	–
Мөлдір зең.....	190
Жалын жігер.....	–
Таныстық тансосы.....	192
Көне күйтабак.....	193
Данының көпір.....	–
Жан біткен жақсылыкты тосады алдан.....	195
Күнгө күйін ойлар.....	196
Дана кайнар.....	204
Кай жаңа жыл?	206
Бақудасу.....	208
 Аринаулар.....	209
Толгаулар.....	239
Познайлар.....	267
Дастанлар.....	311
Баспасөз туралы жырлар.....	339
Аудармайлар.....	347
Ахметжан Нұрғазинмен йайтыс.....	360
 Орыс тіліне аударылған өлеңдер	
Аударсан В. Гундарев. Драгоценность.....	372
Нет!.....	–
Утес.....	373
Отчизне.....	–
Степная песня...	374
Моя любовь.....	–

Кітапты шығаруға жарапты –
«Қазығұрт» баспасының директоры
Теміргали ҚӨПБАЕВ

Жарасбай НҮРКӘНОВ

ҚЫЗЫЛЖАР

Редакторы Сәулө УКЕНОВА
Суретшісі Жомила АЙДОС
Техникалық редакторы Дарико ОМАРҒАЛИЕВА
Беттеген Ниязбай ОРАЗЫМБЕТОВ

ИБ № 342

Басылған 02. 06. 2012 ж. көл койылды.
Қалыбы 84×108/, „Офсеттік“ басылым.
Каршы түрі Times New Roman.
Шартты баспа табылғы 20,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №7206.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 050009, Алматы қаласы,

Абай даңғылы 143, 522-офис.

Телефон (факс): 8(727) 394-42-86

e-mail: kazygurt@list.ru

<http://www.kazygurt.kz>

Тапсырыс берушінің файлдарынан

Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-9965-22-396-9



9 789965 223969